


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
Х.Б.ТАБЫЛДИЕВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХЫ,
АРХЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯСЫ ҒЗИ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ



Тарихшы, өлкетанушы, ғалым,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор Шахман Нағымұлы Нағымовтың
мерейлі 80 жасына арналған

«ПРОФЕССОР Ш.НАҒЫМОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР»

республикалық ғылыми - практикалық
конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ



АТЫРАУ, 2025 Ж.

УДК 001
ББК 72
П82

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Утепкалиева К.М., Кайргалиева Г.,
Ахмет А.Қ., Сапанов С.Ж., Аймуратов С.Б., Алипова Д.

Құрастырушылар: Сапанов С.Ж, Абдулов А.Д, Орынбасаров А.О.

ISBN 978-601-262-615-5

Тарихшы, өлкетанушы, ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Шахман Нағымұлы Нагимовтың мерейлі 80 жасына арналған **«Профессор Ш.Нагимов еңбектеріндегі тарих, мәдениет, білім мәселелері және өңірлік зерттеулер»** республикалық ғылыми - практикалық конференциясының материалдар жинағы. - «ASU Press» баспасы, Атырау, 2025 ж. - 268 б.

Жинаққа өлке тарихына, этнологиясына, археологиясына байланысты, Атырау ақын-жазушылары шығармаларының әдеби мұрасының зерттеулері, өлкедегі ағарту ісінің тарихы және білім берудегі жаңашылдықтарына байланысты жаңа деректер еніп отыр.

Сонымен қатар отандық ғалымдардың, оқытушылар, магистранттар мен докторанттардың ғылыми мақалалары енгізілді.

Жинақтың материалдары жоғары оқу орындарының ғалымдары, студенттері, магистранттары және докторанттары үшін және көпшілік оқырмандарға арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарған тарап жауап бермейді.

ISBN 978-601-262-615-5

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2025
©Издательство ASUPress

СЕКЦИЯ 1
ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ДЕРЕКТЕРІ: ТАРИХ, ЭТНОЛОГИЯ,
АРХЕОЛОГИЯ

«БАНДЫЛАР» ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ХАҚЫНДА

Хайдаров Е.Е.,
Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ-нің
аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты
Орал қаласы

1920-1930 жылдары Бөкей және Орал өңірлерінде сол кезеңдегі кеңес билігі тұрғысынан алып қарағанда «бандитизм» орын алды. Елдегі «бандитизмнің» таралуының тарихи және саяси-әлеуметтік себептері бар еді. Алайда бұл мәселе отандық тарихнамада кешенді түрде, ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерттеле қоймаған. Себебі, біріншіден, кеңестік кезеңде «бандитизммен» күрес жүргізген құзырлы органдардың архивтерде сақталған құжаттары құпия болып келді. Екіншіден, бүгінгі таңға дейін кеңес өкіметіне қарсы шығып, «банды» деген айдар тағылған тұлғалардың іс-әрекеттеріне ғылыми негізде тарихи баға берілмеді. Дегенмен Боқай, Ерғали, Аманғали, Құныскерей секілді есіл ерлерді кеңес өкіметі «банды» атандырғанымен де, оларды халық жадынан шығармай, осы уақытқа дейін аңыз қылып айтып келеді.

«Бандылар» тарихы мәселесінің зерттелу деңгейін қарастыратын болсақ Бөкей өңіріндегі, оның ішінде Таловка аумағындағы «бандитизмнің» пайда болуы мен оның зардаптары туралы тарихшы Исатай Кенжалиевтың зерттеу жұмыстары бар [1].

Зияда Ижановтың «Аласапыран» атты жеке ғылыми еңбегінде 1921-1922 жылдардағы бандитизм мәселесі кеңірек қарастырылған [2].

Ләтифолла Қапашевтың Аманғали Кенжахметовтың қиын тағдыры мен күрескерлік жолына және патша заманында «барымташы», ал Кеңес өкіметі тұсында «банды» атанған Ерғали Аязбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған екі еңбегі де құнды болып табылады [3].

Өлкетанушылар Қайыржан Хасанов [4] пен Өтепберген Әлімгереевтің [5]. Құныскерей туралы ғұмырнамалық кітаптары ел ішіндегі әңгімелер, ұрпақтарының естеліктері негізінде жазылған.

2021-2023 жылдары 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жүзеге асырылған мемлекеттік саясаттың аясында тарихшыларға архивтегі құпия құжаттармен танысуға мүмкіндіктер берілді. Осының арқасында 2023 жылдың соңында БҚО мемлекеттік архивінің қорларынан алынған деректер негізінде «Бөкей және Орал өңірлеріндегі бандитизм. 1921-1931. (ОГПУ хабарламалары бойынша) атты құжаттар жинағы жарық көрді.

Құжаттар жинағында 1921-1922 жылдардағы бандитизмге қатысты архив құжаттары аз қамтылды. Орал губерниясындағы шаруашылықтардың бандылық топтардан көрген зардабы, кейбір аймақтардағы бандалардың тізімі, бандылардың қолынан қаза тапқан ОГПУ-дың қызметкерлері мен милиционерлердің аты-жөндері берілді. Бұл кезең әлі де зерттеуді, деректер толықтыруды қажет етеді. Дегенмен бұл кезеңге қатысты Зияда Ижановтың жоғарыда көрсетілген еңбегінің архивтік дерек қоры мол екенін ескерген жөн.

Бұл жинақ кітапқа негізінен Кеңестердің Бөкей губерниялық атқару комитетінің, одан кейінгі Кеңестердің Бөкей уездік атқару комитетінің, Кеңестердің Орал губерниялық атқару комитетінің, Орал округтік прокуратурасының өңірдегі бандитизммен күрес мәселесі бойынша ОГПУ-дың өкілдерімен хат алмасулары, сонымен қатар Бөкей және Орал аумағындағы бандитизмге және аса ауыр қылмыстарға шолу жасаған ОГПУ-дың ақпараттық хабарламалары, оперативтік баянхаттары, «бандылық топтармен» күрес жүргізуге жауапты қызметкерлердің баяндамалары, есептері жөніндегі Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві қорларынан алынған құжаттар арқау болды. Сонымен қатар ҚР Президенті архивінен алынған БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің 1931 жылғы Орал округіне қатысты бандитизммен күрес жөніндегі материалдары қосымша деректер ретінде жинаққа енгізілді [6].

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттармен жұмыстана отырып, 1920-1930 жылдардағы бандитизмді үш кезеңге бөліп қарастыруға болады деген тұжырым жасадық. Біріншісі, 1921-1922 жылдардағы ақгвардияшылардан, кей жағдайда қызыл әскердің қатарынан қашқандардан құралған бандылық топтар, олар ауылдық-селолық жерлердегі шаруалардың дүние-мүлкін тонап, кейде өздерін де өлтіріп кетіп отырған. Әсіресе, Серов, Киселев, Митрясов, Иванцев отрядтарының шапқыншылығынан Орал губерниясының халқы көп зардап шекті. Сонымен қатар 1921-1922 жылдардағы бандитизм ашаршылыққа байланысты жаппай тонаушылыққа ұласып, көпшілік сипатқа ие болғаны да байқалады.

Екіншісі, 1923-1928 жылдар аралығында кеңес өкіметіне мойынсұнбаған, оның «солақай саясатына» ашық түрде қарсы шыққан Боқай Сәбитов, Аманғали Кенжахметов, Құныскерей Қожахметов, Ерғали Аязбаев, Нұғыман Досқалиев және т.б. күрескерлер тобы. ОГПУ отрядтары оларды үнемі қудалап, «бандылық топтар» санатына қосып, 1928 жылға қарай Құныскерейден басқасының көзін жойды, тұтқындап ату жазасына кесті.

Үшіншісі, 1929-1931 жылдары кеңес үкіметінің қолға алған артық астықты тапсыру міндеткерлігі, ұжымдастыру-колхоздастыру саясатына қарсы шығып, «банды» атанған тұлғалар. Оларға Қаратөбеден шыққан Бисенғали және Мамай Беркеневерді, Жаңақала көтерілісіне, басқа да халық наразылықтарына жетекшілік жасап, билік өкілдерінен қашып жүргендерді жатқызуымызға болады.

Бүкіл елді, оның ішінде Бөкей және Орал өңірлерін жайлаған «бандитизмнің» себептері қандай деген заңды сұрақ туындайды? Осыған сәйкес

жоғарыда қарастырылған әдебиеттердегі ой-тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, архив құжаттарын саралай келе «бандитизмнің» пайда болу себептері жөнінде өзіміз де мынадай ой түйдік: Біріншіден, әсіресе, 1921-1922 жылдардағы «бандитизмнің» ел ішінде таралуына азамат соғысы, анархия, әскери коммунизм саясаты, ашаршылық сияқты тарихи факторлар әсер етті.

Екіншіден, ескі дәстүрлі қоғамдық жүйенің бұзылуы, яғни формациялық құрылыстың күрт ауысы халықтың наразылығын туғызатыны, қарсы топтардың пайда болатындығы заңды тарихи-әлеуметтік құбылыс деп есептейміз. Сондықтан да Боқай, Ерғали, Аманғали, Құныскерей сынды қазақы салт-санамен еркін өскен, өр тұлғалы азаматтар кеңес өкіметіне мойынсұнбады, жаңа тәртіпке бағынбады.

Үшіншіден, өңірдегі «бандитизмнің» пайда болуының ұлттық және әлеуметтік сипаты да бар. Барымташылық, құда-жегжаттық, әлеуметтік теңсіздік, ру араздығы, бақталастық секілді мәселелер адамдар арасындағы өкпеленісті, жауласушылықты тудырып, ақыр соңында жазықсыз жандардың «банды» атануына алып келгендігін көреміз. ОГПУ-дың жандайшаптарының қазақтың ішіндегі ру аралық шиеленістерді, ағайын арасындағы араздықты өздеріне тиімді пайдаланып, қазақты қазаққа айдап салып отырғандығы белгілі жәйт.

Төртінші, әрі ең басты себеп, Кеңес билігінің өктемдігінде, озбырлығында жатыр. Мәселен, қызыл террормен, бандиттік жолмен билікке келген кеңес үкіметі тып-тыныш отырған елдің шырқын бұзып, өздеріне бағынбаған адамдарды қудалап «банды» атандырды. Осылайша оларды осы жолға биліктің өзі итермеледі. Әкімшіл-әміршіл жүйе ешкімді де аямады, құзырлы органдардан қашып жүрген адамдардың ақырында көзін жойды, соттады, ату жазасына кесті, тіпті тұтастай әулеттердің шаңырағын ортасына түсірді, тоз-тозын шығарды.

ОГПУ-дың оперативтік баянхаттарында 1923-1924 жылдардан бастап Боқай Сәбитовтың, Ерғали Аязбаевтың, Нұғыман Досқалиевтің, Аманғали Кенжахметовтың, Мұхамбетқали Дүйсенбиевтің, Құныскерей Қожахметовтың, кейінірек Тілеп Қарабалинның, Нұрсұлтан Жанбуринның, Арынғазы Ұсағалиевтың, Мыңжас Мырзасейітовтың және т.б. билік органдарынан қашып, белсенді әрекет жасағандары көрсетілген. Боқай Сәбитовтың кеңес өкіметіне 1921-1922 жылдардан бастап бағынбағаны айтылады.

ОГПУ-дың бандитизммен күрес жөніндегі хабарламаларында «бандылық топтар» деп қатаң бақылауға алған ұйымдардың жетекшілері, мүшелері кімдер болғаны, қару-жарақтарының саны қанша екені, олардың қай жерден қай күні өткендері, кімнің үйінен шәй ішіп, түнеп шыққаны, кімнен жылқы, басқа да заттарын алып кеткендері жөніндегі деректерді жіпке тізгендей тізбектеп көрсеткен. Бұл ақпараттарды ОГПУ-дың құпия хабаршылары, жергілікті билік өкілдері жеткізіп отырған. Сонымен қатар архив құжаттарынан ОГПУ-дың жергілікті жерлердегі коммуналардан, болыстық, уездік билік өкілдерінен құралған отрядтарының дұрыс қару-жарақтарының, ат көліктерінің болмағаны байқалады. Бұл бастапқы кезеңдегі кеңестік биліктің әлсіздігін білдірсе, ал 1927

жылдан құзырлы органдардың бандитизммен күреске қаржы-қаражатты жүйелі түрде бөлгені, «бандылық топтарды» ұстауға құлшына кіріскендері анық көрініп тұр.

1924 жылдың өзінде қараша айында ОГПУ отряды Мұхамбетқали Дүйсенбиевтің тобын жойған. Мұхамбетқали Дүйсенбиев және оның тобы туралы бұрын соңды еш жерде жазылмаған. Бұл жинақта олар туралы толық мәлімет бар.

1926 жылы наурыз айының аяғында Боқай Сәбитовты қолға түсіріп, Оралдың тергеу изоляторына қамаған. Боқай Сәбитовтың тергеуден кейінгі тағдыры белгісіз. Ләтифолла Қапашев «Сәбитов Боқай және басқалары туралы» 5 томнан тұратын №92 іспен 1993 жылы мамыр айында ҚР Жоғарғы Сотының кеңсесінде танысқанын айтқан. Алайда Боқай Сәбитовке, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты қандай үкімдер шыққаны еш жерде жазылмаған. Сондықтан бұл мәселе анықтауды қажет етеді.

1927 жылы 17 қыркүйекте Аманғали Кенжахметовтың серіктері Тілеп Мусалиев, Нұғыман Досқалиев атыс кезінде өлсе, қалғандары өз еріктерімен билік өкілдеріне берілген. 1928 жылы 11 қаңтар күні Жұмағали Жанғожинның ерікті отрядымен атыс кезінде Таир Тілеков пен Аманғали Кенжахметов қаза тапқан. 1928 жылдың басында Ерғали Аязбаев қасындағы адамдарымен бірге қаруларын тастап, ОГПУ-дың өкілдеріне өз еркімен берілген. 1929 жылы 14 қаңтарда ОГПУ-дың үштігінің алқасы 59-3 бабы бойынша Ерғали Аязбаевқа және барлығы 40 адамға қатысты үкім шығарған. Ерғали Аязбаев пен оның Жұмабай, Ахмет есімді екі ұлы, барлығы 12 адам ату жазасына кесілген. Үкім 7 ақпанда орындалған. Осылайша құзырлы органдар кеңес өкіметіне қарсы шыққан адамдарды жазалап отырды.

ОГПУ-дың қуғыншыларына ұстатпай кеткен бірден-бір адам – Құныскерей Қожахметов. 1930 жылы шілдедегі әкесінің қазасы, одан кейінгі әйелі мен бала-шағасының, ағайындарының тұтқындалуы 1931 жылы Құныскерейдің бастапқыда Башқұртстанға қашуына, одан әрі Новосибирге, 1933-1935 жылдары Қарақалпақстан, Түркіменстан жеріне кетіп бой тасалауына мәжбүр етті.

1929-1931 жылдарға қатысты архив құжаттарында да «бандылар», «бандшайкалар», бандитизммен күрес деген сөздер жиі ұшырасады. Яғни, бұл кезеңде кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы шығып, халық наразылықтарына жетекшілік жасаған, кейін кеңес өкіметіне бағынбай, қашып жүрген адамдар да «банды» атанды. Қаратөбе ауданының №3 ауылының тұрғындары, кезіндегі байлар Бисенғали Беркенов пен Мамай Беркенов, Жаңақала көтерілісіне жетекшілік жасаған Мұхит Ермұхамбетов, Қисмет Қадырғалиев, Жұмағали Жанғожин, Ағысов, Қуанышев және т.б. кеңес билігіне қарсы шыққан. Беркеновтер 1931 жылы ақпан айында қамауға алынған. БҚО полиция департаментінің арнайы архивінің дерегі бойынша 70 жастағы Бисенғали Беркенов 1931 жылы тамызда, 44 жастағы ұлы Мамай Беркенов сол жылы қараша айында Орал изоляторында қайтыс болған. Бисенғалидың тағы бір

ұлы Қоңырша Бисенғалиев 1932 жылы 3 маусымда ОГПУ-дың үштігінің шешімімен 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамалған.

1930-1931 жылдардағы Жаңақала көтерілісі кезінде Атырау өңірі қазақтарының наразылығына жетекшілік еткен Жұмағали Жанғожин 1931 жылы 1 маусымда тұтқындалып, оған 1932 жылы 11 наурызда РСФСР-дың ҚК 58-10, 58-11 баптары бойынша ОГПУ-дың үштігінің шешімімен 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамауға үкім шыққан. Жұмағали Жанғожин Жаңақала көтерілісінің жетекшілерінің бірі Есенияз Шытықовтармен бірге Ташкентке айдалған және сол жақта 1934 жылы қайтыс болған.

Қорыта айтқанда кеңес өкіметі террорлық жолмен билікке келмегенде, халықтарды қыспаққа алмаған жағдайда «бандитизм», «бандылар» деген ұғым да болмас еді. «Бандылар» тарихы деген мәселені талқыламайтын да едік. Шындығында қаймағы бұзылмай емін-еркін отырған елдің мазасын қашырған, еркіндікті, бостандықты сүйетін азат ерлерді қудалаған, өздерінің шаруашылығын, мал-мүлкін, отбасын қорғаған адамдарды «банды» атандырған, қазақтың атпалдай азаматтарын бір-біріне жау қылып айдап салған кеңес өкіметінің өзі нағыз банды еді. Болашақта бұл мәселені «Бандылар» тарихы деп емес қазақ халқының азаттық қозғалысының бір бөлшегі ретінде «Кеңес билігіне қарсы қарсыласу қозғалысы» ретінде қарастыруымыз қажет деп есептеймін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кенжалиев И., Табылдиев Н. Казталовка - байырғы атамекен. - Алматы, Полиграфия, 1994. - 143 бет.
2. Ижанов З. Аласапыран: / З.Ижанов. - Алматы: «Өлке» баспасы, 2017. - 352 б.
3. Қапашев Л. «Банды» Аманғали ісі (Аңыз бен ақиқат). - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. - 248 бет. Қапашев Л. Мінгені Ерғалидың Шайтанқара – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 148 бет.
4. Хасанов Қ. Құныскерей Қожахметов – Орал: Шұғыла принт баспасы, 2017. - 100 бет.
5. Әлімгереев Ө. Құныскерей – Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018. - 168 бет.
6. Хайдаров Е.Е. Бөкей және Орал өңірлеріндегі бандитизм. 1921-1931. (ОГПУ хабарламалары бойынша): Құжаттар жинағы/ Құраст. Е.Е.Хайдаров., «DANA орталығы» – Орал қаласы, «DANA» баспасы, 2023. - 206 бет.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢАШЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ»

Салменова Г.Т.,

сеньор-лектор,

Мурзагалиева С.А.,

сеньор-лектор,

Хамзина Р.С.,

сеньор-лектор,

дене шынықтыру және спорт магистрі.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазіргі таңда жастардың денсаулығы мен физикалық белсенділігі - қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Студенттер қауымы үшін оқу жүктемесі, стресстік жағдайлар мен ұзақ уақыт компьютер алдында отыру сияқты факторлар денсаулыққа кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты, денсаулық сақтау жүйесінің бір бөлігі ретінде жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі мен физикалық белсенділікті арттыруға ерекше мән берілуі тиіс. Бұл ретте қазақтың ұлттық ойындары денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін жаңғыртуда маңызды рөл атқарады.

Ұлттық ойындар жастарға тек дене шынықтыруды ғана емес, рухани-мәдени тәрбие береді, оларды азаматтық, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға бағыттайды. Мақалада қазақтың ұлттық ойындарының денсаулық сақтау мен студенттерге жаңашыл, кешенді білім беру үдерісіндегі орны және олардың тиімділігі қарастырылады.

Қазақтың ұлттық ойындарының мәні мен түрлері.

Қазақ халқының ұлттық ойындары – бұл тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар дене шынықтыру, рухани тәрбие мен мәдени мұраларды сақтауға қызмет ететін маңызды құрал. Ұлттық ойындар жастарды тәрбиелеуде, ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде:

- Асық ойыны - бұл ойын жастарды ептілікке, жылдамдыққа және ұтқырлыққа тәрбиелейді.
- Қыз қуу - батылдық пен ерлікті дәріптейтін, денсаулықты нығайтатын ойын.
- Теңге алу - икемділік пен жылдамдықты, қимыл-қозғалысты дамытуға арналған ойын.
- Алтыбақан - жастар арасындағы әлеуметтік байланысты нығайтуға бағытталған ойын.
- Көкпар - батылдық пен командалық рухты дамытуға ықпал ететін спорттық ойын.

Ұлттық ойындардың әрқайсысы өзіне тән физикалық және психологиялық әсерлерге ие, студенттер арасында командалық рухты қалыптастырып, олардың үйлесімді дамуына жағдай жасайды [1].

Ұлттық ойындардың денсаулыққа әсері

Қазақтың ұлттық ойындары денсаулықты сақтау мен физикалық дамуға көп үлес қосады. Олар жүрек-қан тамырлары жүйесіне, бұлшық еттерге және жалпы дене күші мен төзімділікке оң әсер етеді. Ұлттық ойындар жастарды үнемі қозғалысқа итермелейді, бұл денсаулық үшін маңызды. Мысалы:

- Жүрек-қан тамырлары жүйесі: Ойындар жүрек соғу жиілігін көтеріп, қан айналымын жақсартады.

- Бұлшық еттер мен сүйек жүйесі: Қимыл-қозғалыстар бұлшық еттерді нығайтып, сүйектерді күшейтеді, остеопороз сияқты аурулардың алдын алады.

- Имунитетті нығайту: Физикалық белсенділік иммундық жүйені белсендіреді, ауруларға қарсы тұру қабілетін арттырады.

- Қозғалыс үйлесімділігі: Ұлттық ойындар дененің әртүрлі бұлшық ет топтарын дамытуға көмектеседі.

Ұлттық ойындардың денсаулық сақтау саласындағы әсері әсіресе студенттер үшін өте маңызды, өйткені оқу уақытының көп бөлігін компьютер алдында өткізу студенттердің денсаулығына теріс әсер етеді [2].

Студенттерге арналған денсаулық сақтау мен дене тәрбиесі: қазіргі жағдай

Жоғары оқу орындарында студенттердің денсаулығын сақтау үшін дене тәрбиесіне, спортқа және физикалық белсенділікке ерекше назар аудару қажет. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, дене тәрбиесінің артуы студенттердің жалпы әл-ауқатын жақсартып, оқу процесінің тиімділігін арттырады. Осыған байланысты дене тәрбиесін оқу бағдарламасына енгізу маңызды. Бүгінде денсаулық сақтау мен дене тәрбиесі пәні тек академиялық білім беру емес, жастардың жалпы өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Әсіресе, денсаулық сақтау және дене шынықтыру пәндерінің оқу бағдарламасына ұлттық ойындарды енгізу студенттердің физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына оң ықпал етеді.

Қазақтың ұлттық ойындары арқылы студенттерге кешенді білім беру тәсілдері

Қазақтың ұлттық ойындары – студенттерге арналған кешенді білім беру тәсілдерінің бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Олар физикалық тәрбиені ғана емес, әлеуметтік және психологиялық аспектілерді де қамтиды. Кешенді білім беру тәсілінің мақсаты – студенттердің рухани, физикалық, интеллектуалдық дамуымен қатар, олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру [3].

Кешенді білім беру тәсілдерінің негізгі аспектілері:

- Физикалық дамуды қамтамасыз ету: Ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру, бұлшық еттер мен сүйектерді нығайту, имунитетті күшейту.

- Психологиялық дамуды қолдау: Жастардың өз-өзіне сенімділігін арттыру, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту.

- Әлеуметтік байланыстарды нығайту: Ұлттық ойындар студенттер арасында ұжымдық рухты қалыптастырып, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттырады.

Қазақтың ұлттық ойындарын кешенді, жаңашыл білім беру тәсілдеріне енгізу арқылы:

- Студенттерде дене тәрбиесі мен мәдени құндылықтарды ұштастыратын тұлға қалыптасады.

- Ұлттық ойындар арқылы студенттер арасында мәдениетаралық қарым-қатынас орнайды.

- Жастардың көшбасшылық қасиеттері мен әлеуметтік жауапкершіліктері дамиды.

Ұлттық ойындарды оқу бағдарламасына енгізудің артықшылықтары

Қазақтың ұлттық ойындарын оқу бағдарламасына енгізу арқылы студенттердің денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да ықпал етуге болады. Оның басты артықшылықтары мыналар:

- Денсаулық сақтау: Физикалық белсенділіктің арттыруы арқылы студенттер денсаулығын нығайтады.

- Қоғамдық дағдылар: Ұлттық ойындар топтық жұмыс, көшбасшылық дағдылар мен командалық рухты қалыптастырады.

- Ұлттық мәдениетті сақтау: Қазақтың ұлттық құндылықтарын жастарға насихаттау және оларды мәдениетке деген құрметке тәрбиелеу [4].

Кесте1 - Қазақтың ұлттық ойындарының психологиялық және әлеуметтік әсері.

Ұлттық ойын	Физикалық денсаулыққа әсері	Психологиялық және әлеуметтік әсері
Асық ойыны	Жүрек соғу жиілігін жоғарылату, бұлшық еттерді күшейту	Шапшаңдық пен ептілікті арттырады, командалық жұмыс дағдыларын дамытады
Қыз қуу	Төзімділікті арттырады, жылдамдықты дамытады	Ерлік пен батылдықты арттырады, мәдени құндылықтарды насихаттайды
Теңге алу	Икемділікті арттырады, бұлшық еттерді нығайтады	Төзімділік пен мақсатқа ұмтылушылықты дамытады, рухты күшейтеді
Алтыбақан	Жүрек-қан тамырлары жүйесін жақсартады, дене үйлесімділігін арттырады	Әлеуметтік байланыстарды нығайтады, сенімділік пен ынтымақтастықты арттырады

1-кесте бойынша ұлттық ойындар арқылы физикалық денсаулыққа әсерін және психологиялық әлеуметтік әсерін ажыратып көруге болады.

Кесте 2 - Қазақтың ұлттық ойындарының адам денсаулығына әсері.

Ойын түрі	Жүрек-қан тамырлары жүйесі (%)	Бұлшық еттер (%)	Иммунитет (%)	Сүйек жүйесі (%)
Асық ойыны	80%	75%	70%	60%
Қыз қуу	85%	80%	75%	65%
Алтыбақан	75%	80%	78%	70%
Теңге алу	90%	85%	80%	70%

Кестеде ұлттық ойындардың әртүрлі денсаулық көрсеткіштеріне әсерін көрсетеді. Мысалы, жүрек-қан тамырлары жүйесі, бұлшық еттер, иммунитет, сүйек жүйесі сияқты негізгі көрсеткіштерді өлшеуге болады [5].

Кесте 3 - Қазақтың ұлттық ойындарын оқу бағдарламасындағы артықшылықтары.

Оқу әдісі	Физикалық артықшылықтар	Психологиялық және әлеуметтік артықшылықтар
Дене тәрбиесі сабағы	Дене шынықтыруды дамыту, күш пен төзімділікті арттыру	Студенттер арасындағы ынтымақтастық пен серіктестік
Қазақтың ұлттық ойындары	Қозғалыс белсенділігін арттырады, бұлшық еттерді нығайтады	Ұлттық мәдениетпен танысу, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту
Кешенді білім беру тәсілдері	Әртүрлі дағдыларды дамыту: физикалық, психологиялық, әлеуметтік	Студенттердің өзін-өзі бағалауы мен тұлғалық дамуы

Бұл кестелер қазақтың ұлттық ойындары мен олардың студенттердің денсаулығына, әлеуметтік және психологиялық дамуына қалай әсер ететінін көрсету үшін маңызды құралдар болып табылады. Қорытындылай келе, Қазақтың ұлттық ойындары денсаулық сақтау мен білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар студенттердің физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуында маңызды құрал болып табылады. Ұлттық ойындар студенттердің денсаулығы мен оқу процесіне оң әсер етеді. Бұл тәсіл жастардың тұлғалық дамуында да зор үлес қосып, ұлттық мәдениетті сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді [6].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахметов, С. Қ. (2010). *Қазақтың ұлттық ойындары мен спорт түрлері*. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы.
2. Жұманова, К. С. (2018). *Қазақ ұлттық ойындары мен оларды оқу процесінде қолдану әдістері*. Оқу құралы. Астана: Қазақ педагогикалық университеті баспасы.
3. Әбиев, Ж. Ә., Әлімбекова, К. Т. (2017). *Денсаулық сақтау жүйесінде жаңашылдық әдістер мен инновациялар*. Алматы: «Ғылым» баспасы.
4. Құрманалина, А. Ш. (2020). *Жаңашылдық педагогика: теория мен тәжірибе*. Алматы: «Алматы кітап» баспасы.
5. Құлжанова, С. М. (2019). *Жоғары оқу орындарында қазақтың ұлттық ойындарын енгізудің тиімділігі*. Педагогика ғылымдарының халықаралық журналы.
6. Бекболова, Н. Ә. (2018). *Ұлттық ойындар арқылы денсаулық сақтау және рухани даму*. Қазақстандық педагогикалық зерттеулер журналы.

ҚҰНЫСКЕРЕЙ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ

Кенжеғалиева Г.А.,

Нұрсанова Р.Б.,

*Х.Досмұхамедов атындағы университет
«Сағыз орта мектебі» КММ, Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы, Сағыз селосы*

Дархан даламыздың жер көлемінің ұлан ғайыр екенін әлем танығанын білетініміз айдан анық. Кеудемізді мақтаныш кернейді. Ал осы ұлан ғайыр даланы қорғаған батырларымыз болмаса осы сайын даланы мекен етер ме едік? Қасиетті құт қонған Қызылқоға ежелден елін сүйген, елі сүйген, ерлерден кенде емес. Оларды Кеңес заманында қараласа да қудаласада халқы ондай ерлерін құрметтеді, ұмытпады. Бір кезеңдерде жазықсыз қудаланған ерлеріміздің ақталар күні туар деп күтті, үмітін үзбеді. Сондай тұлғаларымыздың бірі Қызылқоға өңірінің тумасы Құныскерей Қожахметов. Қазақ даласында Совет билігі орнаған 1920-30 жылдары Кіші жүзде жаңа тәртіп пен ұжымдастыруға ашық түрде қарсы шыққан ердің пайда болғанын жалпақ жұрт біле бермейді. Қазақстан тарихы пәнінде Құныскерей туралы мәлімет айтылмаған. Құныскерей туралы тарихи естеліктер жайлы қарттармен әңгімелесу, кітапханадан, мұражайлардан тарихи деректерді іздестіру, қосымша әдебиеттермен танысу арқылы ақпараттар жинақтау.

Адам баласына берілетін тіршілікті тас талқан еткен Сталиндік жүйе бір елді ғана емес, тұтас еуразия құрлығын құрсауға алғаны белгілі. ОГПУ-дің НКВД-ның үштіктері жазықсыз соттаған, қудалаған жандардың санын тізбелеп шығу

мүмкін емес.Себебі қарапайым жұмысшылардан бастап ел басшылары ,өнер адамдары талантты инженерлер мен ғалымдар,мұғалімдер мен дәрігерлер тағдыры осы бір зұлымат жылдардағы қасіретпен байланысты .Ғаламшардағы басқа жерлер сияқты біздің қанымыз тамып, кіндігіміз кесілген Ұлы Далада да ерлер көп еді.Бірақ тақта отырып ,тас қарынын сипамай найза толғаған,есімі ерен-ақ .Мүмкін соданда болар, ел аузында ,бар халықтың жадында «Қоянды қамыс өлтіреді,ерді намыс өлтіреді»деген қанатты сөз бар [2.125]. Кәдімгі көлгірсіген көптің бірі емес,ел ұраны ,жер қыраны атанған айтулы Ерді ғана намыс өлтіреді. Кәдімгі Қаракерей Қабанбай айтқан «Арым жоғалғаннан,жиған -барымның жоғалғаны артық» деп ар-намыс үшін басын оққа тігіп, отқа түскен,өртенген аруақты ерлер Дала тарихында аз емес. Міне туған өлкенің осындай мінезді ұлдарының бірі - Құныскерей Қожаахметов. Намысына ғана құл болған оның аты халық арасында қол жетпес өнеге, айтып бітпес аңыз [2.15].

Негізгі бөлім. «Өмірбаян беттері». Қазақ даласында Совет билігі орнаған 1920-30 жылдары Кіші жүзде жаңа тәртіп пен ұжымдастыруға ашық түрде қарсы шыққан ердің пайда болғанын жалпақ жұрт біле бермейді. Біз чекистердің өзін үрейлендіріп, халық арасында «Құныскерей бандысы» деген атпен танылған Құныскерей Қожаахметовтің қайғылы тағдыры жайында сыр шертпекпіз...Құныскерей Қожаахметов 1895 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмындағы Нөсер қыстауында дүниеге келген. Ол Кіші жүздің ірі руларының бірі он екі аталы байұлының құрамына кіретін ысық руларынан тарайды.Құныскерей жергілікті Кермесқас және Қаракөл орыс-қазақ мектептерінен бастауыш білім алады. Ол мектептер Қызылқоғада 1880 жылы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің ықпалымен ашылған болатын. Құныскерейдің білімді адам болғаны, болыс хатшысы, кейін Совет өкметі орнаған соң ауылдық кеңестің хатшысы болғаны айтылады [3.452].

Өмірдегі екі оқиға советтік билікті еркін қабылдаған және қолдау көрсеткен Құныскерей Қожаахметовке көзқарасын өзгертіп, коммунистерге ашық қарсы шығуына итермелеген еді. Алғашқы оқиға 1920 жылы болған.Ол кезде Кеңес билігі жекеменшігінде малы болған азматтардың барлығына бірдей азық-түлік салығын енгізгін.Құныскерей ауылдық кеңестің төрағасы болып жұмыс істей жүріп, басшылыққа халықтан жүн,ет және сары май жинау жөніндегі есепті ай сайын тапсыруға міндетті болды.Жоспарды толық орындау мүмкін бола бермейтін.Күн ыстық кездерде халық ет пен майды сақтай алмай қалып жататын, Кей кездерде азық-түлік салығының жиналуын тексеріп,бір топ чекистер қазақ ауылдарын аралайтын. Олар шектен жиі шығатын, «зиянкестерді» анықтап,коммунистердің саясатына наразыларды іздейтін [4.45].

Осы әділетсіздіктердің барлығын Құныскерейдің көз алдында өтіп жатты.Оған да Кеңес билігінің саясатын халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізбегені және контрреволюциялық, дұшпандық элеменнттерді анықтамғаны үшін сын айтылатын.

Ол қалайша банды атанды? Сонымен сары даланың салтын сақтаған асыл ер-Құныскерей неге банды атанды?

Асылы Құныскерей әу бастан әңгіме айтса асып емес, нысаны басып айтатын, ауыл аймағына беделді, еті тірі, ортасында орны бар сыйлы жан болса керек. Сол беделдің арқасында елде жаңа өкмет орнап, ауылдық, болыстық кеңес құрла бастағанда Құныскерей өз ауылының кеңес төреғасы қызметін атқарады. Төрағаға тапсырылған іс көп. Ең негізгі міндеттердің бірі – жаңа қоғамның іргесі берік болуына күш салу, ішкі заңдылықтарды сақтау, бұл жолдағы үгіт-насихат жұмыстарын күшейтіу. Қоғамдық материалдық база жасақтау. Соның бірі – жаңа қоғамның іргесі берік болуына күш салу, ішкі заңдылығын сақтау, бұл жолдағы үгіт-насихат жұмыстарын күшейту. Қоғамдық материалдық база жасақтау. Соның бірі үй басына төрт теңге салық пен біраз мөлшердегі тортасынан айырған сарымай жинау. Жиналған салық Құныскерейлер ауылының территориялық жағынан бағыныштағы орталық - Князь-қазіргі Калмыков селосындағы базаға тапсырылуы керек. Әрине, аталған майдың дені жаздың ми қайнатқан ыстығында жиналады. Соған сай оны иістендіріп, бүлдірмей және төкпей шашпай диттеген жерге жеткізу оңай жұмыс емес. Ал егер әлгі тапсырма орындалмаса әр қойың үш теңге тұратын сол кезінде үй иелерін кеңес өкметіне қарсы деп танып, заңға тартады, соттайды, болмаса алдындағы алданыш болған сауын сиырын ортаға алады. Бұл жалпыға бірдей ортақ тәртіп, одан қандай болыс, байың да құтла алмайды. Бірақ бұрын-соңды басқа салық түрін көрсе де мынадай май салығын естімеген Тайсойғанда шөлмектеп май жинау тым ерсілеу екен. Соданда болса Құныскерей жаңа заман қызметі мен қиын талабын қалың елге дұрыс түсіндіріп, жинай бастайды. Мезгіл-мезгіл аудан, облыстан (болыс, уезд) шыққан ГПУ-дің өкілі 7-8 нөкерімен салық жинау барысын тексеріп, елге шығатын көрінеді. Шаш ал десе, бас алуға әзір шабарман кейбір адамдардың салық турасындағы кері кері сөйлеген сөздерді көтере алмай, «бұның бәрі сенің дұрыс түсінік жүргізбегенің, дәлдеп айтса төрағаның пікірі, яғни өзіңнен бастап кеңес өкіметі, оның саясатына қарсысындар. Мен сені тегін қоймаймын, соттаймын» деп Құныскерейге ұрсып-жекіп, тіпті қамшыда көтеріп қояды [1]. Құныскерей Қожахметовті Кеңес билігіне қарсы шығу жолына толығымен түсірген оқиға өз қонағын-қашқын «халық жауын» коммунистерге бермеуімен байланысты. 1922 жылдың күзінде Құныскерейдің үйіне Кіші жүздегі атақты ақын, композитор, еркіндік сүйетін тентек Ерғали Аязбаев түнеуге келеді. қазан төңкерісіне дейін оны «қарақшы-барымташы» деп ізіне түскен. Ол Құныскерейдің құрдасы болатын. Олар ежелден дос -жар, туыс адамдар еді. Ол Құныскерейдің үйінде демалып жатқанда, оның үйін милиция қызметкерлері қоршауға алады. Милиционерлермен келіссөз жүргізуге Құныскерей сыртқа шыққанда, олар: - Сен үйіңе Совет билігінің жауын жасырдың! Оны өз қолыңмен бізге тапсыруға міндеттісің! Олай болмаған жағдайда екеуіңді де атамыз! - дейді. Ол қонақтарын бермейтіні үйінен бір қыр асқаннан кейін ғана ұрықсат ететіннін ескертеді. Бірақ милиционерлер үйге кірмекші болғанда Құныскерей олардың жолын бөгеп, атыс басталады. Ал қонақтар үй артындағы шөпке өрт қойып, қоршаудан шығып кетеді. Құныскерей атыса жүріп, жүйрік тұлпарымен қоршаудан құтылады.

«Қалған тірлікті құдай жазған маңдайдан көріп алдым»деп атқа қонып туған үйінен безінеді. «Халық жауы» деп жариялаған жаңа бұйрықтар мен ұжымдастыруға ашық қарсы шыққан Қожахметов Құныскерейді түрлі әдістермен тартып алуға тырысты. «1930 жылдың жазында Тайсойған құмында Қожахметов бандасын бейтараптандыру бойынша ауқымды операция басталады. Марқұм Қызылқоға ақсақалы Қайырбай Жалмұрзиннің естеліктері бойынша чекистер мен милиция Құныскерей ауылына жазалаушы рейд жасайды. Билік өкілдерінің өлтірілуіне ашуланған қызылдар бүлікшіні ұстаудың күрделі жоспарын жасайды. Олар батырдың үйін және қыстауын өртеп жібереді. Содан кейін қарт әкесі Құныскерей Қожахмет атылып, денесін аулада қалдырып, үш күн жерлеуге тыйым салады. Чекистер Құныскерей әкесін жерлеу үшін туған ауылына келіп, сол жерде бекініс жасайды деп үміттенеді. Алайда көп ұзамай жазалаушыларға Құныскерей бір күн бұрын әкесінің үйіне барып, отбасымен, жақындарымен, ауылдастарымен қоштасып, Қызылқоға даласынан кетті деген қауесет тарады. Бұл туралы білгеннен кейін, тәулік бойы буктурмадан шаршаған полиция басшылары күзетшілерін әлсіретіп, демалуға кетті. Түнде ауылда Қожахметтің денесін ұрлап әкететін Құныскерейдің адамдары жасырын түрде пайда болады. Әкесін жерлегеннен кейін батыр отряды ауылға кіріп, бүкіл полиция бөлімшесін аяусыз атып, олардың көмекшілері-келісушілерді жазалайды». Сол кеткеннен Мұғаджар арқылы Башқұртстан - Уфа жағына өтіп, осында 29-30 жылдары елден үдіре көшкен біраз ағайындарын тауып,екі үш жыл боңғасалайды. Бірақ бұнда да ізіне түсушілер пайда болады.1933 жылы күзінде Туған жері Кеңқоқтыдағы әке -шеше зиратына келіп тәу еткен соң ол кіржуып кіндік қаны тамған жерімен қош айтысады. Өмірінің ақырына дейін аңсап өткен Тайсойғанына бірде - бір рет келмеген. Деректер бойынша Түркмения жерінде тұрақ тауып, ғұмыр кешіп, отбасын құрды.

Құбай ағамен сұхбат: Құбай аға зейнеткер, қазіргі таңда Атырау қаласында тұрады. Үлкендерден естіген әңгімелерді жинақтап, кітапша етіп басып шығарады. Құныскерей ағамыз туралы мәліметті Өтепберген Әлімгереевпен үнемі байланысып отырып, тың деректерді жинастырып, қағаз беттеріне түсіріп отырған. Бізге айтқан Құныскерей ата туралы мәліметі «Ойрандалған адай даласы» атты кітапта толық жазылған деп таныстырды.

Атап айтсам, 1929 жылы ел арасы бүлініп, Адайлар үкіметке ашық қарсылық көрсете бастағанда, Құныскерей сол көтерісшілер тобына қосылып, олардың басшыларының бірі болады. 1931 жылы Боқымаш Шоланұлының жасақтары және оның қарауындағы ауылдары жеңіліске ұшырап, азаматтары ұсталғанда Құныскерей және басқаларының басқарған топтары Шоланұлы мен Әминұлының ауылдарына қосылуға мүмкіншіліктері болмай жазалаушылардың қарамағынан сытылып, Жемнен өтіп үлгереді. Маңғыстауға қарай бет алады. Құныскерейді бұлармен бірге барды деген дерек жоқ. Ел ауызында Құныскерей жөнінде көп, әртүрлі әңгімелер болған, оны біреулер Иранға, Ауғаныстанға кетті десе, біреулер Дағыстанға өтіп кетті дейді.Ол кісініКушкада өле -өлгенше руы шеркеш,аты Елемес,тегі Жаманов деп келген.Бірақ жаны қиналып,о дүниелік

болар шағында Құныскерей өзі тұратын ауылдағы ауылдағы жақсы таныс, елдес қарияларын шақырып алып, өзінің толық аты жөнін айтқан екен.

Құныскерей ұрпақтарының тағдыры. Кеңес дәуірінде елі үшін қызмет қылған алаштықтарды ұрпағымен қудалауға ұшыратты. Балалар үйіне жіберілді. Халық жауының баласы атанбас үшін аты-жөндерін өзгертті. Осындай жағдай да Құныскерейдің ұрпақтарынан басынан өтіп жатты. Айтжан Сарайшық қаласындағы жетім балалар үйіне орналастырған. Ол 1922 жылы туылған. Ашаршылық жағдайы үлкен кішіге қиын болған. Сол кездегі балалар қарғаны тұзақ құрып аулап ұстап, көктемде жұмыртқасын жеген. Тышқан аулап отқа күйдіріп жеген. Айтжан Жаманқаладағы /қазіргі махамбет/ балалар үйінен соң Гурьевтегі фабрика – зауыт мектебінде оқып, мұнай кен алаңдарының бұрғышысы мамандығын игереді. Қай жерде жұмыс жасада «сен халық жауы – бандының баласысың. Сені құрту керек, қандай жаза қолданса да артық емес» деп үнемі ауыр жұмысқа салып, мезгіл мекенсіз жұмсай беретін. Ақыры бір күндері қоғам мүлкіне қол сұққандардың бірі ретінде кінәлі боп іске тартылды, сотталды. Сол кезде Екінші дүниежүзілік соғыстың басталған шағы болатын. 1942 жылдың басында қамауда отырған бұларды айыптылар батальоны құрамында он күндік соғыс дайындығынан өткізеді де, алғы шептегі қып – қызыл от пен оқтың ортасына салып жібереді. Айтжанның өз айтуы бойынша ол тұтқынға 1942 жылдың тамыз айында түседі. Кейін оларды тұтқын жібереді. Одан Италияда болды. Қысқасы тағы да тұтқын, тағы да азап, қысым. Осылай өмірлері қиын жағдайда болады. Бірақ елге келген сонда қуғынға ұшырады. Уақыт өтті. Арнайы мектептерде білім алып, аштық пен қорлықтан өтіп, ол қандай жағдай болмасын өмір сүрді. Қазіргі таңда ұрпақтары Құныскерейдің төл перзенті Айтмұқан мен Ырыстыдан тараған ұрпақтары Серік, Берік, Мейіз, Азамат. Бүгінде кең байтақ Қазақстанның әр түкпірінде тұрып жатыр.

Қорытынды. Қазақстанның 20 – жылдардағы әлеуметтік жағдайына және мал тәркілеу және қазақ шаруаларын қуғын-сүргін саясатына арналады. Қазақстан алдында тұрған қиындықтар XX ғасырдың 20-30 жылдарынан басталады. 20-шы жылдың басында Қазақстан экономикасы өте ауыр жағдайда болды. Өйткені, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, ол үлкен адам шығынымен ашаршылыққа, малдың жоғалуына әкеп соқтырған азаматтық соғысқа алып келді. 1920 жылы елд индустрияландыру, күштеп ұжымдастыру, байлардың малын тәркілеу сияқты іс-шаралар өткізілді. Кеңес өкіметінің осындай қиыншылықтарына қарсы алғашқылардың бірі Құныскерей болды. Бұл мінез-құлық үшін "банда" кеңестік билікке назараудармай, қайтадан халықтың жауына айналады. Оның өмірінің дәуірі күрделі, дүрбелеңге толы болды. Мұндай аласапыран кезеңдерде көптеген адамдар қателескені, көпшілігі жеңілгені белгілі. Менің ойымша, бұл сол жандардың бірі. Егер ол қол ұстасып, жауға шабуыл жасаса, ол дала батырларының бірі бола ма, кім біледі!? Бірақ ол жаңа қоғамға қарсы тұрды, мыңмен жалғыз қалды. Қысқасы, ақыры туған жеріді, туған елді тастап кетуі керек болды.

Сәлем айт Бүйрек құм мен Тайсойғанға, Сәлем айт, Қара көл мен Қарабауға. Ойыл мен Жем аман ба! Сағыз қайда? Арнасын баяғыдай ағызбай ма?

Кәусарын таңдайыма тамызбай ма?! - деп жырақта зарлана туған ,алтын бесігін әнге қосқан қайсар тұлға кеңестік саясаттың құрбаны Құныскерей Қожахметовті қазіргі таңда ұрпақтары еске алып ,шаралар өктізуде.Қазіргі таңда Миялы селосында Құныскерейге арналған ескерткіш тақта бар.Ерлер есімі ерекшелене берсін!



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Ақ жайық» №1/2017ж. әдеби көркемдік қоғамдық-саяси журнал
2. «Құныскерей» Қайыржан Хасанов.2008.Алматы. «Үш қиян»
3. «Құныскерей» Өтепберген Әлімгереев. 2018.Атырау: «Атырау-Ақпарат»
4. «Бәйшешек жапырағы» әңгімелер жинағы Марат Мәжитов.
5. Құныскерей батырды кім біледі? «Алаш Орда» газеті № 15. 22.08.2010ж
6. Атырау энциклопедиясы. «Атамұра» баспасы, 2000 ж. Интернет материалдары.

ЖЫЛЫОЙДЫҢ АЛТЫН АДАМЫ

Мухамбедиярова А.Ж.,

№3 жалпы орта білім беретін мектептің

тарих пәні мұғалімі,

Атырау облысы, Жылыой ауданы,

Шоқпартоғай ауылы

Қазақ тарихы – зерттелуі тиіс мол қазына. Қазақстан жерінен археологиялық қазба жұмыстары барысында табылып жатқан көптеген Алтын адамдар бүгінде Қазақстанды әлемге танытуда, осы тұрғыда табылған тарихи-мәдени жәдігерлеріміз қатарына үлкен қазына болып енген құндылықтарды зерттеу және оны таныстыру өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ даласынан табылған «Алтын адам» ескерткіштері халқымыздың көне дәуірдегі мәдениеті мен өркениетінің биіктігін дәлелдейтін құнды мұра болып табылады. Есік, Берел, Шілікті және Жылыой сияқты аймақтардан табылған бұл археологиялық жаңалықтар әлем ғалымдарының назарын аударды. Олардың ішінде Жылыой ауданынан табылған Алтын адам қазақ тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін аса маңызды ескерткіш болып саналады. Бұл жәдігер тек археологиялық олжа ғана емес, ұлттық мақтаныштың символына айналды.



Жылыойдағы археологиялық қазба жұмыстары.

Жылыой ауданы Каспий теңізінің солтүстік-шығысына жақын орналасқан тарихи-мәдени аймақ болып табылады. Бұл өңірде ерте дәуірлерден бастап түрлі тайпалар мен халықтар қоныстанғаны белгілі. Археологтардың жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген қорғандар, қоныстар мен жерлеу орындары анықталды. Жылыой Алтын адамы дәл осындай археологиялық зерттеулердің жемісі болды.

Табылған жәдігерлердің көпшілігі б.з.д. VII–III ғасырларға тән, яғни сақ дәуірінің мәдениетімен байланысты.

Алтын адам – сақ тайпаларының көсемі немесе әскери қолбасшысы болған деген жорамал бар. Жылыойдан табылған Алтын адамның киімі алтын әшекейлермен көмкерілген. Әшекейлердің арасында құс, барыс, бұғы бейнелері көптеп кездеседі. Бұл жануарлық стиль көшпенділер өнерінде кең таралған және олардың дүниетанымдық көзқарасын көрсететін ерекше белгі болып табылады. Сонымен қатар, табылған қару-жарақтар – семсер, қанжар, жебе ұштары сақтардың әскери ісінің жоғары дамығанын дәлелдейді. Осының барлығы Жылыой Алтын адамының тек жергілікті деңгейде емес, бүкіл сақ қоғамындағы ерекше мәртебеге ие тұлға болғанын айғақтайды.

Қазақстан археологиясында Алтын адамдарды зерттеу ісінде белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашевтың еңбегі ерекше. Ол Берел,


Шілікті, Жетісу өңіріндегі қазба жұмыстарын жүргізіп, сақ дәуірінің мәдениеті мен дүниетанымын жан-жақты зерттеген. Самашев жетекшілігімен Берел қорғандарынан табылған мұздатылған жылқылар мен сақ көсемдерінің жерлеу рәсімі әлем ғылымында сенсация туғызды. Жылыой Алтын адамы да осы ғылыми ізденістер аясында қарастырылып, оның мәдени-тарихи маңызы айқындалды. Ғалымның пікірінше, әрбір Алтын адам – халықтың рухани қазынасы ғана емес, мемлекеттік тәуелсіздік пен ұлттық бірегейліктің де айқын белгісі.



Аралтөбе Қорымы. Тек Атыраудың ғана емес, жалпы батыс өңірдің археологиялық картасын жасау алғаш рет 1989 жылы қолға алынды. Сол кезден бері Ә.Марғұлан атындағы археология институтының Батыс Қазақстан аймақтық ғылыми экспедициясы жүйелі жұмысты бастады. Белгілі археолог Зейнолла Самашев жетекшілік еткен экспедиция алдымен Сарайшық қаласының орнында қазба жұмысын жүргізуді ниет еткенмен, өзге де қорымдар мен мекендерді де тіркеуді

көзден таса қылмады. Соның қатарында Аралтөбе қорымы да бар еді. Аралтөбе қорғандарын 1989 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы анықтады.


Аралтөбе – сарматтар дәуіріне жататын археологиялық ескерткіш. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай ауылынан шығысқа қарай Ақмешіт ғибадатханасының оңтүстік-батысында Құлшаната бейітіне таман орналасқан. Аралтөбе обасындағы Атырау облысының әкімдігінің және И.Тасмағамбетовтың жеке қолдауымен археологиялық қазба жұмыстарына



жетекшілік жасап, зерттеу жүргізген–Қазақстан Республикасында Әлкей Хаканұлы Марғұлан атындағы Археология институты Батыс Қазақстан бөлімшесінің экспедиция басшысы, ҚР-ға белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев. Нақты қай жылы тоналғаны белгісі.

Алғашқы қорымда Қорғанның шұңқыры бар күрделі тасты-жер құрылысында жерленгендердің жеті шұңқыры анықталды. Кешеннің оңтүстік жағындағы орталық, ең терең камераның кесілген баспалдақтары бар қысқа көлбеу дромосы болды, ал солтүстіктен ұжымдық жерлеуге арналған кең, бірақ терең емес қабірі бар жалғыз аяқ жол арқылы қосылды.

Соңғысының батыс жағында әскерилер жерленген шағын тар камера болды. Қалған жерлеу орындары ежелгі жер бетінің деңгейінде, қуыс үйіндінің астында жасалды. Біреуін қоспағанда, барлық қабірлер тоналған болып шықты. Қарудың стандартты жиынтықтары (қылыштар, жебелері бар қорамсақ,



найзалар) және әйелдердің әшекейлері табылды. Ежелгі сарматтық ұзын қылыш ерекше қызығушылық тудырады, оның ұшы сәл иілген, оны қылыш пішініндегі қадалатын- кесетін қару ретінде қарастыруға болады. Бұл ескерткіштің құндылығы— бұрын соңды сарматтар дәуірінің (б.з.б.4— б.з .2 ғ.) ескерткіштерінде Қылыш емес, тек семсер мен қанжарлар ғана табылатын, ал Қылыштың пайда болу кезеңі Еуропада аландар кезеңімен (4-5ғ.), ал Азияда көне түркі тайпаларының әскери істерінің дамуымен байланысты қарастырылатын. Демек, қайқылау қылыштың шығу кезеңі біраз терендетіліп, оны аландар емес, осы көне Атырау өңірінде өмір кешкен сармат тектес халықтардың тарихымен тікелей байланыстыруға мүмкіндік туып отыр.

2- қорған. Мұнда табылған керемет көркем бұйымдар ең ірісі болды, бірақ олардың үйіндісі бірнеше рет тонауға


ұшырағандықтан және бірнеше кеш бойы сарматтық жерлеу рәсімдерінің жүргізілуіне, сондай-ақ, тастардың бөлшектелуіне байланысты пішіні қатты өзгерген. Бастапқыда нысанның биіктігі 2 метрден асатын, диаметрі шамамен 40 метрдей болатын дөңгелек, тас-жер құрылысы іспетті болды. Оның ортасында жер бөлігінің үстіне жалпақ тас плиталардан тұрғызылған сопақша дуал тұрды. Ол жерлеу камерасының жұмырланған бұрыштары бар тік бұрышты жоғары жиегіне айнала үйілген сұр, жасыл корбанатты қосындылары бар сарғыш түсті қабір шығарылымнан құралған еді. Жер білігінің биіктігі: 50-70 см, ені 1,5-нан 3 метрге дейін. Бұл қоршаудан негізінен тік плиталардан пайда болған радиалды «сәулелер» жан-жаққа бөлініп тұрды. Қорғанның сыртқы қоршауының доғалы– толқынды тұрпатына іргелес орналасқан әлгі сәулелердің ұштары, қабірдің үстіндегі қоршау және басқа да элементтер «күн дөңгелегі» сияқты күрделі көріністі бейнелеп тұрды, бұлардың пішіні мен мазмұны ежелгі сарматтардың өте күрделі мифтік жерлеу кешенімен тікелей байланысты екенін, әрі олардың күн космогониялық түсініктерін аңғартып тұрғандайтын.

Қорғанның бүкіл қабатында сақталған тастарға қарағанда, олар қабыршақты қабықпен жабылған сияқты. Сәулелі қорғанның солтүстік жағынан көлденең тақталардан, киелі шағын кеңістікке өзіндік «кіретін есік» жасалды.

Қорғанды тұтастай және оның жеке элементтерін, сондай-ақ құрамдас бөліктерін салу процесі әртүрлі дуалау, тазарту және құрбандықтар шалу әрекеттерін қамтитын күрделі және көпсатылы рәсімдермен қатар жүрген секілді. Бұған жоғарыда аталған «кіре берістің» маңында табылған заттар, сондай-ақ, негізгі жерлеу камерасының айналасында және басқа жерлерде әдейі қойылған жануарлардың сүйектері, керамиканың сынықтары мен кемірдің қалдықтары дәлел бала алады. Қорғанның ортасында күшті және терең тесілген іздері бар ошақ табылды. Сарматтар отқа табынушылар болды, оттың тазартатын

күшіне сенді. Қорғанның жер бетіндегі құрылысының күнге қатысты сипаты, отты құрметтеу іздері және басқа да белгілері зороастризм діни дәстүрінің Ембі өзенінің төменгі сағасындағы сарматтардың дүниетанымы мен жерлеу тәжірибесіне, сонымен қатар мұнда жерленген адамдардың жарыққа әсерін, сөзсіз, билеуші элита мен діни кастаға тиесілі екенін көрсетеді.

Негізгі жерлеу камерасы ішінен жұқа сырықтармен бекітілген қамыс тесеніштерімен қапталған. Табылған заттар осында жерленген адамның аңшылық-кәсіпшілік қызметі тұрғысынан түсіндірілу мүмкіндігінен де жоққа шығармайды. жебелердің темір үш жақты ұштарының қолданыстағы жіктемесіне сәйкес 2-қорған біздің дәуірімізге дейінгі II ғасыр мен біздің дәуіріміздің басындағы аралықпен белгіленеді.



Ал РҒА Геология институтының изотоптардың геохронологиялық зертханасында алынған калибрленген радиокөміртектің мерзімделуі б.з. 129 жылы. Бұл Арал-Каспий аймағындағы сарматтар мәдениетінің ең гүлденген және әскери-саяси белсенділіктің барынша жоғарылаған кезеңі. Арал-Каспий өзенаралық кеңістігіндегі сарматтардың этносаяси бірлестіктерінің екі орталығын алдын ала бөліп көрсетуге болады, олар оңтүстігінде Бәйте және солтүстігінде Қызыл ұйық үлгісіндегі қарулы жауынгерлердің мүсіндері бар орасан зор храмдармен-ғибадатханалармен белгіленген.

2-қорғаннан алынған ер адамның бас сүйегі бойынша РҒА - ның Н.Миклухо-Маклай атындағы Антропология және этнология институтының маманы Е.Веселовская оның бет-бейнесін қалпына келтірді. Сондағы екі өрілген бұрым түріндегі ер адамның шаш үлгісі кейінгі және римдік айтыладерді Негізінен шаш өру біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықта Еуразия даласының Ұлы белдеуінің бүкіл кеңістігінде сақталған атты көшпелі мемлекеттердің жоғары деңгейдегі лауазымдылардың ерекше құзыреті болған.

Сақталған артефактілерді қолданудың негізінде ерлердің сырт киімдері мен қаруларын қалпына келтірудің нұсқасы ұсынылды. Әрине, бұл жерде қарастырылып отырған тарихи кезең де мейлінше ескерілді. Еуразия даласының Ордостан Қара теңізге дейінгі атты кешпенділері белгілі бір этно ортаға байланысты оң немесе сол жақты туника тәрізді қысқа былғары шектеннің бірдей түрін киді. Олардың былғары шалбары мен етіктері де бірдей болды. Алтын айылбастармен, негізінен көшпелі элитаның және патша адамдарының салтанатты және жерлеу киімдері безендірілген. Сармат-массагет қылыштары,

қанжарлары мен қорамсақтары өз мәдениетінің ауқымында көбіне стандартты біркелкі болып келеді . Бекіту және қару-жарақ пен әскери жабдықтарды алып жүру тәсілдері тас мүсіндердегі көптеп табылған заттармен және суреттермен оңай қалпына келтіріледі

Сармат көсемі. 45-55 жастағы ер адамның сүйектері мен әйел сүйектерінің бірнеше фрагменті, қалпына келтірілмейтін сынықтары табылды. Бастапқы күйінде сақталған жіліктерге қарағанда, өлген адамдар бастарымен оңтүстікке қаратылып көмілген. Әйелдің денесі ер адамның сол жағында орналасқан.

Көшпелі сармат қоғамындағы рәсім мен мәртебелік нормаларға сәйкес, қайтыс болғандар ерекше құрметпен, салтанатты киіммен жерленген. Олармен бірге қабірге екі ат, қару-жарақтың стандартты жиынтығы; қанжар, қылыш, найза, жебелері бар қорамсақ, бүйірінде саптары мен құйылатын жері бар саздан жасалған импорттық сұр хум, былғары ыдыстың қалдықтары, алтын жұқалтырмен қапталған темір таяқшасының және екі басмүсінмен безендірілген құлақты грифонның сынықтары қойылыпты. Сонымен қатар сабынның қалдықтары бар темір жауынгерлік ілмек, қорамсақтың ілгегі, қоладан жасалған портупея белбеуіне арналған дөңгелек, сүйекті инешек және ірі темірден жасалған үш жақты жебе ұштарының аздаған бөлшектері табылды.

Қатты тоналғанына қарамастан, әртүрлі деңгейдегі қабірде ромб тәрізді, дөңгелек, жақтаулы және жылан тәрізді 400-ге жуық алтын жапсырмалар табылды. Пішініне қарай олар сармат қоғамындағы аса маңызды тұлғалардың салтанатты-жерлеу киімдерінің әртүрлі бөліктеріне тігілген.

Шұңқырдың толтырылған жерінде алып бүркіттің қаңқасы ерекше қызығушылық тудырады. Скиф-сарматтық аң стилінің ең үздік дәстүрінде жасалған құлақты грифонның басмүсінімен, алтын көркем өнер бұйымдарымен бірге жерленген адамның жоғары әлеуметтік мәртебесін аңғартқандай.

Бүркіттің бірге көмілуі және құлақты грифонның бас мүсіні еуразиялық шамандықтың дүниетанымында тігінен үш мүшелі қасиетті бүркіт туралы морфологиялық ұғымдарды бейнелеуі мүмкін. Кейбір морфологияда бүркіт өлгендердің жанын аспанға көтеретін қызметті атқарған. Сарматтардың дүниетанымында бүркіт-жоғарғы көшбасшы билігінің белгісі. Бұл жағдайда бүркіт тектің қорғаушысы тотеміне табынумен байланысты болуы мүмкін.

Шұңқырдың толтырылған жерінде итпен, алып бүркіттің қаңқасы ерекше қызығушылық тудырады . Скиф - сарматтық аң стилінің ең үздік дәстүрінде жасалған құлақты грифонның бас мүсінімен, алтын көркем өнер бұйымдарымен бірге жерленген адамның жоғары әлеуметтік мәртебесін аңғартқандай , Бүркіттің бірге көмілуі және құлақты грифонның бас мүсіні еуразиялық шамандықтың дүниетанымында тігінен үш мүшелі қасиетті бүркіт туралы мифологиялық ұғымдарды бейнелеуі Сарматтардың дүниетанымында бүркіт – жоғарғы көшбасшы билігінің белгісі. Кейбір мифологияларда бүркіт өлгендердің жанын аспанға көтеретін қызметті атқарған тектің қорғаушысы тотеміне табынумен байланысты болуы мүмкін.

Сармат көсемінің толық қару-жарағымен алтын жапсырмалы киімін қалпына келтірген-жоғары дәрежелі реставратор Қ.Алтынбеков. Алтын адам киіміндегі және асатаяғындағы ою-өрнектер, қосмүйіз, қынырмүйіз, шет ою, қола белбеуінің бір бөлшегінде арқардың бас мүсіні бейнеленген. Сонымен қатар геометриялық фигуралар бейнеленген ромб, үш бұрыш, төрт бұрыш, пирамида тәріздес өрнектер де бар. Алтын киімді адамның мүсіні және киімдері: камзол, шалбар, кебіс, шаш ұстатқыш (7 әшекей салынған), асатаяқ, жебелерді Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі З.Самашев 2000 жылы Атырау облысы тарихи-өлкетану мұражайына тапсырған.

Жылыой Алтын адамының тарихи-мәдени маңызы. Жылыой Алтын адамы – қазақ халқының тарихындағы терең тамырлы дәстүрлердің куәсі. Ол ежелгі сақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, діни сенімдерін, өнерін және тұрмыс-тіршілігін танытады. Алтын адамның бейнесі бүгінде тәуелсіз Қазақстанның нышанына айналды. Оның бейнесі түрлі мәдени іс-шараларда, өнер туындыларында және ұлттық рәміздерде көрініс табады. Бұл – халқымыздың ежелден келе жатқан рухани байлығын дәріптеудің және оны әлемге танытудың бір жолы.

Жылыойдың Алтын адамы – қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртатын, ұлттық болмысты айқындайтын құнды мұра. Ол тек археологиялық жәдігер ғана емес, халқымыздың рухани және мәдени өмірінің айнасы болып табылады. Бұл ескерткішті зерттеу – өткенді түсінуге, болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік береді. Алтын адам – ұрпақтан ұрпаққа жететін мәңгілік қазына.

Мектеп мұражайында ежелгі сақ дәуірінің құнды жәдігері саналатын «Алтын адамның» маникені жасалып, салтанатты түрде барлық мектеп оқушыларына таныстырылды. Бұл іс-шара оқушылардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттырып, тарихи-мәдени мұраларды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Осы тақырып аясында 2020 жылы мектебіміздің оқушысы Досай Жанар "Алтын адамның тарихи-мәдени маңызы" атты ғылыми жобасымен Республикалық ғылыми жоба сайсына қатысып, жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Алғыс хатқа ие болды. Жанардың бұл жетістігі мектеп оқушыларына үлгі болып, ғылыми-танымдық жұмыстарға деген қызығушылықты арттыра түсті.

Қорыта айтқанда, Алтын адам — қазақ халқының ежелгі тарихынан сыр шертетін, теңдесі жоқ тарихи-мәдени мұра. Ол – біздің ата-бабаларымыздың жоғары деңгейдегі өнері мен шеберлігін, дүниетанымы мен мемлекеттілігін дәлелдейтін құнды жәдігер. Алтын адамның табылуы қазақ елінің бай тарихы бар екенін әлемге танытты. Осындай асыл мұралар – біз үшін мақтаныш қана емес, сонымен қатар болашақ ұрпаққа аманат. Сондықтан әрбір жас ұрпақ өз елінің тарихын терең біліп, ұлттық құндылықтарды құрметтей білуі керек.

АТЫРАУ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХИ, АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ЖАҢА БОЛЖАМДАР МЕН ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Унгарбаева Ш.Б.,
тарих пәнінің «педагог-зерттеуші» мұғалімі
Жиенкулов Е.,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
«Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері,
өлкетанушы-географ
Атырау облысы білім беру басқармасының
Жылыой ауданы ББ «№3 жалпы орта
білім беретін мектеп» КММ,
Шоқпартоғай ауылы

Атырау өлкесі өзгеде Жер беті бөліктері секілді күрделі тарихи, археологиялық және геологиялық даму кезеңдерінен өткен. Бұл туралы ғалымдар өз көзқарастарына сәйкес түрліше дәлелдемелер ұсынып жатады. Дегенмен біздің өлкеміздегі алғашқы адамдардың қоныстануы туралы мәліметтер біршама аз не айтылмайды. Біздің зерттеуімізше өлкемізді алғашқы адамдар шамамен 500 мың жылдан әрі бұрын саналы адамдардың алғашқы тобы тартыла бастаған Титис мұхитының солтүстік жағалауына келіп мекендей бастаған. Олардың мүмкін үлкен тобы қолдан жасалған лашықтарда тұрған болуы керек. Сондықтан олардың тіршілік әрекеттері туралы нақты дәлелдемелер аз, ал сол кездегі теңіз жағалауындағы Иманқара үңгірін мекендеген алғашқы адамдар қонысынан археолог ғалым Зейнолла Самашев бастаған топ зерттеп алғашқы саналы адамдардың қолымен тастан қашап жасалған бірнеше аң бейнелерді тапты. Олардың арасында теңізде мекендейтін ерекше жануардың сүйегінен жасалған ожау тәрізді құрал назар аударуға тұрарлық. Бұл адамдар тобының теңіз жануарларымен, мүмкін балдырларменде қоректенгендігін дәлелдейді. Бұл маңдарда бір кезеңдерде теңіз жағалауында адамдар тұрғандығының туралы тағы бір дәлелдемесі ретінде „Жылыойдың жеті қуының бірі„ атанған шежіреші ақсақал Жұбанышев Лаш атамыз „ ... біздің әжелеріміздің әжелерінің әжелері Иманқараның үстінен тұрып еңкейіп Каспийден шелекпен су тартқан„ деген әңгімесін келтіре кеткім келеді. Бұл арқылы атамыз өз әңгімесімен біздің өлкеміздің жақын уақыттар ішінде аймағымызды су басып жатқандығына дәлел келтіріп отыр. Өлкеміздің геологиялық дамуы туралы мысал келтіргенде Еуропа мен Азияның шартты шекарасы Жайық өзені арқылы өтеді деп оқытылып жүр. Біздің зерттеулеріміз бұл тұжырымның қате екендігін дәлелдейді. Алдымен мынаған келісіп алуымыз керек. Бұл шекара қандай негізге сүйеніп алынған, әлде бұл жер арқылы платформалар шекарасы өтеме, әлде белгілі-бір жануарлар тобының таралу ариалы шекарасы ма?

Біз зерттеулерімізді өзге тұжырымдармен салыстыра келіп олардың қате екендігіне көз жеткіздік және бұл тұжырымдарға қарсы өз дәлелдемелерімізді ұсынамыз.

Біздің зерттеулеріміз бойынша Еуропа мен Азияның осы тұстағы шекарасы Жем өзенінің бойымен өтеді деп белгілегеніміз дұрыс. Себебі бұл тұс арқылы Шығыс Еуропа (Орыс) платформасының оңтүстік-шығыс тұсы мен Тұран плитасының шекарасы өтеді.

Зерттеуіміздің нақтылығына бірнеше дәлелдемелер келтіре кетелік.

1. Себебі осыдан бес жыл бұрын Атырау мен Маңғыстау облыстарының бұл аймағында күші Рихтер шкаласымен 2-3 балдық жер сілкіну болды. Ал бұл Жем өзенінің сол жағалауындағы Құлсары қаласында сезілдіде, Жем өзенінің оң жағалауында орналасқан, арасы Құлсары қаласынан не бары 20 шақырымдағы Шоқпартоғай ауылында сезілмеді. Неге бұлай болды деген сұраққа тікелей жауап, Шоқпартоғай ауылы қалыңдығы екі шақырым қалың тұзды қабатпен жабылған Шығыс Еуропа (Орыс) платформасының майысқан шетінің үстінде орналасса, ал Құлсары қаласы Тұран плитасы мен Шығыс Еуропа платформасы аралығындағы тербелмелі аймақта тұр.

2. Жем өзенінің сол жағалауындағы аймақтарда бұрғылау кезеңдерінде жер асты сулары бұрқақтар (фонтандар) мен ыстық минералды тіпті күкіртті-сутекті емдік бұлақтар (гейзерлер) түрінде болса, мұндай құбылыс оң жағалауда байқалмайды. Оң жағалаудағы жер асты сулар тұзды не бор аралас болуы оның материктік негізімен түсіндірілсе, ал сол жағалауы аралық не плиталық тұғырда орналасқандықтан мантия қабаты жоғарырақ, яғни, жер бетіне таяу келедіде жер асты суларын толығынан қыздырып бұрқақ не ыстық бұлақтар деңгейіне жеткізеді. Бұл Еуропа мен Азияның шекарасын осы тұс арқылы өтуі тиіс екендігіне негіз бола алады.

3. Жем өзенінен оңтүстік-шығысқа (сол жағалауда) қарай мұнай кен орындарындағы қысым артып күкірт пен күкіртті сутек және газ молшері молайса, ал оң жағалаудағы материктік беткейде орналасқан мұнай кен орындарындағы мұнай қоры біршама аз болғанымен күкіртті қосылыстардан ада, жоғары сапалы отын алуға мүмкіндік беретін болып келеді. Мұнайдың сапасы мен құрамының түрліше болуы орналасқан аймағындағы қалыптасуына мүмкіндік беретін факторларға тікелей байланысты болады.

4. Жем өзенінен оңтүстік-шығысқа қарай (сол жағалауда) термиттер мекені саналатын, биіктігі бір метрге дейін жететін Алла томпақтар көптеп кездеседі. Бұл бунақденелілерде материктік бөлікте болмайды, негізінен топырақ құрамында күкіртті-сутекті қосылыстар молырақ аймақтарда мекендейді. Осы «Алла томпақтар» туралы сол жерлерге жақын аймақ ретінде Жылыой ауданының Майкөмген елді мекені орналасқан. Жергілікті телеарналарда, баспасөз беттерінде ауыл тұрғындары осы мәселені экологиялық қауіп ретінде ауылға жақындап жатыр деп дабыл көтеріп жүр.

Міне жоғарыда келтірілген факторлар Еуропа мен Азияның нақты шартты сызығы қай тұс арқылы өтетіндігін көрсетеді. Біз өз зерттеулеріміз арқылы

Еуропа мен Азияның шекарасы Жем өзені арқылы өтеді деп оқытқан жөн деп есептейміз.

Бір кездері Еуропа мен Азияның көлемді бөлігін басып жатқан Титис мұхитының жойылуы туралы да түрлі болжам айтылады. Зерттеушілер негізінен климаттың ысуынан мұхит суы буланып, бұлтқа айналып, полюстер үстіне дейін тұрақты желдер арқылы көше отырып полюстер аймағына жетіп сол жерлердегі төменгі температура әсерінен конденсациялануы әсерінен қалың төрт шақырымдық мұз қабаты қалыптасуына үлес қосып Титис мұхиты жойылып, орнында әлемдегі ең көлемді Каспий көл-теңіз пайда болған деп есептейді.

Ал біз өз зерттеулерміз арқылы бұданда кеңірек ғаламшарлық деңгейде қарастырған дұрыс деп есептейміз. Африка платформасынан бөлінген Үндістан түбегі Еуразия құрлығына келіп соғып миллиондаған жылдар бойы жылына 10-12 см жылдамдықпен құрлық ортасын қыртыстандырып жиырып, Гималай, Кунь-Лунь, Тибет, Тянь-Шань т.б. таулардың және Еуразия материгінің қақ ортаңғы бөлігі арқылы батыстан шығысқа қарай ендік бойымен Альпіден Қиыр Шығысқа дейін жарылыс туғызып таулар жүйесінің пайда болуына әсер еткені белгілі. Түсінікті болуы үшін мынадай мысал келтіре кетелік. Кез-келген үрулі шардың бір жағын шошайтып шығару үшін саусағымызбен келесі қарама – қарсы жақ бөлігін шардың ішкі жағына қарай еңіс тарқызып басуымыз қажет. Жер ғаламшарыда дәл сол секілді жанартаулар атқылап таулар пайда болғанда екінші бір жер төмен түскен. Мысалы, Солтүстік Мұзды мұхит тұсы төмен түскенде Титис мұхиты суы еңіске құйылып, құрлық ортасы ашылып бүгінгі Каспий теңізі қалыптасқан.

Дегенмен бүгін таңдағы ғаламдық жылыну әсерінен әр он жыл шамасында Жер ғаламшарындағы температура 2-3 градусқа жылынып отыратынын ескерсек Антарктида құрлығы бетіндегі мұздықтар еріп шамамен Дүниежүзілік мұхит деңгейі 50-60 метрге жоғарыласа мұхит суы Кума-Маныш ойысы арқылы Қара және Азов теңіздерінен Каспийге құйып Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағы 50-100 жыл шамасында қайтадан мұхит суы астына кетуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Е.Жиенқұлов «Атырау облысының физикалық географиясы» А. 1997 ж.
2. Ю.Пастухов «Край белоснежных истории» А.2005 ж
3. «Атырау», «Кең Жылыой» газеттері топтамасынан.

АҚҚАЛА АУЫЛЫ: ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТАРИХ, НҰРЛЫ БОЛАШАҚ

Ескалиева Г.М.,

*Индер ауданы Аққала орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі*

Екі ғасырдан аса тарихы, ерліктері ел жадында сақталып, еңбегі жұртына еленген, өнері көпке танылған айтулы тұлғалары бар киелі мекен - Аққала ауылы. Тарихына көз жүгіртсек, ауылымыздың халқы талай-талай тауқыметті кезеңдерді бастан кешті, алуан-алуан ауыртпалықтарға арқасын тосты, бірақ сол сындарлы жылдардан сүрінбей өтті. Әрбір оқиға – тарихи дерек, шежіре бетінен орын алуға лайық құндылық. Соларды қысқаша болса да жинақтап, ауылдың кешегісі мен бүгінгісін саралау, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен жандар мен олардың өнегелі өмірін білу, насихаттау – басты мақсатым. Әр адам өзінің туған жерін құрметтеп қана қоймай, тарихын білуі, тануы қажет. Ауыл – ұлттың алтын бесігі, рухани қайнар көзі. Ауыл тарихы – бұл жай ғана деректер мен даталар емес, ол – сол жерде өмір сүрген адамдардың тағдыры, еңбегі мен ерлігі, мәдениеті мен салт-дәстүрінің көрінісі. Кез келген ауылдың өзіндік шежіресі, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі мен ерекше рухани болмысы бар. Ауылда дүниеге келген ұлы тұлғалар, ауыл үшін еңбек еткен қарапайым адамдардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Осыдан-ақ ауыл тарихының маңызы зор екенін байқаймыз.

Біздің ауылдың тарихы да бай. Бұл жер – ата-бабаларымыздың тер төгіп, жер жыртып, ел қорғаған қасиетті мекені. Уақыт өте келе ауылымызда мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, балабақша сынды әлеуметтік нысандар бой көтеріп, өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасалды. Білім мен тәрбиенің ордасы болған мектептен талай зиялы азаматтар түлеп ұшты. Олар бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада еңбек етіп, ауыл абыройын арттырып жүр.

Аққала ауылының географиялық орналасқан жері Жайық өзенінің орта ағысы бойында, батыс жағалауындағы (Самар бетінде) биік төбеде орналасқан. Аққала ауылының шекарасы оңтүстікте Елтай ауылы, Мұнай айдау станциясымен, солтүстікте Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Шабдаржап (Харькино) ауылымен, батысында Нарын құмы, Бағырлай өзегімен, Шығыста Жайық өзенімен шектеседі.

Талай тарихи тұлғалар мен талантты ұл – қыз өрбіткен бұл мекеннің тарихы мол. Қазіргі кезде өлке тарихы ауыл ақсақалдары мен бірен – саранды жазбаларда ғана кездеседі. Ал осы ауылымыз жайлы сыр шертетін кітаптар жоқтың қасы. 2020 жылы жарық көрген «XVIII-XX ғасырлардағы Атырау өңіріндегі елді мекендер» атты кітаптан ауылымыз туралы көптеген деректер берілген.

Қос-Жайық немесе Индерские горы қамалы патша Елизаветаның 1743 жылы 23 сәуірдегі жарлығы негізінде Жайық өзенінің бойында пайда болған елді

мекеннің бірі. Рычковтың 1744 жылы Индер көлі туралы картасында қамал Қос-Жайық бекінісі ретінде жазылған. 1755 жылы Красильниковтың «Ландкартасында» ол «Кошъ Яицкий Индерских горъ» атауындағы қамал ретінде белгіленген. Осыған орай, қамалдың атауын Индер тауы тұсынан Жайықтың қосарланып ағатын арнасынан шыққан деп есептелінеді. Оғын дәлел – академик П.С.Палластың жазбасы. Ғалым қамалдан төмен қарай ағатын Жайық өзені екі арнаға бөлініп кетіп, оның ішінен қисық ағатын тарамы «Кошъ яик» деп аталатындығын жазған еді. П.Паллас 1769 жылы қамалды (Индер тау бекінісі деп жазды) сипаттау барысында оның қабырғалары үлкен бөренелермен қаланғандығын және Калмыковқа қарағанда адамдар көп қоныстанғандығын айта кетеді. Бұл жерде академик қамалдың тұрғындары ретінде 1 есаул мен хорунжийді және көп бөлігін қалмақтар мен татарлар құрайтын 60 казакты есептеді. 1748 жылғы топографиялық дерекке сәйкес қамалдың ұзындығы 48, ені 39 сажен болып, ол Жайық өзенінен 100 сажен қашықтықта тегіс жерде орналасқандығы жазылады. Ғимараттары 1 ағаш казармадан және казактардың 41 жеке үйінен тұрған. Бұдан басқа мал ұстауға арналған аулалар мен қоралар да болған. Әскерилер құрамы бір есаулдан, 1 сотниктен, 2 хорунжийден және 70 казактан құралып, 2 фальконет болған. Жалпы қамалдың атауы XVIII ғасырдың II-жартысында бірқатар өзгерістерге ұшырады. Мысалы XVIII ғасырдың 70 жылдарында шыққан карталарда оның атауынан Қос-Жайық сөз тіркесі алынып, «Индерский» деп берілсе, 80 жылдардан бастап «Горск» деп атала бастады. Жергілікті қазақтар қамалды «Ақ қала» деп атады. Сондай-ақ, қамал Жайық бойында XVIII ғасырда пайда болған елді мекендердің ішінен суретінің сақталуымен ерекшеленеді. Сурет 1834 жылы Жайық пен Еділ арасын зерттеуге келген ғалым К.Ф.Гебель бастаған экспедицияның жұмысы барысында салынып, ғалымның 1837 жылы шыққан еңбегінде жарық көрді. Суретте топырақ пен ағаштан жасалған қамалдың қорған дуалы, қақпасы, іші және сыртындағы үйлер мен ғимараттар көрініс тапты.

1862 жылғы мәлімет бойынша қамалда 220 ер, 241 әйел, барлығы 461 адам мекендеді. XIX ғасырдың соңына қарай бұл сан көп өзгермеді. 1896 жылғы халық санағы бойынша Горский кентіндегі 96 үйде 215 ер мен 244 әйел, барлығы 478 адам тұрып, елді мекенде ағаш шіркеу мен 2 сауда орны болды. Қазан төңкерісі қарсаңында (1913 ж) Горский кенті Кулагин станицасына бағынды. Кенттегі 123 үйде барлығы 874 адам тұрып, 1 мектеп, 1 шіркеу және 4 сауда орны жұмыс жасады. Индерские горы қамалының құландысы қазіргі уақытта Индер ауданы Аққала ауылының жанында орналасқан [6,80 б]. Кіші Жүз Ресей империясының құрамына енгенге дейін, Байұлы руларының жаз жайлап, қыс қыстаған жері болған. XVIII ғасырда Ресей патшасының Жарлығымен Жайық өзенінің бойына қамал-бекіністер тұрғызылған кезде, қазіргі Аққала ауылының орналасқан жерінде Горьская бекінісі салынып, Жайық казактары келіп қоныстанған. 1929 жылы Горыда «Степан Разин» атындағы колхоз құрылған. Алғашқы председателі Н.Прусаков, партком Қалиев Құспан болған. Колхозды 1931-1940 жылдары И.Ф.Канцев, С.Төлешев, 1942-1952 жылдары Қ.Жұмалиев

басқарған. 1947 жылы Қ.Жұмалиев «Ленин» орденімен марапатталған. 1948 жылы шопандар Д.Базарбаев Т.Жылысов, жылқышылар Ғ.Есмұратов [3, 209 б] Социалистік Еңбек Ері атанған. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына талай боздақ аттанып, олардың 163-і майданда қаза тауып, бірқатары хабарсыз кеткен. Горы селосында 1916 жылы дүниеге келген Иван Феодорович Махорин 6-шы гвардиялық Қызыл тулы атқыштар дивизиясының құрамында соғысқан. 1943 жылы 22 қыркүйекте Днепр өзенінен алғашқылардың бірі болып өтіп, кейінгі әскерлердің өзеннен өтуіне жағдай жасаған. Осы ерлігі үшін 1944 жылы 15 қаңтарда сержант И.Ф.Махоринге Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Кеңес өкіметі жылдарында ауылда «Амангелді» совхозының гаражы, ауылдық кітапхана, «Арай» балабақшасы, монша, клуб, медициналық амбулатория жұмыс істеді. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Горы селосында село тұрғындарын емдеу үшін лазарет қызмет атқарған. Кеңес Үкіметі жылдарында Аққала ауылындағы медициналық пункт болып, халыққа қызмет көрсеткен.

Аққала ауылында клуб тұңғыш рет 1956 жылы құрылған. 1959 жылы клубтың жаңа ғимараты салынып, пайдалануға берілген. Халық театры 1970 жылы ұйымдастырылған драма үйірмесі негізінде қалыптасқан. Үйірме жұмысына мәдениет қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, механизаторлар қатысқан. Шығармашылық ұжым 1981 жылы драматург-жазушы Қ.Кемеңгеровтің «Алтын сақина» пьесасын сахналап, «Халық театры» атағын қорғады. Спектакльді дайындауға режиссерлік қызмет атқарған жазушы, драматург, аудан түлегі Е.Домбаев, клуб меңгерушілері Ә.Рахметова мен Е.Масатов еңбек сіңірген. 1983 жылы «Халық театры» атағы бекітіліп, театр ұжымы Қ.Мұхамеджановтың «Кұдағи келіпті», Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» пьесаларымен байқауларға қатынасып, халықтық атағын 1995 жылға дейін сақтады [5, 545 б]. Халық театрында Құлбаев Нығмет, Кенжалиев Асқар, Алмагүл Каримова, Мырзағалиева Оңай, Қосжанов Мақсот, Ибрашева Күнжамилә режиссер, Б.Дүйсеғалиева, С.Мұхамеджанов суретші болды. Қойылымдарда –Қ.Қидашева, К.Ибрашева, А.Ізімова, Е.Есқайыров, М.Абилова, Қ.Кәрімова, М.Әділова, Ә.Халенова, А.Жанаева, А.Мұстафин, Ж.Құспанов, Б.Қамиев, Ғ.Сұлтанов, К.Құлжанова, Н.Естұрғанова, К.Жоңқарбаева әр түрлі рольдерде ойнаған. Клубтың меңгерушілері 1964-1987 жылдары Рахметова Әния, 1987-1990 жылдары Каримов Уахит, 1990-1993 жылы Габдуллина Бақыт, 2006 жылы «Аққала-мәдениет» КМҚК болып құрылып, алғашқы директоры Масатов Ермек тағайындалды. 2016 жылдан бері кәсіпорынды Изимов Камалиден басқарады. Сонымен қатар клубтың бұрынғы ғимаратында кинематография болып, ауыл халқына неше түрлі кинофильмдер көрсетіп келген. Осы салада Бағытжан Лұқпанов ұзақ жыл еңбек еткен.

Ауыл кітапханасы 1956 жылы «Қызыл отау» болып құрылған. Кітапханадағы кітап қорында-2500 көркем әдебиет пен ғылыми еңбектер болған. Алғашқы меңгерушісі Хамзин Ғабдысамат болса, кейіннен Әбдіғалиева Раиса, Рахметова Әния, Есмұханова Қалекеш, Ысқақова Жұмағыз, Құлғалиева Балия кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1977 жылдан 2015 жылға дейін

ауыл кітапханасының меңгерушісі болып Әділова Мақпал Шаланқызы үздіксіз еңбек етсе, қазірде Борашева Индира кітапханашылық қызмет атқаруда. Қазірде кітап қоры – 11 106 данаға жетіп отыр. Горы селосында 1929 жылы «Степан Разин» атындағы колхоз құрылған. 1993 жылы Қазақстан Республикасы халық депутаттары Атырау облыстық Кеңесінің 1993 жылғы 25 ақпандағы №286-XXI Қаулысы негізінде «Горы» селосының атауы «Аққала» селосы деп өзгертілген. Қазіргі таңда Аққала ауылында жеті көше, бір орта мектеп, бір мәдениет үйі, бір ауылдық кітапхана, бір фельдшерлік акушерлік пункт бар.

Ауылдық мәдениет үйі ауласында Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арнап салынған обелиск орналасқан. 1995 жылы Жұмалиев көшесінде тастан қаланған. Биіктігі 2,8 м, ені 08 м, ұзындығы 3,3 м. Ең биік жерінде жұлдыз, ортасында «1941-1945 ж.ж.» деген жазу, екі жағында әрқайсысы 1,3х0,6 м 2 гранит тасқа соғыстан оралмаған 91 адамның есімдері қашап жазылған. Алдыңғы жағы 3х4 бетондалған, 5х5 м ауданы шынжырмен қоршалған [4, 178 б].

Аққала ауылында ең алғаш мектеп 1923 жылы ұйымдастырылған. Ол мектеп бастауыш орыс мектебі болған. Алғашқы директоры Иван Григорьевич Захаров болды. Кейін аралас жеті жылдық мектеп болып қайта құрылған. Ол орын қазіргі Қ.Жұмалиев көшесі мен О.Құспанғалиев көшесінің қиылысында болған. Ол орында қазіргі күнде тұрғын үй бар. Осы мектепте Мұхамедияров Қаден, Оразғалиев Темірғали, Қожаберген, Хасанов Хинаш, Шахметов Бағытжан, Есқалиев Әбіл, Мырзабаев Есмағанбет, Әжіғалиев Орынбасар, Хамитова Роза мектеп директоры болған. Қазіргі Жылысов Тілеген көшесіне 1960 жылы осы мектептің бастауыш ғимараты саман тастан тұрғызылған. 1968 жылы селолық әйелдер кеңесінің төрағасы, өнегелі ұстаз Қабдешова Әминаның ұйымдастыруымен ауыл халқы 36 000 саман тас басып, «Амангелді» атындағы совхоздың көмегімен қазіргі мектеп ғимараты салынып, 1-қыркүйекте пайдалануға берілген. Совхоз малшыларының балаларының оқуына жағдай жасалып, интернат, асхана жұмыс жасаған. 1969-1983 жылдары мектеп директоры Құлбаев Нығмет болды. Сол кезде мектептегі оқушылар саны 243-ке жетіп, мектеп жанындағы интернатта 70 бала тәрбиеленген. 1972 және 1975 жылдары негізгі мектепке қосымша екі ғимарат салынған (іші қамыстан тұрғызылып, сырты силикат таспен қапталған). Ардагер ұстаздарымыз: Ерубасев Ақжігіт, Әжіғалиев Орынбасар, Абдешова Зейнеп, Қабдешова Әмина, Қонақбаев Салқай, Дүйсеғалиев Хисмет, Ибрашева Күнжамила, Құлбаев Нығмет, Хафизова Бағыла, Бекқалиева Сания, Уанова Балсұлу, Жанаева Қамажай [2, 128 б], Қидашева Қансұлу, Әлиева Жеміс, Сағынова Сабила, Рамазанова Салиха, Сапарова Гүлжан, Мусина Айқын осы мектепте ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. 1983-1990 жылдары Төремұратов Дүйсенғали, 1990-2010 жылдары Ислямғалиев Нажмеден [2, 130 б], 2010-2012 жылдары Мурзин Заур, Измуханов Мұрат мектеп директорлары болып қызмет атқарған. 2013 жылдан бері осы мектептің түлегі Құспанов Нұртас басшылық етуде. 1991 жылы Горы сегізжылдық мектебі, Горы орта мектебіне айналдырылған. 1993 жылы 25

акпанда Горы селосының тарихи атауы өзгертіліп, Аққала ауылы деп аталуына байланысты мектептің де атауы Аққала орта мектебі деп өзгертілген [5, 54 б, 7].

2017 жылдан бастап Аққала орта мектебі жаңа ғимаратта орналасып, жұмыс жасауда. Мектеп директоры Құспанов Нұртас Оразұлының айтуынша бүгінде 167 оқушы білім алуда. Соңғы үш жылда білім алушылары саны артқан. Мектебімізде 2024 жылы модернизация жүргізіліп, жаңа үлгіде жабдықталған кабинеттер келсе, асхана мен кітапханаға жай жөндеу жұмыстары жүргізіліп, акт залы, спорт зал, мектеп ауласы жаңа бағытта жаңаланып білім ордасының сәнін келтіруде. Аққала ауылының көркейіп, өркендеуінің тағы бір дәлелі – үстіміздегі жылдың 4 қыркүйегінде 90 орындық «Алтын ұя» деп аталатын заманауи талаптарға сай екі қабатты балабақша ашылған болатын.

Қоғамға еңбегі сіңіп, еңбекқорлықтың ерен үлгісін көрсетіп, майдан даласында ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатқан ауылдастарымыз аз емес.

Атап айтар болсақ: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, І дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және Жеңістің 10 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталған еңбек және соғыс ардагері, ұлағатты ұстаз Ерубасев Ақжігіт [1, 95 б, 11], соғыс жылдары құрылған 316-атқыштар дивизиясы құрамында, одан соң II Прибалтика майданындарында соғысқан Жұмажан Сағындықов, Отан соғысы орденінің иегері, 2000 жылы мамырында жеңістің 55 жылдығы құрметіне Астанада болған шеруге қатынасушы Қорғанбаев Орынбай, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, II дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ ордендерінің иегері Нұриев Бақыт [5, 230 б, 8], 1939 – 1940 жылдары фин соғысына қатынасып, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған, «Индер ауданының құрметті азаматы», Қызыл Жұлдыз, Отан соғысы ордендерімен, медальдарының иегері Есқалиев Қосжан [5, 121 б], байланыс ротасында байланысшы, әскери авиация ұшақтарына қызмет етіп, Екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған Ынташ Жексенғалиева сынды ардагерлеріміз әркез ұрпақ жадында [9].

Аға буынның игі істері мен қалдырған өсиеттері әрқашан да жас ұрпаққа үлгі, өнеге. Алдыңғы буын ағалардың үлгі тұтар істерін жалғап, ауылымыздың атын тек аудан, облыс, республика ғана емес, шет елдерде де шығарып жүрген жерлестеріміз аз емес. Атап айтсақ, еркін күрестен жасөспірімдер арасында Қазақстан, жастар чемпионы Талғат Сырбаз, тоғызқұмалақтан республикалық дәрежеде жетістіктерге жетіп жүрген Құсайынова Арайлым, Құсайынова Қарлығаш, Амангелді Ахмадиді атауға болады. Талғат Сырбаздың жетекшісі, бапкері дене шынықтыру пәні мұғалімі, республика бойынша 2018 жылдың қорытындысымен “Үздік ауыл жаттықтырушысы” Кәукен Нәсіпқали ағай болса, ұлттық ойын тоғызқұмалақтың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген дене шынықтыру пәні мұғалімі, спорт шеберлігіне үміткер, I санатты республикалық дәрежедегі төреші Мұратов Амангелді ағайларымыздың еңбегі зор екені айқын. Республикалық «Жас қанат» байқауының Гран-при иегері, «Славян базары» халықаралық байқауының I орын иегері Жұбан Ерназарды

ерекше атауға болады. Аққала ауылының тарихы мен әлеуметтік дамуы оның бай мұрасы мен болашағын айқындайды. Бүгінде 886 тұрғыны бар елді мекеннің инфрақұрылымын дамыту арқылы тұрғындардың өмір сапасын арттыру мақсатында көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

Ауыл - тек мекен ғана емес, ол - тағдыр, ол - тарих. Ауылдың тарихын білу арқылы біз өткенге тағзым етіп, болашаққа бағдар жасаймыз. Ұрпаққа өнеге болатын ауыл шежіресін сақтау - біздің басты міндетіміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Атырау облысы мұғалімдерінің энциклопедиясы» Ақтөбе 2003 ж.
2. «Атырау облысы мұғалімдерінің энциклопедиясы» Ақтөбе 2004 ж.
3. «Атырау энциклопедиясы» Атырау 2000 ж.
4. «Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы» Алматы 2012 ж.
5. «Индер ауданы энциклопедия» Атырау 2018 ж.
6. «XVIII-XX ғасырлардағы Атырау өңіріндегі елді мекендер» М.Кипиев. Атырау - 2020.
7. К.Сахи. «Азаматтығын елі таныған», «Дендер» газеті, 2008 ж.14 наурыз
8. С.Базарбаев. «Соғыстың алғашқы күнінен ұрысқа кірген еді», «Дендер» газеті, 2010 жыл, 13 мамыр
9. З.Сағындықова «Әкем – әдебім, анам – абыройым» «Дендер» газеті 2015 жыл, 7 мамыр №18
10. Г.Есқалиева. «Ғасырдан тамыр тартқанда» «Дендер» газеті 2016 жыл 29 қыркүйек.
11. С.Халықов «Жеңісті Эльбада тойлаған жауынгер» «Дендер» газеті 2021 жыл, 30 сәуір №17.

САРАЙШЫҚ - ДАРХАН ДАЛА МҰРАСЫ

Муканбедиева Г.К.,
*Қ.Смағұлов атындағы
орта мектептің тарих және
география пәндері мұғалімі,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,*
Орахова М.М.,
*Қ.Смағұлов атындағы орта
мектептің тарих пәні мұғалімі,
Атырау қаласы*

«Ұшса сұңқардың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы кетілетін» кең жазира қазақ даласының бір бөлшегі Атырау өлкесі – көне тарихтың куәсі. Бұл өлкеден халқының қамы үшін, шұрайлы да саялы жер іздеп, желмаясымен желдей ескен Асан Қайғы, Алтын Орданың негізін қалаған Батудай қаһарлы хан, Әбілхайыр хан, әрі батыр, әрі өткір тілді Сырымдай шешен, Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасқан «Алаштың алдаспаны, намыстың наркескені» Исатай мен Махамбеттей батырлар өтті. Міне, осы бабаларымыз салған өлкеміздің әр соқпағы тұңғыықтан сыр шертіп, терең бір шежірелі тарихты толғайды.

Атырау қаласының солтүстігінен 55 км жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан ортағасырлық қала. Қала іргесі 11 ғасырларда қаланған. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымда Қаракорым, Қытаймен байланыстырған. Керуен жолы бойындағы маңызды діни саяси–экономикалық орталық. Алтын Орданың қазақ және ноғай хандарының алғашқы пантеоны. Бату Сарайынан кейінгі екінші астана, кіші сарай [1].

Сарайшық - Орта ғасырлық тарих көмбесі. Қазіргі Батыс Қазақстан аймағындағы, яғни көне тарих деректерінде Дешті -Қыпшақ деп аталған өңірдегі орта ғасырлық болмысымыздың көрмесі іспеттес қасиетті де киелі орын Сарайшық қаласы екендігі мойындалғаны шындық. Орта ғасырда бүкіл Шығыс пен батысты байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы географиялық орнына байланысты іргесі дәуірінде -ақ, яғни IX ғасырда қаланған Сарайшық қаласы гүлденген иірі шаһарға айналып, аты жарты әлемге жайылған.

Бату, Берке Сарайларынан кейін Сарайшық Алтын Орда астанасы болды, ал 15-16 ғасырларда Ноғай Ордасының, Қазақ хандығының астанасы болғандығы тарихтан белгілі. Жәнібек хан атағы шартарапқа тарап, аңызға айналған Сарайшықтағы «Аққу көлін» осы кезде жасатқан болуы керек. Бұл кезең тарихта 1347-1357 жылдар делінеді. Қала сауданың, қолөнердің, діннің орталықтарының біріне айналуымен қатар архитектуралық әсемдігі жағынан да жиһанкездерді таңғалдырған. Әлемге әйгілі Плано Карини, Вильгельм Рубрук және Ибн Батутта XIV ғасырдың 30-жылдарында Сарайшыққа келіп Жайық үстіне салынған жүзбелі көпірді тамашалап, оның Бағдаттағы жүзбелі көпірден де әдемі екендігі туралы дерек қалдырған [2].

Сарайшыққа алғаш болып зерттеу жүргізгендердің бірі белгілі археолог Әлкей Марғұлан еді. Ол 1950 жылы ескі шаһардың орнына қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде «Қала он екінші ғасырда салынған» деген қорытындыға келген. Кейін бұл пікірді республикалық археология институтының ғалымдары да растады. Азия мен Еуропаның түйіскен тұсында, Жайықтың Каспий теңізіне құяр сағасына жақын маңнан бой көтерген Сарайшықтан сонау Қытай мен Үнді, Хорезм мен Иран, Қарақорымнан шыққан керуен өткен деседі. Ал Қазан мен Орынбор татарлары «Сарайшық Үлкен Сарайдың көшірмесі ретінде бой көтерді, онда қыпшақ хандары жаз бойы демалатын» деп жазған. Белгілі өлкетанушы Молдаш Бердімұратовтың айтуынша, Сарайшық-киелі орындардың бірі. Бұл топырақта есімдері елге жайылған 12 әулие мәңгілік тыныс тапқан. Кезінде Сарайшықта жүзден астам хан билік етіпті. Жеті ханның сүйегі, бір ханның басы жатыр. 1999 жылы Иманғали Тасмағамбетовтің бастамасымен мемориалды кешен салынып, хандар пантеоны ашылды. Оған Елбасының өзі келіп, ашылу салтанатына қатысты. Мөңке Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір Оқас, Қасым хан, Шейх Мамай, Жүсіп хандарға арналып жеті құлпытас қойылды. Аңыздарда Едіге мен Ер Тарғын батырлардың да осында жерленгені жайлы айтылды [3].

Сарайшық - XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек Жолының бойындағы маңызды бекеттің бірі, Хан Ордасы болған ортағасырлық қала. Сонау VI-VIII ғасырларда Қытайдан шыққан жібек Жолы керуені Сыр бойын жағалай келіп, Маңғыстау даласы, Каспий арқылы Дербентке өтіп, одан әрі ішкі Еуропаға жол тартса, Алтын Орданың өмірге келуі XIII-XIV ғасырларда бұл керуен жолының Солтүстік каспий тармағының жандануына, сөйтіп бұл бағыттағы қалалар мен елді мекендердің тез дамуына, солардың бірі - Сарайшықтың да гүлденуіне тікелей әсер етті. Аталған кезеңде Сарайшықта Жібек жолының бірнеше тармақтары тоғысты: Қытайдан жібек артқан керуен жолдың тіке батысқа шығар тармағымен Алакөл, Дүнгене, Тараз, Отырар арқылы Сыр бойын жағалап Сарайшыққа келсе, жолдың Қытайдан шығатын келесі бір тармағы Пакистан, Үнді елдерін аралап, Үргеніш арқылы Сарайшыққа, үшінші тармақ сонау араб елінен, одан бергі түстік елдерін түгелге жуық аралап Сарайшыққа, келесісі Түркия жақтан шығатын жол тармағы, бәрі - бәрі Сарайшықта тоғысып, сол кезгі астана қалалар – Еділ бойындағы Бату мен Берке атындағы Сарайлардың бірі арқылы одан әрі Еуропаға асатын. Күндіз – түні ағылған керуен Сарайшық үшін байлықтың көзі болды. Қала тез өсті, байи түсті. Онда сол заманғы шығыстық сәулет өнерінің озық үлгілерімен салынған ғимараттар көбейді.

XXI ғасыр көрерменін сүйсінтер Мәскеудегі әдеміліктер бұдан жеті ғасыр бұрын Сарапйшықта жасалған. Отыз жылға таяу Алтын Орданы басқарған Бату қайтыс болып, інісі Берке таққа отырады. Мысыр еліне құл ретінде сатылып барып, сол елдің хан тағына көтерілген қыпшақ ұланы Бейбарыстың Берке хан қайын атасы екендігі белгілі. Сол Беркенің орта ғасыр тарихында айтыла бермейтін ерекшелігі оның Сарайшық Алтын Ордада мұсылмандардың діни орталығы болды.

Сөйтіп Сарайшық Алтын Орданың рухани астанасына айналды. Берке әдейі мемлекет қазынасынан қаржы бөлдіріп, мешіттер салдырады, діндарларды, мұқтаж адамдарды тегін тамақтандырып, жатқызатын орындар салады.

Сарайшықтың өркендеу кезеңі моңғол өзбек ханның баласы Жәнібек ханның тұсына сәйкес келеді. Тарихшылардың мәліметтеріне қарағанда Жәнібек хан өзінің жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын ойлаған жақсыларды жинаған деседі. Сол Жәнібек керуеннен толассыз түсіп жатқан байлықты халықтың игілігіне жұмсап, қаланы көркейтуге барын салған [4].

«Жәнібек ханның тұсында қаланың батыс жақ бөлігінде орналасқан сай күндіз-түні өзеннен өгіздермен су тасу арқылы толтырылып, қолдан көл жасатылды. Көлге құс, жағасына керуен қонып, қаланың көз тартатын әсем орнына айналды. Осы әдеміліктің жалғасқанын қалаған хан: «... көл суын ескіртпей ауыстырып тұруды, әрі құстар қашанда жүзіп жүруі үшін оны тәтті қылып ұстауды... жарлық еткен деседі.

Қазақтың тұңғыш астанасы Сарайшық бүгінде тек Атырау өңірі ғана емес, алыс –жақын шетелдерден келетін көптеген туристердің назарына ұсынылып отырған тарихи орынға айналды. Сондықтан да бүгінгі өркениет дәуіріндегі халқымыз, әсіресе өскелең жас ұрпақ туған өлкеміздің кезінде сәулетті шаһар болған Сарайшықтың мән маңызын біліп, көкірегіне тоқып, құрметтей білгені абзал. Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық – халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ. Ендігі кезекте киелі Сарайшықты сақтап қана қоймай, өскелең ұрпақтың көзімен көріп, тарихтан сыр шертетін нысан ретінде дәріптейтін кезіміз келді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Атырау: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2020 ж
2. Қаженбаев Е. Атырау облысының географиясы. Алматы, Өлке, 2007ж
3. Атырау аңыздары-Легенды Атырау-Atyrau legends. Атырау, 2019ж
4. Ғизатов Ж. «Ұлы даланың қасиетті күмбезі». Алматы, 2009ж

СҰЛТАНӘЛІ ҚОРЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қатарова Р.А.,

*Атырау облысы Білім беру басқармасының
«Зияткер» мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты*

Атырау облысының Дендер даласына сапарға шықсаңыз, төсі мен төбесінде, қыры мен қырқасында менмұндалаған қорымдардағы бейіттер мен құлпытастарды көзіңіз шалады. Солардың бірі – Индер ауданы, Жарсуат ауылынан солтүстікке қарай 41,5 км, Индер-Қарабау тас жолының 30 км-нен солтүстікке қарай 2,5 км жерде орналасқан Сұлтанәлі қорымы. Қорымның Сұлтанәлі аталуының да үлкен сыры бар. Сұлтанәлі Оразалыұлы – Беріш тайпасының Есенғұл, Өтеген бөлімінің тумасы. Халық арасында бай-қуатты адам болуымен қатар, болашақты бағдарлайтын қасиетке ие көреген адам болған. Атам Сапар Жетпісқалиевтің күнделігінен жазылып алынған деректер бойынша және ауыл ақсақалы, Есенғұл, Өтеген руының үлкендерінің бірі Жеңіс Азанұлының айтуына қарағанда, Сұлтанәлі атаның өзге сиыр, түйе, қой, ешкіні санамағанда, он мың жылқысы болған екен. Жылқының басы Көктауда болса, соңы Ақтөбе, Қаракөл аумағына дейін созылып жатқан. Сұлтанәлі ата көзі тірісінде ағайын-тума, ауылдастарына үнемі көмек көрсеткен [1]. Мүмкін «Кең болсаң, кем болмайсың» деген даналық сөз осыған айғақ болар.

Халық аузында «қазанына қара су ұйыған Сұлтанәлі» деген аңыз-әңгіме бар. Оның өзі үлкен тарих, тылсым дүние. Бір күні Сұлтанәлі атаның бәйбішесі кешкілік тамақ пісірген қазанына бір бақыраш су құйып, бетін жауып кетеді. Таңда қазанды ашып қараса, су айран секілді іркілдеп ұйып қалған. Бәйбішесі бұл жағдайды Сұлтанәлі атаға айтқан кезде, Сұлтанәлі ата «Ұлдарды тұрғызып, қазандағы судан ішкіз» деп айтқан. Сұлтанәлінің бәйбішесінен Еспай, Есенбек, Бақыр, Бақыраш деген ұл-қыздары болған. Бәйбіше Еспай мен Есенбекті оятса, екінші ұлы Есенбек тентектеу бала болса керек, қазандағы суды ішуге бармай қалады. Еспай қазандағы суды ішуге кеткен кезде, екі қыздың біреуі (үлкендердің айтуына қарағанда Бақыр атты қызы) орнынан тұрып, қазандағы суды ішкен. Болған жағдайды бәйбішесі Сұлтанәлі атаға айтқан кезде «Әй, ырысымның жартысы қызға кеткен екен» деп айтыпты. Содан Еспайға Сұлтанәлі атаның бес мың жылқысы бітсе, Есенбек қарапайым орта шаруа болған. Бақыр атты қызы Есен руына тұрмысқа шықса, Бақырашы Беріш, Себектердің келіні болған. Сұлтанәлі атаның тағы бір әйелінен Қортан, Нұрмағанбет, Құлыш деген ұлдары бар. Сұлтанәлі ата Ойыл бекінісіндегі (қазіргі Ақтөбе облысы) Көкжар жәрмеңкесіне барған сапарында дүниеден өткен. Кейіннен мазарға бәйбішесіде бірге жерленген [2]. Ғасырға созылған осы оқиғаның астарында қаншама тылсым дүние жасырынып жатыр. Қазанға қара судың ұйып қалуы ғылымның әлі зерттемеген құбылысы.

Бүгінде Сұлтанәлі қорымы – Атырау облысындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі. Қорым екі бөліктен құралған. Бір бөлігінде Сұлтанәлі атаның мазары және бірнеше құлпытастар болса, екінші бөлігі қазіргі заман мазары мен сағанатамдары орналасқан. Аумағы 1 га.

1980 жылы танымал этнограф, археолог С.Әжіғали бастаған Батыс Қазақстан экспедициясы Солтүстік Каспийдегі дәстүрлі мемориалды-мәдени ескерткіштерге мақсатты түрде зерттеу жұмыстарын жүргізген. С.Әжіғали «Жаңа далалық зерттеулердегі мәліметтерді ескере отырып, ескерткіштерді 3 топқа бөледі. Ол атырау ескерткіштері, «бөкей-ордалық» ескерткіштер, Жайық маңы ескерткіштері. Атырау ескерткіштер тобы Ембі және Еділдің төменгі аймақтарын қамтиды. Сондай-ақ, атырау ескерткіштер тобы жоғарыда аталған топтармен салыстырғанда кейбір топографиялық ерекшеліктерге ие. Яғни, олардың көпшілігі ХІХ ғ. ІІ жартысы – ХХ ғ. басындағы шашыраңқы орналасқан шағын зираттар» деп көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген ескерткіш топтарының ішінен Сұлтанәлі қорымы Жайық маңы ескерткіштер тобына жатады. Сонымен қатар, «Сұлтанәлі қорымындағы дөңгелек пішінді құлпытас 1930 жылмен байланысты екенін жаза отырып, мұндай дөңгелек пішінді құлпытастар Арал-Каспийдің басқа аймақтарында белгісіз (танымал емес) екенін» атап өткен [3]. Осындай далалық зерттеулердің нәтижесінде жинақталған ақпараттар күні бүгінге дейін маңызын жоймай, өткен тарихтың дәлелді дереккөзі ретінде пайдаланылуда. Себебі эпиграфикалық ескерткіштер арқылы сол өңірді мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетін, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайын көруге болады.

Осы орайда бірнеше ғасырларға созылған Сұлтанәлі қорымындағы эпиграфикалық ескерткіштердегі араб харпімен жазылған жазуларда қандай мәтін жазылғаны қызығушылық тудыраы анық. Бұл бағытта Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қызметкерлерінің арнайы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген «Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері» атты сериялық кітап-альбомның 2-томының маңызы зор. Қорымдағы құлпытасты оқу барысында Сұлтанәлі атаның бәйбішесінің есімі мен қай жылы дүниеден өткендігі туралы мәлімет анықталды. Кітап-альбомды негізге ала отырып, Сұлтанәлі қорымындағы ескі құлпытастардағы жазулардың аудармасына тоқталсақ:

1- Құлпытаста: «Беріш руғы, Есенғұл тайпасы, Үсен бөлімі, Өтеген аймағы Мұқит, Тасығанғали ұлы опат 11 жасында 1930 жылда алып қойды әкесі;

2- Құлпытаста: Беріш руғы, Есенғұл тайпасы, Сұлтанәлі һалалы Тоқеші опат 93 жасында 1886 жылда;

3- Құлпытаста: Адай руғы, Дүбас тайпасы, Тоқабай бөлімі, Қосай Қабылан ұлы 35 жасында 1878-нші жылда бұл тасты қойды інісі Келімберді;

4- Құлпытаста: Әл-марқұм әл-мағфур, Беріш руғы, Есенғұл тайпасы, Үсен бөлімі Қаратай Айнбек ұлы опат 39 жасында 1882-нші жылда бұл тасты алып қойды ағасы Мұрат мырза;

5- Құлпытаста: Беріш руғы Есенғұл тайпасы... Нұралы... опат болды 62 жасында 1871-нші жылда алып қойды;

6- Құлпытаста: Беріш руғы, Есенғұл тайпасы, Үсен бөлімі, Тілен қызы опат 34 жасында 1881-нші жылда;

7- Құлпытаста: Беріш руғы, Есенғұл тайпасы Бір ма... халалы... опат 33 жасында 1881 жылда [4].

Қорытындылай келе, ұлы дала тарихы, ұлт тарихы - өлке тарихынан бастау алатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан туған өлкенің тарихын танып-білу, кейінгі ұрпаққа насихаттау әр азаматтың қасиетті борышы деп білемін.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сапар Жетпісқалиевтің жеке күнделігінен.
2. Қатарова Р. Қазанда ұйыған қара су немесе Сұлтанәлі ата туралы // Дендер, №17, 26 сәуір 2018 жыл.
3. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002. - 654 с.
4. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Атан, Жаналы, Кетебай, Көпмола, Қабдуәлі, Қарабала-Қантемір, Қосай, Мыңбай, Сағатай, Сұлтанәлі, Тайлан, Шелекмола, Шошақмола қорымдары. Т.П. – Атырау: Ағатай ЖК, 2018. - 153 б.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАР (ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ХАЛЫҚТАРЫ АРАҚАТЫНАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Турдалиев Ә.О.,

т.ғ.к. қауым. профессоры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

Көршілес орналасқан қазақ-қалмақ халықтары әлеуметтік, мәдени салада өзара қатынастар болған. Бағзы замандағы жоңғар қалмақтары мен қазақтар арасындағы әскери қақтығыстардың бастапқы кезі, қазақ-қалмақ халықтары арасындағы әлеуметтік-мәдени қатынастардың бас кезі ретінде қарастыруға болады.

Қазақ-қалмақ халықтары мәдениеттерінің көптеген ұқсас жақтары мен ерекшеліктері болатын. Мәселен, отқа табыну екі халыққа да тән. Қыстаудан жайлауға көшкен кезде отпен аластау, киіз басу, қымыз дайындау әдістері өте ұқсас келеді. Қалмақ киіз үйлерінде бұрын шаңырақты тірейтін төрт тіреу болып, уығы тіке болып келсе, бертін келе олар тігуге жеңіл қазақ киіз үйлерін пайдаланған. Көптеген сөздері мен музыкалық аспаптарының ұқсастығын айта кеткен жөн. Төрт түлік малды бағу әдістерінде, олардың өнімін пайдалануда да

қазақ тұрмысына ұқсас көптеген жағын байқауға болады [1. 20 с].

Қазақ-қалмақ тұрмыс-тіршілігін салыстыра келе натуралист ғалым Петр Симон Паллас қазақ тұрмысы туралы мынадай тұжырым жасайды: «Қырғыздардың басқа дала халықтарынан ерекшелігі, - киіз үйлерде тұрады, оның қалмақтардың киіз үйлерінен біршама айырмашылықтары бар: қазақтың киіз үйлері қалмақтардікіне қарағанда кеңдеу әрі таза болады, бұл үйлерде 20 кісі еркін отырады. Жалпы, қалмақтарға қарағанда, қырғыздықтарда тазалық басым екенін байқауға болады. Бұлар негізінен ауқатты тұрады. Малдары да көп, сондықтан тұрмыстары жақсы, киімді де тәуір киеді. Қырғыздардың байлығы – негізінен олардың малы, әсіресе, бұларда жылқы мен қой көп... Қырғыздар – көп жасайтын халық, тіпті, еңкейген кәрі дегендердің өзі сергек келеді...» [2. 16 с]. Қазақ-қалмақ тұрмысын зерттеген П.Небольсин “Қалмақтар мен қазақтар шикі су ішпей, айран мен қымызды сусын ретінде көптеп пайдаланады” - дейді [3. 49 с]. Екі халықтың тұрмыс-тіршілігін салыстыра келе П.Медведский Бөкей Ордасы қазақтары алдыңғы қатарда екенін атап көрсетіп, деп жазды: «...если сличить быт кочевых народов Ставропольской губерний (калмыков) с бытом киргизов Внутренний Орды то перевес, в отношении степени гражданского развития, останется на стороне последних» [4. С. 115-124] - деп жазды.

Орыс халқынан үйренген жақсы әдеттермен қатар, қалмақтар орыс халқының келеңсіз қылықтарында қабылдаған. Олар арақ ішіп, темекі тартып, карта ойнына үйір екенін орыс саяхатшыларының көпшілігі жазған. Алайда олардың барлығы да, қазақ-қалмақ халықтары сүйікті сусыны қымыз екенін, оны адам емдеуге қолданатынын жазған [5. С.115-124]. Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында екі халық тұрмысын салыстыра келе, киіз үйлердің ұқсастығымен, құл, орда тағы басқа сөздердің мағыналық бірлігін атап өтеді [6. С.166, 168, 190].

Астрахан қалмақтарының тұрмысын зерттеген И.Житецкий қалмақтардың арбамен көшіп, құдық қазып, мал суарып, киім атауы ретінде көйлек, шалбар сөздерін қолданалатындығын жаза келе, олардың арба құдық, көйлек, шалбар, белдік сөздерін қазақтардан қабылдағанын және тап сол мағынада қолданатындығын көрсетеді [7. С. 5-13]. Қалмақ халқының әдеп-ғұрпында шығыс халықтарына тән парасаттылық, үлкенді сыйлау сақталған. Мәселен, қалмақ келіндері, қазақ келіндері сияқты күйеуінің туыстарын атымен атамайды деп жазады ХІХ ғасыр зерттеушілері [8. 90 с].

Қазақ-қалмақ арақатынасының куәсі ретінде Құрманғазының «Саранжап» күйін алуға болады [9. 35 б]. Құрманғазы мен қатар қазақ халқының атақты күйшісі Даулеткерей Шығаета қалмақ халқы өкілдерімен тығыз араласып, 1860-1862 жылдары Ішкі Орданың қалмақ бөлігінің билеушісі болған [10]. 1862 жылы Ішкі Орданы басқарушы уақытша кеңес басшысы ауыстырылғаннан кейін, ол жұмыстан алынған. Даулеткерей қайтыс болған соң, оның баласы Азаматкерей бұл жұмысты көптеген жылдар атқарған [10. 46 с]. Осыдан кейінгі жылдары Ішкі Орданың қалмақ бөлігінің билеушісі міндетін қазақ халқының зиялыларының бірі, Мұхамедсалық Бабажановта атқарған Ішкі Орданың қалмақ бөлігінің билеушісі міндетін атқарып көп жылдар жұмыс

жасаған [10. 46 с]. XIX ғасыр барысында елдегі үлкен оқиғалардың бірі қазақ-қалмақ жерлерінде орыс оқу-ағарту ісі мен білімінің кең таралуы болатын. Алғашқы ашылған орыс мектептері мұғалімдері қазақ-қалмақ балаларының білімге деген құштарлығын байқап деп жазды: «Многочисленные примеры успешного прохождения туземцами курса русских учебных заведений доказывает, что умственное развитие их достаточно для освоения по крайней мере элементов европейской науки» [11. 1 с] - деп жазды.

Астрахан қаласы мен губерниясы өңірінің кейбір жерлерінде ашылған орыс мектептерінде қазақ-қалмақ халықтары балалары бірге білім алған. Олардың оқу-білімге үйрену құштарлығын байқап, білім деңгейінің өсуінен үрейленген орыс үкіметі чиновниктері «қазақ-қалмақ халықтары балаларына білім беруге әлі де болса ерте» [12.С.55] – деп жазған. Білім алу арқылы, бұратана халықтар өз құқықтары шектеулі екенін біліп, өз түсініктерін кеңейтіп орыс империясына қарсы шығуынан қорықан орыс шенеуніктері бұл іске сақтықпен қарады. Миссионер А.И.Ильминский өз хатында бұл мәселе жөнінде: «Опасение чиновничества от просвещения вызывала возможность коренных народов расширив кругозор, подняться на уровень критического осмысления окружающей действительности и, в том числе, своего бесправного положения. Именно по этой причине казахов..., калмыков вообще не следует допускать гимназию» [13. 174 с] - деп жазады.

Осындай шектеулерге қарамастан 1841 жылы 6 желтоқсанда Бөкей Ордасында орталығында мектеп ашылды. Мектепте орыс, татар, парсы, араб тілдері сабақтары оқытылған. Біраз уақыт өткеннен кейін Бөкей Ордасында басқа бөліктерінде мектептер ашылды. Мәселен, Тарғын, Қалмақ, Қамыс, Самар, Нарын мектептері жұмыс жасай бастаған. Ол жерлердегі мектептерде қазақ-қалмақ балалары орыс тілі, математика, жазу-сызу, өлең сабақтарын оқыған [14. 19-25 pp]. Оқу ісі деректері Бөкей Ордасымен, қалмақ мектептері мұғалімдері арасындағы жазылған хаттарда көп кездеседі [15. 3-15 pp].

1895 жылы Владимировка селосында бір сыныптық қалмақ училищесі ашылған. 1896 жылы Бөкей Ордасын оқу орындарында 167 шоқынған қалмақ балалары оқыған. [16. 1-3 pp]. Осы мектептерді бітірген қазақ-қалмақ балалары гимназияларға түсетін, сонан соң Ресей жоғарғы оқу орындарына орналаса алатын. Қазақ-қалмақ балаларының Астрахан, Қазан қалалары гимназиялары мен Қазан университетіне оқуға алу мәселесі 1840-1845 жылдары үкімет мәжілісінде қаралып оң шешім алынған.

1844 жылы Астрахан қаласы гимназиясына қазақ-қалмақ мектептерін бітірген 4 қазақ, 2 қалмақ балалары қабылданған.

1849 - 1870 жылдар аралығында қалмақ училищесі 72 адамды маман ретінде дайындап шығарды. Оның 17-сі мұғалім, 44-і аудармашы немесе тілмаш болатын. 1868 жылы қалмақ қыздарын оқытатын училище ашылып, 1880 жылға дейін 20 оқушы қыздар бітірген. Қалмақ қыздары мектептерінде оқитын саны 1872 жылы сегіз адамға жеткен.

Қазақ-қалмақ ұлдары Петербург, Қазан қалалары жоғары оқу

орындарында бірге оқыған. Олардың кейбіреуі жергілікті тәртіппен, ауа-райына шыдай алмай елге қайтып кеткені туралы Қазан округі қолдаушысы (попечитель) Мусин - Пушкин Астрахан әскери губернаторы Тимерязевқа хабарлап: “опыт показал неудобство быстрого переселение молодых азиатцев из родных степей к жизни оседлой, в климат далеко суровейшей против их родины. Пример,... молодых калмыков Астраханского края из которых многие не перенесли климата, образа жизни и привычки служить не опровержимым доказательством” [17. 72 с] - деп жазады.

Қорыта келе, қазақ-қалмақ әлеуметтік қатынастары құлдық, төленгіттік институты саласында, некелік қатынастарда, күнделікті өмірде және оқу-ағарту салаларында байқалады. Оқу - ағарту саласындағы байланыс бұл саладағы қатынастардың бастамасы ғана болатын. Жоғарыда көрсеткен салалардағы байланыстар қазақ – қалмақ халықтары арасындағы мал, балық, тұз шаруашылығындағы ара қатынастар сияқты екі халық арасындағы байланыстардың ішіндегі маңыздыларының бірі деген тұжырым жасауға болады. Бұл байланыстар уақыт өте келе нығая түскенімен, орыс мәдениеті ықпалына ұшырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Эренджиев К. Золотой родник. Элиста. 1990.
2. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. СПб., 1809. 2 изд.
3. Небольсин П. Очерки быта калмыков Хошеутовского улуса. СПб. 1852.
4. Медведский П. Внутренняя киргизская Орда в хозяйственно-статистическом отношении. //Журнал Мини Гос имущества. СПб. № 8. 1862.
5. Добрынин Л. Белугин О. Прикаспийские степи. М. 1906.
6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. 1 том. Алма-Ата. 1984.
7. Житецкий И.А. Очерки быта астраханских калмыков. Этнографические наблюдения. (1884-1886 г.г.) СПб. 1890.
8. Калмыкия в единой семье народов СССР. Элиста, 1990.
9. Жұбанов А. Құрманғазы күйлері қалай шыққан? Алматы. 1993.
10. Аравин П.В. Даулеткерей и казахская музыка XIX века. М. 1984.
11. Народное образование Туркестанском крае. Журнал: Туркестанские ведомости. № 65. 1899.
12. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. II выпуск. Алматы. 1994.
13. Письма Н.И. Ильминского к оберпрокурору Святейшего Синода К.П.Победоносому. Казань. 1895.
14. ҚРМОН. 59 қ. 1т. 58 іс.
15. ҚРМОН. 59 қ. 1т. 6 іс.
16. ҚРМОН. 59 қ. 1т. 70 іс.
17. Иванов И. С. Джангерь – хан Внутренний киргизской Орды. Астрахань. 1895.

ЖИЛГОРОДОК АТЫРАУ КАК ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН

Бисембаева А.С.,

*Специализированная школа-лицей-интернат
имени Ж.Досмухамбетова. г.Атырау,
учитель истории и права, педагог-мастер.*

История любого города складывается не только из политических и экономических событий, но и из архитектурных объектов, которые становятся символами эпохи. В Атырау (бывший Гурьев) одним из таких памятников является Жилгородок — жилой комплекс, построенный в середине XX века для нефтяников. Этот архитектурный ансамбль до сих пор сохраняет особую атмосферу и культурное значение, являясь уникальным свидетельством индустриального развития Казахстана. Жилгородок сегодня рассматривается не просто как жилой массив, но и как архитектурный феномен, отражающий идеологию, стиль и градостроительные подходы своего времени.

В 1930–1940-е годы Атырау (Гурьев) превратился в один из центров нефтедобычи Казахстана. Развитие нефтяной отрасли требовало создания условий для жизни и работы специалистов, прибывающих со всей страны. Великая Отечественная война была в самом разгаре, страна остро нуждалась в нефти. И в начале 1943 года советским правительством было принято решение о строительстве НПЗ вблизи города Гурьева. Это был стратегический объект под кодовым названием «Завод № 441». Данное предприятие строилось по программе ленд-лиза, согласно которой США поставляли СССР как своему союзнику во Второй мировой войне боеприпасы, медикаменты, разную технику, а также оборудование. Первые заводские установки сюда привезли как раз по ленд-лизу. Проект завода был выполнен американской фирмой «Баджер и сыновья». В 1944 году в Гурьев приехала группа американских специалистов. Это были самые первые американцы, побывавшие в будущей нефтяной столице Казахстана. Местом для городка стал небольшой участок земли в 55 га на излучине реки Урал.

Строить Жилгородок было поручено двум архитекторам — Сергею Владимировичу Васильковскому и Александру Васильевичу Арёфьеву, которые имели опыт строительства жилья в сложных климатических условиях Средней Азии. Архитекторы предложили проект строительства городка нефтепереработчиков, на безопасном от завода расстоянии. Архитектор из Москвы А. Арёфьев (впоследствии главный архитектор Севастополя) занимался разработкой Генерального плана разбивки жилого массива и прилегающему к нему садово-парковой зоны. Александр Арёфьев окончил Архитектурный институт и в 1936 году впервые поехал в Среднюю Азию. Шесть лет подряд ездил он в Среднюю Азию, два года изучал и снимал Шах-ри-Зябе близ Самарканда, срисовывая чудесные орнаменты древности. И вот жизнь поставила перед Арёфьевым конкретную архитектурную задачу: запроектировать городок

на ограниченной территории - подковообразной петлей Урала. Все путешествия и работы Арефьева стали основой нового проекта в Гурьеве, в Жилгородке, в котором просматриваются технология проектирования, строительства и мотивы Востока. Арефьев разработал эскизы, рабочие чертежи, проекты жилых домов для жаркого Прикаспийского климата с плоской кровлей, высоким айваном (балкон с навесом, который улавливает малейший ветерок), это умеряет жару, проветривает дом, даёт тень. Жилгородок был задуман как самостоятельный жилой массив с чёткой квартальной системой. Улицы пересекались под прямым углом, формируя правильную сетку. Такая планировка соответствовала советским градостроительным стандартам 1930–1950-х годов.

Жилой городок (в народе Жилгородок) строился с осени 1943 по 1957 год. Основные строительные работы велись в годы Великой Отечественной войны и сразу после неё. Для строительства использовались как местные ресурсы, так и труд военнопленных, привезённых в Гурьев в 1940-е годы. Строительство велось с участием заключённых и трудармейцев из числа репрессированных народов, в том числе немцев Поволжья, крымских татар, болгар, греков, военнопленных из Румынии. Жили при этом в тяжелейших условиях – в бараках, в антисанитарных условиях. Так как строительство нефтеперерабатывающего завода было оплачено по программе ленд-лиза, то на строительстве Жилгородка также постоянно присутствовали американские специалисты. Кроме того, в проектировании и возведении домов участвовали архитекторы и инженеры, направленные из Москвы и Средней Азии.

Строители столкнулись с очень серьёзной проблемой – практически полным отсутствием строительных материалов. Здесь нет леса, кирпича – только саман, глина и камыш. Старожилы подсказали, что в районе современного аэропорта, находились богатые залежи гипса, и в 1943 году спешно начали его добычу, построили там небольшой завод по производству кирпича из гипса. Так был найден стеновой материал. Ежедневно завод выпускал 1 200 гипсовых кирпичей и плит. При сооружении крыш использовали настил из камыша на глиняном растворе. Помимо гипсовых кирпичей частично использовали саманные. Между стенами засыпали морскую ракушку, которую привозили с острова Пешной. Таким образом, весь Жилгородок был практически на сто процентов построен из местных экологически чистых материалов. Более того, технические характеристики этих материалов, при всей их примитивности, идеально противостояли нашему суровому климату – ветрам, жаре и зимним морозам. Белый цвет гипсовых стен способствует меньшему нагреванию их солнцем. Белый город – так называли жители свой микрорайон.

Строительство велось вручную, без применения современных механизмов, что делало каждое здание уникальным. В оформлении фасадов использовалась лепнина, декоративные карнизы и выступающие наличники. Здания возводились в короткие сроки, но при этом соблюдались стандарты сталинской архитектуры. Самый первый домик, возведённый на стройплощадке Жилгородка, – это экспериментальное строение из первой партии гипсового

кирпича. Архитекторы хотели посмотреть, как и что у них получится. Они были удовлетворены результатом и решили домик оставить, и когда Жилгородок заселили, в нем открыли почту и телеграф. Там и сейчас находится «Казпочта». Фасады штукатурились и окрашивались в светлые тона, что придавало всему комплексу гармоничный и цельный облик. Кирпичные дома Жилгородка отличаются долговечностью и более высокой теплоизоляцией. Одновременно архитекторы изучали художественную культуру Казахстана. Сергей Васильковский и Александр Арефьев восхищались казахским орнаментом и решили стены жилгородских домов украсить орнаментальными панелями, которые очень гармонично вписались в общую архитектурную канву. К сожалению, сейчас, после многочисленных ремонтов и переделок фасадов домов, эти орнаменты уже не увидеть. Советская градостроительная политика ставила задачу не просто возвести дома, а создать целый комплекс с социальной инфраструктурой: школами, клубами, магазинами, зелёными зонами.

Жилгородок задумывался как «город в городе», обеспечивающий работников всем необходимым для комфортной жизни. Район имел достаточно развитую инфраструктуру: здесь находилась заводской жилищно-коммунальный отдел, работали подразделения РСЦ, РМЦ, электромеханическая служба, водозабор, котельная, транспортный узел. А также объекты социально-бытового и культурного назначения: заводское общежитие, стадион «Нефтяник», клуб, парк, пляж, баня, парикмахерская, кафе, санаторий-профилакторий, больница с родильным отделением, поликлиника, теплица, школа, дошкольные учреждения, торговые точки от заводского ОРСа. Все это полностью обеспечивало жизнедеятельность Жилгородка и его жителей. Пешеходная часть и автодороги района пролегали всего по семи небольшим взаимопересекающимся улицам: Кавказской, Ватутина, Заполярной, Черняховского, Волгоградской, Одесской и Севастопольской. Между улицами, вокруг домов зеленели садово-огородные участки заводчан. Центральный проспект Сталина (позднее Ауэзова), украшенный фонарными столбами и гирляндами огней, венчался площадью Победы с фонтаном «Три грации» и Дворцом культуры нефтепереработчиков.

Городок еще и строить не начали, а уже специально для решения этой задачи пригласили почвенно-ботанический отряд Казахского филиала Академии наук СССР. Отряд возглавлял профессор геоботаники Владимир Андреевич Дубянский. В Жилгородке научная экспедиция Владимира Дубянского провела обследования грунта, дала положительное заключение, после чего сажать будущий парк пригласили крупного специалиста Елену Федоровну Серову. То, что придумала Елена Серова в Жилгородке, было необычайно интересно и очень трудно. Она решила для каждого дерева на полуострове найти то единственное место, на котором оно сможет вырасти. У нее созрел смелый план захватить у пустыни прибрежный кусок опресненной земли и оккупировать его мощной армией деревьев. А еще сплошной парковой стеной охватить городок, все насаждения уместив вдоль реки, а солончаковый центр плотно застроенный

домами, усеять для начала цветами, чьи мелкие корни не проникают глубоко в почву. Парк начали сажать весной 1944 года, 28 апреля из Саратова привезли 35 тыс. саженцев и посадили их за одни сутки. Это были солеустойчивые породы: тополь, карагач, шелковица, ясень и многочисленные кустарники. Весной 1945 года посадили еще 20 тыс. саженцев – уже более широкий ассортимент деревьев и кустарников. Кроны деревьев охлаждаели горячий ветер летом, и даже в самую знойную погоду в Жилгородке было на несколько градусов прохладнее.

Важно отметить, что Жилгородок строился не стихийно, а по единому генеральному плану. Это выражается в: полукруглых арках на входах; геометрических орнаментах на фасадах; балконах с коваными решётками. Архитекторы стремились придать зданиям не только функциональность, но и эстетическую выразительность. Одной из характерных особенностей Жилгородка стали просторные квартиры с высокими потолками (3–3,2 метра), что соответствовало стандартам «сталинских домов». Квартиры имели удобную планировку: большие кухни, отдельные комнаты, кладовые. Внешний облик зданий формировался за счёт: арочных окон и дверей; балконов с декоративными решётками; карнизов и лепных украшений.

Жилгородок уникален тем, что в его облике соединились различные архитектурные направления: строгая геометрия и рациональность конструктивизма; монументальность и декоративность сталинского ампира; отдельные мотивы восточной архитектуры, отражающие региональные особенности. Такой синтез создавал своеобразный «мост» между универсальными советскими стандартами и локальными культурными традициями. Его еще называли маленькой Швейцарией – райским уголком. Архитекторы жилого городка нефтяников – А. Арёфьев, С. Васильковский, А. Лансере, инженер И. Романовский в 1946 году были удостоены Сталинской премии.

В 1982 году за архитектурно-строительное решение первостроевцев и их последователей заводской район – Жилгородок – получил статус исторического памятника республиканского значения и занесен в «Красную книгу».

Сегодня Жилгородок нуждается в охране как памятник культуры, многие его здания требуют реставрации. Жилгородок является подлинным историко-архитектурным феноменом, который объединяет в себе прошлое и настоящее, сохраняя память об эпохе, когда архитектура служила не только функциональным целям, но и выражением идеалов времени.




Начальники строительства завода
и Жилгородка, 1944



Жилгородок начала 50-х



Генеральный план жилого города близ Гурьева: проект А. Арефьева (Москва);
папка «Совершенно секретно» ГУАС НКВД СССР. 1943-1944.



СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. По материалам Софьи Виноградской «Белый город»
2. Краеведческие материалы музея истории Атырауской области. — Атырау, 2022.
3. Валентин Тарабрин, « Легенды Старого Жилгородка».-Алматы,2024
4. Устные воспоминания жителей Жилгородка (архивные записи, Атырауский областной музей).
5. <https://www.litres.ru/book/valentin-tarabrin/legendy-starogo-zhilgorodka-hudozhestvennaya-literatura-19052529/chitat-onlayn/>
6. <https://ru.wikipedia.org/wiki> «Жилой городок нефтяников». <http://atyrauhistory.weebly.com/> «Виртуальные экскурсии по городу Атырау».
7. Как исчезает Белый город <https://kazpravda.kz/n/kak-ischezaet-belyy-gorod/>
8. https://nik.rech.narod.ru/album_kazakhstan/atyrau_history/beliy_gorod.htm

ӘСКЕРИ ҰШҚЫШ ТАСМҰХАН КАЗИЕВ

Батырханов А.,

*Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бөлімі М.Мәметова мемориалдық
музейінің меңгерушісі,*

*ҚР Журналистер одағының мүшесі,
«үздік өлкетанушы» төсбелгі иегері.*

Орал қаласы

Тасмұхан Казиев туралы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен «Память народа» сайты арқылы жұмыстанған кезде бірнеше құжатты көзім шалды. Тасмұхан Қазиев бұрынғы Гурьев қазіргі Атырау қаласында дүниеге келген. Бір қызығы оның туған жылы бір құжатта 1917 жылы десе, екінші құжатта 1918 жыл көрсетілген. Ал үшінші құжатта Тасмұхан Казиевті 1919 жылы туған деп жазған. Сонымен қатар Тасмұхан Казиевтің әскерге шақырылған мерзімі де түрлі-түрлі жазылған. Бір құжатта оны әскерге 1937 жылы қыркүйекте шақырылған десе, екінші құжатта оның 1940 жылы әскер қатарына алынғаны жазылған. Ол Гурьев қаласында дүниеге келгенмен Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армия қатарына Шымкент қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. Архив құжаттарын өзара салыстырып көрдім. Қарама-қайшылықтар баршылық. Тасмұхан Казиевтің Ресей архивінде екі суреті сақталған. Дегенмен де барлық құжат Тасмұхан Казиев туралы сыр шертетініне анық көзім жетті.

Гвардия кіші лейтенант Тасмұхан Казиев 1944 жылғы 21 сәуірде Әуе Күштерінің алыс қашықтықтағы авиа дивизияның № 203/Н майдан бұйрығымен

«Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Сонымен қатар ұшқыш Тасмұхан Казиев «Сталинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Ол 1946 жылы 3 маусым күні әскери қызметін аяқтаған. Яғни алапат соғыстан елге аман-есен оралған. Ұшқыш жерлесіміз 339-нші алыс қашықтықтағы бомбалаушы авиа дивизия құрамында қызмет етіп, көк аспанды шарлаған. Тағы бір айта кетерлігі Тасмұхан Казиев 1985 жылы 6 сәуірде II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Осы құжатта оның туған жері Қара-Қалпақ АКСР-і, Куйбышев ауданы, Нүкіс қаласы екені жазылған. Ол уақытта кім қай жерде тұрып жатырса, сол жер туған жері болып жазылып кеткені даусыз. Ендеше, Тасмұхан Казиев туралы бізге таныс құжаттарға кезек берейік.

«Казиев Тасмұхан. Туған жылы: 1917. Туған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев қаласы. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қалалық әскери комиссариаты. Әскерге шақырылған мерзімі: 09.1937. Әскери шені: кіші лейтенант» [1].

«Казиев Тасмұхан. Туған жылы: 1917. Туған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев қаласы. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қалалық әскери комиссариаты. Әскерге шақырылған мерзімі: 09.1937. Әскери шені: кіші лейтенант» [2].

«Казиев Тасмұхан. «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі. Марапаттауға арналған. Әскери шені: гвардия кіші лейтенант. Лауазымы: ұшқыш. Әскери бөлім: Азаматтық әуе флоты, 7-нші дербес авиа полк. Марапат атауы: «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі. 1943 жылғы 8 тамыздағы құрама бұйрығы. Азаматтық әуе флоты, 14-нші дербес авиа полк» [3. п. 333].

«Казиев Тасмұхан. Туған жылы: 1917. Әскери шені: гвардия кіші лейтенант. Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армия қатарында 1940 жылдан. Әскерге шақырылған жері: 1941 жылы 9 шілдеде Халық Қорғаныс Комитетінің № 0047 бұйрығымен әскерге шақырылған. Қызмет орны: 3 Украин майданы, Азаматтық Әуе Флоты, 14-нші гвардиялық дербес авиа полк. Ерлік мерзімі: 01.09.1942-30.11.1942.

Марапат қағазы

1. Тегі, есімі және әкесінің аты: Казиев Тасмұхан. 2. Әскери шені: Гвардия кіші лейтенант. 3. Лауазымы және әскери бөлімі: Азаматтық Әуе Флотының 14-нші дербес авиа полкының 2-нші санитарлық эскадрильясының ұшқышы. 3. «Қызыл Жұлдыз» орденіне марапатқа ұсынылады. 4. Туған жылы: 1917. 5. Ұлты: қазақ. 6. Партиялығы: ВКП (б) мүшелігіне үміткер. 7. Азамат соғысына қатысу, КСРО-ны қорғау және кейінгі Отан соғысындағы әскери іс-қимылдарға қатысуы (қайда және қашан): Ұлы Отан соғысына 1942 жылғы қарашдан қатысқан. 8. Оның Отан соғысында алған жарақаты, контузиясы бар ма: жоқ. 9. Қызыл Армия құрамында қай уақыттан: 1940 жылдан. 10. Қай аудандық әскери комиссариаттан әскерге шақырылған: Халық Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы № 0047 бұйрығымен әскер шақырылған. Осы жерде қарама-қайшылық бар.

Қызыл Армия құрамында 1940 жылдан десе, әскерге 1941 жылы шақырылған деген. 11. Бұрын марапатталған ба: марапатталмаған. 12. Марапатқа ұсынылғанның тұрақты мекенжайы және отбасы мекенжайы.

Жеке әскери ерлігі және сіңірен еңбегі туралы қысқаша, нақты мәлімет:

Гвардияшы кіші лейтенант ҚАЗИЕВ 1942 жылдың қыркүйегінен бастап Отан соғысы майданында белсенді Қызыл Армия қатарында. Ұлы Отан соғысы майданында У-2 ұшағында ұшқанда 838 сағат апатсыз ұшты, майдан шебіне 858 рет ұшып, 238 тапсырманы орындады.

Осы уақыт ішінде олар майданға 6,5 тонна дәрі-дәрмек, консервіленген қан және басқа да әскери жүктерді, майданнан 246 жаралы жауынгерлер мен офицерлерді тасымалдады.

1942 жылдың күзінде фашистік қарақшылар Еділге қарай ұмтылған кезде ұшқыш ҚАЗИЕВ Сталин қаласын қорғаушы болды, сол үшін медаль алды «Сталинградты қорғағаны үшін».

Оның жақсы ұшқыштық дағдылары бар және ауа-райының қиын жағдайында әуе кемелерін басқаруды жақсы біледі.

Ұшудың жалпы уақыты 1417 сағат, оның 19 сағаты түнде. Саяси және моральдық жағдай жақсы.

Үкіметтік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттауға лайық.

Азаматтық әуе флотының 14-нші дербес авиа полктің 2-нші санитарлық эскадрилья командирі, гвардия майор Воропаев. 9 желтоқсан 1943 жыл.

1944 жылғы 21 сәуірдегі Әуе Күштерінің алыс қашықтықтағы авиа дивизияның № 203/Н майдан бұйрығы» [4. п. 70].

«Казиев Тасмұхан. Қызметтік-есеп картотека. Туған жылы: 1917. Туған жылы: Қазақ КСР-і, Гурьев облысы, Гурьев қаласы. Әскерге шақырылған жері: Қазақ КСР-і, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Шымкент қалалық әскери комиссариаты. Әскерге шақырылған мерзімі: 09.1937. Әскери шені: гвардия кіші лейтенант. Әскери бөлім: Азаматтық әуе флоты, 14 дербес авиа полк, 339-нші алыс қашықтықтағы авиа полк. Қызметін аяқтаған мерзімі: 03.06.1946. Марапат атауы: «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі» [2].

«Казиев Тасмұхан. Есеп картотека құжаты. «Қызыл Жұлдыз» ордені 21.02.1944. Туған жылы: 1919. Туған жері: Қазақ КСР-і, Гурьев облысы, Гурьев қаласы. Әскери қызметке келген мерзімі: 1942. Әскери шені: кіші лейтенант» [5].

«Казиев Тасмұхан. Қызметтік-есеп картотека. Туған жылы: 01.05.1918. Туған жері: Қазақ КСР-і, Гурьев облысы, Гурьев қаласы. Қызметке келген мерзімі: 08.1942. Әскери шені: лейтенант. Әскери бөлім: 339-нші алыс қашықтықтағы бомбалаушы авиа дивизия. Қызметін аяқтаған мерзімі: 03.06.1946. Марапаттары: «Сталинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары» [2].

«Казиев Тасмұхан. Қызметтік-есеп картотека. Туған жылы: 01.05.1918. Туған жері: Қазақ КСР-і, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев қаласы. Қызметке

келген мерзімі: 08.1942. Әскери шені: лейтенант. Әскери бөлім: 339-нші алыс қашықтықтағы бомбалаушы авиа дивизия. Қызметін аяқтаған мерзімі: 03.06.1946. Марапаттары: «Сталинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары»[6].

«Казиев Тасмұхан. II дәрежелі «Отан соғысы» ордені. Мерейтойлық картотека құжаты. Туған жылы: 1918. Туған жері: Қара-Қалпақ АКСР-і, Куйбышев ауданы, Нүкіс қаласы. Марапат атауы: II дәрежелі «Отан соғысы» ордені. Құжат номері: 88. Құжат мерзімі: 06.04.1985.»[7].

Сұрапыл соғыста ұшағымен әуеге 856 рет көтерілген қыран қазақтың Ресей архивінен табылған құжаттары осылайша сыр шертеді. Өткенсіз болашақ жоқ дейміз. Шындығына келсек, осы қаһарман қыран мінезді қазақтың ерлігі өз бағасын алмағаны ақиқат. Ол енді өткеннің еншісінде десек те сол соғыста жандарын шүберекке түйе жүріп, қияда қанаттары талмаған біз білмейтін әлі қанша қазақ бар екен? Бәріне уақыт төреші. Осымен Сталинград шайқасында өзіндік ерліктің үлгісін көрсеткен гвардия кіші лейтенант, ұшқыш Тасмұхан Казиевтің ұрпақтары немесе туыстары болар деген үмітпен осы еңбегімізді жаздық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Память народа» сайты. Бас кадр басқармасы жазбасынан.
2. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві, офицерлер мәлімет база жазбасынан. «Память народа» сайты.
3. [Архив жөнінде ақпарат- Архив. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві. Қор:370. Тізбе: 6546. Іс:30. Парақ:333].
4. Архив жөнінде ақпарат- Архив. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві. Қор:33. Тізбе:686044. Сақтау бірлігі:4022. Жазба:21005218.
5. Архив жөнінде ақпарат- Архив. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві. Картотека: Марапат картотекасы. Құжаттардың орналасуы: шкаф 36, жәшік 26.
6. Архив жөнінде ақпарат- Архив. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві. Картотека: Марапат картотекасы. Құжаттардың орналасуы: шкаф 283, жәшік 18.
7. Архив жөнінде ақпарат- Архив. РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві. Картотека: Мерейтойлық марапат картотекасы. Құжаттардың орналасуы: шкаф 23, жәшік 8.

ИНДЕР ТҰЗДЫ КӨЛІНЕ САЯХАТ НЕМЕСЕ КЕЛЛЕР ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Өмірзақов Ә.Т.,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі
Атырау қаласы

Өлке тарихындағы біз білмейтін ақтаңдақтардың ақиқаты ұлы даламызға қадам басқан әр зерттеуші мен саяхатшының еңбектерінен көрініс табады. 1928 жылы Мәскеу қаласында белгілі биолог, академик Борис Келлердің «Орал қаласынан Индер тауына дейін» атты еңбегі жарық көреді. Таралымы – 10000 дананы құраған. Зерттеуші Келлер бұл еңбегінде біздің өлкеміздің тарихына қатысты ауқымды деректерді баяндайды.

Атырау облысы туристік аймақтың қалыптасуына қолайлы өлке болып табылады. XX ғасырдың басында Келлер облысымызға қарасты Индер тұзды көліне саяхаттап келеді. Тұздыкөлдің аумағы сол кезеңдегі деректер бойынша 45 шақырым делінген.

1926 жылы Тұздыкөлден 1.638 тонна тұз алынып, Жайық өзені арқылы тиісті пункттерге жеткізілген. Қалған тұздың қоры Жайық балықшыларының еншісіне бұйырған. Келлер өз зерттеулерінде: «Индердің тұзының сапасы жоғары. Тұзды ішекті тұздауға пайдаланған дейді. Соның нәтижесінде скрипканың ішектері жасалып, отаға арналған инелер дайындалған», - дейді.

Зерттеуші Келлер емдік бұлаққа барған сәтінде шатқалдан ағып жатқан салқын суға көзі түсіп, ішуге жарамсыздығын айтады. Ал, ҚР ҰҒА академигі Мұфтах Диарұлының зерттеулерінде: «...ең пайдалысы, ішіндегі тұзды суы, оның ішінде түрлі микроэлементтер бар. Соның ішіндегі өте қымбаты - бор, бром, калий, магний...», - деп жазады.


Таза бұлақты тұзды көлді көрген сәтінде Келлердің санасына шипажай салынса деген ой келеді. Күн сәулесімен, ұлттық сусынымыз қымызбен емдеуді де ұсыныс ретінде айтады.

Келлер өлкемізге қадам басқан сәтінде, қазақ ауылдарына барғанын ерекше толғаныспен өз еңбегінде атап өтеді. «Орал тауынан Индер тауына дейін» атты еңбегінде: «... Ауыл ақсақалдары төріне шығарып, шұбат ұсынды. Байқағаным басты тағамдары ет, сүт өнімдері. Басты кәсібі – мал бағу. Бұл өлкеде теңіз қырыққабаты, таусағыз, жүзғын секілді өсімдіктерді кездестірдім. Елді ашаршылық кезеңінде құтқарған манна өсімдігін байқадым. Өлкедегі азаматтар Калмыков базарына апарып, маннаны сатып, сауда-саттық байланысын күшейткен», - деп жазады.

Зерттеушінің соңында: «Индер тауының маңында аялдадым. Адам қайран қалады. Тау арасында қазақ ауылы көрінеді. Биік жартаста қазақ баласы халық әнін әндетіп отыр. Көшпелі қазақтың неліктен кең далада ғұмыр кешетінін енді түсінгендей болдым», - деп атап өтеді.

Иә, өлке тарихына қатысты тың деректер жетерлік. Бұл бір ғана зерттеудің

ұшқыны. Зерттеуші Келлердің XX ғасырдың басында айтқан ұсынысы өзектілігін жойған емес. Айтылған мәселенің шешімі бүгін, ертең шешіледі деген үміт бар.



1 сурет. Зерттеуші Борис Александрович Келлердің фотосуреті



2 сурет. Тұздыкөл. Атырау облысы, Индер ауданы

ХІХ ғ. АЯҒЫ -ХХ ғ. БАСЫНДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ТАРИХЫ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ

Булеева А.И.,

*«Атырау облысы Білім беру басқармасының
№3 «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ
Атырау қаласы*

ХІХ ғ. аяғы -ХХ ғ. басында Батыс Қазақстан қалалары тарихи зерттеулер үшін маңызды объектілер болып табылды. Батыс Қазақстан аймағындағы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жағдай осы өлкеде орын алған басты ерекшеліктерге байланысты болды. Батыс Қазақстанда орналасқан қалалардың барлығы отарлау кезеңінде пайда болды, олардың саны көп болған жоқ. Шын мәніндегі қалалар : Орал, Ақтөбе және Гурьев еді. Калмыков, Темір, Ілбішін қалалары қалалық елді мекендерге тиесілі міндеттерді атқармады. Кейін бұл елді мекендер қалалық қызметін біржолата тоқтатады. Аймақтағы Орал қаласы қарастырылып отырған кезеңде бүкіл Қазақстандағы ең ірі қалаға айналды, ондағы тұрғын халық саны 50 мыңға жетті. Оның ішінде тұрғындардың басым бөлігін орыс этносына жататын казактар құрады. Ал төңкеріске дейінгі уақыттың өзінде Батыс Қазақстан қалаларының ұлттық құрамы мен мәдени келбетінде өзгерістер орын ала бастады. Мысалы, Орал мен Ақтөбе қалаларындағы халықтың басым бөлігін орыстар құрап, қала әлеуметтік-мәдени сипаты жөнінен орталық Ресейдің қалаларына көбірек ұқсаса, Гурьев қаласында қазақ мәдениетінің белгілері қалыптасып, тұрғындар санының көпшілігі қазақтардан тұрды.

Ә.Ермағамбетованың ХІХ ғ. аяғы - ХХ ғ. басында Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы еңбегінің екінші тарауы - «ХІХ ғ. аяғы - ХХ ғ. басындағы Батыс Қазақстан қалаларының әлеуметтік-демографиялық-мәдени дамуы» деп аталып, аймақтағы қала тұрғындарының саны мен әлеуметтік-этникалық құрамы зерттеледі, өлкедегі қоныстандыру және көші-қон үдерістерінің қала халқы мен демографиялық дамуына әсері қарастырылып, қала өміріндегі қоғамдық-мәдени өзгерістер мен қала халқының тұрмысына сипаттама беріледі.

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Батыс Қазақстанда пайда болған қалалық құрылымдар орталығы Орал облысы болды. Батыс Қазақстанның басқа қалаларына халықтың қоныс аударуы баяу жүрді, бұл өз кезегінде қалалардың әлеуметтік-мәдени жағдайының дамуын кешеуілдетті.

ХІХ ғ 70-ж басында Торғай облысының екі солтүстік Ақтөбе және Қостанай уездеріне қоныстандыру басталды. Қала тұрғындарының саны баяу болса да өсіп отырды, 1886 ж. қалада 177 қонысаударушы отбасы болды. 1891 ж. аштықтың салдарынан көші-қон үдерісінің күшейгенін байқаймыз, мысалы:

Ақтөбеде 1895 ж қала халқының саны 2000 адамға жетсе Ақтөбе уезіне қоныстанушылардың саны 5400-ге жетті[1, 1396].

Батыс Қазақстан тұрғын халқы саны жөнінен (1142384 адам) Оңтүстік Қазақстаннан (1499201 адам) кейінгі тығыз қоныстанған аймақ болып есептелді. Батыс Қазақстан халқының саны Далалық өлкедегі тұрғындардың 24,5 пайызын құрады.

Аймақ территориясының басым бөлігін Орал облысы алып жатты, 1897 жылғы Санақ бойынша онда 645 121 мың адам тұрған. Олардан басқа, санақ кезінде 1716 адам аймақта болмаған. Халықтың – 91,35 % село тұрғындары болды, қалаларда 55482 адам тұрды. Орал облысының қалаларында: Оралда – 36466 тұрғын, Гурьевте – 9322, Електе - 7154, Калмыковта – 1924 және Темірде – 616 адам тұрған[1,1426]. Жаңадан қалыптасқан батыс өңірдегі капиталистік қатынастар мен орыс үкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты аймақта славян тектес этностың саны көбейе бастады.

Осы орайда батыс өлкедегі қала тұрғындарының ұлттық құрамына талдау жасау барысының нәтижесі орыс халқының саны басым болғандығын көрсетеді. Одан кейінгі саны жағынан көп болған халық – татарлар мен қазақтар еді. Сонымен бірге қалаларда тұрақталып украин, неміс, еврей және басқа да ұлт өкілдері тұрды. Қала халқының діни сенімі бойынша православтық және мұсылман дінін ұстанушылар басым болды. Православтық дінді орыстар мен украиндар ұстанды, мұсылман дініне – татарлар мен қазақтар сенді әрине. Қаланың кейбір тұрғындарының діні католик, иудаизм, лютерандық бағыттарда болған деректер де бар.

1914 жылы аймақтағы ең ірі қала Орал болды, ондағы тұрғын саны 45852 адамға жетті. Оралдан кейінгі халқының саны жөнінен Гурьев, Елек, Ілбішін және ең соңғы орында Темір қаласы болды. Қаладағы қазақтардың санына байланысты жағдай да жоғарыдағыдай қалыптасты. Ілбішінде қалалық тұрғындардың 69,7 %-ын қазақтар құрады. Сондай-ақ, Гурьев пен Електе де қазақтар саны жоғары болды, соңғысында 46 % қазақтар тұрды[1,1586]. Қала халқының санының өсуі Ақтөбе, Орал, Гурьев қалаларында байқалды. Экономикасында жаңа заманға байланысты өзгерістер орын алған бұл қалаларда XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында тұрғындар санының өсуі ілгеріледі. Сонымен қатар, қалаларда этникалық белгілерге байланысты дифференциация пайда болды. Мысалы, Орал мен Ақтөбе орыс ұлтының өкілдері қалыптасқан қалаға айналса, Гурьев қаласы халқының басым бөлігін қазақтар саны құрап, бұл ерекшеліктер өз кезегінде қала мәдениетінің гүлденуіне әсерін тигізбей қоймады. Ғасыр басында тек қана батыс аймақ үшін ғана емес, сонымен қатар Ресейдің шекаралас аймақтары үшін Гурьев пен Орал қалалары ең ірі мәдени орталықтар саналды. XX ғ. басында Оралда 2222 оқушысы бар (1440 ұл және 782 қыз бала) 27 оқу орны болған. Олардың алғашқылары 1812 жылы Оралда ашылған болатын. 1890 ж - 1891 жж. классикалық гимназияның негізінде (әскер мен қазынанан қаражатына қазақтар ақысыз оқыды) 19 оқытушы, 287 оқушысы бар, оның ішінде 141 қазақтар (49,2%) оқитын Орал әскери реальды училищесі құрылды.

Бұл келтірілген деректер Орал қаласының батыс өңірдегі білім-ағарту саласына қосқан үлесін көрсетеді.

Училищеде табиғи-тарихи музей жұмыс жасаған. Орал әскері территориясында әйелдер гимназиясы (10 оқытушы, 6 оқытушы - әйел, 283 оқушы, оның ішінде 149-ы казак қыздары, яғни 52,6%-ы); діни училище, орыс-қырғыз мектебі, қолөнерші оқушылар үшін сауат ашу мектебі, әскер әншілері мен музыканттар мектебі, әскер территориясында ауылшаруашылық мектептері қызмет етті. Мектептер шіркеулік-приходтық және әскери болып бөлінді. 27 қалалық оқу мекемелерінде 2222 оқушы білім алды. Қалада үрмелі аспаптар хоры мектебі, татар медресесі, жексенбілік мектептер, ақысыз оқу залы жұмыс жасады [1,167 б].

Батыс Қазақстанда мәдениет пен білім берудің дамуына Ыбырай Алтынсарин зор үлес қосқанын айтпай кетуге болмайды. Ы. Алтынсариннің араласуының нәтижесінде алғашқы мектептер ашылып, олардың жанынан кітапханалар жасақталып, қажетті оқу жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Ағартушы - қайраткер уездегі қазақтардың қаржысына негізделген Ақтөбе екі кластық орыс-қырғыз училищесінің материалдық-техникалық базасының қалыптасуына көп тер төкті. Қаражат тапшылығына байланысты, 1887 ж. 5 қазанда Ы. Алтынсарин Торғай облысының әскери губернаторына училище үшін Ақтөбе қаласының бюджетінен жыл сайын 100 сом ақша бөліп отыруын сұрайды. Уезд басқармасы бекітілген сметаға қарамастан қарсылық білдіреді. Уезд басқармасы Ы. Алтынсариннің өтінішіне деген қарсылықтарын бөлінген 100 сом ақшаға қазақ оқушыларымен бірге орыс балаларын оқыту қиынға соғады деп түсіндіруге тырысады. Бірақ Орынбор оқу округі қамқоршысының араласуының нәтижесінде өтініш қанағаттандырылады [1,176 б].

Бұл жағдай қазақ халқының орыс-қазақ мектептерінің, медреселер мен мектептердегі орыс кластарының, кейде таза орыс мектептерінің де қаржылық қажеттіліктерін өз міндеттеріне алып, өңірдегі мәдени-ағарту жұмысына даму үлестерін көрсетеді.

Осы жылдары қазақтар балалары үшін білімнің қажет екендігін түсініп, оқыту үшін барынша мол қаржы жинақтады.

Жалпы, 1915 ж. 1 қаңтарында Ақтөбеде 19 оқу орны, уезде - 185; қалада 1275, жалпы уезде 7368 оқушы оқыған. Басқаша айтқанда, бір оқу орнына Ақтөбеде 803 тұрғыннан, уезде -1207 тұрғыннан келді.

1917 ж. Ақтөбе қаласында және уезде 5 орта және 9 бастауыш оқу орындары болды. Олардың алғашқыларының қатарына: Ақтөбе мұғалімдер семинариясы, Ақтөбе жеке орта оқу орны, Ақтөбе Мариинск әйелдер училищесі, Ақтөбе жоғарғы бастауыш училищесі, Ақтөбе жоғарғы бастауыш училищесі жанындағы екі жылдық педагогикалық курстар, сондай-ақ Ақтөбе, Ақбұлақ, Бөрте, Вознесенск, Полтавск, Қосетек, Можар, Новороссийск, Петропавловск орыс-қырғыз екі кластық училищелері болды. Бұдан басқа барлығы 139 біркластық училищенің 8-і Ақтөбе қаласында орналасты[1,193б].

Сонымен, қала өміріне кірген экономикалық қатынастармен бірге, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің белгілері де ене бастады.

Жалпы патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясаты қазақтардың рухани өмірінен мұсылман дінін ығыстыруға бағытталған еді. «Уақытша Ережеге» сәйкес болыста тек бір ғана мешіт болуы қажет болды. Бұдан кейінгі уақытта Ақтөбе уезінің барлық елді мекендерінде бекітілген нормадан асып, қызмет жасап жатқан мешіттерді жабу және жаңа мешіт ашуға тыйым салу шаралары орын алды. Сондай-ақ, орыс мүддесіне сай келмейтін мектептер мен медреселердің санын мейлінше қысқарту науқаны басталды. Ішкі істер министрі Дурнов 1895 ж. 10 қарашадағы Торғай облысының әскери губернаторына жазған хатында былай деп көрсетеді: «Бұратаналардың арасында мұсылман дінінің таралуын шектеу мақсатында қырғыздар үшін болыста біреуден артық мешіт тұрғызудың қажеті жоқ» [1,198 б].

1910 жылдың қыркүйегінде Ақтөбеде құрылған қоғамдық жиналыс мақсаты қала тұрғындарының бос уақыттарын тиімді, қызықты өткізу болды. Жиналыс мүшелері би, музыкалық және әдеби кештерді, маскарадтар мен драмалық қойылымдар, лекциялар мен әр түрлі ойындар ұйымдастырып, мерзімді басылымдар мен кітаптар оқыды. 1914 жылы жергілікті көпестің көмегімен «Триум» синематограф-клубы салынды. Онда дыбыссыз фильмдер көрсетілді. Бұл деректер батыс қаласындағы мәдени өмірдің жандануын білдірді. Батыс Қазақстан қалаларының тұрғындарға медициналық қызмет көрсету саласы шешімін таппай отырған күрделі мәселелердің бірі болды. Өйткені, бұл кезең медициналық қызмет көрсетудің енді ғана басталып келе жатырған уақыты еді. Медициналық көмектің жолға қойылмауына орыс патша үкіметі де мүдделі болатын. «Уақытша Ережеде» былай деп көрсетіледі: «медициналық қызмет көрсету үшін әрбір уезде уездік дәрігер және бала тудыратын әйел тағайындалады» [1,210 б]. Отаршыл биліктің қала тұрғындары қазақтарға медициналық қызметтің көрсетілмеуін көшпелі өмір сүрудің ерекшеліктерінен деп түсіндіруге тырысады. Торғай облысының губернаторы өзінің 1887 жылғы есебінде былай деп көрсетеді: «көктем басталысымен қырғыздар қыстақтарынан жайлауға көшеді, үнемі орын ауыстыру, даланың таза ауасы, ет тағамдары мен қымыз олардың денсаулықтарын тез қалпына келтіреді» [1,210 б].

Ақтөбе қаласындағы зиялылардың кейбір өкілдері қалалық қоғамдық басқарма жанынан халық театрын ұйымдастыруға (1912) және өлкені зерттеуге үлес қосты. Жергілікті зиялылардың ішіндегі білімділері 1895 жылы ақпанда ашылған Орынбор статистикалық комитетінің жұмысына араласты. Комитет қызметкерлері-мүшелерінің арасында Ақтөбе уезінің өкілдері де болды. Комитеттің құрылған кезеңінен бастап, оның жұмысына қазақ зиялылары да белсене араласты. Мысалы, М.Қарабаев, С. Нұрмұхамедов, Б.Наурызбаев, Т.Сейдалин, Д.Беркімбаев және басқалары Торғай облысында 1897 ж. санақ жүргізу жұмыстарына белсене қатысады. Олардың бірқатары Орыс География қоғамы Орынбор бөлімшесінің мүшелері болды, қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеуге өз үлестерін қосты [1,201 б].

Ақтөбеде 1913 жылы қалалық әкімшіліктің жеке қаржыға мәдени-ағарту мекемелері, халық театры, кешкі курстар орналасқан «Ғылым мен өнер Үйін» тұрғызбақ мақсаты болады. Сондай-ақ, онда ересектерге арналған мектептен тыс білім беру орталығы, қалалық кітапхана, музыкалық класстар, музей және қойма орналасуы қажет болатын. Бірақ бұл бастама қаржының тапшылығы мен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты іске аспай қалған еді. Дегенмен де қалада бірнеше кәсіби қоғамдар («Тұтынушылар одағы», «Ауылшаруашылық қоғамы», «Мещандар қоғамы» және т. б) қаланың әлеуметтік-мәдени өмірінде үлкен орын алды.

Қаладағы театр репертуары мен мәдени жағдай соншалықты бай болған жоқ, оның қызметінің жандануы бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында басталады. 1914 жылы 11 ақпанда Ақтөбе қоғамдық жиналысы ғимаратында қайырымдылық қойылымы өтеді. Жұбайлық өмір деп аталатын қойылымдағы ролдерде шақырылған әртіс Светлова мен жергілікті әртістер Г.Брудинская, А.М.Иванова және Т.П.Курбатовалар ойнайды. Қойылымға пікір білдірген М.Евладова былай деп жазады: Г-жа Брудинская в роли разводящейся супруги блеснула той искренностью и жизненностью игры, которую всегда так приятно отметить у артистки-любительницы. Осы жылдың наурыз айында «Өрт ұшқыны» миниатюрасы мен «Кто в лес, кто по дрова» комедиясын қояды. Ақтөбе Қалалық хабаршысында осы өткізілген қайырымдылық кеші туралы Успех вечера превзошёл все ожидания....В заключение нельзя не отметить отзывчивость нашего общества, щедро жертвовавшего деньгами. В частности, заслуживает отмеченным наше мусульманское общество, отзывчивость которого на дела благотворения не раз уже была показана во всей своей широте [1, 202 б], - деген жақсы пікірлер беріледі.

Гурьев қаласы Батыс Қазақстан аймағындағы мәдениет пен білімнің дамуында маңызды роль атқарды. Өлкенің ауыл шаруашылығы да, соның ішінде мал шаруашылығы да мықтап дамыған болатын. Ондаған жаңа совхоздар құрылды. Өлкеде ауыл шаруашылығын жүргізудің мәдениеті артты. Облыс экономикасының шарықтап өсуі оның мәдениетінің де кең дамуына негіз қалады [2, 6-бет].

XIX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, қалада білім мен мәдениет мекемелері ашыла бастайды. Шіркеулік приходтық мектеп, юнкерлік мектеп, Орал әскери училищесінің бөлімі, халық мектебі ашылады. Сол кезең туралы зерттеуші В.Е.Фосс өзінің еңбегінде атап көрсетеді: В этом городе клубов нет, театров нет, балаганов, и иначе ли не строят, маскарадов не бывает, концертов давать некому все общество [1, 208 б].

Гурьевтегі XIX ғасырдың 70-80 жылдар жаңа оқу және мәдениет орындарының ашылу кезеңі болды.

Төңкеріске дейінгі кезеңде Гурьевте орыстың отаршыл мәдениетімен қатар, дәстүрлі қазақ мәдениеті де дамыды. Уақтылы айтыстар өткізіліп отырды. Өңірдегі жиі-жиі өтіп жүрген ақындар айтысы жырға қойылар талапты, ақынға жүктелер күрделі міндетті барған сайын айқындай түсті. Ақындар айтысы

партияның идеологиялық жұмысының негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Партия қаулыларын жүзеге асыруды насихаттауда еңбекшілер арасында бірден-бір пәрменді құрал болды [2,226]. 1863 жылы Гурьевте қазақтың белгілі халық ақындары Мұрат Мөңкеұлы мен Ораз (бала Ораз) айтысады. 1873 жылы Гурьевте айтыс ақындары Мұрат Мөңкеұлы мен Бегалы ақын айтысады. Гурьев уезіндегі мәдениеттің дамуына атақты қазақ күйшісі Құрманғазы Сағырбаев та үлкен үлес қосты [1,209 б].

Батыс Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың коммуналдық-тұрмыс жағдайы өте төмен болды. Мысалы, Ақтөбеде су құбыры жүйесі болмады, қала көшелеріндегі жарықтандыру жұмысы баяу жүрді. 1896 ж. жарық қондырғалары тек қана қазыналық ғимараттарда ғана орналасты. 1903 ж. қарапайым фонарлардың саны 15-ке жетті, осы кезеңнен бастап қалалық басшылық жарық жүргізу мақсатында жыл сайын 2-3 мың сом ақша жұмсап отырды. Қаланы жарықтандыру мәселесін шешу үшін орташа есеппен 30 дан 40-қа дейін керосинмен жағылатын үлкен фонарлар қажет болатын, бірақ фонарлардың бұндай саны үшін әр жыл сайын 4500-6000 сомды қажет етті, осыншама қаржыны бөлуге қалалық қазынаның мүмкіндігі болмады. 1914 ж қаңтарында орынборлық мешан Коноплев Ақтөбе қаласында шағын электр станциясын салуға рұқсат етуін сұрайды, бірақ өкінішке орай, қалалық әкімшілік «рұқсат етілсін, бірақ қуаты 500 лампаға дейін азайтылсын» деген шешім шығарса да бұл іс жүзеге аспай қалды [1,216 б].

Сонымен, Батыс Қазақстан қалаларындағы тұрғындардың материалдық жағдайы өте төмен дәрежеде болғанына көз жеткіздік. Көшелер жарықтандырылмаған, емханалар мен дәріханалар жетіспегені былай тұрсын, Батыс Қазақстанда толық мағынасында қалалар дамыды деп айту қиын, қалаға ұқсайтын қалалық елді мекендердің әлеуметтік-мәдени деңгейі төмен болды. Төңкеріске дейін Батыс Қазақстанның ірі қалаларындағы мәдениеттің дамуында орыстану бағыты байқалған болса, Гурьевте музыка мәдениетінің дамуындағы қазақ өнерінің негізінің қалыптасуына жағдайлар қалыптасты. Гурьев-Жайықтағы мәдени табыстардың көрнекті бір саласы– театр болды. Қазақ театрларының туу тарихы және олардың өсу жолдары бір-біріне ұқсас болғанымен, творчестволық бейнесі әр түрлі, әрқилы дәрежеде[3,336] еді. Мұның өзі халықтың өміріне және мәдени талабына орай республикамыздың барлық жерлеріндегі сияқты Гурьев қаласында да алғаш рет 1930 жылдардың басында болашақ драмалық театрдың негізінің қалануына жағдайлар жасалды.

Өлкеміздегі облысаралық Махамбет Өтемісов атындағы қазақ драма театрының өзіндік тарихы алғашқы драма үйірмесінен басталған еді. Оның алғаш ұйымдастырушысы қалалық наубайхана жұмысшысы Қапар Қожахметов болды. Ал белсенді мүшелері Қуат Төлеков пен Құрманғали Доғалақов. Репертуары шағын пьесалар мен ән-күй орындаудан басталған топтың тұңғыш ірі еңбегі Бейімбет Майлиннің Талтаңбайдың тәртібі пьесасы еді[4,1176]. Ал 1937 жылы біржылдық театр студиясы ашылды.

Келесі жылы 5 наурызда Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының қаулысы бойынша Гурьев қаласында қазақ драма театры ашылған болатын.

Жоғарыда айтылған пікірлер негізінде, төмендегідей қорытынды жасауға болады: қазіргі таңда аймақтағы қалалардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына байланысты жоспарлар жасақтау кезінде тарихи тәжірибе мен тұрғындардың әлеуметтік мәдени демографиялық дамуын ескеру қажет деп есептейміз.

Бүгінде Батыс Қазақстан қалаларында қазақтың дәстүрлі мәдениетін дамытуға және оны қалалық жағдайға бейімдеуге арналған бағдарламалардың қажеттілігі туындап отыр. Европалық үлгі мен мемлекеттік талаптармен ерекшеленетін қазақ халқының қалалық мәдениетін қалыптастыру - бүгінгі күннің міндеті болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ермағамбетова Ә «Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы (XIX ғ.аяғы– XX ғ. басы)»
2. Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Үш томдық. 3-том-Алматы: «Литера-М», 2023.- 528 б.
3. Өшкенов С. Атырау өнер өлкесі, 1983 – 127 б.
4. Атырау энциклопедия . – Алматы: Атамұра, 2000. - 117б.

ҚАРАШҮҢГІЛ – ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ

Исанкулова М.У.,
*№21 жалпы орта білім беретін мектеп
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы*

Қарашүңгіл ескерткіші



Қазақ даласының әр қыры, әр төбесі мен сайы – тұнып тұрған тарих. Көкжиегіне көз жеткісіз кең өлкеде ел жадында сақталған, әр тасы аңызға айналған киелі мекендер аз емес. Солардың бірі – Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағындағы Қарашүңгіл мекені.

Бұл жер – тек табиғат сыйлаған байлықтың ғана емес, қазақ жерінде мұнай өндіру ісінің бастау алған, ел индустриясының іргетасы қаланған тарихи орын. Қарашүңгіл Жем өзенінің бойында, Аққұдық ауылынан солтүстік-батысқа қарай шамамен 12 шақырым жерде орналасқан. Геологиялық тұрғыдан алғанда, бұл мекен Теңіз, Қашаған, Қарабатан сияқты еліміздегі алып мұнай-газ кен орындарымен тығыз байланысты, солардың алғашқы хабаршысындай. Қазақстанда алғаш рет мұнай ұңғымасы 1899 жылы дәл осы Қарашүңгілде бұрғыланды. Бұл – қазақ жерінде мұнай өнеркәсібінің ресми түрде тарих сахнасына шыққан сәті.

Ресей империясының геологтары Атырау өңірінде жүргізген зерттеу жұмыстары барысында мұнай барын анықтап, 1899 жылдың қараша айында №7 ұңғымадан 42 метр тереңдіктен алғашқы мұнай фонтаны атқылады. Бұл оқиға 18 сағат бойы тоқтамай, шамамен 5 мың тоннаға жуық мұнай бергені жөнінде деректер бар. Осы тарихи сәттің басында профессор Аapresев тұрды. Оның жетекшілігімен атқылаған бұл бұрқақ – тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы алғашқы мұнай фонтаны ретінде тарихта қалды. Қарашүңгілдегі алғашқы табысты бұрғылау жұмыстары кейінірек еліміздің мұнайлы аймақтары - Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан өңірлерінің қарқынды дамуына негіз болды. Кеңестік дәуірде бұл өңірлер ірі өндірістік орталықтарға айналды.

Ал Атырау аймағы XX ғасырдың ортасына қарай КСРО-ның басты мұнайлы орталықтарының біріне айналғаны белгілі.



Қарашүңгілдегі №7 ұңғыма

Қарашүңгіл атауы – «Қара» және «Шүңгіл» деген екі көне сөздің қосындысынан құралған. «Қара» сөзі қазақ тілінде тек түс қана емес, «үлкен», «қасиетті», «ежелгі» деген мағыналарда да қолданылады. Ал «Шүңгіл» немесе «Шүңкіл» – терең шұңқыр, ойыс, үңгір мағынасын білдіретін көне түркі сөзі. Осылайша Қарашүңгіл – «үлкен терең ойыс» немесе «қасиетті үңгірлі мекен» деген мағынаны білдіреді. Жергілікті аңыз бойынша, бұл атау қос ғашық – Қара атты жігіт пен Шүңғыл атты қыздың есімдеріне қатысты туған.

Екеуі осы маңда қайтыс болып, мәңгілікке жер қойнына тапсырылған деседі. Жергілікті жұрт олардың бейітін қыр мен ойға тиек етіп, солардың құрметіне бұл жерді Қарашүңгіл атап кеткен.



Қарашүңгіл қорымы



Қойтастар

Қарашүңгілдің тарихи құндылығын арттыратын тағы бір маңызды нысан - Қарашүңгіл қорымы. XVIII–XX ғасырлар аралығында қалыптасқан бұл кешен – батыс өңірдегі ең ірі тарихи-мәдени мұралардың бірі. Қорым көлемі – 20 гектар. Мұнда 500-ден астам әртүрлі сәулет және мемориалдық ескерткіштер орналасқан: 15 кесене, 10 сағанатам, 238 құлпытас, 702 қоршау, 8 қойтас және өзге де нысандар бар.

Кесенелердің кейбірі киіз үй пішінінде салынғаны – халқымыздың дәстүрлі сәулет өнерін танытады. Қорымда Адай, Шекті, Есентемір, Шеркеш, Кете руларының өкілдері жерленген. Зират ортасында Қара баба мазарын кездестіруге болады. Қорымның батыс беткейінде зиярат етушілер үшін түнек үй салынған. Қарашүңгіл – тек мұнай көзі ғана емес, сонымен бірге құрылысқа қажетті шикізат – қара балшық пен қара тастың көзі болған. Бұл балшықты жергілікті халық құрылысқа ғана емес, емдік мақсатта да пайдаланған. Жел-құз ауруларына, мал ауруларына ем ретінде қолданғаны туралы айтылады. «Сарықұмырсқа» немесе ғылыми атаумен айтқанда - **термит** жәндіктерінің көбеюі. Қариялардың айтуынша, бұл зиянкес ежелден бар, бірақ соңғы жылдары көбейіп, тұрғындарға айтарлықтай зиян келтіруде.



Термит жәндігі

Қарашүңгіл - қазақ жерінің қойнауынан алғаш рет табиғи байлық – мұнай атқылаған, ел игілігіне алғаш айналған символдық мекен. Бұл жер тек өндірістік маңызы бар аймақ емес, сонымен қатар еліміздің индустриялық, тарихи, мәдени, рухани бастауы іспетті. Қарашүңгіл тарихын білу – қазақ елінің даму жолындағы алғашқы маңызды қадамдарын, халқымыздың тіршілік пен тұрмыс салтындағы ерекшеліктерін тану деген сөз. Осылайша, тарих тереңіне үңіле отырып, Қарашүңгілдің қасиетті мекен екенін тағы бір мәрте түйсіндім. Бұл – жай ғана жер атауы емес, бұл – шежіреге тұнған, тағдырлы талай кезеңнің куәсі болған, киелі топырақ.

Бұл киелі мекен жайлы деректерді жинақтап, зерделеу барысында мен туған жердің терең тарихына бойлай түстім. Әрбір аңыз, әрбір жәдігер мен ескерткіш - ұрпаққа қалған аманат. Осындай тарихи тақырыпта ой тербеп, Менің

оқушым Нұртаева Ақбота аудандық «Зерде» зияткерлік сайысында «Қарашүңгіл тарихы» тақырыпты қорғап 3 орынды иеленуім – мен үшін зор мәртебе.

Қарашүңгіл – тарих пен табиғаттың тұтасқан тұғыры, туған жердің тұнған шежіресі. Оның әр қыры мен жоны – ұрпақ жадында мәңгі сақталар рухани мұра. Тарих тереңіне бойлай отырып, мен Қарашүңгілдің маңызын ғана емес, оның жүрегімдегі орнын да анық сезіндім. Сол сезім мен тебіреністен туған төмендегі өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Қарашүңгіл. Қара түнек қойнында бір сыр жатқан, Қарашүңгіл - құпия, мұң-сырлы аттан. Жел еседі жотадан, жыр әкеліп, Көңілімді тербетіп, жүрек шатқан. Суы тұнық - шындықтың айнасыдай, Тасы үнсіз, тарихтың қайнасыдай. Бабалардың ізі бар құм бетінде, Тыныштықты күзеткен жайнасыдай. Сағым ойнап, шетінде боз жусан тұр, Көңіліммен үндесіп, самалдан нұр. Қарашүңгіл - қасиет мекенімсің, Жүрегіме қашалған өшпес бір жыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Фольклор жинақтары — қазақтың халық шығармаларында “қарашүңгіл” ұғымы, образдары қарастырылған жинақтар.
2. Әдебиет теориясы мен символика жөнінде еңбектер — көркем образдар, метафоралар, символдардың әдебиеттегі рөлі.
3. Қазақ әдебиеті антологиялары — Ғұмыр, Шыңғыс Айтматов, Мұқағали, Әуезов т.б. автордар шығармаларында қарашүңгілге ұқсас бейнелер кездесуі мүмкін.
4. Мәдениеттану, этнология саласындағы зерттеулер — қазақтың ежелгі түсініктері, мифологиясы, бояу, рухани мәдениет.
5. Қазақ тіл білімі — сөз мағынасы, этимология, семантика саласындағы еңбектер.

ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ НЕМЕСЕ ГУРЬЕВ УЕЗІНДЕ ПАРТИЯ- СОВЕТ АППАРАТЫН «ТАЗАЛАУ» ҚАЛАЙ ЖҮРДІ?

Нағымов Ш.Н.,

*Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің профессоры*

Атырау қаласы

Кеңес билігінің халықтың түрлі топтарына қатысты қуғын-сүргіндерді ұйымдастыру жөнінде қабылдаған бірқатар шараларының қатарынан XX-ғасырдың 30-40-жылдарында партиялық-кеңестік аппаратты «жағымсыз элементтерден тазарту» ерекше орын алды. Кеңес Одағында бірнеше рет «тазалау», соның ішінде 1921 жылғы «тазалау», 1929 жылғы «тазалау», 1933 жылғы «тазалау» жүзеге асырылды, оның барысында 400000 адамға дейін немесе партия мүшелерінің 18 пайызы тазартылды. Бұндай шаралар 1938 жылы Гурьев облысында да ерекше ыждағаттылықпен жүргізілді. Атырау облыстық мемлекеттік архивінің 1- қорының 22- ісінде осы шараға байланысты төмендегі құжат сақталған.



Гурьев облысының бастауыш, орталау және орта мектептерінде жұмыс істейтін мұғалімдердің дұшпандық пиғылмен ластануы, сондай-ақ мұғалімдер қауымы арасында жағымсыз элементтердің көрініс табуы туралы анықтама 1938 жылдың қараша-желтоқсаны.

Өте құпия. Гурьев облысындағы мектептердің советке қарсы, бөтен элементтермен ластануы айрықша процентке ие, атап көрсеткенде Гурьев педагогикалық училищесінде барлық 15 оқытушының 9-ы, яғни бүкіл құрамның 60 пайызы дұшпандық ниеттегі немесе бөтен элементтермен байланысы барлар. Олардың арасында, әсіресе қауіптілері:

1. Орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы Стеркина, саудагердің қызы, туған ағасы 1937 жылы контрреволюциялық қызметі үшін атылды.

2. География пәні оқытушысы Байтауов, байдың баласы, әкесі старшина-алашордашыл.

3. Әскери істің оқытушысы Серебряков, бұрынғы кадет корпусының түлегі және басқалар.

Бөтен пиғылдағы 9 оқытушы кеңеске қарсы әңгімелер айтумен айналысады. Барлық оқытушылар құрамындағы педагогтердің арасында бірде бір БКП(б) мүшесі жоқ, бір ғана партияға кандидат бар, оның өзі байдың баласы болып шықты.

Тап осыған ұқсас жайт, студенттердің арасында қалыптасқан. Мысалы: барлық 475 студенттің арасында бірде бір БКП(б) мүшесі, кандидат жоқ, комсомол мүшелерінің саны тек 150 адамды құрайды. Училищеде көпшілікпен жұмыс нашар, үйірме жұмысына арналған бөлме, қызыл бұрыш жоқ, тәжірибе жүргізу үшін арнаулы кабинеттер жабдықталмаған.

Мұғалімдер арасында дұшпандық элементтермен ластану жөнінен Гурьев қаласындағы Ленин атындағы мектепте де оңып тұрған жоқ. Мектепте оқитын барлық 891 оқушының ата- аналарының арасынан 65 ата- ана саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Барлық 22 мұғалімнің арасынан 6 мұғалім бұрын және қазір дұшпан элементтер болып шыққан. Атап айтқанда:

1. Химия және биология пәні мұғалімі Борисевич, ірі мал кәсібі иесінің қызы, өзі бұрынғы меньшевик.

2. Неміс тілінің мұғалімі Жукова анархист әйел, екі рет сотталған. 4 мұғалімнің күйеулері контрреволюциялық қызметі үшін саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған. Мектеп оқулықтармен толықтай қамтамасыз етілмеген, класстар жетіспейді, кешкі сабақтар май шаммен өткізілгендіктен оқушылардың көздерінің көрмеуіне әкеледі. Гурьев қаласының басқа мектептерінде де дұшпандық элементтермен ластану орын алған.

Жылойқоса ауданы бойынша:

Орджоникидзе атындағы орта мектепте, барлық мұғалімдердің жалпы 22 санының 4-уі бөтен адамдар, 2-уі байдың балалары, 2-уі азғынданған элементтер. Тап осындай ластану ауданның басқа мектептерінде де орын алған. Аудан мектептерінің көпшілігінде жалпы жұмыс жүргізілмейді, бірқатар мектептерде бір де бір лозунг, плакат, көсемдердің портреттері жоқ.

Бақсай ауданы бойынша:

Сарайшық мектебінде, Жалпы саны 17 барлық мұғалімдердің бөтен пиғылдағы және советке қарсы әрекеттерімен көзге түскендердің саны 9 адамды құрайды, олардың арасында мектеп директоры Құрманбаев молданың баласы, мұғалім Қонысов бұрын молда болған, қалғандары алашордашылар немесе байдың балалары болса, бір бөлігі контрреволюциялық қызметі үшін саяси қуғын-сүргіндерге ұшырағандардың әйелдері болып табылады.

1937 жылы бұл мектепте советке қарсы жағдай орын алды. Мектептің қабырғаларына советке қарсы лозунгілерді іліп қойған. (кінәлілер ұсталып, жазаға тартылды).

Бақсай орта мектебінде мұғалімдер ұжымының жартысы, яғни 50 пайызы

бөтен, дұшпандық ниеттегі адамдармен ластанған болып шықты.

Шамамен ластануға байланысты жағдай, ауданның басқа мектептерінде де қалыптасқан. Бірқатар мектептерде керосиннің жоқтығынан кешкі сабақтар өткізілмейді. Мұғалімнің тарапынан оқушыға дәрекілік көрсеткен бір жағдай анықталды.

Есбол ауданы бойынша:

Кулагино орта мектебінде барлық мұғалімдердің 46,6 пайызы бөтен пиғылдағы, дұшпан элементтер болып шықты. Елтай және Горы мектептерінің де дұшпандық элементтермен ластану пайызы Кулагино мектебіне ұқсас екендігі даусыз.

Доссор ауданы бойынша:

Доссор кәсіпшілігінлегі орта мектепте барлығы 13 мұғалімнің арасында бірде бір партия мүшесі жоқ, бірақ бөтен пиғылдағы дұшпан элементтердің саны 3 адамды құрайды. Олардың арасында Германиядан келген Искандерьян деген мұғалім үлкен күмән тудырады. Ол Германиядан әкелген фашистік свастикамен өрнектелген сақинасын саусағынан тастамай тағып жүретін көрінеді. Мектептегі барлық 370 оқушының тек 17-сі комсомол қатарына өткен.

Бұл құжатта көрсетілген мұғалімдердің саны сол жылдары облыс бойынша репрессияға ұшырап атылғандардың немесе ұзақ жылдарға еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалғандардың үштен біріне де жетпейді. Алашорда үкіметінің батыс бөлімінің жұмысына қатысып, атылған Есмурзин Өмірзақ, Ибрашев Қазмұқаш, Кенжин Асфендияр, Құдайбергенов Алпан және т.б. мұғалімдер туралы бұдан бұрын кітаптарда жарық көргендіктен және олар ақталғандықтан бұл жерде олар туралы мәлімет берілмеді. Бірқатар мұғалімдер Тыншимов Рахымберді, Сон-Хи, Ким Чан Се « жапон тыңшылары» деген айыппен атылды.

Сол ауыр кезеңде Гурьев облыстық партия комитетінде «халық жауларын» әшкерелеп, оларды залалсыздандыруға арнайы партия конференциясы өткізілген. Соғыстың алдындағы 1938 жылы бұл конференция 15 майдан 23 майға дейін 8 күнге созылыпты.

1-ші Гурьев облыстық партия конференциясы. Гурьев қаласы. 15-23 май 1938 жыл.

Облыстық милиция бөлімін басқарған Михитарьянц өз сөзінде (бұны сөз деп айтуға да келмес, себебі кемінде жарты сағат сөйлеген) облыста « халық жауларын» әшкерелеудің жәйін ашып көрсетіпті. Ол былай деген: жолдас Өтеғалиев өзінің баяндамасында конференция БКП(б) ОК-нің қаңтар пленумының шешімінің үлгісімен өтуі керек десе де, бірақ жолдас Өтеғалиевтың баяндамасы пленумның шешімінің үлгісіне сай құрылған жоқ. Біздің ұйымда, көптеген шаруашылық ұжымдары мен басқа да ұйымдарда халық жауларының жұмыс істегендерін ескеріп, баяндаманы бүкіл партия массасын жұмылдырып, соларды, яғни халық жауларын, диверсанттарды, шпиондарды, террористерді, бүлдірушілерді түп тамырымен құрту туралы айту керек еді. Жолдас Михайлов бұл адамдар туралы өзінің сөзінде айтты. (Бұл жерде милицияның бастығы қауіпсіздік комитетінің бастығын Михайловты қолдап отыр).

Біздің сауда орындар, шаруашылық және басқа ұйымдар неше түрлі алаяқтармен ластанған, олар жүз мыңдаған сом ақшаны судай шашып, мемлекетке миллиондаған шығын келтіруде. Сұраңызшы, жолдас Өтеғалиевтен біздің облыстағы органдарды осындай адамдардан тазарту жөнінде не істелінді екен? Мен айтсам, жақында нан комбинатында директоры Дүйсеналиев басқаратын банда анықталды. Олар Гурьев жұртшылығын шеге, әйнек, тас қосқан нанмен тамақтандырған. Нан комбинатының аппараты тап жауларымен ластанған. Мысалы, Арыков контрреволюциялық қызметі үшін, совет үкіметіне қарсы қарумен күрескені үшін 10 жыл түрмеде отырды. Оған алкаголсіз ішімдіктер заводын басқаруды сеніп тапсырды. Бұл тип наубайхана жұмысшыларын арақпен суарып, оларды сапасыз нан пісіруге үгіттеді, сөйтіп біздің қаланың халқын улағысы келді. Сальников деген тип, бұрынғы кулак, бұл алаяққа наубайхананы басқартып қойыпты, ол осыны пайдаланып, қалай болса да халыққа зиян келтіруге тырысқан. Бізге, ең алдымен обкомға осындай халық жауларымен дұрыстап айналысу керек. Бұл жерде Теңіз аудандық партия комитетінің секретары Котельников сөйледі. Ол өзінің ауданындағы жұмыстар жөнінде большевикке жатпайтын әңгімелер айтты. Мысалы, «Морской» колхозын алсақ, оның басында бандит Доцанов отыр, «Советский» балық кооперативін бандит Бабушкин басқарады. Олар тек контрреволюциялық бүлдіру жұмыстарын жүргізді, олар колхозды балық аулау құралдарымен қамтамасыз етпеді, азық түлік жеткізбеді, әдейі мал басын кемітті, ақыры соның бәрі аштыққа алып келді. Бұл бандиттер Доцанов пен Бабушкин өздері мойындағандай, олар Теңіз контрреволюциялық орталығының тапсырмасымен барлық әрекеттерін колхоздың барлық жұмысына кесел келтіру, мал басын жою, жұртшылықты ашықтырып, ақыр соңында оларды совет үкіметіне қарсы қоюды көздеген. Мен бір-екі ауыз сөз Гутиннің сөзі туралы айтпақшымын. Ол партияның обкомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі бола отырып, обком жөнінде, өзі туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ. Ол кемшіліктер бар екенін мойындаса да сол кемшіліктермен қалай күресу туралы жұмған аузын ашқан жоқ. Ол күрес атымен болған жоқ, яғни, оның өзі өндірісте жаулардың іс-әрекетінің өсуіне жағдай жасады. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті Гурьев облысын білмейді, оның мәселелерімен айналыспайды, сондықтан бұл өңірде халық жаулары қаптап жүр.

Мирзоян мен Нұрпейісовтың қызметтен алынуы Қазақстанның Орталық аппаратының басшылық ретінде шаруасы біткенін көрсетеді. Қазір сөйлеген Гутиннің өзі жұртшылықтан әбден алшақтап кеткен, стахановшылар қозғалысын басқара алмайды, жұмысшылардың жағдайымен айналыспайды. Біздің өнеркәсіпті обкомның нашар басқаруына бірінші кезекте Өтеғалиев пен Сидоров кінәлі. Олар жолдас Сталиннің партияның 15 съезінде сөйлеген сөзін басшылыққа алуы тиіс. Сталин айтты: «Егер біздер, большевиктер бүкіл әлемді сынасақ, Маркстің сөзімен айтқанда, аспанға шабуыл жасасақ, яғни кейбір жолдастардың жанының тыныштығы үшін өзара сыннан бас тартсақ- онда біз өзіміздің ұлы ісімізді құрбан еткеніміз, одан ештеңе де шықпайды». Сталин

жолдастың ұсынысын Өтеғалиев жолдас түсініп, қортынды шығаруы тиіс. Жолдас Сидоровтың сөзін партияның орталық комитетінің хатшысының сөзі деуге келмейді, мен айтар едім ол өзара сынмен емес, сен тимесең мен тимес дегендей дипломат сияқты сөйледі. Жолдас Сидоровтың сөзінен біз Өтеғалиевтің жұмысы туралы бір ауыз сөз ести алмадық.

Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің инструкторы жолдас Резников: Кеше жарыссөз кезінде, мен жолдас Сидоровқа бірнеше сұрақтар берумен ғана шектелдім, себебі мен Сидоров жолдастың өзі әрбір большевикке тән ашықтықпен және шыншылдықпен өзінің биік шені мен лауазымына қарамастан конференцияға қатысушылардың алдында өзінің Балқашта болған кездегі саяси соқырлығын және әшкереленген, түрмеге отырғызылған бандиттер Спировпен, Шабанбековпен, Алиевпен, Яхновичпен қандай байланыста болғанын және аталған халық жауларының Сидоровпен бірге Мирзоянның артынан Қазақстанға құйрықшық сияқты еріп келгенін айтатын шығар деп ойлаған едім. Бірақ олай болмады. Ол аздай Сидоров жолдас қазір сөйлеген кейбір жолдастардың айтқанындай, өзінің бұрынғы практикалық жұмысы мен Гурьевтегі жұмысы туралы да жұмған аузын ашқан жоқ.

Бұл жерде Решетников өзінен лауазымы көп жоғары Сидоровқа тектен тек ұрынып отырған жоқ. Бұл саяси тапсырма болуы да мүмкін, себебі бұл конференциядан бұрын бірінші хатшы Мирзоян мен аталған коммунистер «халық жауы» ретінде тұтқындалған болатын.

Біріншісінен, бастаймын: Балқаш маңында халық жауы болғаны үшін атылған Пятаковтың қойған Ивановтың қитұрқы әрекетінің кесірінен бүкіл еліміздің экономикасына орны толмас зиян келгеніне қарамастан, оны осы Сидоров барынша қолдады. Осы Ивановты Өлкелік Партия комитетінің Балқаштағы уақытша өкілі болған кезде Сидоров мақтаумен болды, егер біреулердің тарапынан Ивановтың дұшпандық әрекетін сынаған кезінде, ондай сындарды сол бойда өшіріп тастап отырды. Осының бәрі, кем дегенде Сидоровтың саяси соқырлығын, Ивановты жер көкке сыйғызбай мақтауы Сидоров білсе білмесе де, оның бүлдірушілік ісінің күшеюіне алып келді. Бұл жөнінде жолдас Сидоров конференцияда айтуға тиісті еді. Екіншіден, Ол кісінің халық жаулары Шабанбековпен, Алиевпен, Котеновпен, Яхнович және басқалармен байланысы туралы. Жолдас Сидоров өзінің сөзінде Мирзоянның бұл құйрығымен кездейсоқ таныспын деп көрсетті. Конференцияға қатысушылар Сидоровтан бұндай жауапты күткен жоқ еді. Жолдас Сидоровқа Бұл халықпен қалай тұрмыста етене қалай бірікті, қалай бірге ас су ішті, соның бәрін бүкпесіз айтуы керек еді. Өзінің сөзінде Сидоров жолдас тек мені ғана емес, барлық жолдастарды таң қалдырды. Жұрттың бәрі біледі. Жолдас Сидоров Мирзоянның ең бірінші жағымпаздарының бірі болды, оны Мирзоян бір жерден екінші жерге қызметке ауыстырумен болды, бір жерді ақсатса, екіншісі дайын дегендей. Барлық жерде жұмысты істей алмаған Сидоровты ақыры Гурьев партия ұйымынан келіп бір шығарды. Сөйлеген жолдастардың және өзімнің жеке пікірім бойынша Сидоров бұнда да Ленин мен Сталиннің ісі үшін күресте

өзін жақсы жағынан көрсете алмады. Жолдас Сидоров сақ болсын, егер оны Алматыда, Семейде, Балқашта жақсы білетін болса, Гурьевте оны біле алмайды деп бекер ойлайды. Біздің париямыз, сондай партия, ешкім де өзінің құйрығын, қатесін бізден жасыра алмайды. Бұл жерде айтылуға тиісті бір мәселе- осында сөйлеген жолдастардың арасынан сөйлегендердің ешқайсысы Орталық Комитеттің жұмысына сын айтқан жоқ. Ал сынауға оның қызметі тұрарлық. Мирзоян өзінің артынан құйыршықтарын тасумен болды. Олардың бәрі кейін халық жаулары болып шықты. Олардың арасынан Спировты, Яхновичті айтсақ та жеткілікті. Мысалы, әшкереленген Спировты айтсақ, ол Мирзоянмен бірге Свердловск облысында бұрынғы Кабаков Аудандық партия комитетінде жұмыс істеген кезінде өзінің дұшпандық контрреволюциялық қызметін жүргізді, Қазақстанға келіп Жер Комиссариатында халық жауы Сарғабекпен бірге өзінің жаулық әрекетін жалғастырды. Мирзоян оны әшкерелеудің орнына Орал атқару комитетін басқаруға жіберді, ал ол сол жерде Орал облысын бұрын басқарған халық жауы Құрамысовпен бірге өзінің дұшпандығын одан да күшейте түсті, бірақ көп ұзамай ішкі істер органдарының қолына түсті. Жолдастар, мен былай деп есептеймін. Осы Гурьев облыстық партия конференциясы нағыз большевиктік туралықпен тек қана аудандық, облыстық партия комитеттерінің жұмысын ғана сынап қоймай, Қазақстан компартиясының орталық комитетінің де қызметін сынай отырып, жолдас Сталиннің тапсырмаларын орындайтын уақыт жетті.

Жолдас Сидоров ҚКП 2-ші секретары: Кеше мен өз сөзімде жолдас Резниковтың сұрақтарына жауап бердім. Бүгін жолдас Резников мені принциптік саяси қателерге жол берді деп айыптады. Ол Орталық комитеттің январь пленумының шешімдерімен таныс болса мені ондай айыптармен сынамаған болар еді. Резниковтың айыптаулары бойынша айтарым: Мен Балқашта 1934 жылы өлкелік партия комитетінің өкілі және аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқардым. Менің тарапымнан қателіктер болған жоқ деп айта алмаймын. Маған әшкереленген халық жауы Ивановты көкке көтерді деген айыпқа келетін болсақ, аудандық партия комитетінде ол кезде Ивановты қаралайтындай ешқандай материалдар болған жоқ. Мен Ивановтың престижын, әрине көтеруге тырыстым, оған орталық комитеттің сондай ұсынысы болды. Алматы ІХК бастығы Шабанбеков, Алиев және басқа әшкереленген халық жаулары туралы айтатын болсақ, мен оны бірінші рет 1933 жылы Алматыдан оларды тек жұмыс бабында ғана білдім. Олар, әрине біз жұмыс бабымен кездескен кездерде антисоветтік немесе саяси тақыптарда әңгімелер қозғады, бірақ мен олармен ондай әңгімелерді жүргізген емеспін. Менің басшылыққа ешқандай туыстығым жоқ, тек әйелімнің ұлты болмаса (бұрынғы әйелімнің армянка болғанын есептемегенде). Мені Мирзоянның құйыршығы дейді, мен оны жасырған емеспін, бірақ мен нашар құйыршық болдым, неге десең мен өзімді әрқашанда бірінші кезекте большевик санадым. Мен тағы да ҚКП Орталық комитетінің, сондай-ақ жолдас Мирзоянның қызметі туралы айтатын болсам, ол өзінің практикалық қызметінде жолдас Сталиннің

жұмыстағы большевиктік стиль туралы ұсыныстарын үнемі бұзып отырды, сын мен өзара сынға көңіл бөлмеді, жұмыс барысында өткір мәселелерді шешуден қашқақтады, парияның қалың көпшілігінің пікірімен санаспай, Қазақтанның партия ұйымының қызметіне зиян келтірді. Бұндай жағдайға әрі қарай төзу мүмкін емес. Сондықтан жолдас Мирзоянды БКП ОК-нің Қазақстаннан кері шақырып алуын дұрыс деп санаймын.

Конференцияда сөйлеген милицияның бастығы Михитарьянц пен Орталық комитеттің инструкторы Резниковтың сөздері негізінен халық жауларын неғұрлым көбірек көрсетуге құрылған. Бұлардың сынының негізгі объектілері Гурьев облыстық партия комитетінің хатшылары Өтеғалиев пен Сидоров. Себебі бұлардың республикадағы басшысы Мирзоянның сол кезде жағдайы мүшкіл, ол орнынан алынып, тағдыры қыл үстінде Москва түрмесінде отырған болатын. Сөйлегендердің қолданатын трафареттік айыптары: сын мен өзара сынды жұмыстарында қолданбайды, саяси тұрғыдан соқыр, халық жауларын дер кезінде залалсыздандырмады, халықтың пікірін есепке алмайды т.с.с. айыптар тағылған. Олардың екайсысы да қолмен ұстап, немесе көзбен көріп, дәлелденбеген құрғақ айыптар еді.

Жолдас Төрешев, облпрокурор: Өте дұрыс, сын мен өзара сын жұмыстағы кемшіліктерді ашуға көмектеседі. Өтеғалиевтің баяндамасында өзара сын болған жоқ. Біз бүгін резолюцияның жобасын оқыдық. Ол сынды көрсетіп тұрған жоқ. Сондықтан ол сын мен өзара сынды, халық жауларын әшкерелеуге көмектеспейді. Мен ұйымдастыру бюросы мен секретарлардың басшылығы туралы айтқым келеді. Өтеғалиев пен Сидоровтың жұмысының басында халық жаулары Байболов пен Гончаров және т.б. туралы бірнеше сигналдар болды. Мен ол сигналдар туралы Өтеғалиев пен Сидоровқа уақытында жеткіздім. Мен оларға Гончаровтың Рыбаксоюздың төрағасы болған кезде орасан зор ақшаны және мүлікті жойғаны, колхоздың уставын бұзғаны туралы, колхоздардың қаржылық жағдайын балық аулау кезінде үстеме баға қою жолымен қиындатқаны жөнінде айтқан болатынмын. Одан басқа мен оларға Гончаровқа халық жаулары Сафарбековтың, Гутиннің Яхновичтің, Мамоновтың қорғағанын хабарладым, олардың бәріне ол түкірді. Заготзернода Красноштанов мемлекеттік қаржыны талан таражға салды. Ол 88 мың теңгені ұрлады, үнемі маскүнемдікке салынды, осы уақытқа дейін оны жұмыстан босатқан жоқ. Мен ол жөнінде оргбюроға хабарладым. Конюховты Сидоров ара түсіп түрмеден босатып жіберді. Ортяковты жолда Воробьев облторгке жұмысқа тұрғызуға тырысты. Мен Воробьевқа Ортяковтың сотталғаны туралы айтып едім, ол оны ақталған деп құтылды. Есбол ауданы атқару комитетінің председателі Канцев бұрын колхоз төрағасы болған кезде өте көп мөлшерде мал басы шығын болғанына қарамастан, ол әлі жазаланған жоқ. Бюрода ол сөгіс алумен құтылды. Неге осылай? Бұл кемшіліктердің бәріне жолдас Сидоров кінәлі. Ол бұл мәселелермен дұрыс айналыспады, ал жолдас Өтеғалиев большевиктікпен материалдарды қарамай, Сидоровтың айтқанына көнді. Сидоров туралы. Мен Алматыда болған кезімде қызметкерлер, олардың арасында республика прокурорының көмекшісі айтты,

жолдас Сидоров жолдас Мирзоянның бажасы, сосын Сидоров Закавказьеде жұмыс жасаған кезде ол Алиевпен бірге қызмет жасаған, ал ол болса бұрын «Мусаватистердің» ұлтшыл ұйымына қатысқан көрінеді, ол жөнінде Сидоров білген, бірақ ешкімге тіс жарып айтпаған. АОМА ф-1, 1- тізбе, 1-іс, 72-74 беттер.

Міне, соғыстың алдында 1938 жылы 15-23 май күндері Гурьев облыстық партия конференциясында осындай мәселелер талқыланған екен. Конференция материалдарын оқығанда түйгеніміз, сол жылдары Ішкі істер халық комиссариаты мен милицияның беделі мен күші артып, керісінше партия мен атқару комитеттері, шаруашылық және бюджеттік ұйымдар солардың ықпалы мен бақылауына мықтап түскен болуы керек. Тіпті, облыстық партия комитетінің хатшылары Өтеғалиев пен Сидоров кез келген күштік органдардың қатардағы қызметкерлерінің сынына ұшырап, өздерінің істемеген ісін істедім деп немесе басқа да кемсітушілікке, қорлауға көнуге мәжбүр болған. Мысалы, Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Сидоровқа « сен Мирзоянның құйыршығы болдың» дегенде, ол сол қорлықты мойындап « мені Мирзоянның құйыршығы дейді, мен оны жасырған емеспін, бірақ мен нашар құйыршық болдым, неге десең мен өзімді әрқашанда бірінші кезекте большевик санадым» - деп айтуына тура келді. Конференцияда аттары аталған « халық жаулары» деп айыпталған Дощанов, Гутин, Шабанбеков, Сидоров, Ортыковдың бәрі де кейін репрессияға ұшырады. Мысалы: Дощанов Өтепқали сол кезде Теңіз ауданындағы Морской ауылдық советтің төрағасы болып істеген, оның алдында балық колхозын басқарған. Конференцияда милиция бастығы Михитарьянның сынынан кейін 5 айдан кейін 1938 жылы 16 ноябрьде атылған.

Сидоров Дмитрий Иванович [07.11.1907 - ..] Елизаветполь қаласында (қазіргі Гянджа, Әзірбайжан) дүниеге келген. Әкесі – теміржолшы. орыс.

Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясы Шығыс Қазақстан өлкелік комитетінің 1-хатшысы (=10.1934=);

Бүкілодақтық коммунистік партия Қазақ өлкелік комитетінің есеп секторының меңгерушісі (04.1935-04.37);

Оңтүстік Қазақстан облыстық ҚКП ОРПО меңгерушісі (04.1937);

Бүкілодақтық коммунистік партия (б) Қазақ өлкелік комитеті – ҚКП ОК ООРПО нұсқаушысы (04-08.1937);

ҚКП Гурьев облыстық комитетінің 2-хатшы міндетін атқарушы, Гурьев облыстық ҚКП Ұйымдастыру партия бюросының 2-хатшысы (08.1937-05.1938);

1938 жылы 18 мамырда ҚКП ОК Бюросының шешімімен ол «қолда бар компроматтарға байланысты» қызметінен босатылып, ҚКП Орталық Комитетінің қарауына қайтарылды.

1938 жылы 21 мамырда Гурьев облысында НКВД-ның қызметкерлерімен тұтқынға алынды. 26 қазан 1940 жылы КСРО НКВД жанындағы арнайы Кеңес (ОСО) РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-1, 58-2, 58-8, 58-11. баптары бойынша 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне сотталды. 15.10.1955 жылы ақталды. Филиппов С.Г. ВКП(б)-ның 1934-1939 жж. аумақтық басшылары. Каталог. М., 2016. б. 534.

Гутин Семен Абельевич, 1892 жылы туған, Беларусь, Могилев қаласының

тумасы, еврей, Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің департаментінің Гурьев облысы бойынша бастығы. 06/10/38 РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-1а, 8, 9, 11 баптары бойынша сотталған. Гурьев облысы бойынша УНКВД 30.07.38 жылы ақталған.

Гончаров Федор Сергеевич, 1893 жылы туған, Сталинград облысы Капустин Яр селосының тумасы, орыс, Гурьев облысы бойынша УНКВД ЦМК Ұйымдастыру комитетінің хатшысы. 04.08.39 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2.6.7.8.11. баптары сай түзеу- еңбек лагеріне 15 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды. Оңтүстік Орал әскери округінің Әскери трибуналы 17 қаңтар 1956 жылы қылмыс құрамының болмауына байланысты ақтады.

III. НАҒЫМҰЛЫНЫҢ МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАРИХИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ІСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ахмет А.Қ.,
*Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы*
Орынбасаров А.О.,
*«Тарихшы педагог» мамандығының
II курс магистранты*

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше, ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады. XVIII-XIX ғасырлардағы белгілі тарихи тұлғалардың өз кезегінде халқына қалтқысыз қызмет еткен, отарлауға қарсы ашық күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға талпынған іс-әрекеттері тарихын зерттеп, зерделеу бүгінгі уақыт еншісінде.

Қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалар, соның ішінде XVIII-XIX ғасырлардағы хандар, сұлтандар, билер, батырлар, ақындар туралы, олардың қоғамдағы орны патшалық Ресей кезеңінде түрлі басылымдарда көрініс тауып отырды. Патша үкіметінің отарлау саясатының басты ерекшеліктерінің бірі қазақтың игі жақсыларының арасында алауыздықты өршіту болды.

Біздің тарапымыздан Мұрат Мөңкеұлының жырларындағы тарихи оқиғалар мен азаттық идеясы аясында іздену жұмыстарының нәтижесінде «Азаттық жаршысы – Мұрат ақын» [1, 104-106 б.б.], «Мұрат мұралары оқулыққа енсе» [2, 80 б.] және «Азаттық жаршысы» [3], «Мұрат мұралары» [4] атты мақалалар жарық көрді.

XIX ғасырдың екінші ширегінде патша үкіметінің отарлау саясатының мәнін түсінген ақынның бірі де бірегейі – Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906 жж.).

Қазақ тарихы мен әдебиетінде Мұрат Мөңкеұлының алатын орыны

ерекше. Бала Ораз, Қашаған ақындармен айтысы «Бес ғасыр жырлайды» томына енгізілген. Отандық тарих ғылымында қазақ тарихының деректік қорын ұлғайту, тарихи деректердің қатарына фольклорлық туындыларды да кіргізу үрдісі қалыптасты.

Тарихшы-ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ш.Нағымұлының көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан тақырыбы – ақын Мұрат Мөңкеұлының шығармаларындағы тұлғалар тарихы.

Зерттеуші Мұрат ақынның «Сарыарқа», «Үш қиян», «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай» және «Шалгез» жырларын тарихи туындылар дей келіп, берісі – алшын, әрісі – алаш тарихы, сонау ноғайлы заманынан бергі халқымыздың шерлі шежіресі деп ой түйіндейді.

Ш.Нағымұлы өз зерттеуінде Мұрат ақын шығармашылығы тарихи тұрғыдан зерделеп, ақын туындылары, әсіресе оның даңқты дастандары өткен дәуірлердің жырда хатталған шежіресі деген пікірі өте құптарлық пікір деп білеміз.

Біріншіден, Мұрат Мөңкеұлы шығармаларында 300 жуық тарихи тұлғалар мен адам аттары кездеседі. Тарихшы-ғалым солардың барлығын анықтап, кім қай жерде, қай кезеңде өмір сүрді, қандай тарихи оқиғаларға қатынасты, елі мен жұртына қандай еңбек сіңірді, т.б. мәселелердің басын ашып, жинақ құрастырды. Негізінен алғанда бұл тақырыпты зерттеуге не түрткі болды деген заңды сұрақ туындайды. Кеңес дәуірі кезінде ұлы державалық саясаттың ызғары халқымыздың тарихи шежіресі, тарихта ізі қалған қайраткерлеріміздің өмірі туралы ел ауызындағы, халық жадындағы, көркем туындылардағы деректерге бір жағынан сенімсіздік білдіріліп, жазба деректермен дәлелденбеген деген желеумен тарихи зерттеулерге оң қабақ танытқан жоқ. Қасаң таптық көзқарас салдарынан тарихи тұлғаларымыздың төл тарихымыздағы рөлі төмендетіліп, хандарымыз, ел билеушілер халықты қанаушы деп танылып, олардың бейнелері бұрмаланып көрсетілді, тіпті бұл тақырыптар әдейі оқулықтардан аластатылды. Мысалы Мәскеуді шапқан ноғай-қазақ билеушісі Едіге, Қазанды жаудан қорғаған Шора батыр туралы жырлар оқулықтан шығарылды. Оның нақты дәлелі ақын Мұрат Мөңкеұлы.

Мұрат - жезтаңдай шешен, әрі жырау, төгілген төкпе ақын. Мұсылманша сауатты, дәуірінің алдыңғы қатарлы азаматы болған. Халқының басына түскен замана ауыртпалықтарын көре де көрсете білген, шынайы азаттықты аңсаған халық ақыны болды. Мұрат Мөңкеұлы қалдырған мұраларға көз салсаң, оның творчествосына кең арналы, сан-салалы ақын тұрғысынан қараймыз да, патша үкіметіне, отарлау саясатына деген ақынның тарихи-саяси көзқарасына терең бойлап бара бермейміз [5]. Оның белгілі бір себептері де бар. Кезінде тарихқа, әдебиет пен өнерге үстемдік еткен коммунистік идеология, солақай саясат жұртшылыққа Мұрат Мөңкеұлы мұраларын идеялық жағынан өте зиянды шығармалар ретінде таныстырып келді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21-қаңтар күнгі «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы»

қаулысынан кейін ақынның өлең-толғаулары оқулықтардан алынып тасталды. Оған «Зар заман ақыны» деген шекпенді өз қолымызбен кигізіп, мұраларын шаң басқан архивтерге салдық. Дәл он жыл өткен соң Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы 8-шілдедегі «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап, пайдаланудың жәйі және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысы қоғам өміріне сәл-пәл жылылық орнатты. Осы қаулыны жүзеге асыру үшін 1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясында Тіл және әдебиет институты ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция барысында Мұрат, Дулат және Шортанбай сынды ақындардың әдеби мұраларына баға берілді. Мұрат Мөңкеұлының шығармаларына төмендегідей қорытынды жасалды «Жалпы білім беретін мектептерде ақынның творчествосын оқыту қажетсіз» деп саналсын.

Екіншіден, зерттеуші Мұрат шығармаларындағы Асан Қайғы Сәбитұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Орақ, Мамай, Едіге, Шора батыр, Қарақыпшақ Қобыланды батыр, Исатай, Махамбет, Хандар Әз-Жәнібек, Жәңгір т.б. ақынның толғаулары, жырлары мен өлеңдерінде кездесетін тұлғалар туралы кеңінен мәліметтер береді [6, 154-256 б.б.].

Зерттеуші - ғалым Ш.Нағымұлының назарынан Мұрат Мөңкеұлы шығармаларында кездесетін жер-су атаулары да тыс қалмады. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Сондықтан да Мұрат Мөңкеұлы жырларындағы жер-су аттарын теріп, түсініктемелер берген. Осы түсініктемелерді зерттеу барысында Х.Досмұхамедұлының Қ.Сыдықовтың, Б.Қорқытовтың, Б.Омаровтың еңбектерін кеңінен қолданған.

Ақын шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі – патша үкіметінің отарлау саясатына ашық қарсы шығуы. Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Қазтуған», «Сарыарқа» толғау-дастандарындағы негізгі идея – азаттық идеясы екендігін атап көрсетті.

Мұрат ақын ел жерінен, тәуелсіздігінен айырылып қана қоймай, болашақ үміттен де ада болғалы тұр деп бағалай білген. Міне Мұрат Мөңкеұлы мұраларының маңызы сонда деп білеміз.

Зеңбірігі жер копарған, от оқты қаруы бар патшаның баскесер шапқыншыларына қарсы тұру, ел қорғау мүмкін болмаған кезде азаттық жыршысы Мұрат Мөңкеұлы өз өлеңдерімен халықтың қайғы-қасіретін, бостандыққа ұмтылатынын шебер көрсете білді. Отарлау саясатының мәнін өлеңдерінде толық ашты, өзінің сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға көзқарасын ашық та еркін білдірген бірден-бір ақын екендігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Ол патша үкіметінің 1867-1868 жылдары жүргізген реформасының мәні мен мақсатын айқын түсінгенін жоғарыдағы аталған толғау-поэмаларында дәл тауып, басып айтқан. Ұлан-ғайыр шұрайлы далаға патша үкіметінің ашкөздене тап беруі ақынның ыза-кегін оятып, толғау болып төгілген. Сонымен бірге 1868-1869 жылдардағы Орал, Торғай облыстарындағы, 1870 жылы Адай көтерілістерінің дүмпуі қазақ сахарасында естіліп жатты [7, 247-249 б.б.].

Тәуелсіздік жылдарына дейін жан-жақты зерттелусіз жатып, талдауын таппаған шешен де суреткер ақынның асыл мұраларын бұдан да әрі тереңірек зерттеп, ақын творчествосындағы азаттық идеясының сыры мен қырын аша түссек нұр үстіне нұр емес пе?!

Мектептің тарих оқулықтарына ақынның отаршылдыққа қарсы жазылған толғауларының үзінділерін енгізсе, жас ұрпақ туған жердің қадір-қасиетін айырықша сезінер еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А. Ахмет. Азаттық жаршысы - Мұрат ақын // Ұстаз, № 1, 2000 жыл.
2. А. Ахмет Мұрат мұралары оқулыққа енсе // (Қазақ тарихы, № 4, шілде-тамыз, 2003 жыл.
3. А. Ахмет. Азаттық жаршысы // Мұнайлы Астана, 11 қыркүйек 2009 жыл.
4. А.Ахмет. Мұрат мұралары // Дендер, 24 қараша 2023 жыл.
5. Мұрат Мөңкеұлы. Шығармалары: Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар, зерттеулер. Құраст. Бауыржан Омаров. / Мұрат Мөңкеұлы. - Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. - 288 б.
6. Нағымұлы Ш. Мұрат ақын мұрасы: зерттеу мен мәтіндер - Алматы: «Арыс», 2023. – 280 бет.
7. А.Ахмет Мұрат мұраларының маңызы Мұрат Мөңкеұлы / Құраст. С.Ж.Сапанов, Г.Б. Базарғалиев, А.Н.Даулетова. - Атырау: Атырау университеті, 2018. - 280 б.

АТЫРАУ ӨңІРІНЕН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ДӘРІГЕРЛЕРІ

Қамиева Н.Е.,
*№42 Н.Балғымбаев атындағы
жалпы орта мектептің
тарих пәнінің мұғалімі, педагогика
ғылымдарының магистрі,
Атырау қаласы*

XX ғасырдың басында Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған алғашқы санаулы қазақ жастарының азаматтық ұстанымы тұрғысынан халқына жақын болды. Олардың әр-қайсысы елінің болашағына өз өмірлерін арнауға даяр тұрды, ұлтын сүйді, халқына адал қызмет етуді мақсат етті. Олардың басым көпшілігі, өкінішке қарай, заман қасіретіне ұшырап, жалған жаламен қуғын-сүргінге түсіп, жөнсіз сотталып, жер аударылып, лагерлерде отырып, жазықсыз жаламен оққа ұшты.

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі рөл атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты болды. Мұның өзі қазақтарды малға жайлы жер іздеп, үнемі көшіп-қонып жүруге, сөйтіп көшпелі өмірдің ауыр азабын шегуге мәжбүр етті. Ал қысы-жазы тыным таппай, аш-жалаңаш бай малының соңында жүрген кедейлердің өмірі бәрінен де ауыр, әрі аянышты болды.

Көптеген жұқпалы аурулар, соның ішінде малдан жұғатын аурулар қазақ халқын үнемі бақытсыздық жағдайларға душар етіп отырды. Мысалы, бруцеллез, туберкулез, түйнеме (сібір жарасы), құтыру, туляремия (қоян ауруы), шешек, оба, тырысқақ, алапес, безгек, скарлатина (қызылша), дифтерия (құрттамақ), іш сүзегіне қарсы т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Мұндай аурулардың шығу себебін сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді. XIX ғасырда Қазақстанда медициналық қызметпен негізінен бақсылар, сынықшылар, тәуіптер айналысқан. Олар шөппен емдеу, халықтық дәрілерді қолдану, дұғамен емдеу сияқты әдістермен ем жүргізді. Бұл халықтық медицина ресми медицинаның орны толық толмаған жағдайда үлкен рөл атқарды. Шешек-қазақтарға өте ерте кезден белгілі болып келген ауру. Осы аурумен ауырған адамға әртүрлі көмек беру үшін қасына бұрын шешекпен ауырған адамды қалдырып, ел басқа жерге шұғыл түрде көшіп кететін болған. Ауру жатқан киіз үйдің үстіне қара матадан жалау ілінген. Бұл опат аурудың белгісі еді. Шешекке қарсы екпе жұмыстары 1804 жылы жүргізіле бастады. Сол кезде Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен шешекті алдын алу шараларын жүргізу тапсырмасы берілді. Сол кездегі әскери дәрігер Хандожинскийдің көмегімен 25 адамға, оның ішінде 4 қазаққа егілгенін

хабарлаған. Бұл екпе жұмысы үшін дәрігер 1805 жылы марапатталған.

Қазақтар арасынан шешекке қарсы екпе жасайтын мамандарды даярлау жұмысы алғаш рет 1825 жылы басталды. Сол жылы үш қазақ штаб-дәрігер Пятницкийге оқуға жіберіліп, әрқайсысына тәулігіне 15 тиыннан шәкіртақы берілген. 1825 жылы Ішкі Орда үшін Сырлыбай Жәнібеков дайындалған. Пятницкийдің рапортында ол үш ай оқып, «жеткілікті қабілетті» екені айтылып, шешекке қарсы екпе құралдарымен және оқығаны жөнінде арнайы куәлік берілген. Дегенмен қазақтар арасынан екпе мамандарын даярлау өте баяу жүрді. 1825–1845 жылдар аралығында тек 6 адам ғана дайындалған [1].

Қазақстанда алғашқы медицина қызметкерлері XVIII ғасырда пайда болды, олар әскери бөлімдерде қызмет көрсетті. Дегенмен, ұзақ уақыт бойы халықты емдейтін және Қазақстан аумағында санитарлық іс-шаралар өткізетін дипломы бар дәрігерлер болмаған. Бөкей ордасындағы медицинаның дамуы, бүкіл қазақ жеріндегі денсаулық сақтау ісі өркениетінің бастамасы болып табылады. Жәңгір ханның таққа келуімен халықтық медицинаның орнына жүйелі ұйымдастырылған емдеу ісі қалыптасты. Жәңгір өз қол астындағы халқының денсаулығына да үлкен көңіл бөліп отырған. Жәңгірдің білімділігімен мәдениеттілігі нәтижесінде хандықта алғаш рет 1825-1826 жылдары дәріхана, дәрігерлік пункт және Қазақстанда тұңғыш орда қоғамдық ауруханасы ашылды.

Ал XX ғасырдың бас кезінде Ново-Казанкада I дәрігер, 2 фельдшері бар емхана жұмыс жасаған. Оған 1902 жылы 2 орыс, 916 татар, 1755 қазақ, барлығы 3582 адам қаралған. 1906 жылдың жазында осы оба ауруымен күресу үшін Бөкей ордасының территориясында 6 дәрігерлік және 18 фельдшер пункті ашылады. Олардың барлығын Орда қаласында ұйымдастырылған дәрігерлік-санитарлық бас дәрігері басқарған болатын [2].

Ұлы Қазан социалистік төңкерісіне дейін Қазақстанда бірде-бір медициналық оқу орны болған жоқ. Өлкедегі қазақ жастары қоғамық қаржы есебінен Мәскеу, Қазан, Саратов, Томск пен Киев университеттерінің медициналық факульттерінде, Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясында, ал фельдшерлер Орынбор, Омбы, Астрахан, Воронеж қаласының және Кронштадт әскери-фельдшерлік мектептерінде даярланды. Төңкеріске дейінгі Қазақстанда жергілікті халықтар арасында шыққан көптеген дәрігерлер мен фельдшерлердің өмірі мен медициналық қызметі республика медицинасының тарихында жарқын із қалдырды. Олардың көпшілігі Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ социалистік құрылысқа қызу араласып, денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушылары болды.




Қазақстандағы жалпы медицина тарихын зерттеген бірқатар еңбектерде (мысалы, С.Ж.Асфендияров, Н.Ф.Крамчанинов, А.Б.Біртанов, Ғ.Шәңгереев, Ө.Жанбала т.б.) Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі денсаулық сақтау жүйесінің дамуы баяндалғанымен, Атырау өңіріндегі алғашқы дәрігерлердің қызметі және өмірдеректері жекелеп

жазылып қарастырылмаған. Сондай-ақ, Атырау өңіріндегі алғашқы фельдшерлер, ауылдық дәрігерлік учаскелер, көшпелі халыққа медициналық көмек көрсету тәжірибесі туралы мәліметтер Ресей империясының Қазан қаласының архивтерінде кездеседі. Дәстүрлі медициналық көмек алғашқы жоғары білімді дәрігерлер арқылы тек XX ғасырдан бастап көрсетіле бастады десек қателеспейміз. Өлкемізден шыққан алғашқы қазақ дәрігерлер Сырлыбай Жәнібеков, Хамза Қаржасов, Мырзағали Өтепбаев, Сәрсенғали Мұқашев, Шолтыров Махмұд Измайылұлы, Шомбалов Мәжит Мұхамеджанұлы, Халел Шигаев, Қажығали Мәмеков, Халел Досмұхамедов, Дәулетшах Құсапғалиев, Исенғали Қасаболатов, Сүндетов Ахмет Жұмашұлы, Фабриков Иван Ипполитович, Батырғали Жүсіпғалиев, Ниязов Мірахмет (Ахмет) Жүсіпұлы, Мүбина Ниязова, Мұқышов Отарғали, Жандауов Қадим, Қарынбаев Сibaғатолла Рысқалиұлы, Шөтенев Ғали Уәлиұлы, Қалжігітов Хайролла Смадиярұлы сынды тұлғаларды айтамыз. Басқа да көптеген қазақ дәрігерлері мен фельдшерлері қоғамдық істерге белсене араласып, еліміздің денсаулық сақтау ісінің қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Мұрағаттық материалдарды зерттеу барысында 1835 жылы Гурьевке (қазіргі Атырау) арнайы дәрігер тағайындалып, 1863 жылы 10 төсектік лазарет ашылған. Ауруханалар көбінесе нашар жағдайда болған. Мысалы, Гурьевтегі лазаретте арнайы бөлмелердің жоқтығынан қызметкерлер ас үйде немесе науқастармен бірге палаталарда ұйықтаған. 1800 жылдардың орта кезінде Гурьев қалашығында А.И.Козлов, А.М.Красовский деген дәрігерлер жұмыс істеген. Реформадан кейін Гурьев қаласына жергілікті халықты бағынышта ұстау үшін әкелінген әскери бөлімде алғаш рет 15 орындық аурухана ашылған [3].

1825 жылы 28 шілдеде Орынбордағы шекаралық комиссияның жанынан шешекке қарсы күресуді қазақ балаларына оқытып-үйрететін емші (лекарь) белгіленеді. Сөйтіп штаб дәрігері Пятницкийге шешекке қарсы екпе жұмыстарын үйрету үшін тәулігіне 15 тиын төлеп оқытатын 3 қазақ баласы жіберіледі. Осы жылы Орынборда үш ай оқып шешекке қарсы егуге рұқсат куәлігін алып Ордаға жұмыс істеуге Сырлыбай Жәнібеков келеді. 1901 жылы ауруханаға арнайы 2 үй салынып, оның 5 хирургиялық, екіншісі басқа ауруларды емдеу орны болып белгіленген. Оларда 1 дәрігер, 2 фельдшер жұмыс жасаған. 1913 жылы Гурьев уезінде 53 орындық 4 аурухана және 6 емхана болған, оларда 9 дәрігер жұмыс істеген. [4].



Өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, Атырау өңірінде дүниеге келген алғашқы эпидемиолог дәрігердің бірі- Халел Шигаев. Ол 1880 жылы 5 наурызда Бөкей Ордасында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан ерте айырылып, нағашы әжесінің қолында тәлім-тәрбие алады. 1897 жылы Астрахан губерниясы Владимировка селосындағы бір жылдық орыс-қазақ ауыл мектебін бітіреді. 1905-1906 жылдары хан ставкасындағы екі сыныптық педагогикалық курсқа түсіп, төрт

сыныптық училищесін бітіреді. 1906 жылы Астархандық дәрігер Н.Шмидттың ашық арнаулы курсында білім алып, обаға қарсы жұмысына атсалысады. 1909 жылы сол заманның, сол қоғамның ең таңдаулы дәрігерлері білім алған Астархандық дәрігерлік инспекторының фельдшер-акушер мектебін бітіреді. Осы мектепті 1918 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Атырау өңірінде денсаулық сақтау ісін алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болады. А.Сүндетовте осы мектепте білім алады. Х.Шигаевтың қызметі басталған кезеңдегі Гурьев облысының денсаулық ісінің жағдайы өте төмен еді. Оны осы жолдамамен Гурьев облысы, Теңіз ауданына (қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) қарасты Азғыр ауылына фельдшер қызметіне жіберіледі. Немістің бас фашисі Гитлер Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін, 1941 жылы КСРО-ны (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) жаулап алуға соғыс ашты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Мыңдаған Қазақстандықтар да кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастарға аттанды. Соның ішінде Х.Шигаевтың да ұлдары отанын қорғауға аттанды.

Лениннен кейін Сталиннің билікке келуі КСРО-да түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қоғамда әміршілдік-әкімшілдік жүйе идеологиясы өз жемісін бере бастаған 1929 жылды И.Сталин “Ұлы бетбұрыс” жылы деп атады. Сталин үкіметі жүргізген зұлмат 1937 жылы шарықтаған шегіне жеткен еді. Әрі Кеңес республикасында жүздеген мың адам атылды. НКВД қызметкерлері барлық күшін «контрреволюциялық ұйымдарды», «зиянкестерді», «шпиондарды» ұстауға жұмылдырылып, олар өз жоспарын асыра орындау үшін барлық жауыздыққа барды. Сотсыз үкім шығарушы органдар «екілік» және «үштіктер» күшейе түсті. Қазақстан аумағында түзеу мекемелерінің тұтас жүйесін - Степлаг, Карлаг (Қарағанды лагері), АЛЖИР лагерьлерін салынуы болды. Бұл лагерьлерде жазықсыз айыпталған мыңдаған адамдар өз мерзімін өтеді. Олардың қатарында 13 жыл лагерьде қара жұмысқа салынған Х.Шигаевта болды. Х.Шигаевты 1950 жылдың 25 сәуірінде жалған айыппен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 10-тармағымен 10 жылға соттады. Тек, КСРО Жоғары Соты Әскери коллегиясының шешімімен 1955 жылдың 9 маусымда ақталды.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қор бөлімінде Х.Шигаевтың Хан ставкасының төрт сыныптық училищесін бітіргені жөніндегі аттестаты, педагогикалық училищені бітіргені жөнінде берілген куәлігі, фотосуреттері сақталған [4].



Нарын топырағында туып өсіп, өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, өлкемізден шыққан дәрігердің бірі-Қажығали Мәмеков. Ол 1883 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Қажығали кішкентайынан еті тірі, ширақ және айналасын қоршаған түсініксіз құбылыстарды білуге құмар бола біліп өседі. Молдадан үш жыл сауатын ашқан Қажығали онан әрі оқығысы келсе де, құмда оқитын мектеп болмайды. Сонымен ол он жасқа келіп, бірер жыл үйінде отырады. Содан 1893 жылы Ганюшкино (қазіргі Құрманғазы ауданы) селосында 2 кластық орыс-қазақ училищесі ашылады да, 40 оқушының бірі болып оқуға түседі. Осында 13 жылдай білім алып, 1898 жылы негізінен мұғалімдер даярлайтын 6 жылдық Орда (Хан ставкасы) мектебіне түсіп, оны 1901 жылы үздік бағамен бітіреді. Алайда, оның бұдан соңғы ұзақ ғұмыры мұғалімдікке емес, дәрігерлікке айналды.

1900 жылдың қысында Текебай Түбек деген жерден оба ауруы шығып, соған орталық Ресейден азаматтық және әскери медициналық мамандар жіберіледі. Обаның патша үкіметін қорқытқандығы сонша, оның ұшқынын басу жұмысын басқару үшін патша өзінің туысқаны А.П.Ольденбургскийді жібереді. Осында келген дәрігерді тікелей басқару-орыстың әскери-теңіз дәрігері, микробиолог, ғылым докторы В.И.Исаевқа тапсырылады. Міне, осы

Исаевтың келуі және оның обамен күресу мақсатында Ордада үш айлық медицина-санитарлық курс ашуы Қажығали үшін бірден-бір маңызды оқиға болды. Бұл курсты Қажығали барлық сабақтарды үздік беспен тапсырады. Ол Ішкі Қырғыз (Бөкей) ордасының оба, тырысқақ, сүзек, шешек тәрізді қатерлі де, жұқпалы аурулар пайда болған аймақтарында еңбек етіп, өз басында талай қатерге тігеді, талай жандарды ажалдан арашалайды. Солардың ішінде Атырау аймағына әйгілі болған дәрігер Ахмет Сүндетовтың туған ағасы Рахмет Сүндетовтың де үй-іші бар. 1906 жылдың қарашасында бұл үйден обаның белгілері білінеді де, шұғыл шара алу үшін Қ.Мәмеков келеді. Сөйтіп, Р.Сүндетовтың үй-іші обадан аман қалады.

1901 жылдың шілдесінде Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша Кеңестің председателі А.А.Вербов генерал В.И.Исаевтан Қажығалиды Кронштадқа оқуға жіберу туралы хабарлайды. Сөйтіп, Қ.Мәмеков 1902 жылы қыркүйегінде Кронштад жанындағы Николаев теңіз госпиталының фельдшерлер даярлайтын мектебіне оқуға түседі.

1905 жылы 12 сәуірде осы мектепті үздік бітіреді. Ресей бойынша Кронштад мектебін бітірген 135 адамның бірі болды. 1905 жылы мамырда Астраханьдағы губерниялық басқарма жолдамасымен Орда жеріндегі жұқпалы ауруларды қараушы болып орналасады. Сол жылы 27 қазанда Нарынның Бекетай деген жерінде обаның ұшқыны көрініп, оған алдымен әйгілі дәрігер М.Шомбалов пен фельдшер Ш.Өтебаев аттанады да, Қ.Мәмеков Астраханнан келген Констанцев деген дәрігер екеуі лабораторияны түйеге артып, күні-түні жүріп, арада 5 күн өткенде бұларға жетеді. Осылардың үстіне Царицыннан доктор Бобелянц бастаған топ келеді. Сол жылдың желтоқсанында оба ауруы

індеті жойылады, бірақ сол жерге бақылау пункті ұйымдастырылып, оны Мәжит Шомбаловтың өзі қолдана алады да, ал Жаңақаладан ашылған пунктке жауапты Қажығали Мәмеков болады.

Қ.Мәмеков Кронштад мектебін бітіріп, елге оралғаннан бастап, 1917 жылға шейін осы кесепат ауруды жою жолында қызмет етті. 1918 жылы Сарытөбе деген жердегі медпункті басқарады. Сол жылы Ордада Бөкей губерниясы медиктерінің съезіне және Кеңес губерниялық I съезіне делегат болып қатысады. 1920 жылы құмда болған аштыққа қарсы күресу комиссиясының құрамына енеді. Сөйтіп халықты аштықтан алып қалуға септігін тигізеді [5].

1921 жылы Қажығали Сарытөбе болысын басқарып, бір мезгілде медпункт меңгерушісі, Астрахань балық өндірісіне бір айға I Теңіз округінен 5000 адам ұйымдастырудың төтенші өкілі болды. 1929 жылдың басында ол Саратовтағы микробиология және эмидемиология институтының нұсқауымен Жаңақала аудандық оба пунктерінде еңбек етті. 1930 жылдан құрмет демалысқа шыққанға дейін ол Астрахань облысының Малый Арал, Ахтубинск және т.б. елді мекендеріне аурухана және медпункт меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1960 жылдары Гурьевке келіп, 90 жасында 1973 жылы дүние салады.



Халық денсаулығын қорғауда көп еңбек сіңіріп, тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Махмұд Измайылұлы Шолтыров 1885 жылы 5 тамызда Ішкі Орданың Примор округінде дүниеге келген. Бастауыш білімді жергілікті орыс-қазақ мектебінен алады. Одан кейін қазақ оқушыларынан арнайы іріктеліп алынған балаларымен бірге Астрахань гимназиясының толық пансионатына қабылданады. Астрахань гимназиясын бітіргеннен кейін 1905

жылы М.Шолтыров Қазан университетінің дәрігерлік факультетіне түседі. Оқып жүрген кезінде оған Ішкі Орда қазақтары жылына 300 сом стипендия белгілейді. Бірақ 1905 жылы оқиғаға байланысты студенттік толқуларға қатысқаны үшін оқудан шығарылып, Қазан қаласында тұру құқығынан айырылады. Бір жылдай полицияның қатаң бақылауына алынған Шолтыров бұл мезгілде туған ауылында болады. 1906 жылы көптеген студенттер қатарына қайтадан оқуға алынды. Тиісті көмектің кедергілерге жиі ұшырауына, Астрахан губернаторының 1910 жылы Орданың арнайы қаржысы сарқылды деген сылтаумен степендия беруді тоқтатуына қарамастан М.Шолтыров 1911 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Осы жылы И.И.Мечниковтың Қалмақ және Бөкей далаларының теңіз жағалауы бөлігі аймағында оба ауыруының жиі бой көтеруі себебін зерттеуге келген экспедициясының құрамында еңбек етті. Бөкей өлкесінде оба және туберкулез ауруларының туу себептерін зерттеу жұмыстарымен айналысты. Экспедиция мұнымен қоса туберкулездің алдын-ала жұмыстарын да жүргізді. Экспедициялық отряд 2-Примор округіне дейін келіп, әкім Мақаш Бекмұхамбетовтың ставкасында болады, осы маңнан 5-6 шақырым жердегі

Қосай мекенін аралайды. Зерттеуші-дәрігерлер обадан қаза тапқандардың зиратын ашып, бактериологиялық зерттеулер үшін материалдар алады. Сондай-ақ оба белгілері бар жабайы аңдар мен кеміргіштерге бактериологиялық зерттеу жүргізеді. М.Шолтыровтың осы экспедиция құрамында лаборант болып қатысуы болашақта оның обаға қарсы ұзақ жылдар бойы қызмет істеуіне көп көмегін тигізді.

Ол кезде Каспий төңірегінде оба ауруы жыл сайын байқалатын. Әкімшілік орындары медициналық қызмет көрсетуді күшейту шараларының бірі ретінде жаңа 3 дәрігерлік және 17 фельдшерлік пункт ашу жөнінде шешім қабылдайды. Жаңадан ұйымдастырылған 4 дәрігерлік учаске 300 шаршы километр жерде орналасқан халыққа қызмет көрсетті [6].

1912 жылдан бастап Ішкі Ордадағы 2-ші учаскеде дәрігер болып істейді, осы жұмысты істей жүріп, ол Каспий төңірегі, Нарын құмындағы оба ауруын жоюға белсене қатынасады. 1923-1924 жылдары Атырау (Гурьев) және Астахань облыстарының кейбір елді мекендерінде, оба ауруына қарсы күрес жүргізетін ірі отрядтың басшысы ретінде М.Шолтыров көзге түсетіндей көрнекті жұмыс атқарады. 1913-1926 жылдары учаскелік дәрігер болып істеген жылдарында бұрынғы Бөкей губерниясының жерінде болған бірнеше оба экспедициясына қарсы күресте бастан аяқ жұмыс жасайды. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, шәкірті Ахмет Сүндетов өз естелігінде былай жазады: «М.Шолтыров сол ауданда хирургиялық қызмет жасады. Алғашқы рет ішкі органдарға операция жасады, аяғы ауыр әйелдерді қабылдап босандыру және оған акушерлік операция жасады. Ол кісіге жүздеген адам өзінің өмірімен, мыңдаған адам денсаулығымен, бақытымен қарыздар. Өзінің саналы өмірімен тамаша азамат, дәрігер ретінді кейінгілерге жақсы атақ қалдырды».

1936 жылға дейін ол Гурьев облысы Теңіз ауданы, Ганюшкино селосындағы (қазіргі Құрманғазы) Кеңестік денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы дәрігерлердің бірі болды. Ал 1936-1947 жылдары Ганюшкино селосындағы обамен күрес бөлімінің меңгерушісі болды. Халық құрметіне бөленген, көрнекті дәрігер Махмұд Шолтыров 1965 жылы дүние салды [7].



Тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов 1873 жылы 20 сәуірде Ішкі Орданың Талап бөлімінде дүниеге келген. Жергілікті орыс-қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбор азаматтық гимназиясында 10 жыл (бір жылдық дайындық класында) оқиды. Мәжит мұнда гимназия пансионында жатып оқиды. Мәжит Шомбалов 1896 жылы 8 маусымда берілген № 16 кәмелеттік аттестатта: «Шомбалов өзіндік бет-бағдары айқындалған жас, оның бойындағы ерекшеліктерді тәртіптілігі мен ұстамдылығы айқындайды», -деп жазылған гимназия берген мінездемемен білімін одан әрі жалғастыру үшін Қазан университетіне түсуді мақсат етіп, медицина факультетіне өтініш береді. 1885 жылы Орынбор гимназиясын

тәмамдап, сөйтіп 1895 жылы 5 тамызда Қазан университетінің медицина факультетіне студент болып қабылданады. Қазанда студенттердің революциялық үйірмелерінің жұмысына араласқан. Университетте оқып жүрген барлық уақытта Ішкі Орда қазақтары бөлген 304 сом стипендияны пайдаланады. Қызметтік жолын өзі туған жеріндегі емханадан бастаған. 1899-1903 жылдары Орда оба станциясында дәрігер болып жұмыс жасайды. 1903-1917 жылдары Орда ауруханасының меңгерушісі болады. 1903 жылы Казан университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін Ішкі Ордада Хан ставкасы жанындағы ауылдық учаскеде дәрігер, 10 төсектік аурухана меңгерушісі, уезд дәрігері жұмыстарын атқарған [8].

1905-1906 жылдары М.Шомбалов қол қойған есепте 3616 адам амбулаториялық емдеуден өткені айтылған. 10 төсектік ауруханада 81 науқас емделген, 479 адамға үйінде дәрігерлік көмек көрсетілген. Шешекке қарсы 1340 адамға егу жүргізілген. М.Шомбалов оба ауруына қарсы күресте өте маңызды да ұйымдастырушылығы мол жұмыс жүргізді. Ол обаға қарсы күрескен алғашқы қазақ дәрігерінің бірі болды. Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағатында М.Шомбаловтың Ішкі Ордада 10-старшындықтағы Толыбай өңірінде және Астрахан теміржолындағы Жәнібек станциясындағы байқалған оба түрін бірінші болып айқындап, соның нәтижесінде Санкт-Петербургтан дәрігер-бактериологтар келіп, үлкен шаралар жүргізілгендігін куәландыратын құжаттар сақтаулы. 1911 жылы М.Шомбалов далада обаның шығу себебін анықтауға келген И.И.Мечников экспедициясы құрамында зерттеу жұмыстарына қатысады. Ол екі мәрте, 1906 және 1910 жылдары «Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін» арнайы күміс медальмен марапатталды. М.Шомбалов 1918 жылы ВКП(б) мүшелігі қатарына қабылданып, Бөкей ордасында Кеңес өкіметін орнатуға белсене атсалысады. Ол жергілікті халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етуде, медицина қызметкерлерін кеңестік денсаулық сақтау ісінің міндеттерін орындауға жұмылдыруда, жаңа медициналық пунктер, қымызбен емдеу орындарын ашуда зор еңбек етті. Азамат соғысының ауыр кезеңдеріне қарамастан, ол Бөкей губерниясында 370 төсектік, оның ішінде Ордада 100 төсектік аурухана ашады. М. Шомбалов, әсіресе, обамен күрес шаралары мен шешек ауруына қарсы егу жұмыстарына ерекше назар аударды. Обамен күресетін лаборатория, малда кездесетін шешекке қарсы егу орындары мен станциялардың жұмысын жүйелі түрде жүргізуі М.Шомбаловтың болашақта бактериологиялық институт ашу жайлы мәселе көтеруіне негіз болады. Қазақстандағы фармацевтикалық білімнің тұңғыш ошағы-Семей фармацевтика техникумының құрылып, қалыптасуы М.Шомбалов есімімен тығыз байланысты [9].



М.Шомбалов обаға қарсы күреске белсенді араласқан қазақ дәрігерлерінің алғашқысы болды. Мәжит Шомбалов обаның таралуына кеміргіштермен қоса, түйелер де себеп болуы мүмкін екенін анықтаған. Түйелерге вакцина салып, зерттеп тәжірибе жасаған. Дәрігер обаға қарсы вакцина ойлап таппаса да, жұқпалы ауруды зерттеуге көп үлес қосты. Дәрігер ауруды жеңу

үшін медицина мамандары ғана емес, қарапайым халықта ат салысуы керек екенін түсінді, сол себепті ол ауыл-аймақты аралап, науқасты оқшаулау, оның киім-кешегін қайнатып жуу сияқты негізгі сақтану амалдарын үйреткен. Дәл осы уақытта Оралда обаға қарсы зертхана ашылды, Бұл Қазақстандағы алғашқы мамандырылған эпидемияға қарсы және ғылыми-тәжірибелік мекеме болды. Дегенмен, зертхана шағын, әрі онда құрал-жабдық аз еді.

М.Шомбалов Астрахань темір жолы бойындағы Жәнібек бекетінде байқалған обаның бубон деген түрін бірінші анықтаған. Бубон обасы-ол суыр секілді жабайы кеміргештерде жүретін бүрге, кене арқылы тарайтын бактериялық ауру. Шомбалов Санкт-Петербургтен бактериолог-дәрігерлер шақыртып, үлкен шараларға араласқан [10].

Сол кездегі обаға қарсы күрескен дәрігерлердің өздері де ауру жұқтырып, көз жұмып жатты. Бірақ Шомбалов еш ойланбастан обаның өршіп тұрған ошағына өз еркімен кірді. Халықты аурудан сақтау үшін, емдеп-жазу үшін барын салды.

1906-1910 жылдары Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін арнайы күміс белгімен марапатталады. Азамат соғысының ауыр кезеңдеріне қарамастан, Бөкей губерниясында 370 төсектік, оның ішінде Ордада 100 төсектік аурухана ашады. 1923-1930 жылдары Денсаулық сақтау халық комиссариатының орынбасарлығы қызметінде ол денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде танылған. 1929-1938 жылдары Қазақтың республикалық дәріхана басқармасының бастығы, біраз уақыт Орал қаласында обаға қарсы станциясының меңгерушісі болды. Қазақстанда тұңғыш рет Семей фармацевтика техникумының, Алматы медицина институтының ашылуына белсене араласқан. Қазақ дәріхана басқармасын ұйымдастыруға тікелей қатынасып, тұңғыш басшысы болған. Республикалық дәріханаға М.Шомбаловтың есімі берілген. Комиссариатта ана мен баланы қорғау бөлімін ұйымдастыруға және осы бөлімдердің жергілікті жерлерде ұйымдасуына белсенді еңбек еткен. Өмірінің соңғы жылдары Оралдағы обамен күрес станциясында меңгеруші болып еңбек атқарды.

М. Шомбалов НКВД-ның жалған айыппен бірнеше рет түрмеге қамалған. 1939 жылдың 28 шілдесіне дейінгі уақыт аралығында қамауда болды, кейін «қылмысының дәлелденбеуі» себебінен босатылды. Қамаудан босатылған соң елге оралып, дәрігерлік қызметін жалғастырады. Бірақ көп уақыт өтпей жатып, 1940 жылдың 24 қарашасында қайта түрмеге жабылды. Бұл жолғы себеп те сол қызметтегі «антисоветтік көзқарасы» еді. Екі жылдан кейін оны түрмеден

босатады, бірақ кейін тағы да жалған айыппен түрмеге жабады. М.Шомбалов түрмеде 1940 жылы қайтыс болады. Оған тағылған айып тек 1990 жылы жақын туысы Абиль Ташевтің жинақтаған құжаттарының арқасында ғана жазықсыз деп танылды [11].

Атырау өңірінің XX ғасыр басындағы алғашқы қазақ дәрігерлері медициналық қызмет көрсетудің негізін қалап, халықтың денсаулығын жақсартуға елеулі үлес қосты. Олардың қажырлы еңбегі мен табандылығы қазіргі заманғы медицинаның дамуына жол ашты. Бұл зерттеу олардың еңбегін бағалап, болашақ ұрпаққа үлгі етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бар саналы ғұмырларын өз халқына адал қызмет етуге арнаған ұлт зиялылары өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халыққа, туған еліне қызмет етіп, дәрігерлік істің дамуына, халықтың жағдайының сауығуына көптеген еңбек сіңірді. Олардың еңбегі мен ерлігі қазіргі және болашақ ұрпақ үшін үлгі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР ОМА, 693-қор, 1- тізбе, 13-іс, 7-8 п.
2. ҚР ОМА, 14-қор, 3-тізбе, 6- іс, 757-758-п.
3. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-16684/1)
4. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-16683/1-10)
5. Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-589, 1-5. П-33).
6. «Ақиқат» газеті (30.10.2020). С.Ордабеков «Алғашқы Дәрігер».
7. Газет. «Прикаспийская коммуна» М.Жолжанов «Первый фельдшер» 18.02.1992 г.
8. Ғ.Шәңгереев, Ө. Жанбала. «Атырау медицинасының шежіресі». Алматы, «Арыс» баспасы, 2010. -303 б.- 14-бет.
9. Газет.«Прикаспийская коммуна» Ш.Дауенов «Знатные люди моего аула» 26.01.1999 г.
10. Н.Ф.Крамчанинов «Вопросы истории медицины и здравоохранения Казахстана, Россия (XVIII-XX вв.)» Алматы-Глобус-2020 г.
11. Сахара газеті. Н.Қамиева «Бөкей ордасынан шыққан тұңғыш эпидемиолог» 24 шілде, 2014 ж.

ГУРЬЕВ МҰНАЙ ТЕХНИКУМЫ ТАРИХЫНАН

Рамазанова А.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты*

Республика мұнай-газ өнеркәсібі маман кадрларының өсу, толығу үрдісін де 1930 жылы ашылған алғашқы орта арнаулы оқу орнының маңызы ерекше. 1929 жылы маусымда өткен Гурьев округтік партия ұйымының екінші пленумы «Ембімұнай тресін» мамандармен қамтуды бірінші кезеңдегі міндет ретінде қойып, сол жылы желтоқсанда Халық шаруашылығы жоғары кеңесіне Гурьевте мұнай техникумын ашу мәселесін қойды.

1930 жылдың наурыз айында жоғары кеңес өз қаулысымен мұнай техникумын ашуға қаулы қабылдады. 1930 жылы 2 мамырда Гурьевте Ф.Голощекин атындағы Тау-кен мұнай техникумы ашылды. Оқу жоспары 3 жылдық мерзімге жасалды. «Ембімұнай тресі» техникумға білікті, жоғары білімді мамандар жіберді.

Техникум директоры Бушнев Анатолий Николаевич 1929 жылы КОМВУЗ-ды бітірген маман болса, оның орынбасары Исмурзин Өмірзақ 1918 жылы Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген ұйымдастырушы еді. Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, инженер Кудрявцев Николай Александрович директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары ретінде тағайындалды [1, 12-п.].

1932 жылы техникумда 27 оқытушы, 7 әкімшілік шаруашылық қызметкері, 11 көмекші қызметкер, барлығы 46 адам жұмыс жасады.

Мұғалім кадрлары арасында жоғары білімді, техника, мұнай, құрылыс саласы мамандары Е.Г.Старцев механика пәнінен, С.П.Данилов құрылыс ісінен, М.Мясник машина құрылысынан, Н.А.Кудрявцев бұрғылау ісінен, И.А.Васильев мұнай кәсіпшілігін ұйымдастырудан, Сотников мұнай ғылыми, химиясынан дәріс берді [2, 23-п.].

Мұнай техникумының қалыптасып дамуында белгілі қоғам қайраткері С.Қарымсақов пен «Ембімұнай тресі» басшысы Я.Лаврентьев еңбектері ерекше. 1930 жылы мамыр айында техникумның дайындық тобына 40 оқушы, негізгі курсына 80 оқушы қабылданды. Техникумда оқу 3 тамызда басталды. Бастапқы кезде техникум төрт сала бойынша мамандар дайындады: 1) механикалық бөлім; 2) мұнай-газ ұңғыларын пайдалану; 3) мұнай-газ ұңғыларын бұрғылау; 4) құрылыс бөлімі.

1931 жылы геология және геофизика бөлімдері ашылды. 1933 жылы техникумды 61 маман бітірді. Оның ішінде 21-і техник-механик, 17-сі бұрғылау шебері, 14-і құрылыс шебері, 2-і пайдалану маманы. Бітірген мамандар ішінде 14 жергілікті ұлт өкілі болды. Бұл қазақ жастарының техникалық мамандықты игеруінің бастамасы еді. Алғашқы мұнайшы мамандар 1939-1940 жылдары Баку өнеркәсібі академиясының басшы кадрлар курсын бітірді.

Техникумның оқу жоспары Баку мұнай техникумынан алынды. 1933-1935 жылдары техникум оқушылары Әзірбайжан мұнай кәсіпшіліктеріне оқу-өндірістік тәжірибеге жіберілді.

Оқу мерзімінің төрт жылға ұзартылуына орай 1934 жылы бітірушілер болған жоқ.

1935 жылы техникумды 43 адам бітірсе, оның 18 техник-механик, 13 кәсіпшілік технигі, 12 техник-геолог мамандар бітірді. Бітірушілер ішінде 16 жергілікті ұлт мамандары болды. Мұнай техникумы студенттері түгелдей «Ембімұнай» тресті есебінен стипендиямен қамтамасыз етілді. 1930 жылғы 15 қарашадағы стипендия комиссиясы отырысында оқитын студенттер тұрмыс жағдайына қарай үш категорияға бөлінді.

Бірінші категорияға тіркелген студенттер айына 40 сом, екінші категория 50 сом, үшінші категория 60 сом стипендия алды. Стипендия комиссиясы отырысы шешімі бойынша студенттер төмендегідей категорияға бөлінді. Ол бойынша 37 студент екінші категорияға, 39 студент үшінші категорияға бөлінді [2, 4-п.].

Техникум түлектері түгелдей «Ембімұнай» трестіне, КСРО отын өнеркәсібі министрлігінің № 2022 бұйрығымен құрылған «Ақтөбемұнай» трестіне бөлінді.

1933 жылы 9 шілдеде өткен құрамында С.Қарымсақов, Гутин, Нұржігітов, Горкин, Кокушкин, Зиболотников, Илюхин бар мемлекеттік комиссия техникумының бірінші түлектерін бөлді [3, 49-51-пп.].

Жылдан-жылға техникумның жағдайы жақсарып, оқушыларға кәсіптің қыр-сырын меңгеру үшін мүмкіншіліктер артты. Егер ашылған жылы техникумға мемлекеттік бюджеттен 162 мың сом бөлінсе, 1940- ылы ол қаржы 862 400 сомға өсті.

1940 жылы мамыр айында Гурьев мұнай техникумы өзінің он жылдық мерейтойын жасады. Осы уақыт ішінде техникум қабырғасынан 287 түлек орта арнаулы білім алып, қызметке орналасқан екен. 1940 жылы Қазақстан мұнай комбинаты жүйесінде Гурьев мұнай техникумының 133 түлегі қызмет атқарды. Олардың 3-еуі директор мен бас инженер, 9-ы аға инженер, 10-ы жәй инженер, ал 13 түлегі бөлім бастығы қызметінде еңбек етті.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы үш жыл ішінде, яғни 1938-1940 жылдары бұл техникумды 87 адам аяқтап шықты және олардың 26-сы мұнай кәсіпшіліктерінде қызмет атқарды.

1941-жылы маусым айында осы техникумды 38 адам аяқтап, Сағыз кәсіпшілігіне 5 адам, Ескенеге - 3, Жақсымайға - 1, Гурьев каласындағы Мұнай іздеу Кеңсесі Барлау қызметіне - 9, Құлсарыға - 4, Байшонасқа - 1, Доссорға - 2, Шұбарқұдыққа - 2, Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясына - 5, Мақатқа - 1, Қосшағылға - 3, Ақтөбемұнай іздеу кеңсесі барлау қызметіне - 2 адам жолдама алды.

Дей тұрғанмен, орта арнаулы маман даярлау мәселесінде ұлт саясатының бұрмаланғандығын көруге болады. Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы жылдары

Гурьев мұнай техникумына оқуға жергілікті халық өкілі – қазақ жастары аз тартылды.

1938-1940 жылдар ішінде осы техникумды 87 маман аяқтаса, соның тек 27-сі ғана қазақ болды. Ал, 1941 жылдың қаңтарында Гурьев мұнай техникумында 245 адам оқыса, соның тек 18-і ғана қазақ халқы өкілінен болатын. Осы жылы маусым айында техникумды бітірген 38 түлектің тек қана 4-еуі қазақ болды.

Жергілікті халық өкілінің оқуға аз тартылуының негізгі себептерінің бірі – ол тіл кедергісінен болды. Гурьев мұнай техникумында өткізілетін 38 пәннің 37-сі орыс тілінде, қазақ тілі сабағы қазақша жүретін. Оның үстіне сабақ беретін жалғыз бір қазақ тілі пәнінің мұғалімінен басқалары басқа ұлт өкілінен еді. Әрі олар қазақша түсінбейтін.

Мұндай жағдайда алғашқы және жетіжылдық білімді ана тілінде оқыған қазақ балалары техникумға түсе алмайтын, ал түскен жағдайда да оқуын алып жүре алмайтын. Сондықтан бұл техникумға негізінен орыстар және қалада орысша оқып білім алған басқа ұлт өкілдері оқуға жиі тартылушы еді.

Осындай ұйымдық кедергілерге қарамастан Гурьев мұнай техникумы, білікті-білгір маман дайындауда 1960 жылдарға дейін жалғыз оқу орны ретінде тіркелді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

тырау Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 232-қор, 1-тізім, 18-іс.

тырау Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. АтОММ. 232-қор, 1-тізім, 4-іс.

тырау Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. АтОММ. 232-қор, 1-тізім, 39-іс.

ихайлов Ф.К. К истории профессионально технического образование в Казахстане // Из истории Социалистического строительство в Казахстане. – Алма-Ата, 1960.

ГУРЬЕВ БАЛЫҚШЫ МАМАНДАРЫ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ

Насиполла А.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты

Қазақстанның балық шаруашылығының тарихы қай заманда да зерттеушілердің назарын өзіне аударып келді. Бұл жағдай балық шаруашылығының тарихнамасын саралай отырып, оның өзіндік даму кезеңдерін анықтауға болады. XVIII ғасырдан бастау алатын түрлі экспедициялар қазақ даласындағы балық қоры туралы мәліметтерді жинақтап, оларда су қорлары мен аталмыш саланың экономикалық тиімділігі мәселелерін қарастырды. XIX ғасырда Н.А.Бородин, А.Покотиллов, Н.Я.Данилевский, С.Серюгин, Н.Агутиндердің [1] Еділ-Жайық өзендеріндегі балық аулау мәселелеріне арналған еңбектері жарық көрді. Олар Жайық бойындағы балық кәсіпшіліктерін қалыптастыруға, оны дамыту жолдарына үкімет назарын аударуға тырысты.

Дегенмен, зерттеушілер қалың қазақ мекендеген Жайық бойларын патша меншігі ретінде таныды, жергілікті тұрғындарға мән бере қоймады. XX ғасыр басында Каспий өңіріндегі балық кәсіпшілігі мәселелері Н.Навозов, И.В.Кучин, И.Д.Ливкин, И.П.Хорошхин, Л.С.Берг [2] зерттеулерінде толығымен түсті. Мәселен, Н.Навозов Жайық-Каспий бассейніндегі ихтиофаунаға, И.В.Кучин, И.Д.Ливкин балық аулау, оны дамыту, сауда-саттыққа, И.П.Хорошхин казак-орыстардың кәсіпшіліктеріне, Л.С.Берг балық өсірудегі тұщы сулар мәселелеріне ерекше тоқталған. Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, кеңестік жүйенің орнауы балық кәсіпшілігі тарихына да өзіндік әсерін тигізді. Басқа шаруашылық салалары секілді, балық кәсіпшілігі де тікелей мемлекет құзырына берілді. Елдегі төңкерістер, азамат соғыстары, индустрияландыру, ұжымдастыру т.б. оқиғалар мұнда да орын алды. Белгілі дәрежеде осы саланы әрі қарай зерттеу XX ғасырдың 50-жылдарына дейін тоқтап қалғандай көрінді.

Өйткені, 1917-1950 жылдар аралығындағы Жайық-Каспийдегі балық кәсіпшілігінің тарихы жөнінде сүбелі еңбектер қалың көпшілік қолына тимеді. 1950-ші жылдардан кейінгі мерзімде Б.И.Бабиннің [3], А.А.Киселев [4], В.П.Пятковский [5], М.П.Панов [6], И.Л.Бештаның [7] ізденістерін атауға болады. Қазақстанға еш қатысы болмаса да, оларда шаруашылыққа партиялық басшылықтың жүзеге асырылуы, алғашқы бесжылдықтар, қорытындылар, социалистік қайта құрулар секілді балық кәсіпшілігінің дамуындағы ортақ мәселелер қарастырылды. Солардың ішінде Б.И.Бабиннің 1927-1931 жылдардағы Астрахан облысындағы балық шаруашылықтарындағы өзгерістерді зерттеген монографиясында Каспий өңіріндегі балық өндірісіне қазақтардың қатысуы туралы деректер біз үшін құнды. Олармен қатар Қазақстандағы өзгерістер туралы А.С.Елагин, С.Т.Тілепов, С.Т.Қожабаевтың еңбектерінде жарияланды [8].

Қазақстанның батыс өңіріндегі кеңес өкіметінің орнауы туралы қайта құрылулар барысын қамтыған зерттеулер сол кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін

көрсетеді. Олардан біз алғашқы қазақ балық кәсіпшіліктерінің жағдайы туралы мол мәліметтер ала аламыз. Көп ұзамай балық шаруашылығы тарихына тікелей қатысы бар арнайы диссертациялар қорғала бастады. Х.А.Мұхамбетов, Х.Б.Табылдиев, Ж.Б.Бақиев зерттеулері – соның айғағы [10]. Х.А.Мұхамбетов, Х.Б.Табылдиевтер Гурьев қаласының 1937 жылға дейінгі дамуын саралап, оның төңірегінде орналасқан қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, экономикалық жағдайын, саяси белсенділігін мұрағат деректері негізінде алғаш рет кешенді түрде зерттеген. Ал, Ж.Б.Бақиевтің «Қазақстанның балық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру (1917-1937 жж.)» атты жұмысы балық шаруашылығының мән-жайын арнайы зерттеген алғашқы сүбелі зерттеу болғандығын атап өтеміз.

Ғалым тұңғыш рет тақырыпқа қатысты мол мұрағат деректерін ғылыми айналымға қосты. Зерттеуші ХХ ғасырдан бастап 30 жылдардың аяғына дейінгі кезеңде Қазақстан аумағында балық шаруашылығының қалыптасуына баса назар аударып, социалистік балық өнеркәсібінің құрылуын және балық шаруашылығын басқа шаруашылық түрлерімен салыстыра келе, оның ел тұрмысында елеулі рөл атқарып, жергілікті халықтың табыс көзіне айналғандығын айқындайды. Ж.Б.Бақиев зерттеуінің жалғасы ретінде 1977 жылы «Орал-Каспий бассейніндегі балық өнеркәсібін дамытудағы Қазақстан партия ұйымдарының қызметі (1928-1941 ж. маусым)» атты О.Есқалиевтің диссертациясы қорғалды [11]. Автор Орал-Каспий бассейніндегі социалистік балық шаруашылығын дамытудағы Қазақстан партия ұйымдарының қызметін зерделеді. Бұл кезеңдердегі балық шаруашылығының экономикалық тиімділігін де анықтау барысындағы зерттеулердің қорытындысы көрінді.

Мәселен, осындай талаппен жазылған М.Т.Таировтың еңбегі де кандидаттық диссертация ретінде қорғалды. Автор Қазақ КСР балық шаруашылығын дамытуда ішкі су айдындарын пайдалану тұрғындарды балық және балық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін табиғи көл, су қоймаларын және өзендерді толық пайдалану қажеттігін көрсетті. Бірақ, зерттеуші еңбегінде Арал бассейнінің солтүстік-шығыс бөлігін зерттеу нысаны етіп алып, Жайық-Каспий өңіріне тоқталмады және оның себебін «аймақтың тікелей Одаққа бағынуы» деп түсіндірді [12, с.5]. Балық шаруашылығының экономикалық тиімділігі мәселелері С.Қаженбаев, А.Нюжгировтың еңбектерінде талданған [13]. Олар балық өндірісінің техника-экономикалық көрсеткіштері мен статистикалық мәліметтері арқылы республиканың балық өнеркәсібінің жағдайын анықтайды. Зерттеу нысанына қатысты біраз мәселелер Ж.И.Ишмуратов, М.А.Ақынжанов, Г.Темиртасов еңбектерінде де көтерілген [14]. Оларда Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балықшылар, олардың ерен еңбектері туралы құнды мәліметтер кездеседі.

Балық шаруашылығының тарихын жаңаша саралау өткен ғасырдың 90-жылдарында көріне бастады.

Тақырыптың тарихнамасына қосылған қомақты үлес ретінде 2007 жылы қорғалған К.Б.Меңдігереевтің кандидаттық диссертациясын және осы

тақырыптағы оқу құралын атап өтеміз [15]. XIX ғасырдың басынан бастап XX ғасырдың басындағы балық кәсіпшілігінің дамуы кешенді түрде мұрағат қорларына сүйене отырып зерттелген. Автор 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның батыс өңіріндегі балық шаруашылығының қалыптасуы мен дамуын тиянақты талдап, өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне сыни баға берген. 2008 жылы Болат Сырымұлы Нығыметов «Қазақстанның батыс өңірінде балық шаруашылығының даму тарихы (1941 - 1991 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, кейін оқу құралын жариялады [16]. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына байланысты Ұлы Отан соғысы жылдарында өлкемізге байланысты жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтары және Қ.Досқалиевтің еңбегі жарық көрді [17].

Каспий теңізі жағалауларында орналасқан балық кәсіпшіліктерінің қалыптасу тарихы, балықшылардың қызметі жөнінде, Маңғыстау түбегіндегі балық өндірісінің дамуы туралы деректер В.С.Ужкенов, С.Т.Тілепов еңбектерінде кездеседі [18]. Кейбір мағлұматтар, естеліктер, әсіресе балықшылардың және балық кәсіпшіліктерінің алғашқы қадамдары жөнінде А.Қарағұлов, К.Кулагин, Ж.Ароновтың публистикалық еңбектерінде көптеген деректер беріледі [19]. Сол сияқты, А.А.Чибилев өзінің ғылыми-танымдық еңбектеріннің өзегі ретінде Жайық-Каспий бассейнінің табиғаты, табиғи қорларын игеру және зерттеу, сонымен қатар экологиялық проблемаларын көтереді [20]. Соңғы зерттеулерден, Атырау облыстық саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жұмыс тобы мүшелері Ахметова Ұлжан Төлегенқызы [21]. мен Сармурзина Нағима Нәжімеденқызының [21]. соғыс қарсаңында және отты жылдары Астрахан-Прорва еңбекпен түзету лагері қызметкерлерінің балық аулауға қосқан үлестері туралы зерттеулерін айтуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бородин Н.А. Каспийско-Волжское рыболовство и его экономическое значение. – СПб, 1803. – 225 с.; Доклад о нуждах Уральского рыбного промысла. – Уральск, 1889. – 56 с.; Правила производства рыболовства в Уральском Казачьем войске. – Уральск, 1894.; Покотиллов А. Описание рыболовства по реке Урал и Каспийском море // Журнал Министерства внутренних дел. – 1831. – №2. – с. 46-85.; Данилевский Н. Я. Краткий очерк рыбного хозяйства на Урале // Вестник ИРГО. – 1858. – 155 с.; Серюгин С. Киргизы – работники морского рыболовства // Туркестанский сборник. – Т. 25. – 1869. – 127 с.; Агутин Н. Об открытии лова рыбы на побережье Каспийского моря // Уральские войсковые ведомости. – 1869. – № 3. – с. 74-125.

2. Навозов Н. Материалы к ихтиофауне бассейне реки Урала // Вестник рыбопромышленности. – 1902. – № 8. – с.88-155; Кучин И.В. О развитии рыболовства Урала и Приуралья. – Уфа, 1908. – 125 с.; Ливкин И.Д. Рыболовство и тюлений промысел на Восточном побережье Каспийского моря. – СПб, 1902.

– 108 с.; Хорошхин И.П. Краткое описание рыболовства Уральского казачьего войска. – Спб, 1902. – 227 с.; Берг Л.С. Рыбы пресных вод Российской империи. – Москва, 1916. – 312 с.

3. Бабин Б.Н. Астраханская партийная организация в борьбе за подготовку и проведение коллективизация рыболовецких хозяйств Астраханского округа в 1927-1931 гг. // Автореферат... к.и.н. – Москва, 1954. – 30 с.

4. Киселев А.А. Освоение богатств Кольского полуострова в годы первой пятилетки // Автореферат... к.и.н. – Ленинград, 1958. – 34 с.

5. Пятковский В.П. Социалистическое преобразование Кольского полуострова в годы второй пятилетки // Автореферат... к.и.н. – Ленинград, 1965. – 30 с.

6. Панова М.П. Партийное руководство движением за коммунистический труд в рыбной промышленности (1959-1965 гг.) (На материалах Калининградской области и советских республик Прибалтики) // Автореферат... к.и.н. – Москва, 1967. – 30 с.

7. Бешта И.Л. Начало социалистического преобразования рыбного хозяйств кооперирование рыболовецких хозяйств в 1921-1926 гг. // Автореферат... к.и.н. – Ленинград, 1967. – 28 с.

8. Елагин А.С. Переход на мирную работу по восстановлению народного хозяйства в западном Казахстане (1921-1925 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1951. – 306 с.; Тлепов С.Т. Установление и укрепление Советской власти на Мангышлаке (1917-1927 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1964. – 218 с.; Кожобаев С.Т. Борьба трудящихся Прикаспийских районов Казахстана за победу Советской власти (1917-1920 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1965. – 283 с.

9. Мухаметов Х.А. Дореволюционный город Гурьев и его время. Рукопись... к.и.н. – Алматы, 1972. – 215 с.; Табылдиев Х.Б. История социалистического Гурьева (1917-1937 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1973. – 214 с.; Бакиев Ж.Б. Социалистическое преобразование рыбного хозяйства (1917-1937). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1972. – 284 с.

10. Ескалиев О. Деятельность партийной организаций Казахстана по развитию рыбной промышленности Урало-Каспийского бассейна (1928 – июнь 1941 г.) // Автореферат... к.и.н. – Алма-Ата, 1977. – 23 с.

11. Таиров М.Т. Рыбное хозяйство Казахской ССР и перспективы его развитие // Автореферат... к.и.н. – Алма-Ата, 1974. – 20 с.

12. Каженбаев С.К., Ньюжиров А. Рыбная промышленность Казахстана /стат. справочник/ – Москва: Пищевая промышленность, 1968. – 175 с.; Каженбаев С.К. Рыбное хозяйства Казахстана и проблемы повышения его эффективности. – Алма-Ата, 1987. – 173 с.

13. Ишмуратов Ж.И. Трудовые подвиги и помощь фронту трудящихся Гурьевской области в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1971. – 302 с.; Акинжанов М.А. Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) // Автореферат... к.и.н. – Алма-Ата, 1973. – 30 с.;

Темиртасов Г. Становление и идейно-организационное укрепление Гурьевской областной партийной организации (1938-1945 гг.). Рукопись... к.и.н. – Алма-Ата, 1977. – 201 с.

14. Мендігереев К.Б. Батыс Қазақстан аумағындағы балық шаруашылығының даму тарихы (1801-1917 жж.) // Тарих ғылым. кандидаты... диссертация қолжазбасы. – Атырау, 2007. – 130 б.

15. Нығметов Б.С. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі. (1941-1991 жж.) 7-Атырау-2018.-224 бет.

16. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг. Сборник документов и материалов Т.1. июнь 1941-1943 гг. – Алма-Ата, 1964. – 596 с.; Отты жылдар (құжаттар жинағы). – Алматы, 2005. – 194 б.; Мұрағат деректері – Халық қазынасы. – Алматы, 2004. – 274 б.; Доскалиев С.Т. Сражающемуся Сталинграду. – Алматы, 1983. – 108 с.

17. Ужкенов В.С. Каспий – край рыбацкой славы. – Алматы, 1987. – 183 с.; Тлепов С.Т. Страницы истории Мангышлака. – Алма-Ата, 1980. – 167 с.

18. Қарағұлов А. Баламасы жоқ байлық. – Атырау, 2003. – 98 б.; Кулагин К. Морской лов. – Ақтобе, 2004. – 228 с.; Аронов Ж. Алдыңғы толқын – ағалар. – Алматы, 2005. – 184 б.

19. Чибилев А.А. Дорога к Каспию. – Алматы, 1988. – 284 с.; Река Урал. – Ленинград, 1987. – 168 с.

20. Ахметова Ұ.Т. Атырау облысына қоныс аудару – архив құжаттарында.\\ Атырау өңіріндегі саяси қуғын-сүргін. Мақалалар жинағы – Атырау: «ASSEM» ЖШС, 2022 ж. - 292 б.

21. Сармурзина Н. Сталиндік қуғындау шараларының әділетсіздігі.\\ Атырау өңіріндегі саяси қуғын-сүргін. Мақалалар жинағы – Атырау: «ASSEM» ЖШС, 2022 ж. – 292.

ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Ерте темір дәуірі Батыс Қазақстан аймағында өзінің өшпес ізін қалдырған дәуірі. Өкінішке қарай халқымыздың осы тарихи кезеңі мардымсыз зерттелген. Осы еңбегімде осы олқылықты қолымнан келгенше көрсетуге тырыстым.

Сарматтар - көне дәуірде Қазақстанның батыс өлкелерін, Оңтүстік Орал алқаптарын мекендеген, үлкен тобы Еділден батысқа қарай өтіп, Солтүстік Қара теңіз өңірлерін жайлаған тайпалардың шартты атауы. «Сарматтар», «Сарматия» сияқты атаулар антик дәуірінің жазба деректерінен келген және көптеген тайпалар мен олардың одақтарына таңылатын жалпылама ұғым болып табылады. Грек деректерінде Сарматар б.з.б. IV ғ-дан, яғни олардың Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал өлкелерінен батысқа қарай жылжуы басталған кезден бастап кездеседі.

Страбонның «Географиясында» (б.з.б. 65 жыл) язығ, роксолан, аорс, сирак сияқты сармат тайпаларының аты беріледі. Қазіргі ғалымдар алдыңғы екеуін еуропалық, ал кейінгі екеуін азиялық Сарматияға жатқызады. Сарматардың бұдан кейінгі тарихы да қымғуыт соғыстар мен жорықтарға толы. Б.з.б. I ғ-дың соңына қарай әуелі Дон маңында, кейінірек Қара теңіз өлкелерінде «алан» тайпалық одағы қалыптасып, көп ұзамай Сарматардың басқа да топтарын өзіне қосып алады. Еуропадағы сармат-аландардың патшалығы бұдан соң германдық готтардың, түркі тілдес ғұндардың араласуымен тікелей байланыста дамыды. IV ғасырдың соңында ғұндар аландарды талқандап, өздеріне қосып алғаны белгілі. Сарматардың тарихын, оларға қатысты түрлі оқиғаларды сараптауда көне грек, рим деректері басшылыққа алынса, мұны қосымша нақтылауда, әсіресе тайпалардың мәдени-шаруашылық мінездемесін жасауда қазіргі заманның археология деректері аса зор рөл атқарады.

Сарматтар өздері басып алған елдің саяси өміріне мықтап араласқан. Мысалы, б.з.д. II ғ. соңында Понтия патшасы Митридаттың қолбасшысы Диафантпен болған соғыста роксоландар скифтерге қосылды. Б.з.д. I ғ. Митридат Римге қарсы күрескенде сарматтар оның жағында болған. Б.з.д. 49-жылы римдіктер мен сарматтар бірлесіп, Боспор патшасының одақтастары сирактарды (сармат тайпасы) жеңеді. Аландар (Оралдың оңтүстік өңірінен шыққандар, сарматтармен туыстас тайпалар) Қара теңіздің солтүстік өңірінен дейін жетеді. Кейін ғұндарға қосылып, Испаниядан бір шығады.

Б.з.б. IV ғ. басында савроматтар Доннан Ембіге дейінгі территорияны алып жатты. Осы кезде олардың екі мәдениеті қалыптасты. Олар: Батыс Болғар-Дон мәдениеті, және Шығыс-Орал мәдениеті. Сармат тайпалары өлген адамның қабырын балшықпен сылап не таптап, өлген адамды басын түскейге қаратып, шалқасынан жатқызып қоятын болған.

Жайық пен Каспий жағалауы сарматардың құты мекені болды. Сондықтан олардың жүздеген обасы мен тұрақтары қалды. Біздің жерде сарматтар адам жерлеу үшін обалар жасауды қолға алған. Олар о дүниеде де өмір сүретіне сенген. Сөдіктан Атырау жерінде жүздеген қорғандар қалған. Жолайшағыл құмтөбелі қабірі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылы маңындағы құмшағылда орналасқан. 2006 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің экспедициясы, Жолайшағыл құмындағы сарматтық «құмтөбелі қабірде» жүргізген қазбадан, алтыннан, асыл тастан, темірден, қыштан жасалған заттар табылды. Құмтөбелі қабірлер Батыс Қазақстан аймағындағы құмдарда кездесетін ерекше ескерткіштер. Қазба кезінде Сарматтық дәуірге жататын жартылай тоналаған «Алтын ханымының» қабірі ашылды.

Сарматтық ескерткіштердің көбісі тоналған. Жолайшағыл қабірі тоналмай жетіп отыр. Тонаушылар үшін құмтөбелі қабірлерді табу қиын болған. Бұның өзі оның сақталуына себеп болған.

Қабірдің дәл орны Қарабау ауылынан солтүстікте 3 шақырым жердегі Жолайшағыл құмындағы жел ашқан «қабір». Географиялық координаты: N 98 28 810. EO 52 56 725. Бұл нысан сармат кезеңіндегі «Құмтөбелі қабір» болған. Жолайшағыл құмының көлемі 300 x 200 метр, биіктігі 3-5 метр, солтүстіктен – оңтүстікке созылып жатыр. Қатты жел соққанда жергілікті тұрғындар алтыннан жасалған зергерлік бұйымдар мен құмыралар тауып алады. Бұл хабар Ортағасырлық Қорғанша қаласында археологиялық қазба жұмысын жүргізіп жатқан Атырау мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясына (АМУАЭ - 2005) жетеді [36].

Шұғыл түрде «Жолайшағыл құмтөбелі» қабірінде қазба жұмысы жүргізіледі. Қабірдің құрлысы қандай болғаны белгісіз. Қабір аумағының диаметрі 1,5 м, құм қалыңдығы 1,5 м. Қабір құмшағылдың оңтүстік беткейінде жел ашқан алаңқайда орналасқан. Құм үстінде шашылған адам мен мал сүйектері жатыр. Адам қаңқаларынан: жақ, бас, саусақ, қол, аяқ, қабырға сүйектері бар. Оның арасында малдың әр түрлі сүйек сынықтары араласып жатыр. Құм қабірі 30 см. тереңдіке дейін қазылды. Құм арасынан жүздеген майда моншақтар, алтыннан, темірден, тастан жасалған заттар, сүйек сынықтары табылды.

Қабірден табылған, ауыл тұрғындарынан қос тұтқалы амфора, 1 қыш көзе алынды. Бұл заттардың бастапқы тұрған орнынан белгісіз.

Құм астындағы заттар өте жақсы сақталған. Құм үймекті тазарту барысында, солтүстік тұсынан өте жақсы сақталған 1 көзе табылды. Ол тігінен қойылған, оның сырты қара түспен боялған, жылтыратылған, шарықта жасалған. Затарға сипатама жасайық .

Алтын алқа - өте жақсы сақталған. Оның шынжыр бауы мен басына ілінген, алтын алқа, ақ түсті мозайкамен көмкерілген, бір-біріне қарап тұрған құстұмсықты (грифон) және одан төмен 5 шынжырлы қоңырау тәрізді салпыншақтар ілінген. Шынжыр бауының ұзындығы 30 см., көлемі 4x4 см.

Алтын сырға. – Сырғаның қара асыл тастан салған көзі бар, бес салпыншақты. Көлемі: ұзындығы- 5 см.

Алтын сырға. Сырғаның көзі түсіп қалған, үстінде оралған сым темір түрінде жасалған ілгегі бар. Көлемі: ұзындығы -6 см.

Алтын түтікті – зат. Ортасында 2 ілгегі бар, екі басында ілгек орны сақталған, ортасында ақ сырлы жолақ белдеуі бар. Көлемі: 4x1 см.

Көзе. Құмыра қолмен жасалған, ернеуі сәл сыртқа қайрылған. Сырты дөрекілеу жасалған. Отқа күйген ізі бар. Көлемі: биіктігі -8 см., ернеу аумағы – 5 см.

Моншақ. Қазба үстіндегі құмға шашылған дөңгелек формалы, ақық-сердоликтен жасалған, көлемі: 1-1,5 см. қызыл қоңыр түсті 25 дана моншақ жиналды.

Моншақ. 3 ірі моншақ. Көлемі: -2 см., болатын ақық-сердолик тасты.

Моншақ. Қара тастан жасалған бес моншақ табылды. Үш бұрышты болып келген, ұшында тесігі бар. Бұл моншақтар сердолик моншағымен бірге бір тізбеде болған.

Көзе. Шарықта жасалған, қара түсті, ернеуі жалпақ, түбі шар түрінде жасалған. Көлемі: биіктігі-8 см., ернеуінің аумағы 5 см.

Темір құрал. Көлемі: ұзындығы-25 см., басындағы қалақ көлемі: 4x3 см., болады.

Жебе ұштары. Қоладан жасалған 12 дана. Үш қырлы, түтікті жебе ұштары.

Пышақ. Көлемі: ұзындығы 14- см., ені -2 см. нашар сақталған.

Моншақтар. Қабірден өте майда диаметрі 3 мм., болатын әртүрлі пастандан, тастан, кристалдан т.б. заттардан жасалған 300 дана моншақ тастары жиналды. Бұл моншақтар киімге тігілген болса керек.

Амфора. Сонымен бірге қос тұтқалы құмыр шықты. Оның көлемі: биіктігі – 25 см., ернеу аумағы-10 см. Қызыл түсті саздан жасалған, сырты қызыл ангобен боялған. Оның бетінде жөндеу кезінде пайдаланған, шегенделген шеге іздерінің тесігі бар.

Семсер. Ұзындығы-1 метр, ені -5 см., тұтқасының басында шеңберлі доғасы бар, қалқаны тік жасалған.

Қола айна. Көлемі: аумағы-10 см., сақталуы өте нашар, бірнеше бөлікке сынған.

Сонау б.з.б. VIII ғасырдан б.з. IV ғасырына дейін Батыс Қазақстан, Каспий ойпатында өзінің төл мәдениетін қалыптастырған савромат-сармат тайпаларының тарихы келешекте зерттеле бермек. Сонымен бірге Каспий ойпатындағы сарматтардың «Құмтөбелі қабірлері» өзінің ерекшелігімен бөлінеді. Кезінде құнарлы, нулы, сулы алқапта савромат-сарматтар мекендеп, өздерінің мыңдаған ескерткіштерін қалдырған. Савромат-сарматтар Батыс Қазақстан жерін б.з.б. VII-I ғасырларда мекендеген.

Қорыта келгенде Жолай шағыл құмтөбелі қабірі Сарматтың дәуіріне жатады. Өз заманында сармат Каспий ойпатын мекендегені белгілі. Олардың жалпы мекендеген аумағы біздің эрамызға дейін VII-I ғасырларда шығыста арал

теңізі, солтүстікте Орал тауына дейін, оңтүстікте Каспий, Үстірт өңірін, батыста Дунайға дейін қамтып жатқан алып империя болған. Грек, Рим, Шығыс, Европамен, Сақтармен сауда жасады.

Жолай шағыл құмтөбелі қабірінің жасалу кезеңі біздің эрамызға дейінгі II-I ғасырларға жатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

миров К.Ф. Савроматы. М.,1964. С.197.

асенов М.С.Жангелді II қорғаны.«Қадырбаев оқулары - 2014». IV Халықаралық ғылыми конференциясы./ Материалы IV Международная научная конференция

асенов М.С. Жолайшағыл құмтөбелі обасы. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің. Хабаршысы. Гуанитарлық ғылымдар сериясы. Атырау, 2012. №1(24). 56-63 бет

орғанша қаласындағы,Жолайшағыл құмтөбелі қабіріндегі археологиялық зерттеу жұмысының және Атырау облысында жүргізілген археологиялық барлау жұмысының 2006 жылғы есебі. Атырау, 2007.

ЖИЕНБАЙ БАҚИ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ

Бекжанова Ж.У.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистранты

Ұлтына, халқына қызмет еткен адам ерен еңбегі мен атқарған қоғамдық-саяси қызметімен тұлғаланады. Өмір өткен сайын, ұрпақ жадында сақталады. Сондай қоғам қайраткерінің бірі – ұлағатты ұстаз, ғалым, «Құрмет» орденінің иегері Жиенбай Базарбайұлы Бақи(1936-2023). Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті – қасиетті де қазыналы Атырау өлкесіндегі ірі ғылыми оқу орталығы.

Оқу орны 1940 жылдан бері елімізге қажетті мамандарды дайындап келеді. Алғашында орта мектеп мұғалімдерін, ғылыми-педагогикалық мамандарды даярласа, бүгінде заман талабына орай экономика, заң, ауыл шаруашылығы, мәдениет пен өнер, журналистика, туризм салаларының сұраныстарын қамтып көпсалалы оқу орнына айналды. Университет еліміздің батыс аймағындағы білім мен ғылымның ордасы болып табылады. Оқу орнының ұжымы Отанымыздың саяси-қоғамдық тыныс-тіршілігімен бірге қайнап, даму жолында еңбек етіп келеді. Барлық ғылыми орталықтар мен зертханалар, қоғамдық бірлестіктер, жастар ұйымдары, әлеуметтік бағдарламалар, оқыту технологиялары тек қана сапалы білім беруге, білікті де бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға қызмет етеді

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарихы 1940 жылдан басталады. Мұғалімдер институты 1955 жылы педагогикалық институтқа, 1994 жылы Атырау университетіне айналып, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Халел Досмұхамедовтің есімі берілді.

Бүгінгі таңда университет Қазақстанның батыс өңіріне қажетті мамандар даярлап отырған көпсалалы оқу орны.

1956 жылдан бері Гурьев педагогика институтының құрамында тарих, тіл және әдебиет пәндері мұғалімдерін дайындап келді, 1959 жылдан – тарих-филология, 1991 жылдан бастап – тарих факультеті. 2000 жылдан тарих факультетінен құқықтану, филология факультетінен шет тілі мамандықтары бөлініп шығып, тарих және филология мамандықтары бірігіп, тарих-филология факультеті болып қайта құрылды. 2006 жылдан бастап - гуманитарлық факультеті, кейін 2011 жылы профессор-оқытушылар құрамының ұсынысымен тарих-филология факультеті атауы қайтарылды.

Факультет құрылған кезде алғашқы деканы болған тарих ғылымдарының докторы, профессор Зұлқарнай Алдамжарұлы Алдамжар болды. Кейінгі кездері факультет декандары болып қызмет атқарғандар: Нұрбақыт Иманғалиұлы Өтегенов, Николай Егорович Бахарев, Жиенбай Базарбайұлы Бақи, Ибатолла Камешұлы Камешов, Ғинаятолла Нығметұлы Нығмет, Асхат Сәлімұлы Иманғалиев, Алдар Сарсенұлы Сарсенов, Төлеубай Төлепбергенұлы Төлепбергени, Жеңісбек Жүпболұлы Мұстафин, Сания Ибрагимқызы Камелова, Қылышбай Сүндетұлы, Гульфайруз Қайырғалиева.

Факультет бітірген көптеген шәкірттер бұл күндері университет, институт, колледж, мектеп оқытушылары, сонымен бірге әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, Парламент Сенаты, облыстық, қалалық, аудандық маслихат депутаттары, әкімшілік, ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау қызмет саласының, мұрағат, мұражай қызметкерлері. Оларға қосымша әр жылдары университетте жұмыс жасаған және жұмыс жасап келе жатқан, шәкірттер арасында Қ.Досқалиев, Т.Жаспамбетов, Г.Б.Каленова, Н.М.Борисова, С.А.Бенделиани, Ж.К.Жұмабаева, Ж.Б.Шаяхметова, Ф.Ы.Рысқалиева, К.М.Жаулин, А.П.Марданов, А.О.Тұрдалиев, Ф.А.Халухаева, Р.С.Гилманова, Н.Ж.Өмірзақова, М.А.Матжанова, С.И.Камелова, В.И.Ермолчева, Г.Б.Байжігітова, М.А.Адрисова және т.б. ұстаздарды айтуға болады.

Факультетте оқу-әдістемелік жұмыстардың барлығы мемлекеттік стандарт пен типтік оқу жоспарларға сәйкес жүргізіледі. Студенттерге терең және жүйелі білім беру мақсатында оқытудың сан-алуан әдістемелік жетістіктері, қорытынды бақылау тәсілдері жан-жақты қолданылады.

Оқу-әдістемелік жұмыстардың сапасын арттыру үшін кафедраларда тұрақты түрде методикалық семинарлар ұйымдастырылған. Факультет оқытушылары түрлі ғылыми-практикалық проблемаларға арналған конференциялар жұмыстарына қатысып, білім беру мекемелерімен, кітапханалармен тұрақты байланыста болып, дөңгелек үстелдер, тәжірибе алмасу шараларына ерекше назар аударады.

Тарих факультетінде алғашқы түлектер бітіріп шыққан 50 жылдың ішінде қазіргі кезде елімізге кеңінен танымал көптеген тұлғалар білім алды. Олардың қатарында Парламент Сенаты және Мәжілісінің депутаттары Амангелді Айталы, Леонид Бурлаков, Сәрсенбай Еңсегенов, ақындар Фариза Оңғарсынова, Қадыр Жүсіп, Маржан Ершуова, ғалымдар Асхат Иманғалиев, Әбілсейіт Мұқтар, Ғизатолла Халидуллин, Ғабит Кенжебаев, Лесқали Бердіғожин басқа да танымал түлектер бар [33]. Факультет еліміздің көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарымен, оқу орындарымен байланыс орнатып отыр. Әсіресе Алматы, Астана, Ақтөбе және Орал қалаларының ғылыми орталықтары мен университеттерімен ұзақ жылғы байланысымыз қалыптасты. Бұдан басқа облыс орталығындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен, облыстық мұрағатпен облыс тарихына қатысты көптеген өзекті мәселелерді бірлесе шешу, зерттеу жұмыстарын жүргізу дәстүрге айналды. Зұлқарнай Алдамжар қызмет еткен Қазақстан тарихы кафедрасы 1993 жылғы 23-ақпанда құрылды.

Кафедраның бастауында тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар З.А.Алдамжаров, Х.Б.Табылдиевтердің есімдерімен тығыз байланысты.

Кафедраның алғашқы құрамы: профессор Х.Б.Табылдиев, доценттер Ж.Б.Бақи, А.С.Сәрсенов, аға оқытушылар К.М.Жаулин, А.П.Марданов, Г.Қ.Қайырғалиева, Г.Ш.Шұғайыпова, және аспирантураны бітірген мамандар Ә.Қ.Мұхтар, Қ.С.Мұхитов болды.

Әр жылдары Ұлттық Ғылым Академиясы Шығыстану институтының бас маманы, профессор, т.ғ.д. Көшім Есмағамбетов, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессорлары, т.ғ.д. Мәмбет Қойгелдиев, Қуаныш Қаражанов, т.ғ.к. Төреғали Қаратаев, Қазақтың Абай атындағы университетінің профессорлары, т.ғ.д. Бейімбет Ирмұқанов, Ғизатолла Халидуллин, Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессорлары, т.ғ.д. Хангелді Әбжанов, Өмірзақ Озғанбай, Ақтөбеден – профессорлар, т.ғ.д. Нұртаза Абдоллаев, Нұрлан Мұқлисов, Оралдан – профессорлар, т.ғ.д. Тұяқбай Рысбеков, Бақтығұл Бірімжаров, Мұрат Сыдықов, Москвадан – профессорлар, т.ғ.д. Найля Бекмаханова, Дина Аманжолова, Элистадан – профессорлар, т.ғ.д. Петр Михайлович Кольцов, Владимир Иванович Колесник және тағы басқалары жас ғалымдар мен аспиранттарға, магистранттарға ғылыми кеңестер беріп, студенттерге арнайы курстардан лекциялар оқыды. Көрнекті тарихшы-ғалым Ә.Мұқтар өзінің естелік мақаласында 1980 жылдардың аяғында Гурьев пединститутында жас тарихшылардың жаңа буыны өсіп, жетілгенін және осы абройлы істе Ж.Бақи өлшеусіз еңбегі болғанын баяндайды.

«Міне мұның барлығы тарихшыға үлкен жауапкершілік жүктеді. Соны сезінгендіктен де ол тарихшылардың жаңа буынын дайындауға күш салды. Атырау педагогикалық институтында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болғанда төңірегіне Ғ.Кенжебаев, Қ.Мұхитов, Л.Бердіғожин, Ө.Исенов, Б.Нығметов, С.Сапанов, А.Сабиров, А.Ахмет, Ұ.Т.Ахметова, Ә.Мұқтаров сынды жас ғалымдарды жинады. Олардың барлығы сол кезеңде нақты зерттеу тақырыбын алып, ғылымға құлшына кірісті. Қазақстанның солтүстігінде жоғары

білікті тарихшы ғалымдарды дайындау мақсатында аспирантура ашып қана қоймай, арнайы 07.00.02. Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы) мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғататын диссертациялық кеңес құрды. Бүгінде жоғарыда аталған бір уақыттағы жас оқытушылар ғылым докторлары, ғылым кандидаттары ғана емес, сонымен бірге үлкен лауазым иелері» деп жазады. Жиенбай Бақи шығармашылығының негізін Қазақстан тарихындағы тұлғалар өмірі мен қызметі құрайды. Соның ішінде Ғани Мұратбаев туралы келелі зерттеулері бар. Атыраулық Кеңес Одағы Батырлары туралы да зерттеуі бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті-орта ғасырдан астам уақыт бойы аймақтың білімі мен ғылымына қызмет көрсету. Атырау, 2010 - 444 б.
2. Бақи Ж.Б. Жалынды өмір. Атырау, 2002.- 125 б.
3. Бақи Ж.Б. Ғанидың жұлдызы. Ақтөбе, 2006. -143 б.
4. Бақи Ж.Б. Өмір белестері. Атырау, 2006. -53 б.

КЕНЖЕБАЙ МӘДЕНОВ: ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

Бердіғожин Л.Б.,

тарих ғылымдарының докторы

Алипова Д.Ж.,

тарих магистрі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Мәденов Кенжебай 1925 жылы 19 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы Қаракөл ауылдық кеңесінде кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. Мәденов Кенжебайдың әкесі – Керешев Мәден 1880 жылы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында туып-өскен, саудагер Керештің ұлы болған. Атақты жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының рулас-аталас ағайыны. Кіші жүз он екі ата байыұлы, беріш руы жайық бөлімі болып келеді. 1920-30 жылдары Қызылқоға ауданы орталығының кооперативінде жұмыс істеген. 1951 жылы Орал қаласында қайтыс болған. Анасы – Керешова Жамиға, 1902 жылы Қаратөбе ауданының Батпақкөл ауылдық кеңесінде туып өскен.

Үлкен ағасы – Мәденов Өтеген 1914 жылы Ұлы Отан соғысына қатысушы. Соғыстан кейін Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Приуральный аудандарында партиялық-кеңестік қызметте, Орал қаласындағы облыстық партия комитетінде жұмыс істеді. 1982 жылы қайтыс болды.

1920 жылы дүниеге келген ағасы Мәденов Алтынбай 1944 жылы Прибалтика майданында қайтыс болған. Өзіне тетелес 1923 жылы туылған ағасы

Мәденов Жауылбай 1942 жылы Старая Русса маңындағы майданында қайтыс болған. Қарындасы Мәденова Сағия 1932 жылы дүниеге келген, 2000 жылы дүние салды. Өзінен төрт жасы кіші інісі Мәденов Еркебай 1929 жылы дүниеге келіп, 2013 жылы қайтты.

Әйелі Уәлиева Қазиза 1930 жылы Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Гурьев қаласында «Өнерпаз» тұрмыс үйінде тігіншебері болып қызмет істеді. 2006 жылы өмірден өтті. Әйелінің әкесі Уәли Иманғожин, Ұлы Отан соғысына қатысқан кісі еді. Анасы Иманғожина Болпаш екеуі Қаратөбе ауданының Ленин колхозында шопан болып жұмыс істеді.

Соғыс басталған уақытта Мәденов Кенжебай 16 жаста еді. Өзінен үлкен үш ағасы Өтеген, Алтынбай және Жаулыбай Отан қорғау үшін майданға аттанады. Отбасында Кенжебай балалардың үлкені болып қалады және 9-сынып бітіргеннен кейін, аудандық шикізат дайындау конторында есепші, аға есепші болып жұмысқа орналасады.

1943 жылы 8 қаңтарда 18 жасқа толмай тұрып, Қызыл Армия қатарына өз еркімен аттанды. 1943 жылы қарашада Краснохолмск әскери-пехоттық училищесінің кіші командирлерді дайындау бойынша курсын аяқтаған соң 3-Украина майданының 8-гвардиялық армиясының 57-атқыштар дивизиясының 170-гвардиялық атқыштар полкінің станковтік-пулемет бөлімшесінің командирі болып Кривой-Рог түбіндегі шайқасына қатысты. 5-екпінді армия офицерлік пехоттық курсын аяқтаған соң, «кіші лейтенант» офицерлік атағын алып, 1944 жылы қарашадан бастап, 1-Белоруссиялық майданда 5-екпінді армия, 266-атқыштар дивизиясының, 1008-атқыштар полкі, 2-батальон ротасының 5-атқыштар взводына басшылық етті.

Оңжағалық Украинаны (Днепр өзені), Молдавия аумағын (Ясса-Кишиневтік операция), Польшаны, оның астанасы Варшаваны, Германияны (Висла-Одерлік операция) азат ету бойынша әскери шабуылдардың және Берлин шабуылының (Берлиндік операция) қатынасушысы.

Ұлы Отан соғысының майдандарында Кенжебай Мәденов қаһармандық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Әскери шабуылдарда фашистік Германияның цитаделі – Берлин қаласында Берлиндік Ратуша шабуылында ол жеке-дара батырлық пен ержүректілік көрсетіп, ерен ерлік жасады. Бұл туралы Кеңес Одағының маршалы Г.К. Жуков өзінің «Естеліктер мен толғаныстар» деген кітабында жазды.

Соғыс кезінде К. Мәденов екі рет жарақат алды.

Фашистік Германияның капитуляциясынан кейін Солтүстік Кавказдық әскери округте рота командирінің орынбасары лауазымында қызмет атқарды.

1947-1949 жылдары «Заготживсырьё» Қаратөбе аудандық конторында бас есепші болып жасады. 1950 жылдан бастап және өмірінің соңына дейін Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазақ КСР мемлекеттік қауіпсіздік органдарында 1956 жылдан бастап Гурьев облысы бойынша жұмыс істеді.

1961 жылы Алматы қаласында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірді.

Әскери қызметтің барлық бөліктерінде подполковник К.Мәденов азаматтық борышты адал атқарудың үлгісін көрсетті. Қарапайым, кішіпейіл және қайырымды болатын. Ол жолдастарының зор құрметіне бөленген жан. Өскелең ұрпақ арасында үлкен әскери-патриоттық жұмыстар жүргізді.

Жауынгерлік ерлігі үшін Кенжебай Мәденов екі «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Жоғары командованиядан сегіз алғыс алды. Ұзақ жылғы және мінсіз қызметі үшін медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

К.Мәденовтің ерлігі туралы өз кітаптарында көптеген авторлар: әскери басшылар, жазушылар, журналистер жазды. Республикалық және жергілікті баспасөзде ол туралы мақалалар, әңгімелер мен очерктер басылды. Оның есімі мектеп оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығына жазылды.

К.Мәденов туралы жазған авторлардың ішінде:

– Г.К. Жуков. «Воспоминания и размышления». В 3-х т., Москва, «Агентство печати Новости», 1986;

– Клаус Похе, Ганс Олива. «Соғыс аяқталған түн». Берлин, Неміс әскери баспасы, 1962;

– Ф.Е. Боков. «Весна победы». Москва, Воениздат, 1979, Москва, «Мысль», 1985;

– «Штурм Берлина». Воспоминания, письма, дневники участников боев за Берлин. Москва, «Воениздат», 1948;

– М. Мержанов. «Бұл осылай болған». Алматы, «Қазақстан», 1977;

– М. Мержанов. «Так это было». Москва, «Политиздат», 1975;

– П.С. Белан. «Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечественной войны». Алма-Ата, «Наука», 1979;

– Ғ. Сланов. «Тайсойған түлектері». Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Жазушы», 1981, 6 том.

– М.К. Қозыбаев, И.М. Қозыбаев. «Қазақстан тарихы» (қазақ мектептерінің 10 сынып оқушыларына арналған оқу құралы). Алматы. «Атамұра-Қазақстан», 1993.

– Қ.Р. Аманжолов. «Шайқаста шыңдалған достық».

2001 жылы желтоқсанда Қазақстанның 10 жылдығы тәуелсіздігіне Атырау облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік департаментінің ғимаратында Кенжебай Мәденовтің құрметіне мемориалдық тақта орнатылды.

2005 жылы Атырау қаласында «Жерұйық» мөлтекауданының бір көшесіне оның есімі берілді.

Кенжебай Мәденовке «Халық қаһарманы» атағын беруді Берік Қорқытұлы, Аманғали Әміржанұлы, Құмарғали Ғабдешев, Жүсіп Хисымов, Төлеген Жаңабаев және т.б. сынды белгілі журналистер әр жылдарда өз мақалаларында және очерктерінде бірнеше рет қозғады.

1974 жылы 50 жасқа қараған шағында Гурьев қаласында қайтыс болды. Зайыбы Уәлиева Қазизамен төрт ұл, үш қыз тәрбиеледі. Қазір Атырау, Астрахань, Орал қалаларында ұл мен қыздары, немере-жиендері, туған-туыстары тұрады. Өнегелі өмірі мен даңқты ерлігі бар атадан туған ұрпақтары адалдық пен шыншылдықтың, қайсарлық пен табандылықтың, ерлік пен өнегеліліктің символы – Кенжебай Мәденовты жадыларында ұстап, Батыр атамыз деп мақтан тұтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ратушаға ту тіккен қазақ батыры. - Атырау, «Ақ Жайық», 2015.
2. Ұлы жеңістің 80-жылдығына және ратушаға алғаш жеңіс туын тіккен батыр Кенжебай Мәденовтың 100 - жылдығына арналған «Отан соғысы: ерлікпен қаһармандық жолы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы Атырау, 19.02.2025г

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ

Урумбасаров Б.М.,
магистрант

Заулкашев Б.А.,
магистрант

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Өлкемізде мұнай-газ кен орындарының ашылуына, 1930 жылдары жоғары білікті мұнайшы мамандарының қалыптасуында, алаш ардақтысы Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаевтың (1897-1937) еңбегі ерекше. Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Шыққан тегі он екі ата байұлының шеркеш руынан. Оның жауғашты, батырқожа бөлімінен. Миялы өңірінде туған әкесі Мұқаш Атшыбаев Батыс алашорданы қолдап, оның қызметіне қатысқан кісілердің бірі болды. Оның әкесі Атшыбай 1869-1870 жылдардағы патша үкіметінің әкімшілік реформасына қарсы кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысқан болатын.

Мұқаш Атшыбайұлы орысша сауатты кісі болып, сауда саттықпен айналысып біршама дәулетті кісі ғана емес, байлығын ел игілігіне жұмсаған мәрт кісі болған. Батыс Алашорда құрылып, оның әскері мен милициясын ұстауға қаржы жинағанда алғаш көмектескен адамдардың бірі. Жымпиты уезіне қараған Қаратөбе қалашығындағы «3-Орал облыстық қазақ съезі» - тарихта «Қаратөбе съезі» деп аталған. 1918 жылдың 18 ақпанында өтті. Ойыл, Гурьев, Орал, Жымпиты, Тайпақ өңірі өкілдері қатысып баяндаманы Халел Досмұхамедов жасайды. «Әскер құрмасақ қалай ел боламыз, әскер құрайық» деп шешім қабылдайды. Әр түтін 100 сом ақша қоссын деген шешім қабылданады.

Мұқаштың Беркінғали, Хасанғали, Әжіғали деген ұлдары болған. Беркін мен Әжіғалиды 6 жастан орысша оқуға берген. Беркін Қаракөлдегі бір кластық(атақты қызыл үй мектебі), Гурьевтегі екі кластық, одан соң Орал реалдық училищесін бітірген.

1918 жылы төртінші Орал облыстық қазақ съезінің қарарына сай Жымпитыда ашылған Ойыл облысы жігіттерінен офицерлер даярлайтын алты айлық юнкерлік мектепке түседі. Жымпитыда өткен Орал облыстық қазақтардың 1918 жылғы 18 мамырдағы 4 съезінде Сабырғали Сарғожин Алашорда әскерінің бас қолбашысы болып бекіген және жаңаша құрамда Алаш әскерін құру тапсырылған.

Міне осы бағытта ашылған мектепті бітіріп, прапорщик шенін алған соң Беркінғали Атшыбаев Алашорданың Батыс бөлігін басқару бөлімшесінің бас интенданты болып тағайындалады. Алаш әскерін азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі, құралмен қамтамасыз етуде, Батыс Сібір және ағылшын елдерімен қарым-қатынас жасауда көп еңбек сіңірген. Әсіресе, оның осы керекті заттарға қол жеткізу үшін Қызылқоға, Сағыз уездік земствосы арқылы Сібірдің оңтүстік батыс астықты аймақтарындағы кооперативтер мен жергілікті орыс-казактардың Орал, Ілбішін, Қаратөбе базарларында айырбас сауда жасауына жол ашқан тарихи еңбегінің мәні зор болды. Уақытша үкіметтің кеңсесі Уфада, «Учредительное собрание» дегені Самарада болды. Осылармен терезесі тең дәрежеде араласып Беркінғали Батыс Алашорда әскеріне арнайы 2000 мылтық, 37 пулемет, 2 зеңбірек, 2 автомобиль алады.

Беркінғали Атшыбаев Батыс Алашорда мен мұнай өндіруші мекемелер арасындағы байланысты да қадағалады. Мұнайлы өлкенің осы кезеңдегі дамуы Жайық орыс-казак әскері Гурьев уезі атаманы мен Батыс Алашорданың үкіметі жүргізген саясатқа байланысты болды. Көмірсутегі өнімінен түсетін пайдаға олар тәуелді болып, кәсіпшіліктерге өз ықпалдарын орнатуға тырысты.

«Ағайынды Нобельдер» мұнай қоғамының 1919 жылдың 26 шілдесінде Ресейдің Оңтүстік қарулы күштері Бас басқармасы жанындағы Отын комитеті төрағасы П.П.Бедновқа жіберген хатында кәсіпшіліктер туралы мәліметтер берілген. 1919 жылы шілдеде жергілікті жерде 1 150 000 пұт мұнай өнімі болса, оның Ракушада – 600 000 пұт, Мақатта – 410 000 пұт, Доссорда – 110 000 пұты сақталған. Мұнай бағасы Ракушада 1 пұт 9 сом тұрады. Оған әскери басқарма 1 сом 40 тиын, қорғаныс комитеті 1 сом 90 тиын салық қосады. Кәсіпшіліктерде өндіру, бұрғылау қондырғылары 1917 жылдан ақша болмауы себепті тоқтап тұр. Батыс Алашорда үкіметі әрекеттерін төмендегі деректерден байқаймыз.

«Алаштың куәлігі болсын! Жеделхат. Ракөш. Басқарушы инженер Г.С.Гросвальд мырзаға. Сіздің сұрағыңызға орай хабарлаймын: Жайықтың арғы бетінен келгендердің мұнай мен кірәсін сатып алуға қырғыз үкіметінің куәлігі болуы керек. Әскерден басқаға жанармай сатуға рұқсат жоқ. Жергілікті қажеттер үшін кірәсін жіберуге ерекше куәліктің қажеті жоқ. Бірақ бізге кірәсіннің Ракөштің ішінде де облыстық басқарманың рұқсатымен жібергені орынды.

Орал орыс-казак әскерлері Әскери үкіметінің 1919 жылғы 13 тамыздағы

№ 2051 қатынас қағазының көшірмесінен Алаш – Орда Батыс бөлімшесінің Үкіметіне:

Төменгі поселкелер мен әскерді нан және басқа азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатымен мұнай кәсіпшіліктерімен мұнай кірәсін ақшаға емес нан, пішен және басқа тағамдарға жіберіледі.

Азық-түліктің бағасы иесінің қалауы бойынша кесіледі.

Бұрын соңды қырғыздардың мұнай мен кірәсінді бәлшебектерге жиі өткізіп жіберуіне байланысты олар Қырғыз уездік және облыстық земство басқармаларының куәліктерімен жіберілетін болады.

Сонымен бірге, Әскери үкімет Алаш-Орда үкіметінен мұнай мен кірәсінді бәлшебектерге жібермеуі үшін қажетті шараларды алуды сұрайды. 1918-1920 жылдардағы елдегі азаматтық қарсылық большевиктер партиясы басқарған Кеңестер жағына шешілер тұста 1919 жылы 10 шілдеде Қазақ революциялық комитеті құрылады. Қазақ Революциялық комитеті 1920 жылдың 5 наурызында «Алашорданың Батыс бөлімін тарату (жою) туралы» қаулысын қабылдайды.

Қаулыда төмендегі жазбалар бар.

1. Қазақ ұлттық Алашорда үкіметінің Батыс бөлімінің жауапты басшыларын Қазақ өлкесінде Кеңес өкіметі нық орнап кеткенше қазақ еңбекшілерінен жырақ ұстау. Келіп отырған жауапты қызметкерлер ішінен Жанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Карим Жәлелов (мәтінде Джамалов) және Беркінғали Атшыбаев Москваға немесе басқа орталық губернияларға жіберілсін.

2. Алашордашылардың дүние-мүліктері қай жерде болса да қазыналық болсын, жекеменшік болсын, мүліктерді тиісінше бөлуге құзіреті бар бірден бір өкілетті орган – Ревкомның айрықша пәрмені болғанша есепке алынсын.

3. Алашорда үкіметінің, оған бағынышты органдардың түпкілікті жойылуына байланысты барлық мәселе жуырда өтетін Ревком мәжілісінде қаралсын, газеттерге Алашорда мен Ревком арасында ешқандай келісімнің болмағаны туралы тұрғындарға жария етілсін, ал бұл алашордашылардың өту шарты Ревкомның жауабында көрсетілген, яғни алашордашылардың жеке басына қатысты қолсұғушылық болмайды және бұрынғы саяси әрекеттері үшін жарияланған амнистия өз күшінде қалады.

4. Кеңестермен ниеттес қазақтар мен көшіп келгендердің арасында Батыс алашордалықтардың белсенді мүшелеріне қатысты жеккөрушіліктің барын ескере отырып, оларға Ревком мүшелігі, басқа да жауапты жұмыс беруді тоқтата тұру. (Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Ревком қаулыларынан алынған). Беркінғали Атшыбаев 1920 жылдың жазында ықпалды бестіктің алғашқысы болып, Орынборға жіберіліп, Қазревкомның Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Әбдірахман Әйтиевтің ұсынысымен іс жүргізуші болып жұмысқа қабылданады. Б.Атшыбаевтың кеңестік жүйедегі еңбек жолы басталды. Ол орысша, немісше сауатты еді. Осы жұмыста, Әбдірахман Әйтиевпен бірге Жайық бойында кеңес билігін орнатуға қатысқан Дәрібай Бижанұлы Хангереевпен (1890-1938) танысып, жақын араласады. 1922 жылы құрылған Ембімұнай тресті басқармасы,

1924-1929 жылдары Мәскеуде орналасты. 1928 жылы жергілікті басшылықты нығайту мақсатында басқарма Гурьевке көшірілді. Қызылордадан тікелей Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары болып келген Хангереев бірден жұмысқа Атшыбаевты алғанын архив деректерінің өзі айғақтайды. Архив қорындағы №558 істе Хангереев Дәрібай туралы мол мағлұмат бар. НКВД тергеушілеріне берген жауабында Хангереев 1927 жылдың мамырынан 1930 жылдың қазанына дейін Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары болдым. Осы жұмыста жүргенде Беркінғали Атшыбаевты өз жағыма тарттым деп жауап береді. Басында Доссорда, кейін Гурьевте трест қызметкері ретінде жақсы жағынан көрінген Атшыбаев 1930 жылдары геологиялық барлау партияларының геологы қызметіне тағайындалады. Осы жерде өзі білім алған Мәскеу политехникалық институтының профессоры атақты ғалым Иван Михайлович Губкин (1871-1939) есімін еске түсіреміз.

Атақты геолог, Мәскеу мұнай институтының негізін қалаушы (1930 жылы Мәскеу политехникалық институты дербес алты институтқа бөлінді. Сол жылдан Мәскеу мұнай институты) И.М. Губкин мұнайлы Ембіде 70-80 кен орын бар екенін ғылыми дәлелдеп, 1930 жылдары, «Үлкен Ембі» перспективті жоспарын жасауға үлес қосты. 1930 жылы Ембімұнай тресті жанынан геологиялық мекеме ашылды. Ол бірнеше бюродан тұрды. Доссор бюросын С.А. Кудашов, Мақат бюросын С.А. Лебедев, Байшонас бюросын Б.Н. Бочкаров, Қаратон бюросын А.С. Королев, Новобогат бюросын Н.В. Неволин басқарды. Оларға басшылықты С. Қарымсақов, бас инженер И.П. Смилга жүргізді. Геологиялық бюроларда 20 қолмен бұрғылайтын «Войцлов» станогы, механикалық станоктар 6 «Вирт», 1 «Ганиэль Люг» және жаңа шыққан «Крелиус» станогы болды.

Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев мұнай өндірісіндегі кеңеске қарсы қызметі үшін Гурьев аумақтық НКВД бөлімі 1937 жылы 27 қазанда тұтқындаған. Осы жылы желтоқсанда Батыс Қазақстан НКВД-сы қарауына Орал қаласына жіберіледі. Орал қаласының түрмесінде қайтыс болған. Жеке істе Оралдық тергеушілер туралы және Алашорда туралы ешбір жазба жоқ. Істе Беркінғалидың өмірлік серігі Лидия Георгиевнаның ерін іздеп жазған бірнеше арыз-шағымдары ғана тіркеулі. 1933 жылы техникум студенті кезінде танысып, үйленгенін 1937 жылы Беркін атты ұлы дүниеге келгенін көрсетеді. Софенрейтер Лидия Георгиевна (1915-1987) техник-геолог. Гурьев мұнай техникумын бітірген. 1935 жылы «Ембімұнай» бірлестігі геологиялық-барлау кеңесінде техник-геолог, аға лаборант. 1939 жылы «Қазақстанмұнай» комбинаты Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында сектор жетекшісі. 1941 жылы Индер геологиялық-барлау партиясында аға коллектор. 1943 жылы «Қазақстанмұнайгеофизика» кеңесінде есептеуші, техник-интерпретатор, аға интерпретатор, тақырыптық партия бастығы №9 сейсмикалық партиясының инженер-интерпретаторы, кеңесінің аға геологі. 1960 жылы Қазақ геофизика тресінің Іле геофизика экспедициясында аға геолог, аға геофизик. Ал, Беркін Беркінғалиұлы Атшыбаев Волгоград автомобиль жолдары институтын аяқтап, ұзақ жыл Қазақ автомобиль жолдары министрлігінде еңбек

еткен, министр орынбасары лауазымына дейін өскен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бердіғожин Л.Б, Алипова Д.Ж. Алаштың Атшыбаевы // Мақат Тынысы. 26 шілде, 2023.
2. Нағымов Ш.Н. Азалы ақ кітап. Астана, 2017.
3. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда тарихы. Алматы, 2017.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ Х.Б. ТАБЫЛДИЕВА

Урумбасаров Б.М.,
магистрант

Заулкашев Б.А.,
магистрант

Атырауский университет им. Х.Досмухамедова

Созидательный дух нации в значительной мере усиливается, возвышается при условии всестороннего изучения узловых моментов истории родного края в тесной взаимосвязи со всей казахской историей. Историю родного края невозможно рассматривать в отрыве от истории Отечества в целом. Наш знаменитый земляк – видный ученый-историк, уважаемый молодежью наставник, академик Академии гуманитарных наук Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор Хисмет Бозанович Табылдиев посвятил этой работе многие годы своей плодотворной научно-исследовательской деятельности. Его вклад в исследование истории нашего края трудно переоценить.

Хисмет Табылдиев родился в 1936 году на побережье озера Карасу, неподалеку от аула Бесикты Махамбетского района. Его детство пришлось на суровые годы Великой Отечественной войны, и он с лихвой испытал на себе все тяготы того тяжелого времени. Он был представителем поколения, которое росло и мужало, сизмала приобщившись к труду. Вместе с другими такими же ребяташками ловил рыбу, чтобы добыть пропитание, собирал дикорастущее съедобное растение куга, а, став постарше, участвовал в сборе и отправке одежды для воинов на фронт, присматривал за детворой.

В 1957 году после окончания средней школы имени С. Орджоникидзе в городе Гурьеве он поступил на учебу на историко-филологический факультет Казахского педагогического института имени Абая в Алма-Ате. Еще в стенах школы его отличали неумная любознательность и желание поделиться с людьми чем-то интересным, поэтому он писал статьи и заметки на разные темы, поражавшие его воображение и представлявшиеся ему чрезвычайно познавательными и полезными. Стоит ли удивляться тому, что юноша с таким

мироощущением сразу же оказался в самой гуще общественной жизни института, став одним из ярких представителей студенческой молодежи. По мере продолжения учебы его любознательность, интерес к миру все более обретали черты научной пытливости и побуждали к поиску.

В 1962 году после отличного окончания учебы Хисмет Табылдиев был приглашен на преподавательскую работу в Гурьевский педагогический институт. С тех самых пор вся его трудовая биография и научная деятельность были тесно связаны с этим институтом, ныне Атырауским государственным университетом имени Х. Досмухамедова.

Увлеченный наукой, он кропотливо изучал исторические материалы не только в Атырау, но и в архивах Москвы, Санкт-Петербурга, Оренбурга, Алматы. Результатом этой напряженной работы стала защита в 1972 году в научно-исследовательском Институте истории и археологии имени Ш. Валиханова кандидатской диссертации на тему «История города Гурьева» под руководством академика НАН РК доктора юридических наук, профессора Салык Зиманова. Благодаря этой работе в научный оборот было введено множество неизвестных ранее исторических фактов о прошлом и настоящем города Гурьева.

В связи с обретением независимости Республика Казахстан актуализировалась проблема глубокого и всестороннего исследования истории Казахстана. Х. Табылдиев стал одним из первых ученых, кто взялся за изучение «белых пятен» в истории. В 1997 году под руководством академика НАН РК, доктора исторических наук, профессора Манаш Кабашевича Козыбаева он защитил докторскую диссертацию на тему «Ликвидация неграмотности в Казахстане: исторический опыт и уроки». Неустанный творческий поиск, редкостное трудолюбие позволили ему достичь вершин преподавательской, научно-исследовательской деятельности, заслуженно удостоившись ученых степеней профессора, академика. Он принимал активное участие в формировании массового исторического сознания, являющегося одной из демократических основ общества. Как общественный деятель, он все свои силы посвящал укреплению независимости нашей страны, видя в этом свой долг историка и гражданина Отечества.

Наряду с несколькими научными исследованиями, в которых анализировались трудности и особенности процесса ликвидации неграмотности, им был издан сборник статей «Белые пятна истории края». В материалах Казахской советской энциклопедии и энциклопедии «Атырау», книгах «Они приближали Победу», «Огненные годы» и многочисленных сборниках прослеживаются рассуждения и выводы профессионального историка, результаты его энергичного и упорного поиска.

Вместе с тем Хисмет Бозанович был известен широкой общественности благодаря своей эрудиции, деловитости, организационным способностям, публицистическому мастерству. Все эти качества наглядно проявлялись в его работе по изучению «белых пятен» в истории страны, их переоценке с новых

позиций, а именно с позиций нашей независимости, государственности.

В начале 1990-х годов, в связи с коренными преобразованиями в общественно-политической жизни общества, в исторической науке Казахстана наступил переломный момент, наметился поворот к объективному исследованию ряда актуальнейших тем. Предметом исследовательских трудов ученого в те годы были особенности национально-государственного строительства в 1918-1920 гг., культурно-просветительские реформы Советской власти в Казахстане, проблемы общественно-политической жизни республики. Анализируя историю этих периодов, Х. Табылдиев писал: «Высказываются различные мнения о советском периоде в истории государства, дается различная его оценка. Еще вчера наше прошлое превозносилось в самых лучших эпитетах, а сегодня мы наблюдаем стремление изображать его либо как напрасно ушедшую эпоху, по которой мы ностальгируем, либо как трагическое время насилия, несправедливости, когда безвинно лилась человеческая кровь. Истинной науке одинаково чужды и безмерное восхваление, и совершенно обесценивающее поношение. Истина истории будет раскрыта лишь в случае, когда будут четко осознаны суть и различия между ними, когда будет дана справедливая оценка». Этим высказыванием, характерным для настоящего историка, Хисмет Бозанович указал последующим исследователям путь, которого они должны придерживаться: необходимость объективно оценивать исторические факты, используя их во благо народа, не впадать в кампанейщину, полностью придерживаться научной позиции.

Перед общественно-гуманитарными науками стояла задача исследования пройденного исторического пути с новой точки зрения. В первую очередь была разработана программа по изучению «белых пятен» в истории Казахстана, возрождению культурного наследия народа. Хисмет Бозанович всем сердцем воспринял запросы этого исторического периода и внес большой вклад в исследование актуальных проблем истории Республики Казахстан. В 1996 году увидела свет его работа «Генеалогия родов Младшего жуза». Уже в этом труде в поле зрения ученого-историка оказались вопросы обитания, географического расселения казахского народа с древнейших времен до сегодняшних дней, было указано, что история Казахского государства берет свое начало еще со времен древних саков, гуннов, тюрок, и полноценное изучение национальной истории начинается с систематизации истории родов и племен. Изданную в 1994 году книгу Х. Табылдиева и А. Калмаратова «Роды Младшего жуза: генеалогия и история» по праву можно назвать значимым трудом по изучению истории края. В процессе написания данной книги о родах Младшего жуза авторы изучили генеалогические книги, созданные в XVII веке по указу Тауке хана, историческую генеалогию Жетыру, которые до того времени не были в поле зрения, разве что их отвлеченные названия были едва известны общественности. Было приведено немало сведений о генеалогической книге Тауке хана, упоминавшихся в ней казахских родах.

В ходе подготовки упомянутого труда авторы не ограничились лишь

сложившейся традицией летописцев-составителей шежиры, они стремились обозначить собственные направления и обратить внимание читателей прежде всего на основания религиозных, научных, устно-летописных источников об истории человечества в целом.

В книге повествуется о связи формирования казахов в качестве нации, народа с историей родов, племен и улусов, приводятся сведения относительно этимологии названий племен, составивших основу нашего народа, их географического расселения, происходивших с ними событий. Наряду с этим летописно-генеалогические сведения о казахских родах критически рассматривались в сопоставительном аспекте, сравнивались несколько их версий и данные из зафиксированных устных источников.

Было уделено внимание познавательным сведениям о формировании рода Алшын Младшего жуза, известных представителях этого рода, в большинстве случаев стремился к введению в научный оборот таких имен и фактов, которые ранее были не известны широкой общественности. Также здесь были приведены конкретные сведения об общей численности родов Младшего жуза.

Данный труд свидетельствует о внимании ученого к проблеме исторического просвещения молодого поколения. Не только историков, но и любого обычного казаха волнует, чему учат его детей в школе. Истории Казахстана принадлежит решающая роль в том, чтобы наши дети знали историю своей земли, страны, своей малой родины, она способствует тому, чтобы наша молодежь росла, ощущая и осознавая героический, батырский дух своих предков. Национальная идеология также начинается с познания истории. Краеведение – это воспитание историей, формирование способности национального познания и исторической памяти. Лишь благодаря познанию родного края обретаешь любовь к нему и стремишься сохранить ее в своем сердце. Сформировать в сознании молодого поколения новое историческое видение, пропаганда его – наша общая задача.

Ученый-педагог Хисмет Бозанович был пионером и в этом направлении, именно ему принадлежала инициатива в деле написания истории Атырауской области, города Атырау. Он подчеркивал, что задача дисциплины «История», преподаваемой в школах и высших учебных заведениях, по возможности полно представляя светлые страницы истории, характеризуя их значительный вклад в развитие человеческой цивилизации, воспитывать в молодежи патриотические чувства, а потому следует обращать большое внимание на необходимость тщательного отбора материала, включаемого в учебники, предназначенные для школ и высших учебных заведений.

Таким образом, он исследовал различные периоды истории Казахстана, поднимал в своих работах сложные проблемы, затрагивающие новые, свежие темы, и вносил своими работами значительный вклад в решение данных проблем. Ученым было издано 5 монографий, опубликовано свыше 200 научных статей. Его вклад в отечественную науку был по достоинству оценен государством, свидетельством чему является награждение орденами и медалями

Республики Казахстан.

Хисмет Бозанович уделял большое внимание подготовке высококвалифицированных научных кадров. Под его научным руководством было защищено несколько кандидатских и докторских диссертаций. Более 50 лет своей активной трудовой деятельности отдал он Атыраускому государственному университету имени Х. Досмухамедова и в 1991 по 2000 году был ректором. Во время руководства Х. Табылдиева был открыт новые специальности нужные в отраслях экономики Прикаспия, работал аспирантура. За это время Х. Табылдиев воспитал несколько поколений профессиональных историков. До последних дней своей жизни он продолжал работать в должности профессора кафедры «История Казахстана», читая лекции магистрантам исторических специальностей.

Х. Табылдиев внес огромный вклад в дело ознакомления населения с историей Казахстана и летописью нашего родного края, полной созидательного труда и знаменательных событий. Обобщая, можно сказать, что пользовавшийся в народе большим уважением и почетом академик Хисмет Бозанович Табылдиев был выдающимся ученым-историком, благодаря своему неустанному труду и научному поиску стоявшим у истоков изучения истории края.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Berdyguzhin. L. New insights into the history of the kazakh khanate formation // Analele Universităţii din Craiova. Istorie, Anul XXI, Nr. 2(30)/2016.
2. Бердыгужин Л.Б. Жамбылов М. Аймуратов С. Жизнь и научные наследие Х. Табылдиева. Атырау, 2024.- 166 с.
3. Койгельдиев М., Бердыгужин Л.Б. Знаток истории Каспийского региона // Высшая школа Казахстана. 2007. №1, С. 221-223.
4. Табылдиев, Х. Калмуратов, А. Роды Младшего Жуза: генеалогия и история. Алматы, 1994.-126 с.
5. Табылдиев Х.Б. От неграмотности - к вершинам знаний. Алматы, 1997.- 265 стр.
6. Табылдиев Х.Б. Огненные годы. Алматы, 2005.- 305 с.
7. Табылдиев Х.Б. История города Атырау. Алматы, 2017.- 283 с.
8. Табылдиев Х.Б. История Атырауской области. Алматы, 2019.- 347 с.
9. Научное наследие профессора Хисмета Бозановича Табылдиева и теоретические основы краеведения. \ Материалы международной научно-теоретической конференции. Атырау. 2019. - 334 с.

АТЫРАУ АРХИВІНДЕГІ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМДАР ҚОРЛАРЫ

Әлкенова А.К.,
магистрант

Қазіргі өркениет заманында архив та бір кеніш, өткен ғасырлардың жазба ескерткіштері болып табылады. Еліміздің тарихынан сыр шертетін архив қазыналарын ең асылда ардақты қазына ескерткішіне балап, ерекше қастерлеуге тиістіміз және міндеттіміз. Архивтың басты құндылығы - ел мен халықтың бастан кешкен тарихын өткен өміріміздегі құбылыстарды, саяси-қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық өмірдің алуан түрлі құбылыстарын зерттеп зерделеуде керекті материалдардың сақталуында. Архив дегеніміз - тарихи құжаттарды сақтайтын өткен өмірдің деректі ескерткіші. Тарихты жасаушы да-адам, оны жинақтаушы да-адам. Сол себепті, мұрағат құжаттары негізінен өлкемізде Кеңес өкіметін құруда, өсіп-өркендеу кезеңдерінде партия, кеңес және басқа да басшылық бағыттарда өз білімдерін, күш-қайраттарын, іс-тәжірибелерін сарқа жұмсап, жарқын болашақ үшін аянбай тер төгіп, жанқиярлықпен еңбек атқарған, Отан қорғап, бейбіт өмірге ел ішілік саяси тұрақтылық иесі ұлттар татулығына қол жеткізген аға буын өкілдерінің істерін және есімдерін ұлығылау бүгінгі ұрпақ парызы.

Атырау қаласы архивы қор құрамына қолжазбалар, хаттар, қор құрушының жеке және тұрмыстық құжаттары, ғылыми шығармашылық және қоғамдық қызметі барысында жинақталған құжаттық материалдары, қор құрушының еңбектеріне қажетті жинақталған материалдар, мүліктік-тұрмыстық сипаттағы заттары, жинаған коллекциялары, туыстарының және өзінің рәсім суреттері кіреді. Кеңес үкіметі кезеңінде жеке адамдардың құжаттарын жинақтау және оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу шаралары жеткіліксіз жүргізілді. Дегенмен де, архивтық қорларды жинақтау мәселелері 1960 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басында республикада өткен архив қызметкерлерінің мәжілістері мен конференцияларында қаралған. Архив шежіресін ақтарсақ, көптеген материалдармен қатар белгілі адамдардың жинақталған қоры арқылы өткен өміріміздің, қоғамдық - саяси өмірдегі ахуалды сараптай алатымызбен құнды. Белгілі тарихнамашы-ғалым, Атыраудың көрнекті тұлғасы Зұлқарнай Алдамжар (1937-2005) өзінің ғылыми жазбаларында, архив деректері туралы: - «Тек соңғы кезде, тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болып, ұлттық ар-намыс ояна бастағалы ғана жоғымызды жоқтап, ортамызды толтыруға ниет қоюдамыз. Бірақ әлі де кібіртіктеп, жүйелі де қарқынды жұмысқа кірісе қоймаған сияқтымыз. Сондықтан да самарқаулыққа бой бермей, тоқмейілдуді қойып, шашылған ұлттық мұраны табу, анықтау, жинақтау, жүйелеу, пайдалану жұмысын мемлекеттік ресми саясат деңгейіне дереу шығару қажет. Еліміздің зиялы қауымы, ғалымдары, мамандары әрқайсысы бұл жұмысты халқым алдындағы перзенттік парызым деп ұғынып, жігерлі ұмтылыс жасауы шарт. Халқымыздың бүгінгі қайта түлеу заманында бойкүйездікке, жетесіздікке, парықсыздыққа салынбай, ар - намысты ту етіп көтеруге міндеттіміз. Адамгершілікке тән

қасиеттілікпен аяулыларымызды аза тұтып, аруақтарын ардақтап, жоғымызды табуымыз, ортамызды толтыруымыз, қатемізді түзеуіміз, жақсылық жолына жасампаздық ұмтылыс жасауымыз қажет. Осы ұмтылыстар мен міндеттердің табысты болуына ұлттық төл тарихымыз, оның ауқымды да саналы деректік қоры өз үлестерін қосуы шарт» [2]. Демек, деректемелік қор - ол аса қымбат ұлттық мұра. Бұл саладағы ізденістер, зерттеулер жүйелі түрде, халықтық мүдде, мемлекеттік қажеттілік деңгейінде өрбуі керек. Мысалы, тарихшы ғалым Ж.Бақидың 1962-2018 жылдар аралығында шыққан еңбектері кеңінен қолданылды. Ғалымның студенттік кезеңі мен педагог ретінде ең алғашқы еңбек жолын айқындауда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Атырау мемлекеттік университетінің мұрағаттарында сақталған құжаттар тізбегі, ондағы ғалымның қызметі мен ғылыми еңбектері турасындағы мәліметтер институтта сақталған есептерден және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Біріккен ведомстволық мұрағаттарында (ҚР БҒМ БВМ) сақталған қорларынан алынды. Атырау облыстық мұрағатында Ж.Бақидың жеке ісі сақталған. Келесі ғалым Хисмет Табылдиев. Табылдиев Хисмет Бозанұлы 1936 жылы дүниеге келген, 1962 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітірген. 1963 жылдан бастап Гурьев педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, 1992 жылдан бастап профессор. 1976-1991 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің сырттай оқу бөлімінің проректоры, 1991-2000 жылдары университет ректоры. ҚР Қоғамдық Ғылымдар Академиясының академигі.

2000-2008 жж. Атырау облыстық маслихатының депутаты, хатшысы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Атырау облыстық филиалының төрағасы, «Атырау» газеті бас редакторының орынбасары. Қазірге кезде университет ректорының кеңесшісі.

«Парасат» орденімен, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстанның 10 жылдығы», «Қазақстан Парламентінің 10 жылдығы», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «10 лет Ассоциации вузов Прикаспия», «60 років визволення України від фашистських загарбників» медальдарымен, «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Атырау облысы, Атырау қаласы әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Атырау қаласының және Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы.

1973 ж. «Социалистік Гурьевтің тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады, 1998 жылдан тарих ғылымдарының докторы, диссертация тақырыбы – «Қазақстандағы сауатсыздықты жою: тарихи тәжірибе».

Х.Досмұхамедов Атырау мемлекеттік университетінің тарихшы-магистранттарына жетекшілік жасайды, «Тарихи өлкетану», «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы» және т.б. пәндерден, арнаулы курстардан студенттер мен магистранттарға дәріс оқиды.

Ғылыми еңбектерінің негізі 12 томдық «Үлкен Қазақ Кеңес энциклопедиясында», 3 томдық «Боздақтар» жинағында, Атырау облысының энциклопедиясында жарияланды, «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Сауатсыздықтан – білім шыңына», «Құрманғазы Сағырбаев», «Кіші жүз рулары», «Сарайшық – орта ғасырлық астана», «Қазақстанда сауатсыздықты жоюдың қиыншылықтары», «Гурьев қаласының тарихы», «Өзгерген өмір, жаңаған өңір: Атырау облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай тарихы мен жылнама шежіресі» және т.б. монографиялардың, 200-ден аса ғылыми мақалалардың авторы .

Ғинаятолла Нығметұлы (1933-2014) 1962 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген. Гурьев педагогикалық институтына 1964 жылдан бері ұстаздық етуде. 21 жылдай кафедра меңгерушісі, 4 жыл тарих-филология факультетінің деканы болды.

1981 жылдан доцент, 2002 жылдан профессор. Ы.Алтынсарин атындағы медальдың иегері, 2005 жылы университеттің 55 жылдығына министрліктің алғыс хатына ие болды. «Құрметті кафедра меңгерушісі».

1972 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады, диссертация тақырыбы – «Қазақстан комсомолының республиканың темір жолын салуға қатысуы (1926-1941 жж.)».

Қазіргі зерттеу бағыты - еліміздегі транспорт жүйесінің қалыптасу және даму тарихы, жастар қозғалысы, қазақ зиялыларының дүниетанымы, рухани тағылымды жетілдіруде діндар зиялыларының ролі, тарихымыздың «ақтаңдақтар» беттері, жаппай қуғын-сүргінге ұшырағандардың тағдыры мен тағылымы.

«Қазақстанның ежелгі заман тарихы», «Қазақстанның ортағасыр тарихы» пәндерінен, арнаулы курстар мен арнаулы студенттерге семинарлардан дәріс оқиды.

«Юность Прикаспия (биограф. сборник о комсомольцах 20-х годов)», «Беріш-Есен-Женет шежіресі», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Үрейлі жылдар ақиқаты», «Түндігі ашылған тұңғылар», «Солтүстік Каспий жағалауындағы көлік қатынасы» және т.б. 18 кітап пен әдістемелік құралдардың, 200-ден астам мақалалардың авторы .

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алдамжар З.А. Мұрағат хақында.\ \ Мұрағат деректері-Халық қазынасы. Алматы, 2004 .-274 б.

2. Абилова Т.Е. Личные фонды в государственных архивах Казахской ССР. Конец 1950-х - начало 1980-х гг. (Проблемы комплектования и научной организации): Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1986. - 22 с.

3. Байжанов С. Архив-Айғақ. - Алматы: Қазақстан, 1988. -240 б.; Соныкі. Абай және архив. - Алматы: Ғылым, 1995. - 216 б.

4. Ахмет А. Қ.Қазақстандағы мұрағат құрылысының тарихы (1918-1991 жж.). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. Орал, 2010.40 б.

ИСТОРИЗМ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МУРАТ МОНКЕУЛЫ

Дарибек А.Ж.,

магистрант кафедры истории

Жаксылыкова Д.Т.,

магистрант кафедры истории

Атырауский университет им.Х.Досмухамедова

Народный поэт, жырау Мурат Монкеулы родился в селе Карабау Кызылкогинского района Атырауской области. Рано остался сиротой, воспитывался у брата Матай. Первоначальное образование получил у аульного муллы, который обучил Мурата арабской грамоте. С раннего детства Монкеулы начал сочинять стихи, и вскоре его прозвали «мальчик-акын». Рано познал он и несправедливость существовавшего строя. С 12 лет он выступает как акын, а через год его уже знают, как одаренного мальчика-акына, импровизатора. По складу своему Мурат был эпическим певцом, тяготеющим к разработке социальных тем. И еще надо отметить, что Мурат в молодости слагает любовные лирические и лиро-эпические песни-импровизации определенной тематики. К примеру, «Кыз» («Девочка»). Здесь он подробно описывает красоту девочки. Мурат был замечательным оратором, способным увлечь за собой массы пламенным словом, глубокой верой в лучшее будущее. И народ высоко ценил его талант и с любовью и уважением называл его имя, видя в нем глашатая светлого будущего. Мурат активно включается в борьбу за справедливость, о чем красноречиво свидетельствуют его песни. Мурат совмещает импровизаторское творчество с сочинением стихов.

Мурат Монкеулы - мастер эпического жанра с вкраплениями поэзии, о чем говорит его поэма «Сарыарка». Он внес значительный вклад в развитие казахского литературного языка. И не случайно фактически учителем Мурата был очень эрудированный и авторитетный Кара Есет. С раннего детства его верной спутницей стала домбра, и в 13-14 лет именно Кара Есет и обнаружил талант импровизатора Мурата. От Кара Есета Мурат слышал и частью перенял эпические слова о Махамбете Утемисове и Исатае Тайманове и других героях казахской степи. Восстание казахского народа в Букеевском ханстве в 1836-

1838 гг. было направлено против феодальной эксплуатации и колониального гнета Русского царизма. Это было прогрессивное крестьянское восстание, основной движущей силой которого являлось угнетенное казахское крестьянство. Восстание возглавили Исатай Тайманов и Махамбет Утемисов. Исатай Тайманов родился в 1791 году. В 1812 году он стал старшиной одного из отделений рода-берш. Неоднократные и настойчивые протесты Исатая против насилия над крестьянами, находившимся под его управлением, вызывали недовольство хана Букеевской орды Джангир Букеева и его окружения. Враги Исатая несколько раз обвиняли его в уголовных преступлениях, и несмотря на их необоснованность, он дважды был арестован (в 1817 г. и в 1823 г.). В 1835 г. Исатай резко выступил против ханского ставленника Караул-Ходжи Бабаджанова, требуя удаления его с занимаемого поста за лихоимство, незаконные поборы и произвол. «Народ желает владеть своей собственностью, – писал Исатай хану, – а не другой кто, и никто не имел бы права налагать поборы. А если мы не получим на сие ответа..., то будем думать, что нет над нами никакого начальника. Тогда лучше будет старшинам оставить их жилище, а бедному народу нашему бросить свое имущество и скот и потом удалиться». В ответ хан Джангир прислал Исатаю письмо, в котором упрекал его в подстрекательстве народа к неповиновению и требовал прибыть в ставку для объяснений. Никаких мер к тому, чтобы ограничить произвол Караул-Ходжи Бабаджанова хан не предпринял. Исатай Тайманов продолжил борьбу.

В феврале 1836 года Исатай Тайманов встал на путь открытого сопротивления распоряжениям хана. С этого и начинается крестьянское восстание. Одна из особенностей крестьянских движений в Казахстане заключалась в том, что борясь против «своих» феодалов, ханов, султанов и баев, народные массы вместе с тем боролись против Русского царизма, которому служила казахская феодальная верхушка, тесно связанная с царским колониальным аппаратом. Вступая против ханов и султанов, крестьяне угрожали разрушить систему колониального управления краем, созданную царским правительством путем включения в нее местной феодальной верхушки. Поэтому в ходе восстания против народных масс выступили не только местные феодалы, но и вооруженные силы царизма.

Таким образом, антифеодальное крестьянское восстание 1836-1838 гг. в Букеевском ханстве являлось в то же время восстанием антифеодальным и антиколониальным. Возглавив крестьянское восстание, Исатай Тайманов в схватке с карательным отрядом героически погиб на берегу реки Акбулак в 12 июля 1838 года. Изучая историю восстания Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова ученые выделили два его этапа: восстание на территории Букеевского ханства (1836 года до 13 декабря 1837 года) и массовое антиколониальная борьба казахского народа на территории Западного региона Казахстана после переправы Исатая Тайманова реку Урал на ночь 12-13 декабря 1837 года и до гибели Исатая 12 июля 1838 года. Искусство Мурата Монкеулы приобрело характерные, присущие именно ему черты — высокую содержательность,

многообразие форм, сочетание жанров поэзии с жанрами казахской литературы, широту общественной тематики и мастерство освещения социально-глубоких тем того времени. Легенды его отличаются особенной художественной формой. Язык очень живописен. Главный герой Мурата Монкеулы радуется, когда торжествует добро. Мурат Монкеулы как рассказчик передает содержание так, как будто он был очевидцем происходящих событий, тем самым достигается особая легкость восприятия рассказываемого слушателям. Знакомство с произведениями Мурата Монкеулы о нашей родине, о труде людей расширяет круг представлений читателя об общественных явлениях того времени, способствует углублению социальных чувств. Острота сюжета, краткое, но образное описание событий, их ясная последовательность способствуют возникновению у читателя чувства сопереживания и желания самому рассказать о случае.

В стихах Мурата Монкеулы звучат тревога, беспокойство, как, впрочем, и у каждого народа, о воспитании, развитии молодой поросли - будущего поколения. К числу одного из таких произведений можно причислить его произведение «Сарыарка». Пожелания, призванные формировать у человека еще с ранних лет общие, первоначальные представления о долге и ответственности, о патриотизме, о добре и зле, о труде, усложняются по мере того, как он подрастает. Это подробно описывается в его легенде «Карасай Кази». Один из самых интересных жанров — легенды о животных. И в этом жанре интересен подход и почерк Мурата Монкеулы с элементами фантазии. Он знакомит читателя с разновидностью коней, порой даже наделяя их сверхъестественной силой, одновременно прививает любовь к животным, уважение к труду скотоводов. В казахских песнях проводятся простые параллели между законами животного мира и человеческими взаимоотношениями. И это нашло отражение в произведениях Мурата Монкеулы. Поэзия Мурата Монкеулы широка и богата. Любовь к родной земле, ее природе является чистым источником, из которого поэт черпает вдохновение. Собственное мироощущение, понимание судьбы родной страны позволило ему избежать плохих настроений, до конца сохранить в своих стихах свежее, здоровое начало. Душевная жизнь человека неотделима у Мурата от жизни природы, люди поэтизируются за счет параллелизмов и аллегории, а в свою очередь каждое деревце, каждый его листик, поле, месяц на небе, изба, речка очеловечены. Для Мурата не существует четких образных граней между человеком и природой, они объединяются в едином чувстве прекрасного, рождающего любовь к Родине. Великое единство природы и человека постоянно метафорически интерпретируется Муратом, раскрывается в образах вещественных, осязаемых и живописных.

Поэзия Мурата Монкеулы исследует духовный мир человека, постигающего красоту родной природы, осознающего противоречие бытия, но мудро и мужественно противопоставляющего им духовные и чувственные радости. Даже в трудные годы не утрачивает Мурат своего нравственного здоровья, не становится пессимистом, хотя и обвиняли его после смерти полвека

назад. Вера в силу разума у Мурата не исключает замечательного дара наблюдать жизнь. Вне зависимости от нашего восприятия мы не должны забывать о том, что Мурат Монкеулы был смелым первопроходцем в казахской поэзии, и его лучшие стихотворения и поэмы, айтысы-импровизации прочно легли в основу казахской поэзии. Перечитывая Мурата Монкеулы, мы еще раз воздаем должное нравственному величию и красоте казахской литературы. Во многих произведениях Мурат Монкеулы глубоко переживает по поводу тяжелого положения народных масс, живущих в темноте и нищете. Особенно в стихотворениях Мурат подвергает резкой критике отрицательные явления общественной жизни - раздоры, лицемерие, тщеславие, лень и т.д. С исключительной художественной силой обнажая пороки общества, Мурат стремится показать, чем живут различные социальные группы, с негодованием говорит о правящей верхушке казахского общества. Яркие, отличающиеся удивительной типичностью, сатирические образы волостных управителей, заботящихся только о своей личной выгоде, а не о благе народа, созданы поэтом в произведениях «Карасай Казы», «Уш киян». Отличительной чертой Мурата Монкеулы явилась способность живо откликаться на события современности. Это придавало его произведениям особенную актуальность. Мурат показывал несовместимость безграничных духовных возможностей казахского народа с подавлявшим их гнетом.

Мироощущение Мурата Монкеулы было изначально светлым и оптимистичным. И в этом помогала глубоко осознанная и проникновенная любовь ко всему живому на земле. Мурата Монкеулы не вычеркнуть из нашей памяти, и очевидна не только художественная ценность его стихотворений и поэм, но и серьезное влияние на судьбу казахской поэзии, на художественное восприятие поколений казахских читателей. Сложных противоречий исполнено было не только историческое время, но и импровизация-айтыс XIX столетия в Казахстане. Мурат искренне, просто и душевно писал о большой человеческой любви к жизни в момент крутого социального перелома в Казахстане. Поэтому поэзия Мурата - не собрание лирических пейзажей, а многослойный лирико-драматический организм.

Поэзия эта создана художником «промежутка» - исторического времени, в котором исчезли все устойчивые «середины», и человек, потерявший точку опоры, ищет ускользающее «между». Постепенно все явственнее пробивался в его произведениях голос мыслителя и гуманиста, который, пережив многое на своем веку, мечтал о свободном труде, освобождении человека от рабства, суеверия и религиозной темноты. Мечтал о независимости нашей страны, в которой мы сейчас живем. Монкеулы поднимал вопросы огромной важности, и, пытаясь в них разобраться, часто обращался к прошлому своего народа. Именно поэтому в его произведениях очевидна связь между прошлым и настоящим. Произведения Мурата Монкеулы опубликованы в сборниках: «Мұрат ақынның Ғұмар Қазыұлына айтқаны» (Казань, 1908), «Ақын» (Казань, 1912), «Мұрат ақынның сөздері» (Ташкент, 1924), «Бес ғасыр жырлайды» (1989),

«Алқаласа әлеумет» (1991). Сочинения Мурат Монкеулы переведены на русский язык.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Бердибаев Р. К проблеме историзма эпоса // Советская тюркология. 1986. №2. с. 38-42.
2. Жирмунский В.Я. Тюркский героический эпос. Ленинград. 1974. 386 с.
3. История Букеевского ханства 1801-1852 г.г. Сб. док. и материалов // сост. Б.Т.Жанаев, В.А.Иночкин, С.Х.Сагнаев. Алма - Ата, 2002. 1120 с.
4. Каржаубаев А. Мурат Монкеулы - поэт-трибун своего народа // Прикаспийская Коммуна. 23 июня 2014 г.
5. Петросян А.А. История народа и его эпос. М., 1982. 216 с
6. Песни степей. Антология казахской литературы // Под редакцией Андрея Семенова. А.А., 1940.
7. Скифтымов А.П. Поэтика и генезис былин (Очерки). Саратов, 1924..
8. Тілепов Ж. Проблемы историзма в казахской поэзии XVIII-XIX веков. Автореферат ... канд. Филологичес. наук. А., 1987.
9. Нагимов Ш. Мурат акын мурасы. Астана, 2024.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫҢ ИГЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМҒА ТІГІЗГЕН КЕРІ ӘСЕРІ

Сарсенов А.С.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

*т.ғ.д., профессор
Атырау қаласы*

Төлен Ә.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
тарих магистрі, Атырау қаласы*

Андатпа. Бұл мақалада 1954 жылдары басталған тың жерлерді игеру науқанының жалпы Қазақстанның ауыл шаруашылығына, сондай-ақ экологиялық жағдайға және қоғамның әртүрлі әлеуметтік құрылымына әсері толық қарастырылады. Нәтижесінде Қазақстан Кеңес Одағының құрамындағы маңызды өңірлердің біріне толыққанды айналды.

Дегенмен, қарқынды егіншілікте ауыл шаруашылығының дамуында толыққанды айтарлықтай жақсартуларға әкелген, сонымен қатар топырақтың эрозиясы және шөлейттенуді қоса алғанда, көптеген ауыр экологиялық зардаптарға да әкелген болатын. Сонымен қатар, науқан кезінде демографиялық өзгерістерге және жалпы Қазақстанға миллиондаған этникалық топтардың келуіне септігін тигізді. Бұл алдымен этникалық құрамдағы елеулі ірі өзгерістерге, еліміздегі қазақ халқының рөлінің төмендеуіне және басқа жаңа көпұлтты қоғамның қалыптасуына негіз болды.

Кілт сөздер: Тың жерлерді игеру, тарих, науқан, әлеуметтік құрылым, халық, экономика, экология, ауыл шаруашылығы.

Кіріспе. Қазақстан тарихындағы тың жерлерді игеру науқаны елдің әлеуметтік, экономикалық өзгерістеріне және экологиялық әсерлеріне алып келді. 1954 жылы басталған бұл мемлекеттік бағдарлама азық-түлік мәселесін толыққанды шешуге бағытталып, жалпы Қазақстанның ауыл шаруашылығында болған елеулі өзгерістерге алып келген еді. Алайда тың жерлерді толық игеру кезінде ауыл шаруашылығына ғана емес, жалпы елдің этникалық және әлеуметтік жағдайына да үлкен әсер етті.

Бұл бағдарламаның негізгі басты мақсаты дәнді дақылдардың, ең алдымен бидайдың жалпы егістік алқабын ұлғайту болды. Қазақстанда бұл жоспарды жүзеге асыруда шамамен 25 миллион гектарға жуықтай жерді толық жыртуға беріп, шешуші аймаққа айналған болатын. Науқанның ауқымы шынымен де бұрын-соңды болмаған – жалпы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әртүрлі мыңдаған адамдар жаппай келді, сонымен қатар жаңа елді мекендер пайда болды, түрлі инфрақұрылым салынды, заманауи механикаландырылған кеңестік ауыл шаруашылығы қалыптасты.

Науқан нақты белгілі бір жетістіктер әкелгені сөзсіз еді. Қазақстан астықтың маңызды беделді жеткізушісі болды, бұл жалпы КСРО-ның азық-түлік қауіпсіздігін толыққанды нығайтуға ықпал етті. Қысқа мерзім ішінде тың игеру облыстар экономикасының толық дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, сонымен қатар халықтың тұрмысының жақсаруына нақты ықпал етті. Алайда, осы болған табыстармен бірге аймақтың жағдайына байланысты ұзақ

мерзімді әсер еткен көптеген әртүрлі теріс жақтары да туындады.

Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығындағы негізгі жетістіктермен бірге табиғи ресурстарды ескерусіз, ұтымсыз пайдалануға, сонымен қатар топырақ құнарлылығының төмендеуіне және жердің экологиялық апатына әкелген болатын. Сонымен қатар, ашаршылық жылдарынан бастап көптеген халықтардың Қазақстанға толыққанды қоныс аударуы елдің жалпы этникалық құрамының өзгеруіне, ал қазақ халқының үлес салмағының азаюымен қатар ұлттық мәдениеттің ассимиляцияға ұшырауына әкелді.

Тың жерлерді игеру маңызды экономикалық өзгерістермен қатар жүрді. Тың жерлерді игеру кезіндегі жаңа технологияларды енгізу нәтижесінде жалпы Қазақстан қысқа мерзім ішінде толыққанды астық өндіру бойынша озық дамыған өңірлердің біріне айналды. Сонымен қатар механикаландыруды белсенді қолданудың, соның ішінде тракторлар және комбайндарды кеңінен қолдану еңбек өнімділігін науқанның алғашқы жылдарында едәуір арттырды.

Негізгі бөлім.

1. Қазақстандағы тың игерудің экономикалық салдары

Жалпы 1954 жылы бастау алған тың жерлерді игеру науқаны Қазақстанның ауыл шаруашылығы тарихындағы негізгі бетбұрыс кезеңі болды. Науқан астық өндірісін едәуір кеңейтіп, сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласындағы оңды да, теріс те негізгі өзгерістер әкелді. Жалпы өңірдің ауыл шаруашылығын толық өзгерту егістік алқаптарының көлемін ұлғайту, жаңа технологияларды енгізу мен қатар, жұмысшы адам және материалдық ресурстарды толық тарту есебінен орындалды.

Тың игеру науқаны бағдарламасының басты мақсаттарының бірі болған Кеңес Одағының азық-түлік дағдарысын толыққанды шешуге қажетті астық өндіріс көлемін ұлғайту болды. Сол үшін Қазақстанның солтүстік пен орталық облыстарындағы жердің көптеген бөлігі қарқынды түрде өңдеуден өтті. 1954 жылдан 1960 жылдар арасында 25 миллион гектардан астам құнарлы тың жер жыртылды, бұл осы КСРО-да жасалған науқан шеңберінде игерілген барлық өңделген жердің шамамен 70%-ын құраған болатын [1].

Ал 1956 жылға қарай жалпы Қазақстанда шамамен 15 миллион гектардан астам қажетті астық егілді, бұл осы егістік көлемі бойынша республиканы жалпы Кеңес Одағында екінші орынға орналастырды. Осылайша Қазақстан жалпы КСРО-ның астыққа деген сұранысын, ішкі қажеттілігін қамтамасыз ететін толыққанды шешуші аймаққа айналды. Осы туралы зерттеуші И.С. Куришев сөзінде «бірнеше жылдар ішінде дамыған инфрақұрылым және қарқынды егіншілікте тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, бұл республика астық өндіру бойынша орталықтарының біріне толыққанды айнала алды» деп атап өтті.

Жалпы ауыл шаруашылығын толық механикаландыру жасалған еңбек өнімділігін айтарлықтай арттырды. Мәселен, комбайндарды пайдалану егістіктерді толық өңдеуге кететін уақытты елеулі қысқартып, егінді тезірек жинаумен қатар, ысырапты барынша азайтуға толық мүмкіндік берді. Сонымен қатар, елдің құрғақ климатта өнімділік көлемін арттыратын химиялық

тыңайтқыштар және тиімді суару технологиясы енгізілді [2].

Тың жерлерді қарқынды игеру алдымен ауыр экологиялық зардаптармен қатар жүргені белгілі. Егістік алқаптарының қарқынды кеңеюі кезінде аймақтың табиғи ерекшеліктері ғылыми тұрғыда ескерусіз қалды. Жер жыртылған алқаптардың басым бөлігі жел және су эрозиясына толық сезімтал болып шықты, ал топырақ құнарлығының күрт нашарлауына әкеп соқты.

Жалпы 1965 жылға қарай Қазақстандағы басты егістік жердің шамамен 40%-ға жуығы жел эрозиясына толыққанды ұшырады. Осыған байланысты кейбір шаруашылық аудандарда астық шығымдылығы уақыт өте келе 20-30 пайызға төмендеді. Осы жайында В.Н. Мамедов «жердегі эрозияның апатты салдары, алдымен дамыған аумақтардағы ауыл шаруашылығының негізгі тұрақты дамуына толыққанды кедергі болды» деп атап көрсетеді

Эрозиямен бірге жердің шөлейттену мәселесі тағы бір үлкен күрделі қауіпті жағдайға айналды. Агротехникалық шараларды жүргізбестен жерді кең көлемде пайдалану кезінде экологиялық тепе-теңдікті нашарлатумен қатар, мұндай аумақтарды одан әрі жер өңдеуге іс жүзінде жарамсыз еткен еді.

Ал ресурстардың жетіспеушілігі мәселесі тың жердегі топырақ бағдарламасына қатысушылар үшін басты әрі ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Кең байтақ аумақтардың жерін жылдам жырту көп мөлшерде топыраққа қажетті минералды тыңайтқыштарды, сонымен қатар отын мен суды қажет етті, ал бірақ қорлар көбінесе нақты мәселелердегі қажеттіліктерді қанағаттандыра алмаған болатын.

Жалпы ауыл шаруашылығына да шұғыл түрде басқа аймақтан білікті жұмыс күші қажет болды. Сол кезде науқанға шамамен 350 000-ға жуық ерікті қатысқанымен, жалпы олардың едәуір бөлігінің қажетті егіншілік тәжірибесі болмаған. Ал бұл еңбек өнімділігінің төмен болуына қатты әсер етіп және егіннің көп шығынға ұшырауына негіз болды. Тіпті солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатынан алынған мәліметтер бойынша 1958 жылы қажетті құрал-жабдықтардың толыққанды дұрыс жұмыс істемеуімен қоймадағы астықтың шамамен 15%-ға дейін жоғалған [3].

Нәтижесінде игерілген жерлердің мемлекеттегі экономикалық тиімділігі төмендеді. Жалпы науқан басталғаннан кейін шамамен он жыл өткенде сол тың жерлердегі астық шығыны жалпы КСРО бойынша орташа көрсеткіштен шамамен 20 пайызға төмен болды. Осы жайында зерттеуші П.Г. Гончаренко сөзінде «Тың игерудің жылдарындағы ауқымы мен қарқыны аграрлық саясаттың сапасын толыққанды артта қалдырған болатын, сондықтан көптеген жетістіктер тек уақытша болды».

2.Тың жылдарындағы Қазақстандағы қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістердің салдары.

1950 жылдар және 1960 жылдардың басындағы жалпы Қазақстандағы тың игеру науқаны жергілікті аймақтың этникалық құрамына айтарлықтай әсер етті. Аймаққа ауқымды көші-қон ағындары жергілікті халықтың саны мен

құрылымын толыққанды өзгертті. Мұның республиканың әлеуметтік құрылым динамикасына да, мәдени ерекшелігіне де басты ұзақ мерзімді салдары болды.

Тың игеру науқаны алғашқы кезінен-ақ жаппай көші-қон Қазақстан халқының тым күрт өсуіне әкелді. Мұрағат деректері сәйкес 1954-1962 жж. Республикаға жалпы саны 2,5 миллионнан астам адам көшіп келді. Олардың көпшілігі сол РСФСР, Беларусь, Украина және де Кеңес Одағының басқа да еуропалық бөліктерінен көшіп келген. Бұл адамдар жалпы тың жерлерді игерудің басты мақсаттарын жүзеге асыруға нақты қажетті жұмыс күшінің елеулі бөлігін құрады.

Қазақстанның солтүстік және орталық бөлігінде көші-қон процестерінің нәтижесінде байырғы жергілікті қазақ халқының үлес салмағы тым күрт азайды. Мысалы, сол Ақмола облысында қазақтардың үлесі шамамен 1960 жылдары 35%-дан 15%-ға дейін төмендесе, ал орыстілді халық (орыстар, украиндар және белорустар) саны басым болып, олар 70%-ға жуықтады. Осындай өзгерістер республиканың басқа аймақтарында да байқалды.

Тарихшы Н.И. Ивановтың айтуынша «Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің өте жылдамдығы мен ауқымы сонша, бұрын-соңды болмаған жағдайға ұласты. Бір онжылдықтың ішінде жалпы республика халқы ондаған халықтардың аралас салт-дәстүрлері және әдет-ғұрыптары тоғысқан орта этникалық мозаиканың нақты көрінісіне айналды» [4].

Көшіп келгендер ағыны көпұлтты қоғамның қалыптасуына толыққанды ықпал етті. Бұл Қазақстанның жалпы солтүстік және орталық аймақтарының этникалық маңызды ерекшелігіне айналған болатын. Дегенмен, осы жаппай көші-қон әсері ауыртпалықсыз болған жоқ. Осы процес тілдердегі, дәстүрлердегі және этникалық қауымдастықтардағы айырмашылықтар кейде жергілікті халық пен қоныстанушылар арасында түрлі шиеленіс тудыртты.

Одақтағы мәдени интеграция бірлескен еңбек, негізгі мектеп жүйесін біріздендіру және халықтың жалпы өмір сүру стандарттарын нақты енгізу арқылы жүзеге асты. Алдымен орыс тілі, әсіресе оқу және басқару әкімшілік құрылымдарда басым қарым-қатынас болып, сөйлеу құралына айналды. Әлеуметтанушы П.Г. Гончаренконың айтуынша бұл процесті «тәжірибедегі интернационализм» деп атады, жалпы оның пікірінше, бұл біртұтас негізгі әлеуметтік кеңістікті құруға толық ықпал етті, бірақ сонымен бірге жергілікті қазақ тілі мен мәдениетіне толыққанды қатысты ассимиляциялық тенденциялар процесін қалыптастырды [5].

Ұзақ мерзімді перспективада жоспар әсерінен көші-қон толқындарының мәдени нақты әсері жергілікті халықтың қалыптасқан кейбір дәстүрлерін жоғалтуға әкелген болатын. Мысалы, тың жерлерді қарқынды толық игеру кезеңінде қазақтың қалыптасқан көптеген салт-дәстүрлері – көп ұлттық мерекелерді өткізу, әрі аспаздық және музыкалық ауызша мәдениет пен әдет-ғұрыптар ірі қала мен елді мекендердегі қоғамдық өмірден елдің шеткі аймақтарына шегіне бастады.

Статистикалық зерттеулер алдымен тың игеру науқаны кезінде жалпы

Қазақстанның этникалық құрылымы негізінен айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын анық көрсетеді:

1) Славян халықтарының (орыстар, украиндар мен белорустар) жалпы үлесі 1960 жылдары шамамен 40%-дан 60%-ға дейін өсті.

2) Қазақтардың жалпы үлесі шамамен 38%-дан 30%-ға дейін қысқарды.

3) 1940 жылдары жалпы Қазақстанға жер аударылған неміс халықтарының көбеюі тың игеру кезінде де көшіп келген мамандарды қоныстандыру есебінен жалғасты [6].

Бұл өзгерістер жалпы Қазақстан аумағын этникалық құрамын КСРО-дағы басқа республикаларынан күрт ажыратып, сонымен қатар орыс тілі мен славян халықтарының толыққанды мәдени дәстүрлері басым республикаға айналдырған болатын.

Қорытынды.

1954 жылы басталған тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанның ауыл шаруашылығына, экологиясына және әлеуметтік құрылымына қатты әсер етіп, маңызды тарихи кезеңге айналды. Осы аграрлық реформаның арқасында Қазақстан Кеңес Одағында астық өндіретін негізгі аймаққа айналды. Жаңа технологияларды енгізу, жер учаскелерін ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту ауыл шаруашылығының жедел дамуына ықпал етті. Алайда, экономикалық жетістіктерге қарамастан, шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер де туындады.

Аймақтың табиғи ерекшеліктерін ескермей, жыртылған жерлердің экологиялық негізсіз кеңеюі топырақ құнарлылығының төмендеуіне, эрозияның жоғарылауына және тұздануға әкелді. Нәтижесінде ұзақ мерзімді проблемаларға алып келді.

Әлеуметтік салада Қазақстанға қоныс аударушылардың ағыны республиканың этникалық құрамын айтарлықтай өзгертті. Бұл қазақ халқының демографиялық рөлінің төмендеуіне және көпұлтты қоғамның қалыптасуына әкелді. Осылайша науқан жылдарында өзгерістер қазақ халқының әлеуметтік құрылымына кері әсерін тигізді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қабанов Е.В. Тың игеруден кейінгі Қазақстандағы ауыл шаруашылығының эволюциясы. – Мәскеу, 2002. – 412 б.

2. Волченко Р.Б. Интенсивті шаруашылықтың табиғи экожүйеге әсері. – Петербург: Ленинград мемлекеттік университеті, 1999. – 315 б.
3. Лютова М.Ю., Санников А.К. Шөлге арналған су. Тың жерлерді суландыру және игеру мәселелері. – Астана, 2004. – 278 б.
4. Бекмағамбетов А.Т. Екіншілік мәдениеті және оның тың игеру нәтижесіндегі өзгерістері. – Алматы, 1992. – 199 б.
5. Ахметов Ж.Қ. Тың игеру жобасын жүзеге асырудағы көші-қонның рөлі. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. - 2014. - № 3. - 37-48 б.
6. Қазақстандағы тың жерлерді игеру бойынша мұрағат құжаттарының жинағы. - Алматы, 1980 ж.
7. Тұрақты даму бойынша халықаралық зерттеулер орталығы. Тың игеру мәселелері мен қиындықтары. Талдау. - Женева, 2017 ж

Ш.НАҒЫМҰЛЫНЫҢ «ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨңІРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ»

Баданова Н.А.,
*Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Жаңа Қаратон кенті «№22 жалпы
орта білім беретін мектеп» КММ
тарих пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші*

Кіріспе. Қазақ ғылымында өңірлік тарих, этнография және мәдениеттану салаларын жүйелі зерттеумен айналысқан тұлғалардың бірі – профессор Шахман Нағымов Нағымұлы. Оның ғылыми еңбектері Қазақстанның тарихи кеңістігін жаңаша тануға, өңірлік деректерді академиялық айналымға енгізуге және ұлттық мәдени мұралардың ғылыми бағасын арттыруға зор үлес қосты. Бұл мақалада ғалымның өмірбаяны, зерттеу бағыттары, ғылыми қызметі мен еңбектерінің маңызы кең ауқымда талданады.

Өмірбаяны және ғылыми жолы

Шахман Нағымов Нағымұлы ХХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген. Ол алғашқы жоғары білімін тарих мамандығы бойынша тәмамдады. Университет қабырғасынан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте араласып, аймақтық тарих пен этнографиялық деректерге ерекше мән берді. Кандидаттық диссертациясында қазақ руларының аймақтық орналасуы мен әлеуметтік құрылымын талдаса, докторлық еңбегінде өңірлік мәдени интеграция және тарихи жад проблемаларына көңіл бөлді.

Ғалым білім беру саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ғылыми кеңес мүшесі, профессор және жетекші зерттеуші қызметтерін атқарды. Ол тарих ғылымдарының дамуында деректану мен экспедициялық зерттеулердің маңызын ерекше атап, бірнеше жас ғалымға

жетекшілік етіп, ғылыми мектеп қалыптастырды.

Тарих саласындағы зерттеулеріне тоқталсақ:

Профессор Нағымовтың зерттеулерінің негізгі бағыты – аймақтық тарих пен тарихи деректерді ғылыми талдау. Ол археографиялық материалдарды, жазба мұраларды, ауызша деректерді, шежірелер мен архив қорларын қолдана отырып, тарихи реконструкцияларға ұмтылды.

Оның еңбектерінде келесі бағыттар ерекше көрініс тапқан:

- Қазақ даласындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің тарихи эволюциясы;

- Жергілікті рулық-тайпалық жүйенің деректік негіздері;

- Қазақстан аумағындағы демографиялық өзгерістер мен көші-қон үдерістері;

- Кеңестік кезеңдегі аймақтық саясаттың этникалық құрылымға ықпалы.

Ол көптеген тарихи карталар мен схемаларды ғылыми еңбектеріне енгізіп, деректерді визуалды талдаумен ұштастырды. Бұл тұрғыда аймақтық тарихи деректерді кешенді зерттеу әдістемесін қалыптастыруда оның үлесі зор.

Мәдениеттану және этнография бағытындағы еңбектері де айтарлықтай жетерлік.

Шахман Нағымов қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен рухани мұрасын зерттеуде өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырды. Оның этнография саласындағы зерттеулері тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, діни таным, фольклор, қолөнер, киім үлгілері, музыкалық мұра, мифтік таным мәселелерін қамтиды.

Ғалымның еңбектеріндегі негізгі аспектілер:

- Аймақтық фольклор нұсқаларын салыстырмалы талдау;

- Тарихи-мәдени жадының жергілікті ерекшеліктері;

- Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау мен жаңғырту жолдары;

- Қазақ этнографиясындағы діни-мистикалық танымның эволюциясы.

Ол этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етіп, дала зерттеулерін далалық деректермен байытты. Бірнеше жинақ, каталог және ғылыми монография жарыққа шығарды.

Өңірлік зерттеулер және экспедициялық жұмыстарына да өз ізін қалдырып отырады.

Нағымовтың ғылыми мұрасының бірегей ерекшелігі – далалық зерттеулерге сүйенген аймақтық экспедициялар. Ол Қазақстанның әр облысында тарихи-мәдени нысандарды зерттеп, жазбаша және ауызша деректерді жүйеледі. Сол экспедициялар барысында:

- Тарихи қоныстар мен қорымдар;

- Ежелгі жолдар мен сауда бағыттары;

- Діни-ғұрыптық орындары;

- Этнографиялық топтардың ерекшеліктері;

- Шежіре иелері мен қариялардан жазып алынған деректер жинақталды.

Экспедициялық материалдардың негізінде ол бірнеше көптомдық ғылыми басылымдарға бастамашы болды.

Ғылыми еңбектері мен жарияланымдары:

Профессор Нағымовтың ғылыми еңбектерінің саны жүзден асады.

Олардың ішінде:

- Монографиялар
- Оқу құралдары
- Ғылыми мақалалар
- Конференциялық баяндамалар
- Ұжымдық еңбектер

Оның мақалалары Қазақстандағы жетекші ғылыми журналдарда, сондай-ақ шетелдік басылымдарда жарияланды. Көптеген зерттеулері мемлекеттік гранттар мен ғылыми жобалар аясында орындалды. Ол ғылыми кеңестердің, диссертациялық алқалардың және сараптамалық комиссиялардың белсенді мүшесі болды. Аймақтық және республикалық деңгейдегі ғылыми жобаларға, музейлік бағдарламаларға, мәдени ескерткіштерді қорғау ісіне ат салысты. Жоғары оқу орындарында дәріс оқып, жас ғалымдарға жетекшілік етті. Бірнеше магистрлік және докторлық жұмыстарға ғылыми кеңесші болды. Сонымен қатар ғылыми-редакциялық алқаларда, энциклопедиялық жобаларда қызмет етті.

Шахман Нағымұлымен 2022 жылдың 27-28 қазанында **«Батыс Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары»** Республикалық ғылыми-практикалық конференциясында кездесіп, ағаймен біраз сұхбаттасып, тарих беттерінің кейбір сырларын бөліскен еді.



«Ұлы Жібек жолы және мәдени ықпалдастық үдерістері» еңбегіне ғылыми талдау:

Шахман Нағымовтың «Ұлы Жібек жолы және мәдени ықпалдастық үдерістері» атты зерттеуі түркі өркениетінің тарихи негізін, өңіраралық

байланыстар мен мәдени алмасу үдерістерінің даму динамикасын ғылыми тұрғыдан саралаған құнды еңбек болып табылады. Бұл жұмыс Еуразия кеңістігіндегі этносаяси қатынастар мен өркениеттік ықпалдастықты жаңа методологиялық ұстанымдармен зерделеуімен ерекшеленеді.

Автор Ұлы Жібек жолын тек сауда магистралі ретінде ғана емес, өркениеттер синтезінің орталық желісі, дипломатиялық және рухани ықпалдастық арнасы ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, бұл жол бойындағы мәдени алмасу үдерістері тек материалдық тауарлармен шектелмеген, керісінше тіл, дін, өнер, білім, салт-дәстүр, технология және басқару жүйелері де елдер арасында сабақтастықпен таралған.

Еңбектің тағы бір маңызды қыры – мәдени ықпалдастықтың симбиоздық сипаты. Автор ықпалдастықты «біржақты ассимиляция» емес, «бірнеше мәдениет арасындағы өзара толықтырушы үдеріс» ретінде түсіндіреді. Мұндай көзқарас қазіргі интеграциялық зерттеулерге сай келеді.

Сонымен бірге еңбек Ұлы Жібек жолының урбанизацияға ықпалына тоқталады. Сауда керуен жолдары бойынан қалалардың қалыптасуы, қолөнер орталықтарының дамуы, сәулет пен тұрмыстық мәдениеттің жаңаша бағыт алуы – авторлық тұжырымдардың негізін құрайды.

Қорытынды.

Профессор Шахман Нағымов Нағымұлы – Қазақстан тарих ғылымына, этнографиясына және өңірлік зерттеулеріне өзіндік қолтаңбасын қалдырған ірі ғалымдардың бірі. Ол ғылыми деректерді жинау, сараптау және жүйелеу арқылы ұлттық тарихты жаңаша тануға мүмкіндік берді. Ғалымның зерттеулері аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, тарихи сана мен мәдени мұраның құндылығын арттырды.

Бүгінгі таңда оның еңбектері жас зерттеушілердің, тарихшылардың, этнографтардың, аймақтанушылардың ғылыми ізденістеріне негіз болып отыр. Нағымовтың ғалым ретіндегі мұрасы — Қазақстанның ғылыми кеңістігінде маңызды орын алатын құнды дүниетанымдық және деректік база.

ШАХМАН НАҒЫМҰЛЫ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ

Бердіғожин Л.Б.,
тарих ғылымдарының докторы,

Алипова Д.Ж.,
тарих магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақстанның батыс өңіріндегі іргелі жоғары оқу орны Халел Досмұхамедов университеті мерелі 85 жыл тарихында республикамызға білімді де білікті мамандар даярлаумен ерекшеленеді. Университет мәртебесінің жан жақты нығаюында ғалым ұстаздар қауымы еңбегі ерекше екені сөзсіз. Атырау өңірінде кейінгі толқын жастарға үлгі өнеге болып жүрген тұлғалардың бірі, әрі бірегейі, тарихшы-ғалым Шахман Нағымұлы Нағымов десек қателеспеспіз. Шахман Нағымұлының өмір белестеріне және ғылыми мәнді кесек туындыларына зер салсақ, жоғарыда берілген ғалым тұлғасының әсем айшықтарына куә боламыз.

Елімізге жеңіс лебін ала келген 1945 жылы Атырау облысы Зеленый селосында колхозшы отбасында дүниеге келген Шахман Нағымұлы орта мектепті бітіргесін Гурьев педагогика институтына оқуға түсіп «тарих пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шықты. 1971 жылдан Атырау қаласының №6 және № 19 орта мектептерінде қарапайым ұстаздықтан – оқу ісі меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін абыроймен атқарды. 1977-85 жылдар аралығында облыстық білім бөлімі инспекторы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының кабинет меңгерушісі, кейін директоры қызметтерінде оқу ісіндегі жаңа бағыттарды енгізумен және алдыңғы қатарлы ұстаздар тәжірибесін таратумен айналысты. Қай салада жүрсе де ғылыми ізденісін жалғастырды. Студенттік кезеңде басталған ғылымға деген бет алыс, кәсіби тарихшы - ұстаз қызметінде де жаңаша тың серпінмен жалғасты. 2000 жылы 29-шы қазанда Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында «Батыс Қазақстанда ХІХ ғасырдың 2 - ші жартысында ХХ ғасырдың 1-ші жартысында білім беру ісінің дамуы» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады. Өлке халық ағарту ісінің қалыптасу және даму тарихын зерделейтін тың материалдар негізінде 1999 жылы «Атырау - білім өлкесі» атты зерттеу еңбегі, 2003- 2008 жылдары 3 томдық «Атырау мұғалімдерінің энциклопедиясы» сынды еңбектері жарық көрді. Қазақстан жоғары мектебі ұстазы ретінде, болашақ мамандарға сапалы білім нәрін берудегі ізденісінде де көп ізденіп, оқитын дәрістерін шығармашылықпен дамыта отырып 2010 - 2012 жылдары Білім министрлігі мақұлдап «Мәдениеттану» және «Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы» атты оқулықтары республикалық баспадан шығып студенттер қауымының көзайымына айналды. Білім саласы тарихының шын маманы ретіндегі азаматтық ұстанымы Шахман Нағымұлы ізденістеріне өзінше әр беріп 1930-1950 жылдары «қызыл империяның» мұғалім мамандарына, көзі ашық зиялы қауым өкілдеріне қарсы жасаған «жазалау» науқанын тарих парақтарына жазып, тиісті әділ бағасын берудеге итермеледі. Сол бір «зұлмат» жылдар

тарихына қатысты деректерді тірнектеп жинап, талай рет Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағатын ақтарды, «нәубет» құрбандарының көзі тірі ұрпақтарын іздестірді. Әріптес ғалымдармен байланыс және тынымсыз ізденіс нәтижесінде, жақында Астанадағы «Фолиант» баспасынан «Азалы ақ кітап» басылып шығып, оқырманға жол тартты.

Кітапта «халық жауы» ретінде ең жоғары жазаға (ату-Л.Б., Д.А) кесілген мұғалімдер: Адаев Иманғали, Дүйсенғалиев Мергенғали, Адлер Франц Петрович, Ибрашев Қазмұқаш, Исмурзин Өмірзақ, Ким Чан Се, Сан Хи, Сухарев Сергей Иванович, Таңқыбаев Әбілғали, Тыншимов Рахманберді есімдерімен қатар репрессияға тартылған Атыраулық 48 зиялы азаматтардың өмірдеректері беріледі. Бүгінгі күндері қазақ тарихын жаңаша көзқараспен зерделеу бағытында да тынбай еңбектеніп, Атыраулық ақын-жыраулар Мұрат Мөңкеұлы, Ығылман Шөрекұлы, шығармаларының тарихи дерек ретіндегі қырларын зерттеп «Мұрат ақын мұрасы» атты еңбегін жариялады.

«Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» өңірлік комиссия жұмыс тобы жетекшісі ретінде өлкедегі азаматтардың сайлау құқығынан айрылуы және нақты саны, дін иелерінің қудалануы туралы құнды зерттеулер жүргізді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ешқашан ұмтылмайды (Атырау облысы отты жылдарда)» атты ұжымдық еңбектің жазылып, баспадан шығуына да көп еңбек сіңірді. Шахман Нағымұлы 2002 жылдан бері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Қазақстан тарихы» кафедрасында болашақ ұстаздарға дәріс оқыды, кафедра меңгерушісі болды, өз артынан басшы болар азаматтарды тәрбиеледі.

Шахман Нағымұлы - өнегелі жанұя басшысы, ұл мен қыз өсіріп, тәрбиелеген қадірменді әке, немере-жиендерінің сүйікті атасы. Ол-туысқандарына, жолдастарына, әріптестеріне адал, абзал жан.

Университет ардагерлер кеңесі төрағасы ретінде әр кез қарбалас іс басында жүрген ғалым - ұстаздың биік болмысы, оның азаматтық қырларын айшықтайтын іспетті. Себебі, бұл қатарларынан әр кез алда жүріп күнделікті өмірдің терең ағысына қарсы жүріп шыныққан азамат үшін табылған нақыл іспетті. 80 жылдық мерейлі белесінде біз сөз қылған азаматтық тұлғасын айшықтаған ғалымдық, ұстаздық болмысы Шахман Нағымұлының асар асуы әлі де алда, болашағы жарқын екенін аңғартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нағымов Ш.Н. Азалы ақ кітап. Астана, 2017.-275 б.
2. Нағымов Ш.Н. Атырау ұстаздары. Астана, 2017.-280 б;

3. Нағымов Ш.Н. Батыс өлке тарихының тағылымды беттері. Ақтөбе, 2018. - 152 б.

4. Нағымов Ш. Атыраудағы білімге бастаған жолдар. Алматы, 2000. - 232 б.

АУҒАНСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ

Моллақанағат С.С.,

«Тарихшы зерттеуші» мамандығының

II курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақ диаспорасы – Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орта Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүние жүзіне тараған [1. – 310]. Қазақ халқының маңызды бөлшегі болып табылатын Ауғанстан қазақтары жүйелі зерттелмеген. Ауғанстан қазақтарының басым бөлігін батыс қазақтары құрайды. Осы қазақтардың зерттелмей қалуына бірнеше себептерді көрсетуге болады, біріншіден идеологиясына қайшы келгендігі үшін кеңестік жүйе ауған қазақтарын зерттеуге мүдделі болмады; екіншіден батыс қазақтарының кіндік биліктен алыс болғандығы деп көрсетуге болады, өйткені ауған қазақтарының басым бөлігін батыс қазақтары құрайды. Бұған Ауғанстандағы тыныштықтың болмауын, ондағы қазақтардың әр түрлі себептермен білімге терең бойлай алмай қалуларына қарап, олардың тарихының не үшін жазылмай қалғандығын түсінуге болады. Бүгінде Ауғанстанда санаулы ғана қазақ отбасы қалып, басым бөлігі тарихи Отанына оралғанымен, «өзін қазақпыз» деп танитын миллиондаған ауғандықтардың шығу тегі туралы мәселе өзектілігін жоғалтпай отыр. Осыған байланысты Ауғанстан қазақтарының тарихын, көші-қонын, этнографиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан қайта зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Бұл тақырып бойынша Халифа алтайдың, Ислам жеменейді және азаттық радиосында жарияланған сұқпаттарды қарауға болады. Бұл кісілер жүйелі зерттеуді мақсат етпеген. Кездесу барысында естіп-білген оқиғаларды тіркеп алған. Және әлеуметтік желіде жарияланған мақалаларды көруге болады. Зерттеу барысында нақты жазбалар, фотолар ұсынылады.

Зерттеу материалдары интернет ресурс және жазбаша деректер мен фотосуреттер болып табылады. Зерттеуде ғылыми әдіс қолданылды яғни Ауған қазақтары туралы қоғамдағы талқылаулар назарға алынды, бақыланды, өзекті мәселе екендігі анықталды және материалдар сұрыпталып қажетті бөлігі алынды, зерттеу нысанына айналған мәселе мен тұлғалар нақтыланды және өнімді нәтиже деп бағаланды. Зерттеу нысаны етіп шет елдегі қазақ диаспорасы арасында өзіндік орны бар тұлға, рухани ұстаз, өмір бойы мешіт-медресе ұстаған

Моллақанағат Сәрсенғалиұлы [№1] таңдалып алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Иран Ислам Республикасынан 1993 жылы Қазақстанға көшіп келген Еркеш Тұрапұлының жеке архивінде бір үзік прстеліп, қапталған қағаз сақталған [№2 фото]. Ауызша дерекке қарағанда бұл қағаз Еркеш ағаның әулеттік шежіресі, Молдағасы (Моллақанағат Сәрсенғалиұлы) жазып берген, ол оны престеп, ресми құжаттар қатарында сақтап қойған. Зерттеу нысаны ретінде Моллақанағат Сәрсенғалиұлы және оның жазба мұрасы негізге алынды.

Моллақанағат Сәрсенғалиұлы мешін (1908) жылы туып, 1987 жылы Иран Ислам Республикасында қайтыс болған. Отбасылық ауызша дерекке қарағанда «төрт жаста Ауғанстанға өткен» деген сөз бар, бұл Қанағаттың өзіне ме әлде Сәрсенғали төрт жасында болғанда өткен бе, әзірге белгісіз. Ауғанстан қазақтарының тарихы туралы көпшілік сүйеніп жүрген бірден-бір жазбаша дерек ол Халифа Алтайдың «Ауғанстан қазақтарының тарихы» атты жазбасы [2], Ислам Жеменей де «Ауғанстанға қазақ көші» атты мақаласында осы Халифа Алтай дерегіне сілтеме жасаған [3]. Осы тарихнамада Халифа Алтай Иранға барған сапарында Ауған қазақтарының көші туралы екі кісіден алған дерегін жариялаған, біріншісі Саламат бай, екіншісі Есентемір Қанағат молда. Саламат байдың дерегі XX ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғаларды қамтиды да, Моллақанағат дерегі XIX ғасырдың екінші жартысындағы оқиғаларды қамтиды. Ол жазбада «Қанағат молданың айтуы бойынша Ауғанстанға қазақтардың келуі» деп арнайы бөлім атаған. Одан әрі, «Орал облысын мекендейтін елдің басым көпшілігі Кіші жүздің Байұлы руынан» деп қайсысы болса да дәл көрсеткен. Одан кейін көшу себептерін «Николайдың «балаларыңды оқуға беріңдер» дегені, көңілдеріне секем ұялатқан ел, бұдан құтылудың жолы ауа көшу деп тауып, Ауғанстанды бетке алады» деп көрсеткен. Одан соң қанша қазақ көшкен деген заңды сұраққа «Олардың ұзын ырғасы 3000 дай үй еді» деген. Одан әрі, қазақтың ауғанстанға барған кезін «Абдірахман хан Ауғанстанда таққа отырған жыл» деп көрсеткен, бұл 1880 жылға тура келеді және ол 1901 жылға дейін ел билеген. Бұл кезде Моллақанағат дүние есігін ашпаған кез, естігенін айтқандығы белгілі. Көшті бастағандар туралы «Бұл елді бастап шыққан Қалмұхаммед пен Беркін Ауғанстанға жетпей қайтыс болады» деп алады. Сосын «Олардан кейін елді бастаған; 1. Байбақтының Естерек биі, 2. Мұнал руының Жарған қажысы, 3. Адайдың Тоқтамысы еді» деп жалғастырған. Одан кейін Ауғанстан билігі қазақтарға ілтипат көрсетіп «Бұлардың әрқайсысына Әбдірахман хан «мың басы» деген атақ береді» деп тоқтайды. Осы Абдурахман хан бір кездері қуғынға ұшырап, Бұхараға қашқанда Қазақстанда болған деген әңгіме бар, яки қазақтар арасында болған және қазақтың қамқорлығын көргендігі айтылады, қазаққа жақсы қарағанын осы оқиғамен байланыстыратындар бар. Сосын дерек беруші Моллақанағат «Одан кейін қазақтарға Ауғанстан өкіметі Бағлан, Ғори деген жерлерден жер-су беріп, шабындық жерлерге орналастырып, шаруалыққа бейімдейді. Сол жерді игеру үшін 3 жылдан кейін өтендер деп, қарызға ақша берген. Ірге теуіп, арқалары кеңі бастаған ел 3 жылдан кейін өзара жауласа

бастайды. Осы алалықтың салдарынан Жарған қажы, Тоқтамысқа өкпелеп, 1500 үйімен қайтып кетеді. Тоқтамыс жергілікті өкіметке: «Берілген қарызды қайтқан ел өтемей кетті. Бізге кешірім етіңіздер» деп арызданады. Ауғанстанның өкімет басшылары, бұларға кешірім еткендерімен, төменгі шенеуніктер: «Қарызды өтеңдер, немесе жоғары орыннан кешірім етілген анықтама екеліндер» деп, талап қояды. Тоқтамыс бұл анықтаманы жоғалтып алады да, бір бөлек елді ертіп алып, ол да кеңес еліне қашып кетеді. Сонымен, Ауғанстанда Есентемір руынан 200 дей отбасы қалады. Оларды жергілікті өкімет 3 айдай қамап, ақыры өз беттеріне жібереді. Осылай өсіп-өрбіген ел бүгінге жетіп отырмыз» деп сөзін аяқтаған. Халифа Алтай да бұл екі ақпарат беруші кісінің дерегін өзінше сараптап «Әрине Қанағат молданың бұл айтып отырған отбасылары Саламат бай айтып отырған отбасылар емес. Ауғанстанға босқан елдің екінші бір бөлегі екендігі өзінен-өзі белгілі. Сонымен, Ирандағы қазақтарды аралап, той, мәуліттеріне қатысып оралдым. Көрген, білгенімді қағаз бетіне түсіріп отырмын» деп Ауғанстан қазақтарының тарихы жайлы құнды дерек қалдырған.

Жоғарыдағы «Абдурахман ханның таққа отырған» жылын яғни 1880 жылды белгілеп алып қарағанда Моллақанағат емес әкесі Сәрсенғали төрт жасында Ауғанстанға өтті деуге келеді, өйткені Сәрсенғали Молдахметұлы 80 жастарында қайтыс болған, шамамен 1876 жылы туып, 1956 жылы қайтыс болған болып шығады. Жерленген жері Ауғанстандағы «Ақкөлдің тауының беткейіндегі қазақтың көне зияратында» деп баласы Абдулхалим Сәрсенғалиұлы айтып берген. Моллақанағаттың атасы Молдахмет Ауғанстанда болған, 1920 жылдарға дейін өмір сүрген, бұл кісі де 80 жасаған, шамамен 1840 жылы туып, 1920 жылы қайтыс болған, бұл 200 үй Есентемір руының бірінші мекендеген жері Ақтөбе-Қалайзал, Форсандан жайлауында жерленіп, қалған. Жалпы Ауғанстандағы Есентемірлердің көпшілігі Сулыкөз аталығынан болған, және санаулы үй Көн мен он шақты үй Тағашының Әжімбет бөлімінен болған. Көп Сулыкөздің түгелге жуығы Көшім аталығынан болған, осыларға қоса Көшімге жатпайтын Балғасын, Молдахмет, Жолдас, Жолдыбай, Алтынәлі (Ешназар) деген кісілер болған. Жолдыбайдан – Мөңке, Избасқан деген кісілер мен бір қызы қалады. Екі баладан ұрпақ жоқ, қыздың қызынан Әлім руынан болған жиеншарлар бар, Түркістан қаласында тұрады. Ауызша дерекке қарағанда Сәрсенғали Балғасынның баласы болғанымен Молдахметке жазып берген, екі үйге ортақ. Сәрсенғалидан Қанағат, Сағадат, Әлім, Шарыбай деген төрт бала болған. Қанағат пен Әлімнен ұрпақ жалғасқан, бүгінде Қазақстанның әр түрлі қалаларында тұрады. Алтынәлі мен Жолдастан да ұрпақ бар. Дәл осы аталықтың Қазақстандағы шежіресі кітапқа Сулыкөз, Есім, Көшек, Жақсылық, Достың он үш баласының екеуі Тілекіден Шойтас, одан Алтынәлі болып және Жасауылдан Шүрек одан Ақымбет, Балғасын, Балғабас болып хатқа түскен [№3]. Енді осы қазақтардың Ауғанстанға көшіп бару себептерін қазақстандағы жазба деректерден қарастырып көрелік.

Қазақ халқының этникалық тұтастығы, жері мен елінің бірлігі, дербес өмір сүруі үшін сан ғасырлар бойы табандылықпен жүргізген күресінің тарихи

тәжірибесі мен тағылымын жан-жақты зерделеу отандық тарихнаманың аса маңызды ғылыми бағыттарының қатарына жатады. Азаттық қозғалысы барысында халқымызды ұлттық мемлекеттік идеясы төңірегінде топтастыру формалары мен әдістері, осы жолда ұланғайыр қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу егеменді еліміздің ішкі, сыртқы саясатына толықтай сай келеді [4. – 9]. Жайық-Жем аралығының далалық аймағында орыс әкімшілігінің әмірімен таратылған қазақ хандығы орнына жаңа хандық ірге көтерді. 1831 жылы Қайыпқали хандығына адайлар өз еркімен келіп қосылды. Хандықтың орталығы Қарабау-Қаракөлде болды. 1836 жылы қаңтар айында Хиуа хандығының елшілері келіп, Кіші жүз ханы деген ресми атақ алу үшін Хиуаға шақырды. Бұл жаңа хандықты мойындаудың жақсы белгісі еді. Ақпанның орта шенінде Қайыпқали бас болып, қазақ билері мен старшындарынан құралған үлкен делегация Хиуаға аттанды. Қабылдауда кемдік болған жоқ. Салтанатты жиында Қайыпқали Кіші жүз ханы боп жариялап, Жайық өзенінің батыс бетіндегі жерлер Қайыпқалидың меншігіне беріліп, Жайық өзенінің бастау сағасы Орал тауынан теңізге құйылысына дейін орыс пен екі арадағы шекара деп белгіленді [5. – 339]. Қайыпқали Есімұлы (1789-1857 ш.) Бөкей ордасының сұлтаны, Кіші жүз ханы (1830-1850). Есімнің Қарақошақ ханымнан туған үшінші ұлы. 1831-1837 жылы ол адай, табынның шөмішті руына, шекті руына, 1836 жылдан Кіші жүз құрамындағы ысық, есентемір, кете т.б. руларға билік жүргізеді [6]. Қазақ хандығы мен Хиуа хандығы арасындағы келісімде орыстан қуғын көрген, не қоныстан тарыққан жұрттардың Хиуа хандығынан жер алып, қоныстануына жол ашылған еді. Осы кездері біршама Алаша, Байбақты ауылдары (Сырымның баласы Жүсіп) Хиуаға ауып, оның шет аймақтарындағы қазақ диаспорасын іргелендірді. Қайыпқали қайраткерлігі 1850 жылдарға дейін созылды. Ауғанстанға барған қазақтардың алғашқы легі Хиуаға көшкен осы қазақтар арасынан кеткендер болар деп уақытша түйіндейміз. Алдағы уақытта Қайыпқали хан мен көшіп барған қазақтардың түтін санын, жан санын және кімдер болғандығын анықтау кезек күттірмес мәселе болмақ.

Жоғарыда аталған Моллақанағаттың үзік-үзік жазба мұралары табылып, зерттеле бастады. №2 суреттегі мәтінді назарларыңызға ұсынамыз. Ауғанстан Қазақтары арасында «Шежірені ең жақсы тарқататын кісі!» деп танылған Моллақанағат Сәрсенғалиұлы сұраған кісілерге не өзінің қалауымен барлық ру өкілдерінің ата-тегін анықтап беруге әрекет жасаған. Өкінішке қарай көшіп-қонып жүргенде талай қолжазба дәптерлері мен жазбалары жоғалған, бүгінде кейбір «үзік жазбалары» ғана сақталып, жеткен. Бұған Ажым-Табын Меңлібай атаның қолындағы жазбаны, Дәуіт аға мен Саламат ағалардың, Абдулахат аға әулеттеріндегі жазбаларды жатқызуға болады.


Бұл жазбаша үзік шежіре шамамен 1985 жылы Иран Ислам Республикасы Горган қаласында тұратын Құрамбек әулетіне Моллақанағат тарапынан жазылған. Жазба ламинатталған, «Қазақ паспортының» қызметін атқарып тұрғандай әсер қалдырады. Сегіз жол жазуы бар, түркі әліпбиімен Қазақ тілінде

жазылған. Мәтін: «Қыдырқожа (1) баласы Есентемір (2) Оның баласы Сулықөз (3) Оның баласы Көшім (4) Оның баласы Еділ (5) Оның баласы Бәскел (6) Оның баласы Қалдыбай (7) Оның баласы Тұрап (8) Оның баласы Құрамбек (9), бір баласы Еркеш (9). Құрамбек баласы Мұхаммеджұма (10), Еркеш баласы Мұхаммедмұрат (10).


Қорыта айтқанда аумалы-төкпелі кезеңде Ауғанстан және Ауған қазақтары жайлы мәліметтерді ғылыми сараптап, талдау өміршең мәселеге айналып отыр. Бұл мақалада осы мақсат орындалды. Ауғанстан туралы жалпы ақпарат пен ондағы қазақтардың көш тарихынан маңызды мәліметтер ұсынылды. Жүйелі зерттелмеген ауған қазақтарының тарихын мынандай кезеңдерге бөліп қарауға болады: I Кезең. Қазақтар барғанға дейінгі Ауғанстанда өмір сүріп жатқан Қоңырат, Арғын, Қыпшақ, Найман, Жалайыр тб. тайпалардың болуын бөлек қарастыру; II Кезең. XIX ғасырдың екінші жартысында Кіші жүз Қазақтарының көші және олардың Ауғанстанға барып қоныстануын қарастыру; III Кезең. XX ғасырдың бірінші жартысында Кіші жүз, Орта жүз, Ұлы жүз Қазақтары мен Қожа-Төрелердің көші және олардың Ауғанстанға барып қоныстануын бөлек қарастыру. Мақалада екінші кезеңге жататын қазақтардың арасында беделге ие болған Моллақанағат Сәрсенғалиұлының өмірбаяны, ата-тегі және шығармаларының бір бөлігі қарастырылды. Оң нәтиже алынды, араб жазуындағы шеттегі қазақтар үшін жеке куәлік саналатын жеті атасын нақты көрсеткені анықталды және бұл екі ғасырға жуық ата жұрттан жырақта жүрген қазақтар үшін ең маңызды құндылық екендігі көрсетілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:


1. Б.Ө.Жақып. Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. – 616 бет + 24 бет түрлі түсті суретті жапсырма. Қазақ тілінде.
2. Халифа Алтай. Ауғанстан қазақтарының тарихы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=35&id=31105> (29.01.2024)
3. Ислам Жеменей. Ауғанстанға қазақ көші. [Электрондық ресурс] – URL: https://turkiya.kz/p_655/ (қаралу уақыты: 29.09.2024)
4. Ахмет А. Қаратай хан. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 176 бет. + 8 бет суретті жапсырма.
5. Сарай Әнес. Адай тарихы: Тарихи деректер аясында / Әнес Сарай. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 568 б.
6. «Қазақстан» ұлттық энциклопедия – Алматы: 1998, III том.



1 сурет. Моллақанағат Сәрсенғалиұлы



2 сурет. Еркеш Тұрапұлының
әулеттік шежіресі.
Моллақанағат жазба мұрасы



3 сурет. Шежіре

ТОҚТАМЫС ХАН ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жұмалиев Т.Т.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының
2-курс магистранты*

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда тарихындағы Бердібек ханның өлімінен соң басталған «Ұлы дүрбелең» кезеңінен кейін империя қуатын уақытша қайта қалпына келтірген Тоқтамыс ханның Ұлы дала тарихындағы тұлғасын зерделеуге арналған. Тоқтамыс ханның қазақ тарихында алатын орнына баға беріліп, тақырып аясында зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Ортағасырлық және де қазіргі замандағы шетелдік, отандық тарихшылардың деректерін қолдана отырып, ой қорытады.

Негізгі сөздер: Тоқтамыс хан, Деректер, Алтын Орда, Орта ғасыр, Ұлы дала.

Бүгінгі күнде Ұлы даланы мекендеген көшпенділердің дүние жүзілік тарихтағы алатын маңызды орнын айқындауда оның өткені мен бүгінін жан-жақты оқып-үйреніп, тарихын білудің қажеттілігі артып отыр. Жеріміздегі тәуелсіз мемлекетіміздің, біртұтас ұлтымыздың құрылуы- азғана уақытты алған кезең емес. Бұл дегеніміз ежелгі дәуірде Ұлы далада алғаш болып ірге тіккен сақ тайпалық одағынан бастап құрылған мемлекеттік бірлестіктердің заңды нәтижесі болатын. Осы мемлекеттердің ішіндегі XIII ғасырда Жошы ұлысының орнында негізделген Алтын Орданың қазақ тарихында алар орны ерекше деп айта аламыз. Себебі, Еуразия кеңістігінде өз ықпалын жүргізген бұл көшпенділер империясының негізгі ата-қонысы қазақ жері, мұрагерлері түркілер болып табылады. Ұлан-ғайыр аймақты қамтыған бұл империя өз заманында қарыштап дамуды да, әлсіреп құлдырау процесстерін де бастан өткерді. Өкінішке орай, осынау ұлы империяның тарихы толыққанды зерттелмеуде.

Алтын Орданың даңқын қайта жаңғыртқан Тоқтамыстың тарихи тұлғалылығы кеңестік кезеңде тарихнамада өзінің шынайы бағасын алмай, қаралау тұрғысында жазылған еді. Бұл туралы Талас Омарбеков пен Шыңғыс Омарбеков былай пікір білдіреді: «батыстық және Ресейлік тарихнамада Тоқтамыстың мемлекеттік және әскери қайраткерлігіне біржақты, ұнамсыз сипаттама беру қалыптасқан. Оның басты себебі Тоқтамыстың Алтын Орданың бұрынғы қуатын қалпына келтіруінен және Мәскеуге жасаған жорығынан туындайтынын түсіну қиын емес. Оның әрекетін орыс тарихшылары, тіптен еуроазиялық концепцияны ұстанған, өзінің еңбектерінде орыстар мен түркі халықтарының қарым-қатынастарынан өзара түсіністік және жақындасу іздестірген Л.Гумилев тәрізді тарихшылардың өздері де жаппай айыптап келеді» [1, 122 б.]. Өкінішке орай осы көзқарастардан түркі тарихшылары әлі бас тарта алмай келеді. Тоқтамыстың тарихи тұлғалылығы әлі күнге дейін өз бағасын

толық ала алмауда. Сонымен қатар қазіргі тарихнамада Тоқтамыстың Әмір Темірмен қарым-қатынасын зерттегенде оның дипломатия мәселесінде шорқақ болып, таяз ойлайтын саясаткер ретінде баяндау қалыптасып қалған. Алайда бұл мүлдем дұрыс емес пікір деп айта аламыз. Себебі оның Темірланмен жаулаушылық әрекеттерінің барлығы Алтын Орданың дербестігіне ұмтылғандығынан болатын. Ол осы себептен шекаралық аймақтардағы ықпалын арттыруға тырысты. Мәуеренахр билеушісімен мәселелерді кей кезеңдерде бейбіт жолмен де шешкісі келіп отырған.

«Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дүйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» деп, тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей, Жошы ұлысындағы түркі халықтарының басын қосып, ұлы империяның қуатын қайта күшейткен Тоқтамыс ханның тарихына дұрыс баға беріп, зерттеу арқылы біз мемлекеттілігіміздің бастауы болған Алтын Орданың өткені орында саралау жұмыстарын жүргізе аламыз.

Зерттеу тақырыбы бойынша кеңестік, посткеңестік(ресейлік), отандық тарихшылар тарапынан зерттеулер жүргізілген. Тоқтамыс хан Алтын Орда империясының қуатын қайта күшейткен тұлға болғандықтан, оның тарихнамасы осы мемлекеттікімен өте тығыз байланысты.

Академик тарихшы Бартольд В.В. Шыңғыс хан империясының ұлыстарға бөліну туралы «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» кітабында жазып қалдырады [2]. Белгілі шығыстанушы ғалым Сафарғалиев М.Г. Алтын Орда тарихнамасында ерекше орын алатын кітап жазып шығарды [3]. Ол өз еңбегінде мемлекеттің құрылуы тарихынан бастап оның ыдырау кезеңіне дейінгі оқиғаларды әртүрлі деректерді қолдана отыра жазып шығарды. Алтын Орда тарихымен танысар кезеңдегі ең алғашқы оқылуы тиіс кітаптардың бірі деп толық негізбен айта аламыз.

Кеңестік тарихшы Гумилев Л.Н. өз еңбектерінде Тоқтамыс ханға былайша баға берген: «ол Жошы ұлысын біріктіреді, рас бар болғаны 18 жыл ғана. Бірақ алда ол ерекше таланттылық таныта қойған жоқ, дегенмен де Людовик XIV немесе королева Виктория тәрізді өмірінің соңына дейін өз халқының арасында әйгілілігін сақтап қалды» [4, 427 б.]. Талас Омарбеков пен Шыңғыс Омарбеков «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» деген жинақтарында ұлы патшаға тарихы бұмаланған Тоқтамыс хан деген тарауша арнап, оның өткенін дұрыс бағамдау қажет екендігін жазады [1]. Тизенгаузен В.Г. жасаған жинақтардың да Алтын Орда тарихнамасын зерттеген кезеңде тигізетін пайдасы көп [5].

Сонымен қатар XIV-XV ғасырлардағы Алтын Орда тарихын саралағанда

нумизматикалық еңбектердің маңызы зор Себебі теңгелердің қай уақытта, қай ханның атынан соғылғандығы сол кезең туралы сенімді ақпарат беретін бірден бір дереккөзі болып табылады. Осы кезеңдегі нумизматикалық деректер бойынша кітаптарды Савельев П.С. [6], Марков А.К. [7] сынды зерттеушілер жазып қалдырды.

Негізінен бұл тақырып бойынша Темірлан тарихын зерттеушілер де, Тоқтамыс ханның билік еткен кезеңін жазушыларға да ортақ болып табылады. Екі тұлғаның арасындағы қақтығыс туралы Вернадский Г.В. өзінің «Монголы и Русь» кітабында арнайы тарауша бөліп жазып қалдырады [8].

Жошы ұлысының орнына құрылған ұлы империяның қуатын қайта уақытша күшейткен Тоқтамыс ханның өмір тарихы тікелей осы мемлекетпен тығыз байланыста. Сондықтан да оның өмірі туралы зерттеген кезеңде ең алдымен Алтын Орданың тарихнамасындағы еңбектерді қарауымыз қажет. Бұл империя ортағасырлық кезеңде өмір сүргендіктен осы дәуірдегі тарихшылардың, жылнамашылардың, саяхатшылардың еңбектері өте маңызды. Оларды Тизенгаузен В.Г. жинақтаған томдық шығармалардан көре аламыз [9].

Тоқтамыс ханның арғы атасы Жошының қалыптастырған мемлекеті туралы негізгі еңбек деп Сафарғалиев М.Г. «Алтын Орданың ыдырауы» атты кітабын айтсақ болады [3]. Ол кітапта Алтын Орданың құрылуы тарихын, оның күш-қуатының толысуын, қоғамдық-құрылысын және де оның әлсіреп, бөлініп кетуіне дейінгі кезеңнің барлығы туралы жазылған. Сонымен қатар, Тоқтамыстың билікке келгенге дейінгі өміріндегі маңызды тарихи оқиға сарай қақтығыстарын зерттеген уақытта нумизматикалық деректер көмегін тигізеді. Себебі жиырма жыл бойына бірінен соң бірін аз ғана уақыттың ішінде ауыстырып отырған хандар туралы мәліметтерді олардың соқтырған монеталары береді.

Сонымен қатар Гумилев Л.Н, Вернадский Г.В, Мирғалиев И.М. еңбектерінде жоққа шығара алмаймыз. Олар да өз кезегінде ортағасырлық авторлардың деректеріне сараптамалық жұмыстар жүргізіп, өз пікірлерін жазып қалдырған. Мирғалиев И.М. өзінің «Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана» кітабын осы Түй-Қожа оғланның баласына арнап жазған. Ол еңбекте империяның Тоқтамыстың билікке келген кезіне дейінгі жағдайын, оның Әмір Темірдің көмегімен билікке келгендігін, ішкі,сыртқы саясаттарда қабылдаған реформаларын, Темірланмен күрестерін және де оның ұрпақтарының таққа таласы туралы өз тұжырымдамаларын келтірген [10].

Тоқтамыс туралы тарихи деректерде Өтеміс Қажының еңбектерінің рөлі ерекше. Ол өз деректерінде Тоқтамыс ханның түр бейнесі туралы сипаттап жазып қалдырады. Оның жазуынша хан «өте ұзын бойлы, иығы кең болған. Ол өте сабырлы болып кейде тұйық адам сияқты да көрінетін. Алайда, Тоқтамыс өте атаққұмар адам болатын. Оның кекшілдігін, қызбалығын сабырлы түр бейнесі жасыра білді». XIV ғасырда Қазақстан жерінде Сыпыра атты жырау болған болатын. Ол ауызша жеткен деректерге қарайтын болсақ, өте ұзақ өмір сүрген

болатын. Осы жырау бірде Ұрыс ханның Ордасы Сығанақ қаласына келген екен. Атақты жырауды күтіп алуға қала тұрғындарының көпшілік бөлігі шықты. Оны ханның өзі зор ілтипатпен күтіп алған болатын. Ол бірден тақтың өзіне отырып, домбырасын шығарып жырлауға көшті. Алайда ол өз жырын кейбір сарай жыраулары сияқты ханға арнап емес, оның қасындағы жас сұлтан Тоқтамысқа арнап шығарған болатын. Ол жырдың басында өзінің ұзақ өмірінде көрген барлық хандардың атын атай келе Тоқтамысты сұлтан емес, хан деп ерекшелеп айтты. Оның жыры былайша жалғасын табады:

«Жүз сексенге келгенде,
Шықпаған жан жүргенде...
Сонша хандар өткенде,
Жас та болсаң, Тоқым хан,

Сені көрген кәріңмің» [12, 21 б.]. Осы жырды жырау айтқан барлық халық қошеметін аямады. Сәуегей көреген жырау оны үйіндегілер ғана еркелеткендей Тоқым деп атады. Жалпы замандастарының айтуынша жас сұлтанның бойында дүниеге келген сәттен бастап-ақ патшалық харизмасы байқалатын болған. Кейін ол өсе келе оның айбыны ашық көріне бастады. Бұл өз сарайында жүрген Орыс ханға ұнай қоймағандығы сөзсіз. Ер Едіге жырының бір нұсқасын қарайтын болсақ оны Түркістандағы ноғайлының ханы болғандығын айтады. Осы деректерге қарап оның қазақ халқының ата-бабалары арасында зор беделге ие болғандығын айта аламыз. Ол өзіне қараған ұлыстарды бір уысында ұстап басқара білді.

Муин-ад-дин Натанзидің Тоқтамыс туралы жазған мінездемесіне көз жүгіртетін болсақ ол оның ерекше қабілетті, батыржүректі, көңілі кең, сырт бейнесі көркем патша болған. Белгілі тарихшы Л.Н.Гумилев өз еңбегінде ол туралы: «Ол Жошы ұлысын біріктіреді, рас бар болғаны 18 жыл ғана. Бірақ алда ол ерекше таланттылық таныта қойған жоқ, дегенмен де Людовик XIV немесе королева Виктория тәрізді өмірінің соңына дейін өз халқының арасында әйгілілігін сақтап қалды» [4, 427 б.].

Зерттеу жұмысының барысында әртүрлі деректерге салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар ол мәліметтердің деректану ғылымы бойынша пайда болуының объективтілігі мен субъективтілігі жағынан себептерін зерттеді.

Көптеген кеңес тарихшылары Тоқтамысты тек қана татар ханы етіп көрсетеді. Тіпті оның мұсылман екендігіне де нақты емес деген пікір келтіреді. Л.Н.Гумилевтің өзі оны: «Трудно сказать, был ли мусульманином сам Тохтамыш» деп жазады [4, 118 б.]. Алайда бұл пікірге қарама-қарсы тарихи оқиғалар көп. Мұсылмандықты берік ұстаушы Әмір Темірдің оның барынша қамқорлап, қасына алып жүруіне қарағанда оның мұсылман болғандығы сөзсіз [1, 104 б.]. Өтеміс Қажы да оның үнемі бір Аллаға жалбарынып жүретіндігі туралы айтылған [15, 144 б.]. Оның есімі халықтың ауызша деректерінде де жиі кездеседі. М.Тынышпаев жазуынша, а ұлы дала халқының арасында мынадай мәтел тараған: «Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас

ұрып тоңқайғандығын да қоймайды» [13, 51 б.].

Тоқтамыс хан туралы деректердің көпшілік бөлігі оның Жошының он үшінші баласы Тоқай-Темірдің ұрпағы екендігін айтады. Ендігі кезекте оның кім екендігін айтатын боламыз. Ол Шыңғысханның немересі, кей деректер бойынша қазақ хандарының арғы атасы болып саналады. Жошының көп әйелдерінің ішіндегі меркіт руынан алған Қағры қатыннан туған баласы. Ол қатын атағын алып, дәрежесі жоғары болған деседі. Жалпы жоғарыда Рашид-аддиннің дерегіне қарап, Жошының он төрт ұлы болғандығын жазған болатынбыз. Алайда барлығын жинақтап келгенде олардың саны отыз тоғызға дейін жуықтайды. Осы деректе тұлғамыздың есімі он үшінші қатардан кездеседі. Сондықтан да оны он үшінші ұлы болған деп жазады. Бірақ бұл туу ретімен жазылмаған болуы әбден мүмкін. Себебі Махмұд ибн Уәлиде оны төртінші деп, ал Әбілғазы Бахадүр өз шежіресінде үшінші ұл деп қарастырады. Неде болса, оның жасы Жошының қаза болған кезінде кәмелет жаста болған. Оған әртүрлі тарихи оқиғалар дәлел бола алады. Ол Үгедей ханның тұсында болған монғолдардың батысқа жорығына қатысқан. Ағасы Батудың қолбасшылық еткен жетіжылдық жорығында, ол ірі түменбасы болмаса да, мыңдықты басқарған ноян болып ерекше ерліктерімен көзге түскен. Осыдан кейін, оған ағасы риза болып, Маңғышлақ, Қажы-Тархан, Ас аймақтарын үлестіріп берген. Алайда бедел жағынан бауырлары Сайын хан атанған Бату мен Берке хандарға жетпеді. Өйткені, бұлар Жошы ұлдарының ішіндегі сол кездегі ең беделділері болатын. Осы екеуінен кейінгі саты да ғана Шайбан, Орда Ежен, Беркешар, Тоқай-Темір ханзадалардың есімдері аталады. Олар Жошы ұлысындағы ерекше жауапты қызметтер болған кезде белсене қатысып отырған.

Баяндама жұмысының хронологиялық шеңбері XIV ғасырдың II жартысы мен XV ғасырдың I ширегі аралығы. Яғни, Тоқтамыс ханның өмірге келген уақытынан бастап оның Әмір Темірдің көмегімен билікке келіп, кейін одан жеңілуін және де оның ұлдарының ол қайтыс болғаннан кейін де таққа таласу кезеңдері аралығын қамтиды.

Тоқтамыс хан тарихнамасын зерттеудің жаңалығы ортағасырларда Қазақстан жерінде ірге тіккен мемлекеттік бірлестік Алтын Орданың қазіргі таңдағы саяси маңыздылығын көтеру. Еуразия құрлығында үстемдік еткен ұлы империяның қалайша бөлініп құлдырағандығын зерттеу. Сарайдағы таққа таласқан «дүрбелең кезеңі»-нен кейін XIV ғасырдың 80-ші жылдарында билік басына келіп, мемлекетті қайта уақытша күшейткен Тоқтамыс ханның тарихи тұлғалылығына, және де оның идеяларына баға беру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Омарбеков Т. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2004. – 388 б.
2. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. 2-том. Санкт-Петербург: 1900. – 751 с.

3. Сафарғалиев М.Г. Алтын Орданың ыдырауы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 326 б.
4. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и великая степь. – Москва: Эксмо, 2006. – 508 с.
5. История Казахстана в арабских источниках. Том I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 664 с.
6. Савельев П.С. Монеты джучидов.- Санкт-Петербург: 1857. – 289 с.
7. Марков А.К. Инвентарный каталог мусульманских монет Эрмитажа. – Санкт-Петербург: 1896. – 881 с.
8. Вернадский Г.В. Монголы и Русь. – Москва: Ломоносовъ, 2013. – 512 с.
9. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлеч. из перс. соч. собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1941. – 308 с.
10. Миргалиев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. – Казань: Алма-Лит, 2003. – 164 с.
11. Жанайдаров О. Токтамыс хан. – Алматы: Аруна, 2008. - 95 б.
12. Утемиш-хаджи Чингиз-наме. - Алматы: Гылым, 1992. - 243 с.
13. Тынышпаев М. Великие бедствия. - Алматы: Жалын, 1992. - 148 с.

СЕКЦИЯ 2

АТЫРАУ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ФАРИЗА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МАХАББАТ ПЕН СЕЗІМ ӘЛЕМІ

Куанышалиева Г.К.,

*Атырау қаласы, Ж.Досмұхамбетов
атындағы мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты,*

«Атырау өңірі – ежелден-ақ ел билеген патшалардың, қол бастаған хан - батырлар мен сөз бастаған би - шешен, суырыпсалма ақындардың, жезтаңдай әншілер мен күйшілердің мәңгілік мекен тапқан жері. Қай өңірге көз жүгіртсек те, өздерінің тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Менің бүгінгі баяндамама арқау болып отырған Атырау өңірінен шыққан, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, көрнекті ақын, қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар - Фариза Оңғарсынова.

1960 жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры - поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынның бірі - Фариза Оңғарсынова болатын. Оның сыршыл өлеңдерін құлай сүйген оқырман ақынның отты жырларымен, міне, содан бері жарты ғасыр бойына үзбей жүздесіп, сырласып келеді. Фаризаның өлеңдерін халық бұрын қалай жақсы көрсе, сыршыл ақынды бүгінгі таңда жас ұрпақ та ғаламтордан өлеңдерін іздеп оқиды деп айсам болады.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар тұғырлы дүние десек, ешкім де дау айтпас. Фариза Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану - алыптардан бастау алады. Көркем сөз зергерлері Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев өрбіткен баянды бағам-байлауды әдебиетші ғалымдарымыз М. Қаратаев, Ә. Шәріпов, С. Сейітов, З. Ахметов, Ә. Жәмішев, С. Қирабаев, т.б. жалғастырды. Ақынның өз тұстастарынан және қаламдас іні-сіңлілерінен К. Ахметова, М. Ысқақбай, С. Жұмабеков, Н. Оразалин, Ә. Кекілбаев, С. Әшімбаев, және басқалардың пікір-пайымдары мен байыпты талдау тұжырымдарының мәні зор болды. Бұның барлығы ақын-қайраткердің таланты мен болмыс-бітімін танып болдық деген сөз емес екені және түсінікті. Фариза Оңғарсынова шығармашылығын жан-жақты кең көлемде арнайы қарастырылуы соңғы жылдары қоға алына бастады. Дарыны асқан дарабоз ақынның табиғи талантының тылсым сырын таратып айту да, жіліктеп жазу да зерттеушіден үлкен зердені қажетсінеді [1].

Фариза ақынның лирикалық туындыларының тақырыптық мазмұны мен көркемдік ерекшелігі туралы әсем де әдемі айтқан аға буын өкілдерінің бірі Ә. Тәжібаев болды. Ғалымның "Ой мен сезім нақыштары" аталған мақаласы Фаризаның "Шілде" (1978) өлеңдер жинағына арналған. Мұнда көреген көз бен терең білімнің сынынан өткен Ф. Оңғарсынова поэзиясының "...Мен Фаризаның

махаббат жырларынан бәрімізге ұқсамайтын өзгешелік көреміз. Бұл қайсымызда болса да ойландыратын өзгешелік. Адамның шартты түрдегі ережелерге, канондарға, ескірген әдет, дәстүрлерге тұтқын болып қалмай босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батыл жырлаған осы Фариза" [2] деп жазады өз еңбегінде. Шынында, Фариза лирикалық өлеңдері тілге жеңіл, адамға түрлі ой салатын, әсіресе, «жаны жаралы» бүгінгі заманның жастарына дауа болатын, жаныңды тебіретін поэзия.

Оның шығармашылығы – нәзік те терең сезімнің, өршіл де өр рухтың көрінісі. Ақын поэзиясының негізгі арналарын патриотизм, аналық махаббат, әйел затының қоғамдағы орны құраса, соның ішінде «махаббат пен сезім тақырыбы» ерекше орын алады. Фаризаның махаббат жырлары әйел жүрегінің нәзіктігін, ғашықтықтың қуанышы мен қайшылығын, жан толқынысын шынайы жеткізеді. «Махаббатта сезіну» атты осы бір ғана өлеңінде ақын әрбір адам баласының жүрегінде болатын ғашықтық деген аяулы сезімді керемет жеткізіп берген.

*Қуанышым сен болдың, қайғы, жасым,
Таусылмайтын мен үшін бай мұрасың.
Қара жерге аспаннан ай құласын,
Анық менің әйтеуір айнымасым.
Жасын болдың сен маған көктемдегі,
Жүрегіммен қақ жарған от кеудені.
Кезіктірдім мен бұрын қиялымда
Жоқ пендені.
Күйіп-жанып содан соң алауладым,
Ай, Күн барын ұмыттым, самал барын.
Сол сезімнен бойыма бір тыныштық,
Таба алмадым.
Сені ойламай кезім жоқ көзімді ілген,
Елжіредім сені аңсап, егілдім мен.
Тағдырыма ризамын сен арқылы,
Ақ махаббат дегенді сезіндірген [3]*

Махаббат – адамзат тарихындағы ең көне әрі ең мәңгілік тақырып. Фариза ақын осы сарқылмас тақырыпты өзіндік өрнекпен жырлады. Оның өлеңдерінде махаббат тек екі жастың сезімі ғана емес, сонымен бірге адамның рухани әлемін, жан дүниесін тазартатын ұлы күш ретінде сипатталады. Ақын кейіпкері махаббат арқылы қуаныш табады, кейде мұңға да батады. Осылайша, ғашықтық сезімнің қос қыры - шаттық пен өкініш - Фариза жырларынан кең орын алған.

Фариза – нәзік жүректі ақын. Оның өлеңдеріндегі кейіпкер - шынайы сүйетін, сезімін жасырмайтын, сонымен бірге ар-намысын жоғары қоятын әйел. Ол махаббатты тек қана құмарлық немесе әуесқойлық ретінде емес, «таза, асыл, адал сезім» ретінде түсінеді. Ақынның өлеңдерінде әйелдің сүйген жүрегі кейде сағыныштан шөлдейді, кейде қуаныштан тасиды. Бұл – өмірдің өзінде бар табиғи құбылыс.

Фариза өлеңдерінің бір ерекшелігі - махаббат жырларында да мұңның сарыны сезіледі. Ақын бірде жалғыздықты, бірде қимастықты, бірде айырылысудың азабын жырлайды. Осы арқылы ақын махаббаттың тек қуаныш емес, сонымен бірге күрделі тағдырлық құбылыс екенін аңғартады. Ол үшін сүйіспеншілік – адамды адам ететін, өмірдің мәнін айқындайтын сезім. Фариза махаббатты жырлай отырып, оны жастарға үлгі ете білді. Ақынның өлеңдерінен біз “адалдыққа, шыдамдылыққа, бір-біріне құрметпен қарауға шақыратын үнді” көреміз. Ол үшін нағыз сүйіспеншілік - рухани байлықтың қайнар көзі.

Махаббат мәселесінде ақын кейіпкерлері кінәратсыз ашық көңілден сыр ақтаруға асық. Өмір-өзеннің аумалы-төкпелі жел қайығына мініп алып, арман мен бақытқа қол созған, өкіну мен өксудің өртіне орана жүріп, көп құсасы ішіне сыймай, сыртқа тепкен талайлардың психологиялық ахуалы ақын өлеңдерінің өткір өзегі болған. «Ғашық жайлы мұңды өлеңдер жазбауға» мүмкін болмайтындығын баса айтқан ақынның байқампазға бағытталған барометрі сықылды мына өлең:

Сүю - сезім улары,
Татпақ түгілі қайғысын,
Ғашық болып туғалы көрмепсің-ау, байғұсым!
Кетісудің кілті- егес, қозғамайық ол жайлы.

Махаббатың - күлкі емес, мұңсыз сүю болмайды! [4] - деп, ағынан ақтарылады лирикалық бейне. Дәл осы сезімге құрылған "Диалогте" сүю машақатының азапты сапарын бастан кешірмеген сабаздың: - Сенсіз қалай күнелтем, үйленейік, жүр, еркем! - десе, бойжеткен жауабы: - Мен сүймесем не етеміз ? - деп, іңкәр емес көңілін ізетпен іріксе, жігіт-сылқым турасына бір-ақ көшеді: - Әлі-ақ сүйіп кетеміз, үйренісіп күні ертең! Шын махаббат қандай жағдайда туады? Құлай жақсы көрумен, ішкі сезімін сыртқы күштің әсерінсіз көрсе қызар әсіре қызылдық жарға соқтыруы мүмкіндігін өлең түйінінен түсіндік:

Сүймей, күймей, зар қылмай өмір құру- бір қайғы:
Сыйласудан тағдырдай шын махаббат тумайды [4].

Көңіл-күй лирикасы ақын өлеңдерінің өміршең өзегі десек, Фариза әйелдерінің ғажап сыр-сандығының сиқырлы кілті кестелі сөздің көкжиегінен көрікті орын алады. Сүйіспеншілік сезімнің соқпағында жүріп сертке жетпеген екеудің монолог мұңында тағдыр талкегіне бой ұсыну ауаны байқалады. Мұндайда халық даналығы ойға оралады. "Сұлу - сұлу емес, сүйген - сұлу". Үмітін үзбей үздігумен бақытын тосқан кейіпкер толғанысында тағаты таусыла күтумен өткен ғұмыр жыры бар: Тебіреніп жүрегіңнен жыр арнадың, Көп мезгіл жылылығын ұға алмадым «Сан қилы тағдыр жолын сезбеген» сәулетайдың ой-қиялы өзгемен әуре, басқамен әуейі. Сараланған «Не деген ғажап еді» атты екі тармақты өлеңнің үлгі-өнегесі поэзияның өмірдегі ырғақ-әуенінің әдемі аяқталуымен өрнектелсе, екінші ұтымы әйел психикасының парасат-байлауы бейнеленген:

Сен жүрсің ынтық болып күлкіме бір,

Не деген ғажап еді шіркін өмір!

Әйел қауымының қадыры - сүйіспеншілік сезімінің мәрттігімен тулаған қызу қанды көңілдің көрігімен еркек атаулының алдында аса құнды бағалы мәртебелі көрінеді. Талай ұр да жықтың жанын жаулап, басын байлаған қыз-шіркіннің керім жігітті іздеп таба алмай, тапса да таңдайына татымай талайлардың тауын шағып, жағасы жайлау жайдарман көңіл күйінен сыр шерткен әзіл-шыны аралас өлең – «Табылмай бір керім жігіт» аталыпты.

Ең алғашқы құшқаным да - өзің,

балқытқан күш- жалын да - өзің,

Ең алғаш сүю дегенді

Үйреткен ұстазым да өзің. - деп алда қанша кедергі тосқауылдар тұрса да әйелге деген махаббаттың тұрақтылығын, тазалығын таразылаған ой-өзекті өлеңнің соңғы шумағынан табамыз.

Жанымнан мұңым кеткелі

сен болдың күнім көктегі ...

Қайғым тек - осының бәрі

басыңнан бұрын да өткені...

Махаббат лирикасы Фаризада қыз сезімі, қыз қуанышы мен күйініші, кейіпкердің ой-толғаныстарының сан алуан қыры бар болмысымен байланысты бажайлап көрініп, кестеленіп отырады. Көңіл күйсандығынан күміс күлкілі бойжеткеннің кінәмшіл сырына үңілсеңіз, махаббат мәселесінің тұңғиығына еріксіз сүңгисіз. Бірде жаз боп күлімдеген, бірде қыс боп қаһарланған көңіл-күйдің күн шуағы, қыз мінезінің күйреуік шөлкес шақтары ширыға, пісіп-толыса келе лирикалық шумақтардың өмірге келуіне себепші бола алған [1].

Қорыта айтқанда, Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі махаббат пен сезім әлемі – оның поэзиясының шынайы жүрегі. Ақын үшін махаббат – өмірдің мәні, жанның нұры, рухтың биігі. Оның махаббат тақырыбындағы жырлары жас ұрпаққа адамгершілікті, адалдықты, нәзіктікті үйретеді. Сондықтан Фаризаның махаббат туралы өлеңдері қазақ әдебиетінде мәңгілікке сақталатын асыл мұра болып қала бермек.

Фариза Оңғарсынова поэзиясы – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Ақын шығармаларының ең басты ерекшелігі “сезімнің шынайылығы мен рухтың өрлігі” деп білеміз. Оның махаббат тақырыбындағы өлеңдері нәзік әйел жүрегінің сырын ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ ұлы сезімнің мәнін ашып көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мүтиев З. «Фариза Оңғарсынова лирикасы» оқу құралы. О., 2019
2. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. А., 1960.
3. Оңғарсынова Ф. Сенің махаббатың! Әйелдер әлемі жыр кітабы. А., 1979
4. Оңғарсынова Ф «Жүрек дауысы» жыр жинағы. А., 2004

«ҚАЛАМЫНАН ӨРБІГЕН ҚАЗЫНА: ЖЫЛЫОЙ АҚЫН- ЖАЗУШЫЛАРЫ»

Тенелбаева А.К.,

*«№21 жалпы орта білім
беретін мектеп» КММ Құлсары қаласы*

Қазақ әдебиеті – халқымыздың ғасырлар бойғы тарихын, рухани құндылықтарын, ұлттық болмысын сақтап жеткізген асыл мұра. Әрбір өңірдің, әрбір өлкенің әдебиет тарихында өзіндік орны бар. Себебі туған жер топырағынан нәр алған қаламгерлер өз шығармалары арқылы елін, жерін жырлап, ұлттық әдебиеттің өркендеуіне үлес қосады. Сол сияқты Атырау облысының Жылыой ауданы да әдебиетке талай дарынды ақын-жазушыларды сыйлаған қасиетті өңір. Бұл өлкенің перзенттері қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан шығармаларымен танылды. Олардың поэзиясы мен прозасы туған жердің тарихын, табиғатын, елдің тұрмыс-тіршілігін, халықтың рухани болмысын көркем тілмен суреттейді. Сондықтан Жылыойдан шыққан қаламгерлердің шығармашылығы бүгінгі күнде де өзекті болып қала бермек.

Жылыой – ежелден жыр мен күйге, аңыз бен тарихи деректерге бай өлке. Бұл өңірде өскен халықтың тұрмыс-тіршілігі, табиғаттың қатал да қайсар болмысы жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылық даралығына әсер етті. Сондықтан Жылыойдан шыққан қаламгерлердің поэзиясында туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік, дала рухы мен халыққа адалдық лебі айқын сезіледі.

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани әлемі мен тарихын айшықтайтын ұлы қазына. Сол қазынаға өзіндік өрнегін қосып, жалынды жырларымен ел жүрегін жаулаған ақындардың бірі – Меңдекеш Сатыбалдиев. Оның поэзиясы – жүректен шыққан мөлдір сыр, адалдық пен шындықтың үні. Ақын шығармалары туған жерді қастерлеуге, елге адал қызмет етуге, адамдықты бағалауға үндейді.

Меңдекеш Сатыбалдиев 1937 жылдың 3 қазанында қазіргі Атырау облысы, Ембі ауданының Аманкелді ауыл кеңесінде дүниеге келген. Оның балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңге тап келді. Ерте жастан еңбекке араласып, ауыл тіршілігінің қыр-сырын таныды. Бұл орта кейін оның шығармашылығына арқау болып, ауыл өмірі мен еңбек адамдарының бейнесі өлеңдерінің басты тақырыбына айналды.

Орта мектепті тәмамдаған соң біраз уақыт ауыл шаруашылығында еңбек етті. Кейіннен жоғары білім алып, әдебиетке біржола бет бұрды. Алғашқы өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде жарық көріп, көп ұзамай республикалық басылымдарда жариялана бастады. Өкінішке қарай, ақын 1973 жылы өмірден өтті. Қысқа ғұмырында ол қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар мол мұра қалдырды.

Меңдекеш Сатыбалдиев – ең алдымен сыршыл ақын. Оның лирикалық өлеңдерінде адамның нәзік жан дүниесі, ішкі сезімі, табиғатпен үйлесім тапқан көңіл күйі шынайы бейнеленеді. Ақын жырларының басты ерекшелігі –

қарапайымдылық пен шыншылдық.

Оның табиғатты суреттеген өлеңдерінде туған жерге деген ыстық ықылас, далаға деген махаббат анық байқалады. Бұл жырлар жасандылықтан ада, жүректен шыққан туындылар.

Поэзиясының екінші бір қыры – азаматтық үн. Ақын халық тағдыры мен ұрпақ болашағы туралы көп толғанды. Еңбек адамдарының бейнесін асқақтатты, қарапайым шаруа еңбегін жырлады. Меңдекештің азаматтық пафосқа толы өлеңдері жас ұрпақты Отанды сүйуге, адал еңбек етуге үндеді.

Сонымен қатар оның махаббат лирикасы да ерекше орын алады. Бұл өлеңдерде адам сезімінің тазалығы, жүректің сыршылдығы, адалдық пен сағыныш көрініс тапқан.

Меңдекеш Сатыбалдиев поэзиясына тән қасиеттерді мынадай қырлардан көруге болады:

- Шынайылық пен табиғилық – өлеңдерінде қолдан жасалған пафос жоқ, бәрі өмірдің өзінен алынған.
- Туған жер тақырыбы – Атырау даласы оның поэзиясында қазақ даласының символы ретінде суреттелді.
- Сыршылдық – лирикалық жырлары оқырманды терең сезімге бөлейді.
- Қысқа ғұмыр, үлкен мұра – ақын аз жылда мол рухани қазына қалдырды.

Меңдекеш Сатыбалдиев – 1960–70-жылдардағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол өз замандастары Сәкен Жүнісов, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиевтермен бірге қазақ әдебиетінің жаңа өрлеу кезеңіне үлес қосты.

Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінде бірнеше бағыт бойынша маңызды рөл атқарды:

- ауыл өмірін бейнелеу дәстүрін жалғастырды;
- азаматтық поэзияға жаңа серпін әкелді;
- жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне ықпал етті.

Қысқа ғұмыр кешсе де, Меңдекеш Сатыбалдиев қазақ әдебиетінде мәңгілік із қалдырған қаламгер. Оның жырлары – туған жердің топырағынан нәр алған, халық жүрегінен шыққан асыл мұра. Ақын шығармалары бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ, өйткені ол адамдық пен адалдықты, туған елге сүйіспеншілікті жырлады.

Меңдекеш жырлары – болашақ ұрпаққа рухани бағдар беретін қазына. Ол – халқымен бірге мәңгі жасайтын ақын.

Жылыой топырағы – мұнайымен ғана емес, жырымен де құнды, даласынан жыр өріліп, сан ақын түлеп ұшқан қасиетті мекен. Бұл өлке – тек өндірістің ордасы емес, рух пен сөздің де ордасына айналған шежірелі аймақ. Қарапайым қоңыр тіршіліктің қойнауында қанатын қатайтқан қаламгерлер Жылыойдың жусанды даласынан ұлттық әдебиетке сәуле шашқан асыл сөздің санатын алып шықты. Солардың бірі – сыршыл да сырбаз ақын, Жылыойдың ардақты перзенті Аманқос Назарұлы Ершуов.

Аманқос Ершуов 1943 жылы Жылыой ауданына қарасты Ақкиізтоғай

ауылында дүниеге келіп, өмірінің бүкіл өрісін туған жердің уызына арнады. Ұстаздық пен ұлттың рухани тәрбиесін қатар алып жүрген ол, әдебиетке адалдықпен, жүрекпен қызмет етті. Оның шығармашылық жолы – маңдай тер мен жан тебіренісінен өрілген шыншыл поэзия жолы.

Ақынның жырлары алғаш «Жұлдыз» журналында жарық көріп, кейіннен «Көкжиегім – келешегім», «Шұғылалы шақтар», «Алтын босаға», «Таулар аласармайды», «Бейбарыс», «Қасиетті қазына» секілді жыр жинақтарына ұласты. Бұл кітаптардағы негізгі арқау – туған жерге деген мәңгілік махаббат, адамгершілік, әділет пен шындық жолындағы күрескерлік.

Жырдағы Жемнің үні мен жусанның иісі Ершуов жырларында Жылыойдың топырағы мен жусан иісі аңқып тұрады. Ақын үшін туған жер – тек географиялық мекен емес, ол – жанның мекені, жүректің мәңгілік жұмағы. Ақкиізтоғай мен Жем бойы – оның жырларында мифке айналған киелі мекен. Оның «Ақ бұлттар, қара бұлттар, ала бұлттар...» атты өлеңі өмірдің құбылмалы табиғатын, болмыстың күрделі бояуларын терең философиялық астармен суреттейді.

«Қара жер! Сенде тудым, сенде өлемін» – деп жырлаған ақын туған топырақты пана емес, парыз деп түсінді. Сол парыз оны үлкен қаланың у-шулы өрісінен алыстатып, елге оралуға мәжбүрледі.

Елге - сағыныш, өлеңге - адалдық Ақын тағдыры - қиын тағдыр. Жырдың жолы – өр мен ылдидың кезектескен сүрлеуі. Ершуов та бұл сүрлеуден сүрінбей өтті. Оған сол кезеңнің зиялы тұлғалары – Жүмекен Нәжімеденов, Хамит Ерғалиев, Меңдекеш Сатыбалдиевтің жылы лебіздері куә. Алматының аламанынан бас тартып, ауылына қайта оралған ақынның бұл шешімі – өрлік пе, өкініш пе – оны тек жырларынан сезіне аламыз.

Қадыр Мырза Әлі айтқандай: *«Сертің болса қолыңа қалам алу, Дертің болар бойыңа таразан у...»* - демекші, Ершуов үшін жыр – жай хобби емес, тағдырдың тауқыметі еді.

Жылыой қаламгерлерінің шығармашылығына көз салсақ, мынадай құндылықтар айқын аңғарылады:

- Туған жерге перзенттік махаббат пен адалдық;
- Қазақы тұрмыс пен ұлттық болмысты бейнелеу;
- Халықтың қасіреті мен қаһармандығын жырлау;
- Табиғат пен адам үндестігін көркем суреттеу;
- Рухани тазалық пен адамгершілікке үндеу.

Ақын-жазушылардың туындылары – әдеби ескерткіш қана емес, жас ұрпақты елін, жерін сүйуге, адам болуға баулитын өнегелі ұстаз.

Жылыойдың ақын-жазушылары – қазақ әдебиетінің өзіндік өрнегін толықтырған, шындық пен шеберлікті үндестіре білген тұлғалар. Олар – даланың дауысын, елдің арманын жырмен өрген рух иелері. Аманқос Ершуов сынды ақындар – туған жерін тұғыр еткен нағыз перзент. Оның қалдырған мұрасы – бүгінгі ұрпақтың рухани байлығы, келешек үшін темірқазық іспетті.

Бүгінгі конференцияның басты мақсаты – осындай асыл мұраны дәріптеу,

оны жас буынға үлгі ету. Себебі әдебиет – тек өткеннің шежіресі ғана емес, ол – халықтың жанын қалыптастыратын, болашаққа бастайтын рухани күш.

Жыр мен жусанның иісі қатар аңқып тұратын Жылыой – қазақ әдебиетінің қасиетті шаңырағы. Бұл шаңырақтың уығы мықты, керегесі кең, шаңырағы биік болғай!

Ұраны бір, рухы биік қазақ поэзиясы – мәңгі жасасын!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әлімқұлов Н. *Жарық жұлдыздар*. - Алматы: Жазушы, 1982.
2. Атырау облысының энциклопедиясы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2000.
3. Жылыой аудандық «Қызылқоға» және «Жарық» газеттерінің мұрағат материалдары.
4. Қазақ әдебиеті тарихы: 8 томдық. - Алматы: Ғылым, 2005.
5. Жылыой қаламгерлері «Исламнұр» баспасы Алматы, 2005 ж

НАРЫННЫҢ НАР ПЕРЗЕНТТЕРІ

Қойшекен С.Ж.,

*Атырау облысы, Исатай ауданы,
жалпы білім беретін
Аққыстау орта мектебі*

«Туған жер-алтын бесік». Оған деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімі қай уақытта да тарихын білуден, шежіресін зерделеуден бастау алып жатпағы белгілі. Ұшы-қиыры жоқ кең далада қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалар мал бағумен айналысып, жаз-жайлау, қыс-қыстау қамымен көшіп-қонумен жүрді. Сондықтан олар кең даланың табиғат ерекшеліктерін, әр төбенің, әр қырқа, қыраттың, өзен, көл, сай-саланың өзіндік сипатын жете тани білді. Өзіндік тарихы жоқ өлке болмайды. Барлық деректер сұрау, іздеу арқылы еңбекпен жиналады.

Мен, мен едім, мен едім

Мен Нарында жүргенде.

Дауылпаз ақын Махамбет мақтанышпен жырға қосқан, талай ұрпақтың кіндік қаны тамған аяулы атамекеніміз Нарынның орны біз үшін бөлек қой. Өйткені бұл жер-суы тұщы, шөбі шүйгін қазақ жеріндегі ең бір адам өмір сүруге қолайлы аймақтың бірі. Сондықтан да болар, жыл он екі ай бойы осы құмды жайлаған мал арымай, адамы ашықпай ғұмыр кешті. Жалпы Еуразия құрлығында «Нарын» кең тараған атау. Атап айтсақ, Қырғызстандағы осылай аталатын өзен мен қала бар. Ресейдің Дағыстан Республикасындағы Дербент қаласында Нарынқала атты әлемге әйгілі қорған орын тепкен. Сонымен қатар өзіміздің Шығыс Қазақстан жерінде Үлкен Нарын, Кіші Нарын өзендері мен

Нарынқаба, Нарынқол жер атаулары кездеседі. Сонда «Нарын» сөзі қандай мағына береді деген сұраққа жауап издесек К.Маркстың «Этимологиялық сөздігінде» Нарын – «жұқа, жіңішке» деген мағынаны білдіреді деген. Ал монғол- қазақша сөздікте «Нарын»- күн, күнгей деген мағынаны білдіреді» деп түсіндіріледі. Расында да Нарын сөзінің мағынасы кең: 1. Жіңішке, нәзік, ұсақ. 2. Жинақты, ұқыпты. 3. Шебер, қу, айлакер. 4. Сараң, қатты. Бұлардың арасында Нарын құмының атауына жақын келетін топонимі - біріншісі яғни жіңішке, нәзік, ұсақ. Өйткені Нарын - көлемі шағын, ұсақ, сусыма құм. «Нарын» сөзі күн, күнгей емес, құмның көлемі мен сипатын білдіретін монғол- қалмақтың «нергейн» сөзінен шыққан.

Бір кездегі осы жердің жерін жайлап, суын ішкен қалмақтардың «Нарын» деп әдемі берген атауы, арада 200 жылдан астам уақыт өтсе де, біздің тілдік қорымызға мықтап еніп, өз ұғымымызға айналып кеткені жасырын емес. Сондықтан да Фариза апамыздың :

Тарих, өмір зырлап, жылдар өтер,

Орнында өзен ағар, жылға кетер.

Киелі топырағыңнан нәр сіңірген

Ұл – қызың сені, Нарын, жырлап өтер,- деп толғануы бекер емес.

Сонау қилы да қиямет заманда күңіреніп өткен Махамбет бабамыздан бастап, бұл өлкенің талай-талай дарынды ұлдары Нарынға деген шынайы махаббат сезімін айрықша ардақтап өткен ғой.

Менің туған мекенім

Мыңтөбенің жері еді.

Мұнарлаған тауы бар,

Көлденең жатқан бел еді.

Жазда сағым ойнаған

Биік біткен жон еді.

Жауған қардың дымымен

Қалың шыққан көк еді,

Жалбырай жазда көк шыққан

Жасыл нудың шоғы еді. – деп жазықсыз жала жабылып, Астрахан, Орал, Гурьев түрмелерінде айдалып, «халық жауы» атанған от ауызды, орақ тілді ақын Насихат Сүгірұлы да туған жері Нарын өлкесін жырға қосқан.

Қайран Нарын!

Көрдің бе Орал қырларын

Жері қандай жап-жазық,

Бір жағында – құм Нарын,

Бір жағында – Ақ Жайық.

Немесе:

Отырсам да, тұрсам да,

Ойымдасың, Жасқұсым,

Өзгеге жаман болсаң да,

Өзіме тіпті, жақсысың, - деп Тайыр Жароков ақын бекер жыр төкті деймісің. Нарынның күні кешегі дарынды перзенттері – Құрманғазы бабасының бебеулеген күйлерін жыр тілмен сөйлеткен марқұм Хамит Ерғалиевтен бастап, шыңыраудан су тартқандай жүрек тереңінен ой тартқан философ-ақын Жүмекен Нәжімеденовпен, бұдан әрі Жанғали Нәбиуллинге дейін жалғасып жатқан жыр-сұрлеуде Нарын жайында қаншама сөз маржандары шашылып жатыр.

Еділ-Жайық арасының үлкен сахнасына айналған «Бөкей даласы» - осы Нарын құмы. Нарынды «құм» деп атағандары – оның сарқырап аққан бұлағы, ағыны қатты бұлағы, ағыны қатты өзені, мөлдіреген оймақ көлдері болмаған соң солай «есім» берілген шығар. Нарын құмының тұтастай көлемі 40 мың шақырым, одан Құрманғазы ауданына қарайтын бөлегі – 12 мың шаршы шақырым. Нарын құмы мал өсірген қазақ халқы үшін бағалы қоныс.

«Жатып қалған тайлағы,

Жардай атан болған жер...» - екені талай жырға өзек болған.

Мынау ақ шағылды Нарын өңірі күмбірлете күй төккен небір мықты күйшілерге кенде болмаған. Күй қазақтың бағына біткен өнер. Ұлы таланттар сан ғасырлық тарихымызды домбыра арқылы күй құдіретімен жеткізді Құрманғазының, Түркештің, Сейтектің күйлері қалың елді кәусар бұлақтың мөлдіріндей сусындатқан. Өрелі өнерпаздар екі ішекті аспаптың сазын атадан балаға мұра еткен. Қазақ күйінің іргесін берік етуге барынша үлесін қосып, ұлттық музыка қазынасына аса құнды мұрасын қалдырған Ұзақ, Құрманғазы, Дина, Махамбет, Қазанғап, Ықылас, Түркеш, Дәулеткерей, Тәттімбет секілді күйшілердің даңқты жолын Есқалиев Әзидолла, Ғабдиев Рысбай, Қарабалина Бақыт, Ахмедияров Қаршыға, Әбілтаев Шәміл, Үлкенбаева Айгүл, т.б. талантты күйшілер бүгінге жалғады. Солардың бірі Дина Нұрпейісова 1861 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының Бекетай құмында дүниеге келген. Әкесі Кенже де домбыра тартатын адам болған. Динаға алғаш рет домбыра үйреткен әкесі Кенже екен. Қаршадай күйші қыздың даңқын естіп білген, Құрманғазы Сағырбайұлы арнайы іздеп келіп, батасын берген. Заманында талайды таңғалдырып, қара ағашты сөйлетіп, шанағынан күмбірлетіп күй төккен Дина апамыз – қазақ музыкасындағы шоқтығы биік бірнеше күйдің авторы. Динаның шығармалары аспаптың музыка мәдениетінің сан ғасырлық эволюциясын тамамдай келе күй формасының жаңаша өркендеп дамуына жол ашты.

Нарын өлкесі айтулы аруақты ұл-қыздарға мекен болған киелі жер. Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың «Ел иесі, жер иесі» атты еңбегінде «Асқақ жұрттың асқар-шақар шың басқандай тәкаппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан, әлсізге медет, күштіге айбар.. асқанға тосқан, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер иесі Пір Атаға қанша тағзым қылса да, артық емес деп білеміз», - дегеніндей, біздерде Адай Мырзағұлқызы, әулие Бекет атаның қарындасы, Беріш-Себек Бозай келіні, Шорман ата зайыбы Ақмаңдай әженің алатын орны ерекше деп білеміз.

Ақмаңдай әже бейіті Қамыскала ауылдық округі, Хамит Ерғалиев ауылынан Орпа құмы ішіне қарай 120 шақырым жерде орналасқан. Атырау-Үстірт өңірінде өңірінде туған халық батыры, ағартушы, сәулетші, абыз Бекет – Ата Мырзағұлұлы әулиенің қарындасы Ақмаңдай әже атанған халық емшісі, көріпкел ана. XIX ғасырда Беріш-Себек Шорманға тұрмысқа шығып, жолдасы қайтқан соң, Нарын құмына көшіп келіп, осы аумақта өмір сүрген. 2002 жылы зиратының басына ас беріліп, ескерткіш белгі қойылды. Жанына шипа іздеген адамдар басына түнеуді дағдыға айналдырған.

Қазақ даласының батыс өңірінде жан қиналғанда, жұмыр басқа күн туғанда немесе бір батыл қимыл жасарда «Ия, Сәт» демейтін пенде жоқ. Сәт баба халықтың сиынарына айналған. Сәт ата Жайық Беріштің Құттығай –Қасболат бөлімінің ұрпағы. Шипалы қолымен қандай да болмасын сынықты сылап, ауырған адамдарды емдеген. Осы емшілік қасиеті үлкейген кезде баласы Биденге, ал Биден қайтыс болғаннан кейін кіші ұлы Құрасқа берілген. Құрас өмірден өткеннен кейін осы қасиет ұлы Зинеденге берілген. Халық емшісі әрі сынықшысы Сәт әулиенің немересі, Исатай ауданының Құрметті азаматы Зинеден Құрасұлы 1929 жылы Атырау облысы, Исатай ауданындағы Айбас ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Балалық шағы ауыр да қиын жағдайда өткен. Ұжымшарларды ұйымдастыру, Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыртпалықтарды бастан кешірді. Зинеден Құрасұлы - ерекше қасиетімен қалың елге танылған адам. Асқан сынықшылығы арқылы адам денесіндегі уатылып қалған сүйектерді орын-орнына түсіріп, бітістіріп жіберетін қасиеті, ауырған адамдарды емдеу тәсілдері арқылы халық арасында зор беделге ие болды. Ол талай адамдардың қасіретін жеңілдетіп, ажал аузынан аман алып қалды. Мұның бәрін Зинеден атамыз ата-бабаның ұлы аруағының күшімен, әрі ақ пейілді адал көңілмен жасаған еді. Халық та Зинеден атаның асыл қасиетін құрметтеп, алдынан кесе өткен жоқ. Осындай аруақты атамыз 1991 жылы дүниеден өтті. Құрасұлы Зинеден емшілігі туралы Ә.Қосановтың авторлығымен «Әулиелер әулеті», Р.Отарбаев авторлығымен «Сәт ата ұрпақтары» атты кітаптар жарық көрді. Аудан орталығы Аққыстау селосында мешіт үйі, Жанбай селосындағы орталық көше Құрасұлы Зинеден есімімен аталады. «Атырау-Астрахан» тас жолының бойындағы әулие ата кесенесі сан түрлі мұсылман қауымы өкілдерінің аялдап, әулиелігіне зиярат жасайтын қасиетті орынға айналды. Емшілік қасиет Зинеден ұлдары Уәлитхан мен Рысбайға дарыды. Табиғаты тылсым, осы ғажап құбылыс бір ғасырдан аса уақыттың ішінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Рухы риза болсын, Уәлитхан мен Рысбай ағалар да халықтың ризашылығына бөленіп, қалтқысыз қызмет ете білді.

Нарын топырағында халқы Пір Бекет, Әулие Әже, Әулие Сәт үшеуіне бірінен-бірі бөлмей, рухына бас иіп, қиын қыстау кезде «Я Сәт, Пір Бекет, Ақ шеше» аруағына сыйынады. Көңілдегі көркем ойды өлең өрнегіне айналдыра білетін, жергілікті ақын Адайбек Сәдірұлы :

«Күн бүгін көмейден жыр құйылатын,
Аруақтап, асылдардың жиып атын,

Жан едім, Алладан соң әр сапарда,
Бекет, Сәт, Ақмандай деп сиынатын....

Аруақтар бастаса алға, халқын аман,
Өмірдің ұғынардай нарқын адам,
Асылдың асылдығы осы емес пе,

Ғасырлар өткен сайын жарқыраған», - деп жыр жолдарын арқау еткен.

Нарын өңірінен көркем сөз дәстүрі өте ертеден қалыптасқан. Ол уақыт өткен сайын шыңдалып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Мұнда мағыналы өмір сүріп, игілікті іс атқарып, өзі өлсе де өлместей сөз, дара жол салып, әділдікке, адамгершілікке баулитын өнегелі өсиет қалдырған небір дүлдүл ақындар мен дара жазушылар өмір сүрген.

Атырау - Асан Қайғы мен Қазтуғанды, Шалкиіз бен Жиёмбетті, Махамбет пен Шерниязды, Мұрат пен Ығылманды, олардың көркем сөз дәстүрін жалғастырушылар: Әбу Сәрсенбаев пен Хамит Ерғалиевті, Зейнолла Қабдоловты, Берқайыр Аманшин мен Есенжол Домбаевты, Фариза Оңғарсынова мен Жүмекен Нәжімеденовті, Меңдекеш Сатыбалдиев пен Нұралы Әжіғалиевты тағы да басқа дара саңлақтарды өмірге әкелген қасиетті өлке. Өнері мен азаматтық арды кіршіксіз сақтап өткен туған жердің түлектерін қастерлеп, ұлт мәдениетінің қайнар бұлағына үлес қосқан жергілікті ақын-жазушылардың өнері мен өнегесін үлгі етіп, шығармаларын ұрпаққа насихаттау- бүгінгі күннің басты талабы.

Нарынды ең көп жырлаған ақындардың бірі, Нарынның наркескені атанған Нұралы Әжіғалиев болды. Ақын Нұралы Әжіғалиевтің жиі қолданатын теңеуі «Ақ Нарын». «Нарынымның мен бір топ қияғымын» дейді ақын. Нарынды – киелі, нұрдан жаралған өлке, қазақтың берекелі аймағы санайды. «Жадырап жата берші, жарықтығым» деген тілек айтады. «Ақ Нарыным, армысың» өлеңінде өлке тарихы, өлке мінезі, өлке суреті беріледі.

Мысалы:

Жарқыраса қас-қабағың, жарқыраймын, шаттанам,
Естігенде күрсінісің, жабырқаймын, тоттанам.
Бақыттымын, Ақ Нарыным,
Жүзіндегі қуанышты көргеніме бүгінгі.

Нарын даласында туып, бүкіл қазақтың мақтанышына айналған Фариза Оңғарсынова былай деп оны жырға қосады:

Қасиетті Нарын, құм Нарын,
Киелі менің құндағым.
Көңілімді таудай тұлғамен,
Құмында көшіп жүріп мен,
Анамның әнін тыңдадым.

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы желтоқсан айында қазіргі Атырау облысының Новобогат ауданындағы Манаш ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын бітіргеннен кейін әуелі мектепте мұғалім, кейін облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің әдеби

қызметкері болып еңбек етті. Фариза Оңғарсынова –халқымыздың танымал тұлғаларын, батырлары мен қайраткерлерін жырына арқау еткен ақын. От ауызды, күрескер ақын Махамбет Өтемісұлы туралы, шығыстың қос шынары, Кеңестер Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова туралы, қазақтың өнерлі қыздары Майра мен Сара жайында, күйші Дина, композитор Ғазиза, әншілер Бибігүл мен Роза туралы поэмалар мен өлеңдер жазды. Ол-әйел тақырыбын шығармаларына негіз ете отырып, әйел бейнесін биік сомдаған ақын.

Фариза Оңғарсынова қазақтың сөз өнерін биік белеске шығарып, поэзияға жаңа леп ала келген «Поэзия патшайымы» атанған ақын. Махамбет жырларынан нәр алған ақын өр мінезімен, өршіл жырларымен дараланды. Ол ерекше шыншылдықты, әділеттілікті ту етіп ұстады. Отанына деген шынайы сезімі, халқына деген махаббаты рухты жырларынан есіп тұрады. Өзі туған Нарын құмын ерекше қадірлеп, жырларына қосты. Ақынның К.Дөнентаева жөніндегі «Біздің Кәмшат» атты деректі повесі мен «Шашы ағарған қыз» және «Сыр сұхбат» атты прозалық туындылары сөз өнерінің рухани қазынасына қосылды. Ол «Құрмет белгісі», І дәрежелі «Достық», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Фариза халық қалаулысы, қоғам қайраткері ретінде мемлекеттігімізді нығайтып, тәуелсіздік мұраттарын орнықтыру ісіне үлес қосты.

Атырау мен Алтайдың арасындағы Алаш елінің ардақты ұлдарының бірі, ырыс қонған даланың сардары, халқының азаттығы мен еркіндігі жолында күрескен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы ұлтымыздың мақтанышы, Тәуелсіз мемлекетіміздің төл тарихындағы тұғырлы тұлғалар еді. Олардың аңсары, арманы:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел толтырсам деп едім,
Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім, - деп жырлаған. Еділ мен Жайық аралығына ел қондырып, жайлы тұрмыс орнатуды көксеген ата-бабалардың аңсағаны ақиқатқа астасқан, тіршіліктің мәңгі сөнбес алауы, рухыңның бұрқыраған қайнары – Тәуелсіздікке қол жеткен сәтіне куә болу бақытын тағдыр бізге жазыпты. Найзаның ұшымен, білектің күшімен келген тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдрахманова Ж. «Қасиетті Нарын поэтикасы», //Егемен Қазақстан, 29 шілде 2021 ж
2. Көшенов Ғ. «Қайран Нарын», // Егемен Қазақстан Егемен Қазақстан, 11 маусым 2016 ж
3. Сидеғалиев С. «Исатай ауданы: Шежіре», Алматы «Сардар», 2018 ж

ИСА БАЙЗАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ СИПАТЫ

Сахаба М.,

*Инновациялық Еуразия университеті,
Павлодар қаласы*

Қазақ әдебиетінің тарихында - Иса Байзақов XX ғасырдың алғашқы жартысында ұлттық рухты жырлаған, ел тағдырын, адам болмысын тарихи оқиғаларды терең сезіммен суреттеген ақын. Ол- өз дәуірінің әлеуметтік-мәдени ахуалын көркем тілмен бейнелеген. Қазақ поэзиясына тың тақырып, жана леп алып келген қаламгер. Ақын шығармаларында елдік мұрат, әділеттік, теңдік, махаббат, табиғат сұлулығы және азаттық идеялары кеңінен көрініс тапты.

Бұл мақалада Иса Байзақов шығармашылығының тақырыптық – идеялық сипаты, оның поэзияда көтерілген негізгі мәселелері мен идеялары жүйелі түрде қарастырылады. Нақты поэмалары мен өлеңдерінен мысал келтіре отырып талданды.

Иса Байзақов поэзиясындағы тарих пен елдік сана тақырыбына тоқталсақ, ақын шығармасында тарихи тұлғалар мен оқиғалар жиі кездеседі. Ол өткенді қайта тірілтіп, ұлттық тарихи жадысын қайта жаңғыртуға тырысады. Оған ақынның мына поэмасынан үзінді дәлел болады. Ақын поэмалары тарихи жағдайларға құрған. Өткеннің оқиғасын айтып қана қоймай, сол заманға сағынышта бар.

Ойласаң, өткен күнді айтады жыр,
Тыңдасаң, естіледі, бір терең сыр,
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған,
Суреті өткендердің алдымда тұр.
Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған,
Көп жанды алдап соғып, зарландырған,
Аяған дертті өмірдің пендесі жоқ,
Жас демей, кәрі демей торын құрған. («Құралай сұлу») [1].

Поэмалардың тарихилығының бірнеше белгілерін көрсетуді дұрыс деп таптық.

1. Бұл поэмаларда жұрт тарихының Кеңеске дейінгі кезең мен Кеңес өкіметінен кейінгі кезең тарихы деп бөлуге болады. Тарихтың сонау есте еміс-еміс қалған кездерінен бастап кешегі ел есіндегі Кеңес кезінің алғашқы жылдары мен отызыншы, қырықыншы жылдар оқиғаларын жазады.

2. Суреткер шығармашылығында тарихи тақырыпқа жазылған поэмалар санының белгілісі - бесеу.

3. Ақын тарихи тақырыпты таңдарда ел есінде қалған естеліктерді көп пайдаланады. Тіпті көпшілік тарихи жағдайлардың оқиғаларын көзбен көріп, сол оқиғалар ортасында, тарихи жағдай ішінде болған жандар деректерімен береді.

Баяндалып отырған оқиғаның анықтығы мен дәлдігі, өткен жайдың солай болғандығын куәларді сөйлете отырып, көркем суретпен жеткізеді.

4. Тарихи шындықты ашарда жазушы символдық бейнелерді жасайды. Бұл – өткеннің оқиғасының ендігі жерде ел есінде бейнелік, көркемдік қалыппен сақталатындығын ескергеннен туған көркемдік шешім ретінде сәтті қолданылған тәсіл.

5. Тарихтың катал сыны қазақ еліне, халқына қаншалықты ауыртпалық, қайғы мен қасірет әкелгендігін бейнелеуде қаламгер шындықты көркем кейіпкер жан-дүниесіндегі көңілдің өзгеруі мен басқа түрде көрініс беруімен суреттейді.

Көптеген өлеңдеріне өзі өмір сүрген кезеңдегі Қазақстанның тыныс-тіршілігінің түрлі көріністерін арқау еткен. Ақын өлеңдерінде фольклорлық сипат басым. Бұл — оның суырып салмалық талантына байланысты ерекшелігі. Байзақовтың жұрт алдында айтылатын ұзақ толғау алдындағы кіріспе іспетті, өзіндік әні бар желдірмелері халық арасына кең тараған [4].

Иса Байзақов шығармасының өзегі - махаббат пен адамгершілік. Оның махаббат тақырыбындағы өлеңдері мен поэмаларында терең психологиялық толғаныс, шынайы сезім бар.

«Ақбөпе, саған деген ынтық көңіл, Жүректі тербетеді күнде жеңіл. Сезімім судай тасып, ақтарылып, Сағыныш сазы менен кетті көбейіп...» («Ақбөпе» поэмасынан) [2].

Ақын махаббатты тек жеке сезім ғана емес, жалпы адами ізгіліктің, шынайылықтың көрінісі ретінде жырлайды. Бұл бағыттағы шығармаларда рухани тазалық пен адалдық идеясы басым.

Әлеуметтік қайшылықтарға толы «Ақбөпе» поэмасында ақын өз кейіпкерлері Ақбөпе мен Әміржан бойына бұрынғы қазақ жастарының ең жақсы қасиеттерін жинақтаған

Кім көрді көктің жерге құлағанын,
Кім көрді күннің жарық сұрағанын,
Кім көрді Ақбөпедей қыршын жастың,
Шомылып қанды азапқа жылағанын.
Кім ұқты махаббатты Ақбөпедей,
Жүрегі жанулы тұр әлі сөнбей,
Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді.
Егер де тірі жүрсе, арманда өлмей.

Поэма басталғаннан сұрай арнаумен басталады. Ақын ақбөпе жайны айтпаса да, қайғы-мұңын ұқтырғандай. Ақбөпенің елге қадірлі, жерге қадірлі екендігі де айтылады. Осының өзі оқырманды келесі жолдарға еріксіз шақырады.

Аруды Ақбөпедей ел жырлайды,
Бес кепе, бес арналы көл жырлайды,
Ертек қып, тауда қыран, түзде тоты,
Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды.
Халықтың қаситін жанмен ұққан
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды?

Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің
Жандары біздерді айт деп сыбырлайды.

Ақбөпе – өз бақыты үшін күрескен өр мінезді қазақ қызының бейнесі. Байзақовтың ақындық дарыны Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше танылды.[5]

Поэма оқиғасы шымыр. Әмірхан аттаы Қуандыққа кірме жігіт алды болып жүрген жастың істі болып, Ақтарланын таласқа түскен шақта жауға беріп жіберген елінің адамдарына өкпелі болған әкесі нағашысына көшіп кетеді. Әмірхан Ақтарланды ұрлап, алып қашады. Нағашысының елінде Ақбөпедей сұлумен танысады. Айттырған жері бар, басы бос емес, Ақбөпенің Әмірханмен жақындығы естілген соң, қайны да тезіреку алып кеткісі келеді. Бірақ күйеу ұрын келген кезде Әмірханмен Ақбөпе қашып кетеді.

Құрығы ұзын болыс аулы екеуін ұстап алып, Әмірханды атып өлтіреді. Ақбөпе Әмірханды өлтірген Тайшықтан кегін алады.

Ақбөпе тұрды ерленіп орынынан,
Жігіттер, сыйла, өлікті қайратқылған,
Майданға мен аттанам, кел еріндер,
Топта ма, Тайшық қайда сонау тұрған.
Кегі мен Әмірханның құнын алам,
Қарғысты қанмен атм, қанмен ұрған,
Арманнан шығатұғын кезім осы,
Жігіттер, мамакерді әкел маған.

Ақбөпедей сұлудың ерлігін д жырлайды. Әмірхан үшін кек алған сұлудың ерге тән қайтпас қайсарлығын суреттейді.

Қойнынан сар мойынды кездікті алды,
Токта деп кейбіреулер түсе қалды.
Қан емес, мұның аты кек алу деп,
Алмасын қақ жүректен барып салды.

Ақын өзінің отты жырларымен ел ішіндегі насихат жұмысына белсене араласып, еңбектегі ерлікті жырлады. Поэмада көркемдік құралдарды теңеуді қолдана отырып, кейіпкердің бар жаратылыс сырын көрсетіп қана қоймай, шендестіруді сәтті пайдаланады. Бұл дастан ішіндегі сөздердің қарама-қарсы мағыналары тазалығын – сыртқы қалпын көрсетсе, екіншіден, ішкі жан дүниесін де қарсы ұғыммен ашып тұр [3].

Иса Байзақов шығармашылығының тақырыптық-идеялық ерекшелігін фольклорлық дәстүрмен байланыста қарастыру маңызды. Ол жыршылық, айтыс өнерін жетік меңгерген, суырыпсалмалық шеберлігімен де ерекшеленеді. Оның поэмаларында эпостық жырларға тән құрылым, дәстүрлі бейнелеу тәсілдері жиі кездеседі.

«Батырларша шапсам да жауға қарай, Сөзбенен көмкерем мен елдің арын...». Бұл поэтикалық үлгі арқылы ақын халық әдебиетінің көркемдік дәстүрін жалғастыра отырып, жаңа мазмұнмен толықтырған.

Кеңестік дәуір идеологиясының әсерімен Иса Байзақов шығармаларында

еңбек, өндіріс, жаңа қоғам құндылықтары да көрініс табады. Ол еңбек адамын — батыр, жаңа қоғамның негізін қалаушы ретінде сипаттайды.

«Жаңарған заман келді еңбекпенен, Өндіріс - өмір көркі, өркендеген. Қарапайым жұмысшы - ел қорғаны, Қолында келешек бар, тектен деген...». Бұл жолдар арқылы ақын жаңа замандағы адам бейнесін қалыптастыруға, еңбек арқылы өмір сапасын арттыру идеясын жеткізуге ұмтылады. Иса Байзақов поэмалары 20-ғасырдың бас кезіндегі ұлы Абай дәстүрін ұстанған қазақ әдебиетінің ұлы шайырлары М.Жұмабаев, І. Жансүгіров, С.Мұқанов, С.Сейфуллин поэмалырымен қатарласа жазылған. Классикалық туындылармен иық теңестірген туындылар екені белгілі [4].

- Ақын өз поэмалары арқылы кең тынысты эпик ақын екендігін көрсетті;
- поэмалардың ортақтығы алғашқы басталуында: ақын алғашқы шумақтарға ерекше мән береді;
- поэма кейіпкерлері қазақтың ұлттық қасиеттері мен сипатарын негізге алады;
- поэмадағы адам мен табиғат суреттері үнемі бірге алынады;
- ақын ой-түйіндері елдік оймен халықтық танымды өрнектейді;
- ақын поэмаларының тақырыбы да – жастар өмірі [5];
- еліміз тарихындағы Кеңестік жылдары ішінде жазылып, қазақ поэзиясының кітапханасын байытқан көркем дүниелердің көркемдік көкжиегі кең, шеберлік торабы бай, жаңашылық үдерістері мол екендігін ақын дастандары дәлелдеді;

Кеңестік биліктің салдарынан ел есінен жоғала бастаған ұлттық танымның қайта оралуына И.Байзақов дастандары мүмкіндік бергені анық [1];

Иса Байзақов шығармашылығы — қазақ әдебиетінің рухани байлығы. Оның поэмаларындағы тақырыптық-идеялық өзек — елдік пен еркіндік, әйел теңдігі мен еңбек, махаббат пен адамгершілік сынды өміршең мәселелерді қамтиды. Ақын халықтың үміті мен арманын жырлау арқылы өз заманының көркем шежіресін жасады. Оның шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін де тәрбиелік, танымдық маңызын жоғалтпаған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байзақов И. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1972.
2. Бисенғали З. Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
4. Серғалиев М. Қазақ поэмасының поэтикасы. – Алматы: Мектеп, 1983.
5. Әдебиет порталы – adebiportal.kz (Иса Байзақов туралы мақалалар)

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рамазанова А.,

Насиполла А.,

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті

Қазақстандық тарихнаманың кеңестік кезеңінде жұмысшы кадрлары және жалпы кадр мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты қарастырылғанын айтқан жөн. Олардың қатарында: А.Н.Нүсіпбековтің кадр тақырыбын зерттеудің теориялық мәселелері, кадрлардың сандық және сапалық құрамы, жас және жыныс ерекшелігі мәселелерін зерттеуге жол ашуы [1], еңбек жарыстары туралы теориялық пікірлер білдірген М.Уалиев еңбектерін [2], кадр мәселесіндегі ғылыми техникалық революция әсері туралы Б.Абишева зерттеулерін [3], темір жол кадрларының тұтас жүйесін жасаған М.Асылбеков еңбектерін [4] айтқан орынды.

1920-1980 жылдары толық үстемдік құрған маркстік-лениндік теориялық-методологиялық ұстанымдарды басшылыққа алған зерттеу еңбектері 1970 жылдары ортасында қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды ғылыми шешу жолын көрсетуге дәрменсіз болды.

1970 жылдардың ортасы және 1980 жылдары елдегі әлеуметтік-экономикалық шиеленіс кадр мәселесінде төмендегідей бағытта көрінді:

Елде белгіленген әлеуметтік-экономикалық дамудың бесжылдық жоспарлары орындалмады, жұмысшы кадрларын даярлайтын кәсіптік білім тұралады, инженер-техникалық қызметкерлер әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының дұрыс шешілмеуіне байланысты өндірістен жаппай кете бастады. Міне бұл жағдайлар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Отандық тарихшылардан жаңаша теориялық бағыттағы еңбектерді талап етті. Кадр мәселесін жаңаша көзқараста зерттеу, ең алдымен әлеуметтік-демографиялық бағыттағы өзгерістерге байланысты болды.

1989 жылғы Жаңа Өзен қаласындағы ұлтаралық шиеленіс бұл мәселеде толық көрініс тапты. Өндірістік аудандардағы экология мәселесі, еңбек ақы, тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру проблемаларына өндірістік аудандардағы шағын қалалар проблемасы мен көптеген жұмыс орындарының қысқару, жабылу салдарынан пайда болған жұмыс күші миграциясы мәселесі қосылды. Оның бер жағында ірі өнеркәсіп аудандарына шеттегі қандастарымыз көптеп қоныс аударып, проблемалар өсе түсті. Міне, осы проблемаларды саралап, тарихи тәжірибені теориялық бағытта қолдана білген жаңа зерттеулер жазылды.

Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да, Қазақстандық өндіріс салаларының кадр мәселесіне арналған С. К. Игибаевтың «Қазақстанның революцияға дейінгі өнеркәсіп жұмысшылары» [5], А.Ш.Алтаевтің «Қазақстан

өнеркәсіп жұмысшыларының әлеуметтік дамуы (1970-1990жж) [6], Н.А.Абдуллаевтің «1950-1975 жылдардағы Қазақстан өнеркәсіп жұмысшыларының қалыптасуы» [7], М.Ж.Ташеновтың «Қазақстан жұмысшы табы 1960-1985 жылдарда (өнеркәсіп бойынша)» [8]. монографиялық, диссертациялық зерттеулері жарияланды

Бұл зерттеулерде көрсетілген Отандық тарихтың теориялық-методологиялық мәселелері кейін, кеңірек түрде З.Алдамжардың «Тарих: пайым мен тағылым» атты 2003 жылы жарық көрген методологиялық бағыттағы мақалалар жинағында көрініс тапты.

Қазақстан тарих ғылымында әлі де болса тиісті көңіл бөлініп, ұқыпты түрде қолға алынбай келе жатқан мәселелердің бірі – осы методологиялық жүйені қайтадан жаңа ғылыми негізде зерттеу.

Әрине, бұл іске кіріскенде осы уақытқа дейін қалыптасып, ғылыми айналысқа енген методологиялық тұжырымдар мен қағидаларды түгелдей теріс деп тауып, ысырып тастасақ, онда асығыстық, бірыңғай пайымсыздық көрсетер едік. Өйткені өткен дәуірде орын алған қате-кемшіліктерді, и кесапаттық тылсым салдарын сынап, бой арылту барысында біз іске асар мұраның бір мысқалы болса да бекер шашпай жинақтағанымыз жөн. Ізденіс пен жинақтылық – ағайынды тіршілік. Сондықтан методологиялық жүйе туралы мәселе қозғағанда, біз марксистік-лениндік таптық методологияның принциптерінен, оның идеологиялық шырмауынан бас тартып, сынағанда, сонымен бірге, жалпы ғылыми методологиялық жүйе, таптық шеңберден тыс жатқан ғылыми ортақ негіздегі ақиқаттық принциптер мен объективтік ой-пікір барлығын ескергеніміз абзал [9, 108 б].

Отан тарихындағы теориялық-методологиялық ұстанымдар туралы, соңғы зерттеулер ішінде Х.Әбжановтың «Ұлт тарихы: оны зерттеудің ұстанымдары қандай болуы керек?» атты мақаласын көрсетуге болады. Мақалада З.Алдамжар теориялық ойлары ғылыми дамытылып, Қазақстан тарихын зерттеудің қалыптасқан негізгі тұжырымдары ретінде: тарихты жасайтын адам, тарихты жазуда адамзат тәжірибесі мен тағылымын ескеру, тарихтағы сабақтастық әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, ұлт тарихының гуманизмі, ұлт тарихының оптимизмі туралы методологиялық тұжырымдармен байытты [10, 118-128 б].

Кадр мәселесін зерттеудің негізі ретінде диалектикалық және тарихи материализм принциптері, әлеуметтану категориялары ең бастысы философияның дамытушылық қағидалары басшылыққа алынуы тиіс.

Жаңа парадигма немесе тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, процестерді зерттеудегі жаңа үлгі – модель, Марксистік философия мен методологиядан түгелдей бас тарту емес. Мәселе оның тарихи құбылыстар мен процестерді қарама-қарсы таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіретін сипатынан бас тарту.

Ұлт тарихын жазудағы маркстік-лениндік таптық теориялық-методологиялық ізденістерді тарихи шындықтан толықтай ысырып тастамай, бүгінгі күнмен үндес теориялық ойлары сарапталынуы қажет. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын жазудағы бір партиялық тұрғыда баяндау, көп жағдайда

тарихшының кәсіби деңгейі мен тарихи шындықты теориялық-методологиялық пайымдауларына байланысты еді. Неге тарихта ақтандақ беттер көп, тарихи бағыт беретін методология неліктен күнделікті өмір шындығынан ауытқыды?

Бұл сұраққа жауап іздеуге талпыныс тарихшылар тұлғасының қоғамдағы атқарар рөліне ой жүгіртумен қатар, зиялылар, олардың қоғамдағы орны деген мәселені айналып өтуі мүмкін емес. Зиялылар қауымы, соның ішінде тарихшылар кез-келген қоғамның бет бейнесін анықтайтындықтан олардың қоғамдағы рөлі мен прогреске қосқан үлесін зерделеу әрбір өркениетке бет алған ел үшін маңызды болып табылады. Осы ретте қазақ зиялыларын жалпы екі топқа: ресми өкіметтің бағдарларымен келіспей, белгілі дәрежеде қарсы тұрған қазақ зиялыларының екінші буыны және дүние танымы мен көзқарастары Кеңес өкімет тұсында қалыптасып, ел игілігі үшін еңбек еткен зиялылардың келесі буындары деп бөлуге болады деген ой айтылуда. Бірінші топ өкілдерінің қазақ тарихындағы рөліне баға беруде соңғы кезде тарих ғылымында үлкен жұмыс атқарылып, табан тірерлік негіз жасалған болса, екінші топ өкілдері туралы не айтуға болады, олардың соңынан қалдырған мұрасын қалай бағалауға болады деген мәселе бой көтереді. Мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар социализм идеяларына шын сеніп, дарыны мен еңбегін соған бағыштап, көптеген жылдар бойы тер төгіп, еңбек етті. Бұл мәселе көп зерттеу жүргізіліп, жаңа көзқараспен байыпты ой-тұжырымдар айтуды қажет ететін мәселе.

Тарихшы-ғалымның қоғамдық, ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету мақсаты маңыздылығымен құнды. Себебі бұл тақырып қазіргі кезеңде күрделі болып отырған мәселенің бірі. Біріншіден, жеке адамның (бұл жағдайда тарихшының) өмірі мен қызметін бағалау, зерттеушінің алдына көптеген тарихи, философиялық, этикалық, моральдық тұрғыдағы шешуін іздейтін қиындықтарды көлденең тартатын іс. Әсіресе, бұл жерде үлкен өзгерістерге ұшырап, бағдарлары жаңартылып жатқан тарих ғылымының еңбеккерлері, тұлғалары туралы зерттеу жасап, еңбек жазудың жүгі басқа салаларға қарағанда ауырырақ екені сөзсіз. Екіншіден, Қазақстан тарих ғылымының ірге тасын қалаған тарихшылардың біразының аты-жөні жұртшылыққа белгісіз, көптеген тарихшылар мен олардың еңбектеріне “маркстік-лениндік” тұрғыдан жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын, енжарлық пен дилетанттылықтың, салғырттықтың шекараларына жақын көңіл-күйдің бұл мәселеге мойын бұруға кедергі жасап отырғаны тағы бар. Қазақстан тарихшылары, олардың ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасаған еңбектер қазірде баршылық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нүсіпбеков А.Н. Состояние изучение истории советского рабочего класса Казахстана.// Вестник АН Каз.ССР.Серия общественных наук.-1961,№7.- С 11-17.
2. Уалиев М.Вопросы социалистического соревнование рабочего класса Каз.ССР. в Казахстанской историографии.//В книге: Деятельность компартии Казахстана по руководству социально-экономической развитием республики.- Алма-Ата,1978, - С 25-29.
3. Абишева Б.Н. Изучение истории рабочего класса Казахстана.// В книге: Актуальные проблемы истории советского Казахстана. -Алма-Ата,1980, - С.15-24.
4. Асылбеков М.Х. Итоги и задачи изучение истории рабочего класса Казахстана (1917-1976 гг.).-В кн: Рабочий класс Страны Советов.- Минск,1980,- С. 350-357.
5. Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана: численность, состав, положение (1861-1917 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Усть-Каменогорск, 1990. – 431 с.
6. Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих промышленности Казахстана (1970-1990 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Алматы, 1996. – 322 с.
7. Абдуллаев Н.А. Формирование рабочих кадров промышленности Казахстана в 1950-1975 годы: дисс.... док. ист. наук. – М, 1998. – 411 с.
8. Ташенов М.Ж. Рабочий класс Казахстана 1960-1985 гг. (на примере промышленности): дисс.... док. ист. наук. – Екатеринбург, 1997. – 471 с.
9. Алдамжар З.А. Тарих: Пайым мен тағылым.-Алматы, 2002.- 288 б.
10. Әбжанов Х. Ұлт тарихы: оны зерттеудің өзекті ұстанымдары қандай болуы керек?// Кітапта: Таным таразысында.- Атырау,2006.-313 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

Сармолдаева З.М.,

*Үш тілде оқытатын дарынды
балаларға арналған №30 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі
Атырау қаласы*

Андатпа. Мақалада қазақ халқының қоғам және мемлекет қайраткерлері, алаш асылдары Ә.Бөкейхан мен Халел Досмұхамедұлының еңбектеріне талдау жасалады. Олардың ұлттық ғылымды дамытуға қосқан үлесі арқылы мектеп оқушыларын ғылымға ден қоюға, қазақ әдебиеті мен тарихын білуге қызығушылығын арттыруға болатыны баяндалады.

Негізгі сөздер: Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, салыстырмалы талдау, ұлттық ғылым, қазақ тілі.

Жиырмамыншы ғасырдың басында әлемдік тарихта да, қазақ жерінде де көлемі мен маңызы жағынан түрлі тарихи оқиғалар орын алды. 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері саяси шиеліністер мен қақтығыстардың шегіне жеткендігінің дәлелі болды. Бұл оқиғалар жайында тарихи деректер мен құжаттар, жазбалар, әдеби шығармалар бойынша заманның ағымын білдірген мәліметтер көп кездеседі. Осындай күрделі саяси және тарихи кезең өз заманының көшбасшыларын тарих төріне шығарды. XX ғасыр басында қайраткерлігі және ұлтжандылығымен жарқыраған қазақ халқының өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, С.Меңдешов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов және басқалары уақыт тудырған халқымыздың отансүйгіш азаматтары болып танылды.

Қазақ халқының азаттығы жолында еңбек етіп, өмірін арнаған ардақтыларымыздың қатарында Әлихан Бөкейхановтың рөлі аса жоғары. Ол Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, азаттық күрестің түрлері мен әдістерін үйренген, тәжірибелі саяси күрескер болатын. Омбы қаласына келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырды. Саяси көзқарасының пісіп-жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы

өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған.

1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз 3 ай Павлодар абақтысында отыруына байланғысты 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады.

Абақтыдан шығып Санкт-Петербургке келгенде Дума таратылып, біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына кеткен еді. Ә.Бөкейхан солардың артынан аттанып, Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылады.

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омичъ» және «Иртышъ» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищъ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1909-1917 жылдары «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911-1914 жылдары «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

Жер аудару уақыты аяқталып, 1916 жылы Самардан Орынборға келген ол қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласты. Қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады. Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

XIX-XX ғасырлардағы қазақ зиялыларының шоқтығы биік тұлға – Халел Досмұхамедов екендігі сөзсіз және оның мұрасын жан-жақты зерделеу бүгінгі зерттеушілер үшін өзекті тақырып болып қала бермек деп ойлаймыз. Х.Досмұхамедов озық ойлы, креативті алдыңғы қатарлы тұлғасы болғандығы, әрине, шек келтірмейтін күмәнсіз ақиқат. Ол ұстаз, дәрігер, ғалым, ағартушы, тарихшы, әдебиетші, қоғам, мемлекет қайраткер секілді сан-қырлы қасиеттер мен білік-білімді өне бойына жиған теңдессіз тұлға. Осындай заманында халық үшін бас көтеріп шыққан зиялы қауымның арасынан біз зерттегелі отырған Х.Досмұхамедұлының өмірі мен қызметін бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Оның саяси-қайраткерлік қабілеті, білімдарлық ағартушылық бет-бейнесі күн өткен сайын айқындалып биіктей түсуде. Жалынды патриот, қайраткер-ағартушы Х.Досмұхамедовтың отансүйгіш азамат ретінде қалыптасуы, қоғамдық-саяси істерге араласуы А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов сынды ұлт зиялыларының қасында өтті. Демек, оның азаматтық тұлғасы өзіндік сананы ұлттық сананы ұластырудағы биік парасат өлшемімен көрінеді.

Х.Досмұхамедов жиырмамыншы ғасырдың 20-30 жылдардағы әртүрлі саяси идеологиялық айтыс-тартыстардың бел ортасында жүрген адамның бірі. Халел қайсыбір саяси, мәдени, әдеби жиындарда болсын, еркін өйлеп өз пікірін ашық білдірген. Бұдан шығатын қорытынды – ахуалға, саяси «климатқа» ықпал

етуші, бірден-бір бағыт беруші.

Сонымен бірге Халел әр ұлттың бірегейлігін қана қоймай, отансүйгіштік сезімді көрсете білген, бірден-бір жанашыр болған білімдар. Оның мұндай патриоттық ұстанымы бөлекше бейнемен көз алдымызға келе бермекші.

Әлихан Бөкейхан мен Халел Досмұхамедұлының қайраткерлік қызметін, тұлғалық бейнесі кестеде көрініс тапты.

Әлихан Бөкейхан - ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. XIX ғ. соңында ғылыми жұмыстармен айналысады.	Халел Досмұхамедов бір өзі бірнеше қызметтер атқара жүріп, ұлттық мектептердің ғылыми, терминология жасау ісіне ат салысады. Жер жерлерде қаулап ашыла бастаған жүйенің құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне ат салысады. Сондай-ақ оның қаламы жүйрік журналист болғанын қазақ, тілінде шығып кеткен.
1. Ол <u>1896</u> ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен <u>Орыс географиялық қоғамы</u> Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. 2. Әлихан «Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды. 3. <u>1904</u> жылы қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А. Шербина экспедициясының құрамында болды. 4. <u>1911-14</u> жж. Әлихан Бөкейхан «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.	Х.Досмұхамедов еңбектері: 1. «Табиғаттану», 2. «Жануарлар», 3. «Адамның тән тірлігі» (қазақша орысша жаратылыстану сөздігі), 4. «Оқушы-лардың денсаулығын сақтау», 5. «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», 6. «Сүйектілер туралы» т.б. оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды Халел – журналист, публицист 1. «Шолпан», 2. «Ақ жол», 3. «Еңбекші қазақ», 4. «Сәуле» сияқты газет журнал беттерінде жарияланды

Ә.Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Д.Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеуде Ә.Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской былине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости»

газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә.Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы белгілі ғалым С.Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтылып: «Бұлар эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мезгілі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-санасының жырда көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі. Осындай ғылыми мәнді проблемаларды автор сол кездегі әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра қарастырған», - делінген [1].

Ол қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі сингармонизм заңын зерттеді, «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы», «Шернияз шешен», «Алаш не сөз», «Бұқарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана», «Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат-түрк», «Кенесарының соңғы күндері», «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты, т.б. ғылыми-теориялық еңбектер жазып қалдырды. «Мұрат ақын сөзі», «Исатай-Махамбет», «Аламан» жинақтарын шығарды [2].

Бұл қайраткерлердің өмір жолын, ғылыми мұрасын зерттеу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие бермен бірге ғылымға баулуға бағыт беретін әдіс-тәсілдерді сабақ барысында қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://kitaphana.kz/refkaz/239-tarikh/2837-halel-dosmuhammedov.html>
<https://abai.kz/post/44530>;
2. http://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_download&gid=4115&Itemid=2&lang=kz
3. Домұхамедұлы Х. Тандамалы (избранное)-Алматы: Ана тілі, 1998, 349.

СЕКЦИЯ 3

ӨЛКЕДЕГІ АҒАРТУ ІСІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

ӨЛКЕ ТАРИХЫН ҰРПАҚҚА ТАНЫТҚАН ГЕОГРАФ - ЖИЕНКУЛОВ ЕСЕНКУЛ

Мукажанова Г.С.,

*Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Шоқпартоғай ауылы, №3 жалпы орта білім
беретін мектептің тарих пәні мұғалімі*

Туған жердің тарихын, табиғатын, географиялық ерекшеліктерін танып-білу – әрбір азаматтың парызы. Бұл бағытта мектептегі география пәні ерекше рөл атқарады. Себебі география тек табиғатты оқытпайды, ол туған өлкеге деген сүйіспеншілікті, жауапкершілікті де қалыптастырады. Осы игі істің алдыңғы қатарында жүрген ұстаздардың бірі – **Жиенқұлов Есенқұл**. Ол – өз кәсібіне шынайы берілген, білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, оқушыларын туған жердің қадірін тануға жетелеген ұстаз. Оның өлкетану бағытындағы еңбегі, ағартушылық жолы – болашақ ұрпаққа өнеге.



Жиенкулов Есенкул 1956 жылы 5 - наурызда Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылында дүниеге келген. Ол жоғары санатты «педагог-шебер», II деңгейлік курстан өткен коуч. 1978 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітіріп, география және биология пәні мұғалімі мамандығын алған. Қолына дипломын алған сәттен Атырау облысы Жылыой ауданы Шоқпартоғай ауылындағы мектепте география пәні мұғалімі болып еңбек етті. Мектепте мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, мектеп директоры (1992-1994 ж.ж.), мектептің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, бірлестік жетекшісі қызметтерін атқарды. Жиенкулов Есенкул мектепте оқушыға сапалы білім бере жүріп 1980 жылы «Социалистік жарыс

ж
е
ң
і
м
п
а
з
ы

Атаулы мектептің 25 жылдығына орай «География ғылымын дамытудағы үлесі үшін» төсбелгісін, «Қазақстан мұғалімдерінің кәсіподағына еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісін, Мектеп кәсіподақ комитеті төрағасы міндетін 25 жыл басқарғаны үшін «ҚР кәсіподақ ұйымдарының үздік қызметкері» төсбелгісін иеленді.

«БІ. Алтынсарин» төсбелгісімен білім беру мен тәрбиелеу процестерін ұйымдастыру мен жетілдірудегі, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз етудегі, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын іске асырудағы елеулі табыстары, оқушыларды, тәрбиеленушілерді практикалық даярлаудағы, олардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы табыстары, облыстық (аудандық), олардың республикалық халықаралық білім бағдарламалары мен жобаларындағы жетістіктері үшін білім беру органдары мен ұйымдарында 10 және одан да көп жыл еңбек өтілі бар қызметкерлер марапатталады. Ұстазымыз, ағартушы, педагог Жиенкулов Есенкул еңбек жолында жеткен жетістіктері мен адал еңбегінің нәтижесінде ҚР білім саласының ең жоғарғы марапатына ие болды.

Тұлғаның кәсіби және шығармашылық әлеуетін танытудың бір жолы – түрлі деңгейдегі байқаулар мен конкурстарға қатысуы. Бұл сайыстар оның білімі мен біліктілігін, шығармашылық қабілетін, сондай-ақ қоғамдық белсенділігін көрсетеді. Аталмыш тұлға әр жылдары қатысқан конкурстарынан (педагогикалық оқу) жүлдемен оралып отырды: «Өлкетану материалдарын пайдалану» (1980жыл-Ынталандыру сыйлығы), «География сабақтарында оқушылар білімін тақырыптық тексеру» (1986 жыл-I орын), «География кабинетін ғылыми негізде жабдықтау» (1991жыл-I орын), «Оқушыларды халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу» (1992 жыл-II орын), Оқушыларды ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу (1994 жыл-III орын), «Қазақстан-2030» бағдарламасын оқыту» (2002 жыл-I орын), «География сабағында нарықтық тәрбие беру» (2005 жыл-Бас жүлде), «Географиялық алаңмен жұмыс және оның материалдарын физикалық географияны оқытуда пайдалану» (2010 жыл-I орын), «География пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді пайдалану» (2015 жыл-I орын). Жиенкулов Есенкул 25 рет облыстық және 2 рет республикалық (Көкшетау, Жезқазған) педагогикалық оқуларға қатысып, облыс намысын қорғады.

Кәсіби шеберлікті арттыру мен салалық дамуға үлес қосудың маңызды жолдарының бірі – жинақталған тәжірибемен бөлісу. Бұл үрдіс тек қана жеке дамуға емес, сонымен қатар әріптестер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді. Өз іс-тәжірибесімен бөлісу арқылы маман кәсіби ортада өз орнын нақтылап, жаңа идеялар мен тиімді әдістердің таралуына жол ашады. Есенкул ағайдың жұмыс барысында жинақтаған тәжірибесі, қолданған әдіс-тәсілдерін атап өтсем: 2018 жылдың қараша айында Жылыой ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес аудандық география пәні мұғалімдерінің семинарында 6-сыныпта «Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу» тақырыбында «Жасанды материалдардың

артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау» мақсатында тәжірибе сабағын және ауданның география пәні мұғалімдеріне жергілікті жерде табиғатты зерттеуді қалай жүргізуге болатынын түсіндіру мақсатында пән кабинетіндегі «Ауа райы календарын» жүргізуді және 9-сынып оқушыларымен «Географиялық алаңда» оқушылармен жүргізілетін жұмыстар бағыттарымен таныстырды.

2017-2018 оқу жылында Өзбекстан Республикасының Бұхара қаласында өткен «Современные проблемы премственности географического образования в школах и вузах» тақырыбындағы IV Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарда ғалымдар мен география пәні мұғалімдері арасында Қазақстандағы география пәнін оқытудағы мәселелер ғылыми-әдістемелік баяндама жасады. «2018 жылы «Түркі тілдес елдер» республикалық ғылыми-әдістемелік және танымдық журналында (№3/27/номерінде) атаулы мектеп мүшелерімен бірге Өзбекстан Республикасында халықаралық конференцияға қатысушылар ретінде фотолары жарияланды, «Хабаршы» Географиядан республикалық атаулы мектептің Республикалық ғылыми-әдістемелік журналында(№3/27) «Еңбегімен еленген ғалым ұстаз» тақырыбында география ғылымдарының кандидаты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Темірбеков Амангелді Тәжітегі туралы мақаласы жарық көрді.

2012 жылы Алматы қаласынан республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті арттыру курсының II деңгейін аяқтап, Кембридж университеті дайындаған әдістемені облыс, аудан мұғалімдері арасында коуч ретінде семинарларда бірнеше коучинг, шеберлік сағаттарын өткізіп, насихаттап келеді. 2018 жылы маусымда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университеті «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлесіп өткізген «Іс әрекетті зерттеу: тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы» тақырыбындағы II педагогтардың аймақтық форумына қатысып, сертификатталды(№000373) Мектепте барлық мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде коучингтер ұйымдастырып, «Тәжірибедегі рефлексия» бойынша мектеп ұстаздарын оқытуда мектеп тренерлерімен байланыста жұмыс жасап, мектептегі бөлінген көшбасшылық бойынша мектептегі іс-әрекетті зерттеуді белсенді жұмыс атқарды. 2018 жылы «Блум таксономиясы бойынша сабақты ұйымдастыру», «Мұғалімдердің сыни тұрғыда ойлауды сабақта пайдалану тиімділігі», «Диалогтік оқыту арқылы білім сапасын жақсарту» тақырыптарында коучинг өткізсе, 8-сыныпта географиядан «Lesson study арқылы сабақты зерттеу» жүргізіп, сабақ берудің әдістемелік бірлесіп, ынтымақтастықта жетілдіру және сыныптағы оқушылардың жеке қабілеттерін анықтап, зерделеу бағытындағы жұмыстарды жүргізді.

Жиенкулов Есенкул өз іс-тәжірибесін республика ұстаздарымен бөлісіп отырады. Географиядан Ұлжалғас Есназарованың 1993 жылдан бастап Республикалық Атаулы мектебінің мүшесі. Атаулы мектептің «Хабаршы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының төралқа құрамында. 1987 жылы Гурьев облыстық мұғалімдер жетілдіру институтының география кабинеті, Ембі аудандық методикалық кабинеті «География кабинеті және оны

ұйымдастыру», 1992 жылы Жас туристердің облыстық станциясы «Өлкетану материалдарын география сабақтарында және сабақтан тыс шараларда пайдалану», 2012-2013 оқу жылында Жылыой ауданы білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдістемелік кабинеті «Озат тәжірибе –көпке ортақ» т.б.тақырыптағы іс-тәжірибесі облыс көлемінде таратылды.

География пәнінің ұлттық сана мен туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудағы орны ерекше. Оған дәлел Жиенкулов Есенкулдың авторлығымен басылып шыққан еңбектері. Осы еңбектерге тоқталып өтейін: 1997 жылы «Атырау облысының физикалық географиясы» оқулығы 5000 данамен басылып, таратылды. 1997 жылы «Атырау облысының физикалық географиясын оқыту әдістемесі» 100 данамен басылды, 2002 жылы «Атырау облысы бойынша сауалнамалар. Сауалнама жинағы» 50 данамен басылды, «Атырау облысының танымдық географиясы» Дидактикалық материал ретінде 50 дана болып таратылды.



Жиенкулов Есенкул 2004 жылы «Атырау облысының физикалық географиясы» оқулығының авторы куәлігін алды. Оқулық 7000 данамен таратылып, облыс мектептері, лицей және гимназия оқушылары мен мұғалімдері, жаратылыстану факультеті студенттері әлі де пайдаланып келеді. 2017 жылы Атырау облысында шығарылған «Өлкетану» оқулығына материалдар алдыңғы оқулықтан сілтемелерімен енгізілген. Сонымен қатар «Қазақстан мектебі» журналының штаттан тыс тілшісі, бұл журналда және өзге де әдістемелік, қоғамдық-саяси басылымдарда бірнеше мәрте мақалалары жарияланды. Ақтөбе қаласынан 2013 жылы “NOBEE” баспасынан шыққан «Ұрпағым, саған аманат» атты кітапқа Ақ Кете шежіресін жасауға үлес қосты. 2018 жылдың 7-ақпанында Жиенкулов Есенкулдың «Егеменді Қазақстан» газетінде (10-беті) «Туған өлкені тану құралы» тақырыбында жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайында оқулықтардың жарық көруіне байланысты География пәнінің жеке пән ретінде оқытылмай шашыратып оқытылуын география ғылымын оқушыларға танытуда үлкен қиындықтарға әкелетініне өз пікірін білдірді және ол нәтижесіз емес, республикадағы барлық география мұғалімдерімен бірге ұсыныстары аяқсыз қалмай, 9-сыныпта «Қазақстан географиясын» оқытуға енгізілуіне қол жеткізді. Ұстаздың аудармашылығы да

бар. Оған дәлел 2005 жылы Атырау қаласынан шыққан Ю.Пастуховтың «Край белоснежных историй (Ақшаңқардай өлке тарихы)» кітабын қазақ тіліне аударды. 50-астам мақалалары әр түрлі Республикалық, облыстық, аудандық басылымдарға ғылыми мақалалары жарияланды. «Атырау- Жылыой энциклопедиясы», «Атырау облысы мұғалімдері энциклопедиясы», «Жылыой қаламгерлері», «Географиядан Ұ.Ә.Есназарованың Республикалық атаулы мектебіне 20 жыл» атты кітаптарда Жиенкулов Есенкул туралы мақалалар жазылған. 2007 жылы - облыстық география пәні мұғалімдері олимпиадасында Бас жүлде, 2014 жылы облыстық “Ең үздік авторлық бағдарлама” байқауында II дәрежелі дипломмен марапатталды. 2018 жылы мектебіміздің мерейлі 90 жылдық мерекесінде Жиенкулов Есенкул Жылыой ауданы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



Есекул ағай Жылыой ауданының туризм бағытындағы жұмыстардың дамуына зор үлесін қосты. 2017, 2018 жылдары мектеп оқушыларына жергілікті жерді бағдарлау және туризм бағытында туристік үйірмесіне жетекшілік етіп, Жылыой ауданы атынан команда дайындап республикалық ғылыми конференция аясында және облыстық өткізілген байқауларда екі жыл қатарынан Жылыой ауданы командасы облыс чемпиондары атанды. Спорттық бағдарлаудан мектеп және колледж оқушыларының арасында IX жазғы спартакиадасында I орын алған Жылыой ауданының командасының жетекшісі ретінде Жиенкулов Есенкул 2018 жылы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дипломымен марапатталды.



Ұстаз еңбегі шәкіртінің жұлдызының жануымен де бағаланады. Жұлдызы жанған шәкірттері Қанатқызы Аяулым, Сағынбай Аяжан, Жаңбырбыев Серікболсын, Боранбай Оразалы, Құрманғалиқызы Камила, Төлепқызы Гүлжауһар, Жолдай Алия, Елубай Сағадат, Жанәбіл Айым, т.б. аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпазы атанды.

Есенкул ағай көпшілікке жыр-шумақтарымен де танылып жүр. 1998 жылы «Қазақстан мектебі» журналында «Астана-бас қалам» өлеңі басылды. 2005 жылы Алматының «Исламнұр» баспасынан «Жылыой қаламгерлері» атты жинаққа өлеңдері енді. Бұдан бөлек басылым беттеріне жарияланбаған бірнеше өлеңдері жазылды.

Жиенкулов Есенкул зейнеткерлікке шыққанымен, ағартушылық жолдан қол үзбей, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде, география пәнін тереңдетіп оқыту мен өлкетану, туризм салаларын дамытуда шығармашылықпен еңбек етіп жүрген азамат. Оның бұл еңбегі – жас ұрпақты туған жерін сүйуге, оны тануға баулитын маңызды іс. Оның өлкетану мен туризм саласындағы еңбектері — жас ұрпақ үшін өнеге. Осындай азаматтарымыздың еңбегін бағалап, кейінгі буынға үлгі ету – баршамыздың парызымыз.

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

Әлкенова А.К.,
магистрант,
Ахмет А.Қ.,
ғылыми жетекші, т.ғ.д.,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті

Аңдатпа. Бұл мақала ауыл мектептерінің қоғамдағы әлеуметтік рөліне арналған. Ауыл мектептері тек білім беру орны ғана емес, сонымен бірге мәдениет, дәстүр және қоғамдық өмірдің орталығы болып табылады. Мақалада ауыл мектептерінің тарихи дамуы, олардың қоғамдағы маңызды қызметтері, жастардың тәрбиесі мен білім алу процесіне қосқан үлесі талданады. Сонымен қатар, ауыл мектептерінің әлеуметтік байланыстарды қалыптастырудағы, ауыл тұрғындарының мәдени деңгейін көтерудегі рөлі қарастырылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ауыл мектептері қоғамның дамуына елеулі ықпал етеді және ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Кілт сөздер: ауыл мектебі, әлеуметтік рөл, қоғам дамуы, мәдениет, білім беру.

Менің зерттеу тақырыбым – ауыл мектептерінің қоғамдағы әлеуметтік рөлі. Бұл тақырып қазіргі қоғам үшін өте өзекті, себебі ауыл мектептері тек білім беру орталығы ғана емес, сонымен бірге ауыл тұрғындарының мәдени, әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады. Ауыл мектептері қоғамдағы тарихи дәстүрлерді сақтау, жастарды тәрбиелеу және сапалы білім беру саласында ерекше маңызға ие. Олардың қызметі ауыл өмірінің дамуы мен ауылдық қоғамның тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Ауыл мектептері – балалар мен жасөспірімдерді білімге, мәдениетке, еңбекке және азаматтық құндылықтарға баулу орталығы. Сонымен қатар, ауыл мектептері – қоғамдық байланыстарды дамыту, дәстүрлерді сақтау және ауылдық өмірге қатысу деңгейін көтеру үшін маңызды әлеуметтік институт. Олар тек мектеп қабырғасында оқытумен шектелмей, мәдени шаралар, спорттық жарыстар, мерекелік іс-шаралар және қоғамдық жобаларды ұйымдастыру арқылы ауыл тұрғындарының әлеуметтік өміріне ықпал етеді.

Зерттеу барысында мен ауыл мектептерінің қоғамдағы рөлін жан-жақты қарастырамын. Мақсатым – олардың тарихи дамуын, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қызметін, жастарды тәрбиелеудегі және білім беру жүйесіндегі рөлін толық талдау.

Зерттеудің негізгі міндеттері мыналар:

- Ауыл мектептерінің тарихи дамуын қарастыру – олардың алғашқы пайда болуынан бүгінгі күнге дейінгі кезеңін зерттеу, тарихи контекстте олардың қоғамдағы рөлін көрсету;
- Қоғамдағы қызметін талдау – білім беру, мәдени-танымдық және әлеуметтік қызметтері арқылы ауыл қоғамына тигізетін әсерін бағалау;
- Жастар тәрбиесі мен білім беру жүйесіндегі рөлін бағалау – ауыл мектептерінің жас ұрпаққа моральдық, этикалық, азаматтық және еңбек құндылықтарын үйретудегі тиімділігін анықтау.
- Сонымен қатар, мен ауыл мектептерінің қоғамдағы орнының қазіргі заманға сай жаңаша мәнін, олардың әлеуметтік байланыстарды нығайтудағы және ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудағы рөлін көрсетуге тырысамын. Бұл зерттеу ауыл мектептерінің қоғам дамуына қосқан нақты үлесін түсінуге мүмкіндік береді және ауыл білім беру жүйесін жетілдіру жолдарын қарастыруға негіз болады.

Ауыл мектептерінің тарихи дамуы

Менің зерттеуім бойынша, қазақ қоғамында алғашқы мектептер XIX ғасырдың соңында ашылған. Сол кезде ауыл мектептері көбіне діни және негізгі сауат ашу қызметімен айналысқан. Олар оқушыларға қарапайым жазу, оқу, есеп жүргізуді үйретумен қатар, ұлттық дәстүрлер мен моральдық құндылықтарды сақтауға ықпал еткен [1].

Кеңес дәуірінде ауыл мектептері білім беру мен тәрбиенің орталығы болып қалыптасты. Мен байқағандай, сол кезеңде мектептер тек оқыту орнын ғана емес, мәдени және қоғамдық өмірдің маңызды бөлігіне айналды. Ауылдық клубтар мен мектеп үйлері жастар мен ауыл тұрғындарының кездесетін орнына айналып, әдеби-музыкалық шаралар, спорттық жарыстар, қоғамдық пікірталастар өткізілді. Бұл мектептер арқылы ауылдық қауымдастықтар әлеуметтік байланыстарын нығайтып, жастардың тұлғалық дамуына мүмкіндік алды. Сонымен қатар, ауыл мектептері коммунистік тәрбие беру мен жаңа өмірлік құндылықтарды енгізу орталығы ретінде қызмет етті [2].

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде ауыл мектептері жаңа бағытқа көшті: білім берумен қатар, ұлттық құндылықтарды сақтау, заманауи технологияларды енгізу және қоғамға бейімделген тұлғаны тәрбиелеу басты мақсатқа айналды. Менің зерттеуімде байқалғандай, мектептер білім беру әдістемесін жаңартып, компьютерлік технологияларды, интерактивті сабақтарды және жобалық жұмысты қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылуда. Сонымен қатар, мектептерде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттау шаралары жиі өткізіледі – мерекелер, өнер фестивалдары, тарихи экскурсиялар. Бұл жастарды өз тарихын, мәдениетін құрметтеуге және қоғамда белсенді азамат болуға тәрбиелеуге көмектеседі [3].

Осылайша, ауыл мектептерінің тарихи дамуы олардың қоғамдағы рөлінің өзгеруін және кеңеюін көрсетеді: алғашқы діни және сауат ашу мектептерінен бастап, мәдени-әлеуметтік орталыққа айналған заманауи білім беру мекемесіне

дейін. Бұл тарихи кезеңдер мектептердің әлеуметтік маңызын және ауылдық қоғамдағы орнының тұрақтылығын айқын көрсетеді. 2. Ауыл мектептерінің қоғамдағы әлеуметтік рөлі

Менің ойымша, ауыл мектептері қоғам үшін бірнеше маңызды қызмет атқарады:

Білім беру орны ретінде: Мектеп балалар мен жасөспірімдерге сапалы білім береді, олардың танымдық және ойлау қабілетін дамытады [4].

Мәдени-танымдық орталық ретінде: Мен байқағандай, мектепте өнер, әдебиет, тарих сабақтары арқылы балалар ұлттық дәстүрлермен танысады.

Қоғамдық байланыстар мен дәстүрді сақтау орталығы: Мектеп ауыл тұрғындары үшін мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыратын негізгі орын болып саналады [5].

Жастар тәрбиесі мен білім алу процесі

Ауыл мектептері мен үшін тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар жастарды тәрбиелеудің басты орталығы болып табылады. Мектепте балалар моральдық және этикалық құндылықтарды үйренеді, өз құқықтары мен міндеттерін түсінеді, қоғамға пайдалы азамат болуға дайындалады. [6] Ауыл мектебі оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың жеке қасиеттерін, мінез-құлқын, өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Менің зерттеуімде көргенімдей, ауыл мектептері оқушыларды қауымдық жұмысқа тарту арқылы олардың ұйымшылдық, ынтымақтастық және көшбасшылық қабілеттерін дамытады. Мектепте ұйымдастырылатын жобалық жұмыс, мектептік іс-шаралар, мерекелер мен экологиялық акциялар балаларға жауапкершілік сезімін, өз әрекеттері үшін жауап беру дағдыларын үйретеді. Сонымен қатар, ауыл мектептері жасөспірімдерді сыни ойлауға, мәселені шешу қабілетін дамытуға және жеке шешім қабылдауға баулиды.

Жастарды тәрбиелеуде ауыл мектептерінің тағы бір маңызды қызметі – ұлттық және мәдени құндылықтарды насихаттау. Оқушылар туған жерін, салт-дәстүрін, халық тарихын білуге, құрметтеуге және өз мәдениетін дамытуға үйретіледі. Бұл процессте мектеп тек білім беру орнын ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік және мәдени өміріне белсенді қатысатын тұлғаны қалыптастыратын орталыққа айналады.

Сонымен қатар, ауыл мектептерінде спорттық іс-шаралар мен өнер үйірмелері оқушылардың физикалық және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Бұл жастардың психологиялық және эмоционалды дамуына оң әсер етіп, олардың әлеуметтік бейімделуін арттырады [6].

Осылайша, ауыл мектептері жастарды тек білімге үйретіп қана қоймай, оларды жауапкершілігі бар, мәдениетті, азаматтық және еңбекқор тұлға ретінде тәрбиелеудің негізгі орталығы болып табылады. Бұл олардың болашақта қоғамда тиімді, белсенді азамат болуына мүмкіндік береді.

Ауыл мектептерінің әлеуметтік даму мен ұлттық бірегейліктегі орны

Менің ойымша, ауыл мектептері қоғамның әлеуметтік дамуына тікелей

ықпал етеді. Олар тек білім беру орнын ғана емес, сонымен қатар ауыл өмірінің мәдени, әлеуметтік және рухани дамуына жауапты орталық болып табылады.

Біріншіден, ауыл мектептері ауылдың мәдени деңгейін көтереді. Мектепте өткізілетін әдеби, өнер, музыка және театрлық іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің эстетикалық талғамын дамытып қана қоймай, ауыл тұрғындарының мәдени өміріне де әсер етеді. Мысалы, мектеп ұйымдастыратын дәстүрлі мерекелер мен өнер фестивальдары ауыл тұрғындарын біріктіріп, қоғамдық белсенділікті арттырады.

Екіншіден, мектептер қоғамдық іс-шаралар мен мерекелерде белсенділік танытады. Менің зерттеуімде байқалғандай, ауылдық мектептер туған ел тарихын насихаттайтын акциялар, экологиялық жобалар, спорттық жарыстар және қоғамдық қызмет түрлерін ұйымдастырады. Мұндай іс-шаралар жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырып қана қоймай, ауылдағы әлеуметтік байланыстарды күшейтеді [7].

Үшіншіден, ауыл мектептері ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Мектептерде балаларға ұлттық тарих, мәдениет, дәстүрлер мен тіл үйретіледі. Бұл жас ұрпақты өз мәдениетін құрметтеуге, ұлттық сана мен патриотизмге тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл мектептері ұлттық құндылықтарды қазіргі заманға сай жеткізудің тиімді жолдарын іздестіруде – мысалы, мәдени жобалар, фестивальдар, көрмелер арқылы.

Осы аспектілердің бәрі ауыл мектептерін қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірінің маңызды бөлігіне айналдырады. Олар жастарды білімге, мәдениетке, еңбекке және жауапкершілікке тәрбиелеу арқылы қоғамның дамуына тікелей үлес қосады. Сонымен қатар, ауыл мектептері ұлттық бірегейлікті сақтау мен насихаттауда негізгі рөл атқарады, бұл олардың қоғамдағы стратегиялық маңызын айқын көрсетеді.

Қорытынды.

Менің зерттеуім көрсеткендей, ауыл мектептері қоғамдағы маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Олар тек білім беру орны ғана емес, сонымен қатар жастарды тәрбиелеудің, мәдени құндылықтарды сақтаудың, қоғамдық байланыстарды нығайтудың негізгі орталығы болып табылады. Ауыл мектептері балалар мен жасөспірімдерді білімге, мәдениетке, еңбекке және азаматтық құндылықтарға баулып, болашақта қоғамға пайдалы, жауапкершілігі мол азамат болуға дайындайды.

Зерттеу барысында мен байқағаным, ауыл мектептерінің тарихи дамуы олардың қоғамдағы рөлі мен қызметінің өзгеруін көрсетеді. XIX ғасырда ашылған алғашқы ауыл мектептері тек сауат ашуға бағытталса, Кеңес дәуірінде олар білім беру мен тәрбиенің, мәдени және қоғамдық өмірдің орталығына айналды. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде мектептер ұлттық құндылықтарды сақтау, заманауи технологияларды енгізу және жастарды қоғамға бейімделген тұлға ретінде тәрбиелеу бағытында дамып келеді.

Ауыл мектептері қоғамның әлеуметтік дамуына тікелей ықпал етеді. Олар ауылдың мәдени деңгейін көтеріп, қоғамдық іс-шаралар мен мерекелерге

белсенді қатысады және ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Бұл факторлар ауыл мектептерін ауылдық қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірінің маңызды бөлігіне айналдырады. Сонымен қатар, мектептер жастарды көшбасшылыққа, жауапкершілікке және қауымдық жұмысқа тәрбиелей отырып, олардың өмірлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша мен келесі ұсыныстарды жасаймын:

- Ауыл мектептерін заманауи технологиялармен жабдықтау және оқу құралдарын жетілдіру;
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және педагогикалық тәжірибесін дамыту;
- Мәдени және қоғамдық іс-шараларды көбейту арқылы жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- Ауыл мектептерінің әлеуметтік рөлін күшейту мақсатында жергілікті қоғамдастық пен мемлекеттік ұйымдардың бірлескен жұмыстарын дамыту.

Қорытындылай келе, ауыл мектептері – тек білім беру мекемесі ғана емес, қоғамның әлеуметтік дамуы мен ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқаратын әлеуметтік институт. Олар ауылдың мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің тірегі болып, жастарды толыққанды тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді. Сондықтан ауыл мектептерін дамыту мен қолдау – қоғамның болашағына жасалған маңызды инвестиция болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмаділов, С. «Қазақ мектеп жүйесінің тарихы». Алматы, 2015.
2. Ахметов, Т. «Кеңес дәуіріндегі ауыл мектебі». Астана, 2018.
3. Нұрғазина, А. «Тәуелсіз Қазақстандағы білім беру реформалары». Алматы, 2020.
4. Мұхамеджанова, Л. «Білім берудің әлеуметтік маңызы». Алматы, 2017.
5. Қуанышбек, М. «Мектеп және ауыл мәдениеті». Астана, 2019.
6. Сүлейменова, Г. «Жастар тәрбиесі және білім беру». Алматы, 2021.
7. Әбілханов, Б. «Ұлттық құндылықтар мен мектеп». Астана, 2022.

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР БІЛІМ ОШАҒЫ

Койшигулова К.Ж.,

*Атырау қаласы, Ғ.Мұратбаев атындағы
орта мектебі тарих пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы*

*Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені
мұғалім-мектептің жүрегі
Ыбырай Алтынсарин*

Мектеп – тәрбе ошағы білім ордасы. Жұмыскер ықшам ауданы Атырау облысына қарайтын бұрынғы Балықшы ауданы территориясындағы Жайықтың Еуропалық бетінде бой көтерген елді мекен. Бір шеті Атырау қаласының Авангард мөлтек ауданынан бастап Жайық бойын қуалай орналасқан үйлер Ракуша мен ММС елді мекендеріне дейін созылып жатыр. Алғашқы кезде өндіріс мекемелерінен : «Атырау балық» АҚ қарайтын балық тағамдарын тасымалдау-транспорт цехы, «Атырау кеме жөндеу» АҚ қарайтын кеме корпустарын жасау цехы болған.

Осы жерде ең алғаш 1936 жылы Жұмыскер ауылында тұңғыш жеті жылдық мектеп ашылды. Онда 12- мұғалім ұстаздық еңбек етті. Алғашқы директоры-Гурьев педагогикалық техникумының түлегі Беркінбай Байдалиев. Кейіннен Зәйден Дүйсенғалиев, Ғинаят Шапауов, Қалимат Сүндеталиева, Дәмелі Қызлова, Көшқали Баймағанбетов, Жамиға Изтелеуова, Асыл Мирманова, Алпамыс Ғилымов, Мұқтар Телеубаев.

Мектеп 1996 жылы орта мектепке айналдырылады. 2001 жылы мектепке Исатай Тайманов есімі беріледі. 1960 жылы Рембаз ауылында № 3 сегіз жылдық мектеп ашылып оның директоры Хабиболла Мұқанжанов болды. Бес жылдан кейін яғни, 1965 жылы мектеп жабылып ауыл ортасынан № 23 қазіргі (Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебі) бой көтерді. Бұл мектеп 60 жылдан астам



бойы өскелең ұрпаққа білім беріп, заман талабына сай тәрбиелеуде үлкен із қалдырды. Мектептің алғашқы түлектерінің бірі Кенжеғалиев Әләут «Байқоңыр» ғарыш айлағында еңбек етсе, енді бірі Әлібаева София облыстағы техникалық гимназияның директоры, ал Мендіғариева Жаңылсын облыстық білім департаментінің бас маманы қызметін атқарған. 1974 жыл 20 тамыз Балықшы аудандық атқару комитетінің № 184 қаулысымен № 23 мектепке Ғани Мұратбаевтың есімі беріледі. 1968 жылы оқушылардың интерноционалдық – патриоттық тәрбие беру ұйымы Ұлы Жеңістің 20 жылдыған арнап Рембаза, Жаңа село ауылдарынан Отан

қорғау үшін ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш орнату мәселесі қойылды. Мектептің комсомол партия ұйымының басшылығымен және «Қызыл ізшілдер» отряды ауылдарды аралап төрт жауынгердің Отаны үшін қаза болғандығын анықтап берді. Сөйтіп оларға мектеп ауласының ішінен ескерткіш орнату қолға алынып, ол тез арада аяқталды. Ескерткіштің ашылу салтанатына аудан, облыс, Орта Азия әскери округінің бөлім бастығы, генерал-лейтенант Сухалинский Максим Григорьевич қатысты. Қалалық әскери Комиссиардың орынбасары капитан И.В.Шугинников, Гурьев аудандық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы Марат Ажығалиев, аудандық партия комитетінен М.Телеубаев, поселкелік кеңестің төрағасы Жеңіс Меңдігереев қатысты. Осы ескерткіш 2016 жылы ауыстырылды [1].

Ескерткіш Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлікпен қаза болған жерлестерге арналады.



1. Омаров Қабдырахим 1923 жылы туған.
2. Қонарбаев Ержан -1907 жылы туған.
3. Қожахметов Қоблан – 1922 жылы туған.
4. Кенжебаев Ерғали -1912 жылы туған.



Мектебіміз 2012 жылы қалалық «Жасыл аула» байқауында бас жүлдеге ие болады. Талай ұстаздың қызметкердің, шәкірттің маңдай терімен ерен еңбегінің жемісі жатыр. Мектептің алғаш ашылған кезеңі «Сары өзек» деген жерден 25 –машина топырақ әкелініп, 0,8 – га жерге алғашқы бақтың жас шыбықтары егіле бастады. Мектеп биологтары заңдылықты сақтай

отырып отырғызды. Мысалы мектептің Жайық өзегі жағасына үнемі ылғалды, салқын ауаны қажет ететін өсімдіктер дүниесін, ал мектептің батыс бетінде құрғақшылықты сүйетін өсімдіктер егілді. Мектеп директоры О.Е.Мартиросьян Кавказға өзі барып бұл өлкеде кездеспейтін «өсіруге болмайды»- деп жүрген каштан, туя, жылауық ива, ақ қайыңдар, кавказ раушан, қытай раушаны сияқты 200-ден асатын өсімдіктер көшеттерін әкеліп отырғызды. Сол жылдары биология пәнінен сарамандық жұмыстардың барлығы сол бақта өткізілетін еді. 60 жыл уақыт өтседе мектептің алғашқы директоры О.Е.Мартиросьян негізін салған бұл ерекше жасыл бақ үшін шәкірттері бүгінде осы ғажап адамды зор құрметпен еске алады [2].

60-жылдың ішінде мектебімізде 15-тен астам басшы ауысады. Мектеп 1965 жылы 1-қыркүйекте білімге құштар шәкірттер мен сол білімді олардың бойына дарытушы мұғалімдерге есігін ашады. Халықтың қуанышы шексіз еді, өйткені сол уақытқа дейін бұл елді мекенде орта мектеп жоқ еді, әрі шәкірттер екі тілде

оқи алатын болды. Мартиросян Ованес Еремович 1931 жылы Феодосия қаласында мұғалімдік техникумды бітіріп, өз елінде бейбіт еңбек майданын да қызмет атқарып жүрген. Ұлы Отан соғысы басталып, ел басына қиындық орнағанда, партизан жорықтарына қатынасады. Жау басып алған Қрым жағалауы халықтары мен бірге Гурьевке қоныстанады да, мұғалімдік қызметін жалғастырады. Жасы жетіп демалысқа шыққан соң, яғни 1970 жылы өз еліне қайтады. Өте мәдениетті, саяси сауатты, еңбек сүйгіш жан болған. **(Қызылова Дәмелі апайдың естелігінен)** [3]. Ұжымда еңбегі КСРО, Республика көлемінде танылған ұстаздарда болған. Қалмұқанова Қымбат, Қылова Дәмелі, Лұқпанова Әдебиет, Сапанова Мағия, Сиражеддинова Ахлима т.б ұстаздар болған.



Мектебімізде өнерге қанат қаққан жастар сонау жылдары өте көп болды. 1960 жылдары мектеп көркем өнерпаздары сол кездегі Балықшы аудандық және облысқа танымал болған мектептегі алуан ұлттың өкілдерінен құрылған струналық оркестр, бірнеше дүркін облыстық жеңімпазы атанған. Әсіресе 1973 жылы мектептің көркем өнерпаздары өнердің барлық жанрынан: хор, би, домбыра ансамблі, вокалды группа ауданда I – орынғы ие болды. 80- жылдары жастар арасында кең орын алған вокалды инструментті,

ансамблдер мектеп оқушыларының сүйікті әуесіне айналды. Ансамбль жетекшісі болып мектебіміздің түлегі, жас ұстаз Әбішев Ғалымжан қызмет етті, оның ұйымдастыруымен ашылған тұңғыш қыздар «Ақ көгершін» ансамблінің құрамында мектебіміздің алтын алқа иегері Искаирова Дина, Молдрахманова Сафия, Жапақова Дәмел. 90- жылдары мектебіміздің бишілері Челнокова О.Абзалова Б., Жанбалаева Э., Каримова Г., одаққа танылды. Мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Құспанов Болат Республика көлеміне танымал сазгер болды. Бұл ұстаз жөнінде хабар арнасы « Өмірге құштарлық» бағдарламасын түсіріп Республика көлемінде көрсетілді. Өлі күнге дейін бұл үрдіс жалғасуын табуда мектебімізде музыка пәні мұғалімі Ханшайым Абуғалиқызы қазіргі уақытта жастар арасынан патриоттық әндерге арналған хор құрса, мектептің ардагер ұстаздар арасында да «Әжелер ансамблі» бар [4].





Мектебімізден шыққан профессор, доцент, ғылым кандидаттары да бар. Солардың бірі **Абиров Аққабил Құсайынұлы**- 1970 жылы Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінің түлегі. Х.Досмұхамбетов университетінде ғылым кандидаты.(1997 ж). қауымдастырылған профессор 2019 жылы. ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері төс белгісі, ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін төс белгісімен марапатталған [5].



Ораз Асылан Саматович .1983 жылы туған. Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебін 2000 жылы тәмамдаған. 2004 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "мемлекеттік және муниципалдық басқару" мамандығы бойынша оқыған. Сэнфорд мемлекеттік саясат мектебінде (Дьюк Университеті, АҚШ), Ли Куан Ю мемлекеттік саясат мектебінде (Сингапур), Каунас технологиялық университетінде (Литва) тағылымдамадан өткен. 2022

жылғы 31 тамыздан бастап Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы болып тағайындалған [6]. Бірнеше жыл бұрын 1965 жылы іргесі қаланған Ғани Мұратбаев атындағы орта мектеп ғимаратының тозығы жетіп, апатты жағдайда тұрғаны анықталған болатын. Сондықтан 160 орындық шағын мектепті бұзып, орнына заманауи білім ошағын салу міндеті туындады. 2020 жылы ауыл тұрғындарының қуанышына жаңа мектептің құрылысы аяқталды. 300 орындық жаңа мектеп ашылды. «Назарбаев



Зияткерлік мектептері» АҚ Басқарма төрайымы Күләш Шамшидинова мен ардагер ұстаз Бөкен Ғұмаров білім ордасының лентасын салтанатты жағдайда қиған соң шараға қатысушылар жаңа мектептің ішін аралап көрді. [7] Кешегі шәкірт бүгінгі ұстазға айналды қазіргі уақытта мектебімізде 20 дан астам шәкіртіміз мұғалім болып қызмет атқарады. 2025-2026 оқу жылын

мектебіміз 911 –оқушы, 77 –мұғаліммен бастады. Қазіргі уақытта мектебіміз Республика, облыс, қала көлеміне танымал шәкірттеріміз бен ұстаздарымыз ғылыми жоба, олимпиада байқауларының жеңімпаздары. Мектеп ұйымшыл ұжымымен, білімді жастарымен, жаңа, ғимаратымен, толық қанды материалды базасымен келушілерді одан әрі қызықтыра түседі. Бұл мектептен ғалым да, спорт шебері де, магистрлерде, қоғамға қажетті маман иелері де шыққан. Шәкірттерге тәрбие берген, талай шәкірттің болашағына жол ашқан осынау алты әріптен тұратын киелі Орда құтты мекен, алтын ұя мектебіміз біздің мақтанышымыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мектептің архив жинақтарынан фотосуреттер мен естеліктер
2. Ақ Жайық газеті 2012 жыл №
3. Қызлова Дәмелі « кітабы»
4. Құспанов Болат мен Қаншайым Абуғалиқызының естелігінен
5. Атырау қаласы Х.Досмұхамедов атындағы университетінің бетшесінен
6. Алматы облысының Экономика және Бюджеттік жоспарлау басқармасының жеке бетшесінен ашық дерек көздерінен алынған. www.gov.kz
7. <https://atr.kz/bilim/atyrauda-300-oryndyq-mektep-pajdalanuga-berildi/>

TED X ФОРМАТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙ-ӨРІСІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Бралина Ф.И.,

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің
педагог-сарапшы тарих пәні мұғалімі,
bfi-79@mail.ru*

Қазіргі егеменді еліміздің ағарту жүйесінің мақсаты - өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа ағарту жүйесін қалыптастыру. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісін жаңартып, оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды қолданып, оқытушы мен оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту, арттыру қажеттігі туып отыр.

Осыған орай, соңғы кезде фоқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде. Әдістемелік жұмысымда қазіргі Қазақстан тарихы пәнінде әр түрлі тапсырмалардың қолдану тиімділігін, мәселелерін шешу жолдары, негізгі әдіс-тәсілдерін жан-жақты талдап зерттедім. Зерттеу барысында қазіргі уақыт талабына сай жұмыс процесінде тарих сабағында әр түрлі тәсілдермен жұмыс жасау қажет. «Қазақстан тарихы» пәнінің тарихи материалын оқып, танып білу және оны меңгеру үшін көптеген тәсілдер мен құралдар қолданамыз. Оқушылардың іс-әрекетін, ойлау, таным қызметін дамытуға бағытталған бұл әдістер белгілі бір жоспармен, жүйемен жүргізіледі. Тарих пәнінің жаңа имиджін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері, қазіргі уақыттағы ерекшеліктері мен ұйымдастырудың формалары қызықты әрі тартымды етіп баяндалған. Өз жұмысымдағы мақсатым: Сабақтарымда қолданып жүрген тиімді әдістерім мен стратегияларымды таныстыру, бұл әдіс-тәсілдерді өз пәніме ыңғайластырып жаңадан қайта құрастырып оқушыларыма пәнді терең меңгеруіне жағдай жасау. Көмекші сұрақтар, тапсырмалар арқылы оқушының талдау жасау, сын

тұрғысынан және креативті ойлау қабілеттерін ашу. Міндетім: жетістікке апаратын қадамдарды көрсету арқылы әр тақырыпты түсіндіру барысында оқушыларға неғұрлым түсінікті тілде жеткізу, тарих-гуманитарлық бағытындағы пән болғандықтан түсіну, ұғыну барысында оқушылармен бірге талқылау, ең бастысы алдында орындалған жұмыс пен салыстыру арқылы өзін-өзі жетілдіруді тексеру.

Жұмысымның өзектілігі: Түсініктемелерді тиімді ұсынуға мүмкіндік беретін қадамдар, түсініктемеге қатысты оқушының ойлануы және жауабы, логикалық ойлау арқылы неге қол жеткізе алатынын көрсету.

TED x - TED тәжірибесімен бөлісу мақсатында адамдарды жинап дүние жүзінің әр түкпірінде қауымдастықтардың ұйымдастырып, өткізетін жергілікті іс-шаралар бағдарламасы. TED x жиындарында TED конференцияларының видеолары спикерлердің қатысып сөйлеген сөздерімен ұштасып жатады, сонымен бірге жан-жақты талқылаулар мен байланыстарға мүмкіндік ашады. TED x сөзіндегі «х» - тәуелсіз ұйымдастырылған TED-шара дегенді білдіреді. TED x Қазақстанда Алматы қаласында екі рет өткізілді.

Оқушыларды: тарихи жәдігерлер мен шежіре естеліктерді жинауға, көзқарасы мен пікірін дәлелдей білуге, дәлелдерді қолдана отырып сұрақтар қоюға, дәйекті ойлауға, пәндік қиындықтарды шешуге, тарихи заңнамалар мен жарғыларды салыстыру айырмашылықтары, ерекшеліктері, ұқсастықтарын талқылауға, тез және берік есте сақтауға үйретуді көздедім. Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлау күрделі міндеттермен қатар, анықталмаған болжамдар мен құндылықтарды, проблемаларды мойындау және оларды шешудің тиімді құралдарын табуды, түрлі міндеттерді шешуде басымдықтарды белгілеудің маңызын түсінуді қамтиды.

Бұл тұста сын тұрғысынан ойлаудағы сабақтың мақсаты оқушының дамуына бағытталған, өздік ізденіс, ақпаратты іс-әрекетке асыру, талдау, жинақтау және бағалау, мұғалім мен оқушы байланысы ынтымаққа негізделгенін түсіндім. Оқу мен жазуда сыни тұрғыда ойлауды дамытуға сәйкес жауапкершілігі бар, ақыл-ой үрдісі, өмірде мәселені шешетін, ұқсас ойлардың мақсатқа пайдалысын таңдайтын, өзінің жеке пікірі қалыптасқан, ақылмен жүретін азаматтар дайындалады осыған жету үшін мен білімді оқушыға шебер жеткізуім керектігін ойладым.

Мен мектептегі тәжірибемде оқушылардың біліміне бақылау жасадым. Топтық жұмыс, жеке жұмыс жасауда әр оқушының ойын тыңдап бақыладым. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету - басқа модульдермен тығыз байланысты модуль, себебі оқушылар топта зерттеушілік әңгіме жүргізу барысында, бір-біріне сұрақ қойған кезде, бір-бірін бағалау кезінде сыни тұрғыдан ойланады. Сын тұрғысынан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алатынын сезіндім. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылар қарсы пікір айтуға, шешімдерді қабылдауға, ойлауға үйренеді. Топтық жұмыс жүргізу барысында

олармен еркін қарым -қатынасты ұстанып, сыни ойлана алуға жағдай жасауға тырыстым. Бұл тұста сыни ойлана алатын оқушы мұғаліммен тең әрекеттесе алады екен. Сабақтың мазмұнын түсіндіру барысында әр оқушының деңгейі мен ойлауын ескеріп отырдым.

Осы педагогикалық тәжірибе оқушылардың білімі, ізденушілік қабілеті, шығармашылығын дамытудың тиімді тұстарын ұсынады. Тәжірибенің жанашылдығы оқушылардың білімді жүйелі меңгеруін, интеллектуалдық және логикалық ой-өрісін дамыта отырып, оларды жоба құруға, проектилеуге және модельдеуге үйретуінде. Тәжірибенің теориялық базасы ретінде «TED X форматы оқушылардың шығармашылығын дамытуда даралап, саралап, жіктеп оқытудағы тиімділігі» тақырыбында әдістемелік құрал жасалды. Бұндағы басты педагогикалық идея негізінен мынаған саяды: оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, ұтымды ұсынуга үйрету және жеке тұлғалық ұстанымын қалыптастыру. Осыған байланысты бұл педагогикалық технология қандай міндеттерді шешеді деген сұрақ туады. Технологияның басымдығы мынадай бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі деп есептеймін:

1. Оқушыны ізденіске жетелейді
2. Сөйлеу шеберлігін қалыптастырады
3. Дүниетанымын, көз қарасын кеңейтеді.

Жалпы бұл педагогикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін жұмыс барысын мынандай негізгі кезеңдерді ажыратып алған жөн:

1. Мұғалімнің теориялық базасы мен кәсіби шеберлігінің шыңдалу кезеңі
2. Кешенді бағдарлама және оқу-әдістемелік және көмекші құралдар жасау
3. Оқушыларды бейімдеу, жетелеу және нәтижеге бағыттау

Тәжірибенің практикалық маңызы: Бұл формат сабақта да, сабақтан тыс тәрбие жұмысында да қолдануға өте қолайлы. Тақырыптардың мәнін терең ашып, дидактикалық материалдар жасап шығаруға болады.

Әдістеме ғылымындағы баяндау - оқу материалының мазмұнын белгілі жүйемен әңгімелеп түсіндіру тәсілі. Баяндау барлық сыныптарда, әртүрлі пәндер (көбінесе, гуманитарлық) бойынша қолданылады. Баяндау әдісін қолдануда оқушыларға оқу материалын неғұрлым толық, ғылыми нанымды әңгімелеу көзделеді. Жаңа сабақты өткен сабақпен байланыстыру, пікірлесу, әңгімелесу, көрнекілік тәсілдерін пайдалануға болады. Ұтымды қолданылған баяндау әдісі оқушылардың сабаққа ынта-ықыласын, белсенділігін арттырады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қабылдау, ойлау қабілеттеріне қарай бақылау әдісінің алдын ала логикалық жоспары жасалады. Баяндау әдісімен сабақ өткізуде мұғалімнің әңгімелеу шеберлігі, сөзінің әсерлілігі зор маңызға ие болады.

Мысалы, сабақтарда 9 сынып Дүние жүзі тарихы пәні бойынша «XX ғасырдың екінші жартысында отарсыздандыру процесі неліктен күшейді», құқық негіздері пәнінде «Бала құқығы қалай қорғалуда», Қазақстан тарихы пәні бойынша «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуы» деген тақырыптарда пікір-сайыс өткізіп, балалардың тарихи, саяси және экономикалық білімдерін тереңдетуде де көмегі мол.

TED X форматын сабақтан басқа сыныптан тыс жұмыстарда, тәрбие сағаттарында кеңінен қолдануға болады. Мектепте дебат клубын құрып, оның мүшелері мен президентін, жылдық жұмыс жоспарын бекітіп, жүйелі жұмыстың арқасында шығармашылық табыстарға жетуге болады. TED X форматын оқу үрдісіне енгізілуі оқушының тұлға, адамзат ретінде жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз.

Сонымен бірге TED X форматын жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге болады. Сондықтан оқушылардың БАҚ-рын, сөздіктерді қолдана білуі, оқушылардың сөздік қорының кеңеюі, өз ойын жүйелі және ұтымды жеткізуі, жоспарлауға, проектилеуге, кейс құруға үйренуі, оқушылардың ой қорыта білуі, оқушылардың логикалық ойлауы басты назарда болады. Сонымен бірге мұғалімге оқушыларды даралап, саралап, жіктеп оқытуға көмектеседі және оқушының алған білімін әділ бағалауға көмектеседі.

Педагогикалық тәжірибені іске асыру үшін басты негізделген болжам:

«Егер тарих сабақтарында TED X форматын тиімді қолданылса, онда оқушылардың білім деңгейімен қоса, сөйлеу, ұсыну шеберлігі, интеллектуалды-логикалық ой-өрісі дамытылып, шығармашыл жеке тұлға қалыптасады». Осыдан келіп концептуалды идея тұжырымдалды: «Оқушыларды нәтижеге бағытталған әрекетке үйрету және алған білімді тәжірибеде қолдана білуге үйрету әр мұғалімнің міндетіне айналуы тиіс»

Бұл формат бойынша оқушы білімін мына критерийлерге сәйкес бағалауға болады:

1. Оқушының нақты білімді, фактілерді меңгеруі
2. Оқушының сөздік қорының деңгейі
3. Деректерді қолдана білуі
4. Баяндау стилі
5. Тұжырым жасау, ой қорыту шеберлігі
6. Өз көзқарасын білдіре алу дәрежесі

Тақырып бойынша жұмыс кезеңдері мына кестеде көрсетілген:

Тәжірибенің кезеңдері:

1. Теориялық кезең:	2. Практикалық кезең:
А) TED X форматы меңгеру	А) Оқушыларды бейімдеу, әдіс-тәсілдерді меңгерту
Ә) TED X форматы бағдарлама құру, әдістемелік-дидактикалық кешен жасау	Ә) Сабақтарда қолдану
Б) Техникалық жабдықтау жұмыстарын жүргізу	Б) Тәрбие жұмысын алға қою
	В) Нәтижеге жету. Тәжірибе алмасу

TED X форматын жүзеге асыруда сынып оқушылары жан-жақты зерттелуіне де назар аудаған жөн. Сыныптың даму деңгейі, интеллектуалдылық деңгейі, мектеп мотивациясы мен сыртқы мотивация деңгейі, сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейі, эмоционалдық көңіл-күйі,

оқушылардың мазасыздық деңгейі сияқты мәселелер мектеп психологымен бірлесе отырып жұмыс істеуді қажет етеді.

Менің жетістіктерім: TED X форматы бойынша пед кеңесте шығармашылық есеп бердім. «Болашақ» дебат клубының командаларын мектепішілік, аудандық, облыстық турнирлеріндегі жетістіктері (Маратова М).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Хейзинга Й. Homo ludens. В тени завтрашнего дня. /Пер. с нидерландского. М.: Прогресс – Академия, 1992.

2. Щукина Г. И. Проблема познавательного интереса в педагогике. -М.: Просвещение, 1971. -352 б.

3. Беркінбаев М. Қосымша гуманитарлы білім беруді пікір-сайыс технологиясы арқылы жетілдіру жолдары// Жалпы тарих және құқықтану мектепте. - 2004. -N 6.

ХИМИЯ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

Унгалиева С.М.,

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің
педагог-зерттеуші химия пәні мұғалімі,*

*«Табиғатпен байланыс балаларға тек
эстетикалық тәрбие беріп қоймайды,
сонымен қатар, баланың бойында
адамгершілік көзқарасы дамып,
дүниетанымы кеңейтіледі және алған
әсері толықтырылады».*

К.Д. Ушинский

Қазіргі кезде қоршаған ортаның экологиялық жағдайы кімді болса да толғандыратын проблемаға айналып отыр. Адамның қоршаған ортаға әсері қауіпті сипат алуда. Болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін Қазақстанда жер мен оның қойнауларын, су ресурстарын, өсімдік пен жануарлар дүниесін қорғау және ұтымды пайдалану, ауа мен суды таза сақтау, табиғат байлықтарының молаюын қамтамасыз ету және қоршаған ортаны жақсарту үшін қажетті шаралар қолдану керектігі жөніндегі мәселелердің бір қатары бүгінгі күн тәртібіндегі ғаламдық проблемалар болып табылады. Экология бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей атсалысатын ғылымның жаңа саласы. Осы проблемаларды қарастырудың бірден-бір жолы мектеп жасынан бастап оқушылардың тәрбиесінде экология тұрғысында ой қалыптастыру. Осы орайда химия пәнінде өткен тақырыптарда

міндетті түрде экологиялық мәселе қарастырып отырамын. Жалпы ондағы мақсат: Химия өнімдері біздің өміріміздің барлық салаларына, күнделікті тұрмысымызға кеңінен еніп отыр. Бізді қоршаған орта химия саласымен тығыз байланысты, сондықтан да химия күннен күнге, жылдан жылға тез қарқынмен дамуда, үнемі химияға байланысты жаңа заттар пайда болып отыр. Сонымен қатар, дүние жүзі қауымдастығының алдында тұрған келелі проблемалардың бірі – химияның әсерінен адамзаттың тіршілік ортасының нашарлауы. Мұны шешудің бірден – бір жолы экологиялық білімді жеке тұлғаны қалыптастыру.

Экологиялық білім берудің басты бағыттары:

- Оқушыларды іргелі экологияның мәселелермен таныстыру, алған білімдерін практикада қолдана білуге қалыптастыру;
- Оқушылардың ғылыми ойлауын, дүниетанымын, әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыру;
- Оқушыларды болашақ кәсібін таңдауға дайындау, шығармашылық қабілетін дайындау;
- Оқушылардың ақпаратты сын көзімен ой елегізінен өткізе алу, түсіндіре алу, игеру, бағалай алу қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

- 1. Сабақта алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана біледі.
- 2. Экологиялық жағдаяттарды шеше біледі.
- 3. Экологиялық тақырыпта шығармашылық жұмыстарды орындай алады.
- 4. Танымдық қабілеттері дамиды.
- 5. Экологиялық мазмұны бар есептерді шеше біледі.

Қоршаған ортаның ластануы-адамға және табиғи экожүйеге әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Қоршаған ортаның ластануы кейде табиғат құбылыстары әсерінен, негізінен адам әрекетінен пайда болады. Экология мәселесі - бүгінгі таңдағы адамзат өркениетінің аса ауқымды проблемаларының бірі болып отыр. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында адамзаттың шаруашылық әрекеттері мен өндірістік қатынастарының ғылыми-техникалық жаңару биігіне көтерілуі - экономикалық реформалардың ерекше сипат алуына түрткі болды. Жер бетінде өмір сүретін адам жас күнінен бастап қоршаған ортаға қамқорлықпен қарамау қандай зардаптарға әкелетінін білу керек; қоршаған ортаның ластану себебінен қандай аруулар пайда болатыны; генетикалық ауытқулар; өсімдіктермен жануарлардың өлімдері; жердің құнарлығының төмендеуі; ауыз су қорының азаюы т.б. Бұны тек біліп қоймай, сонымен қатар, бұл жағдайдағы өзіңіңде жауапкершілігін сезіну қажет.

Экология ғылымы организмдердің қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейді. «Организм» дегеніміз әртүрлі тірі объектілердің (түрлер, популяциялар, қоғамдастықтар) топтары. Ал «қоршаған орта» дегеніміз қарастырылатын жүйелердің абиотикалық және биотикалық компоненттері. Қарым-қатынастың экологиялық сипаттамаға ие үш тобын қарастыруға болады. Түрлер ішіндегі және түрлер арасындағы қарым -

қатынастар (1-ші және 2-ші тип). Бұл қарым-қатынастар эволюция процесінде қалыптасты, олар табиғатқа тәуелді және түрді сақтауға бағытталған. Ал 3-ші тип адамның іс-әрекетіне, өндіріске тәуелді. Адамның іс-әрекетінің нәтижесінде көптеген экологиялық проблемалар пайда болған, демек 3-ші тип адамға, адамның ақыл-ойына тәуелді, ол қоғамды, биосфераны сақтауға бағытталуы тиіс және бақылауға алынуы қажет. Мұндай бақылау және биосфераны, қоғамды қорғау тек қана дүние туралы, қоршаған орта туралы білім кешенді түрде қалыптасса ғана іске асырылады, сондықтан «экология ғылымы» өте күрделі ғылым болып табылады. Ортаның химиялық ластаушы көздерін мынадай үлкен топтарға бөлеміз: Қоршаған ортаға сұйықтық, газды және қатты түрдегі өндірістік қалдықтарын шығаратын техникалық қондырғылар; Ластанушы заттар шығаратын немесе оларды жинақтап, сақтайтын шаруашылықтар; Тұрмыстық өндірістік және ауылшаруашылық қалдықтары сулары. Химия пәнінде аталмыш проблемаларға әр сыныпта тақырыптарды өту барысында ой қозғалып түсінік айтылып отырады. Бұл әр сыныптарда химия сабақтарында төмендегідей әдістер, жұмыс түрлері, бағалау жүргізіледі.

Әдістер:

- Зерттеушілік – ізденіс
- Ғылыми жұмыс және бағдарламалар

Жұмыс түрлері

- Әңгіме
- Семинарлар
- Пікірталастар
- сарамандық жұмыстар
- теориялық сабақтар

Бағалау барысы:

- Материалдың дұрыстығы, әрі сапалы баяндалу
- Ұғымдар мен заңдылықтардың толық ашылуы
- Химиялық терминдердің дәл қолданылуы
- Дәлелді баяндау және өзіндік икемділік.

Экологиялық мәселелер адамзат үшін маңыздылығымен-ақ елеусіз алдыңғы шепке шықты. Адамдарда кездесетін кейбір патологиялық аурулардың таралуына, экологиялық факторлар тобының әсеріне бақылау жүргізгенде бірқатар мәселелер нақтыланған. жүйке, қан айналыс жүйесінің, асқорыту мүшелерінің патологиясына ішетін су сапасының төмендігі атмосфераның ауыр металдар мен мұнай өнімдері буымен ластануы едәуір әсер ететіні анықталды. Қатерлі ісік ауруларының 75-80%-ы химиялық заттардың (асбест, полициклді көмірсулар, ауыр металдар) әсерінен пайда болады. Аяқ-қолдарының дамуы тежелген, мүшелері жетілмеген сәбилердің туылуы, өлі туу мен төтеннен іш тастаудың жиілігі ластанған ауадағы кейбір заттар мен дәрілік препараттарға да

б

а

й

л

а

н

ы

с

Химия пәнінен орта білім берудің негізгі міндеттердің бірі - табиғатты аялай білуге баулу, химияны және химия өнеркәсібін өркендетуге байланысты ауаның, судың және топырақтың ластануын болдырмау. Минералды тыңайтқыштардың, өсімдіктерді қорғайтын заттарды пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарын білу. Соңғы кезге дейін химияны кілең мадақтайтын сыңаржақтылықты қойып, оның табиғатқа, ағзаға және адамның денсаулығына тигізетін әсері жөнінде екі жақты ақиқат пікір тудыру.

Химия сабақтарындағы «Оттегі», «Ауа және оның құрамы», «Отын және оны жағу тәсілдері», «Су», «Минералды тыңайтқыштар», «Мұнай өндіру» т.б. тақырыптарын қарастырғанда жалпы біліммен қоса, оқушылардың бір сәт назарын экологиялық білімге аударып келемін. Экологиялық білім беру баланың табиғатқа сүйіспеншілігі мен қамқорлығын арттырып, игерген білімді дұрыс қолдана білуге мүмкіндік туғызады.

Мысалы, 8 - сыныптағы «Оттегінің қолданылуы. Оттегінің табиғаттағы айналымы» деген тақырыпты қарастырғанда кейбір экологиялық есептеулерді оқушылар назарына ұсынып отырамын. Айталық, жылына 7 млрд т. отын жағылады, оған 20 млрд т. оттегі жұмсалады. Бір әуе кемесі 8 сағат ұшқанда 50-70 т. оттегі жұтады, мұның орнын толтыру үшін 25-50 мың га. орман соншама уақыт оттегін бөлуі керек. Егер ондағы оттекті 16 пайызға дейін кемітсе адамдар оны айтарлықтай сезіне бермейді. Ал, оның мөлшерін одан әрі төмендете бастағаннан-ақ оның жетіспейтіндігін ағза сезе бастайды да бас айналып, көз қарауытады. Мәселен, ауадағы оттегі 10-12 пайызға дейін төмендеген жағдайда ағзада әлсіздік басталады, адам ұмытшақ келеді, ойлау қабілеті төмендейді, ал, оттегі мөлшері 8 пайыз және одан да төмендеген жағдайда адам есінен айырылып, өлім қаупі төнеді.

Тағы бір мысал жеңіл машина бір жарым мың шақырым жүргенде бір адамның жыл бойы тыныс алатын оттегін тұтынады. Оттегін тұтынатын өндірістің және транспорттың көбеюі ауада оның азаю қаупін тудырады. Қазір оттегі биогендік түзілуінен гөрі 10-16% көп жұмсалады.

10-сыныптағы «Азот қышқылының өндірісі» тақырыбын қарастырғанда, азот қышқылын өндіретін зауыттың мұржасынан «түлкі құйрық» деп аталатын қызғылт сары түтін будақтап жатады. Бұл азоттың улы оксидтері. Бір зауыт тәулігіне 20 тоннаға жуық оксидтер шығарады. Құрамында 3-6 мг/л азот (II) оксиді бар ауамен 6-12 мин, 0,1 мг/л азот (II) оксиді бар ауамен 1 сағат тыныс алған адамның өміріне қауіп төнеді. Онымен уланған адамның басы айналады, әлсірейді, өңі қашып, қанның қысымы төмендейді. Бұл газдың өндіріс ауасындағы 0,005 мг/л - ден аспауы керек.

11-сыныптағы «Мұнай және оның өнімдері» тақырыбында мұнай өндіретін өндіріс орындарының зияндылығына тоқталамын. Жердің төменгі терең қабаттарынан өндірілетін мұнайды және өнімдерін өндірісте адам баласы күнделікті тұрмыста пайдаланғанда күкірт (IV) оксиді, азот (IV) оксиді, ал толық жанбағанда көміртекті сутегі түзіледі. Олар газ түрінде ауаға өтеді де, жаңбырмен жуылып, жерге түседі. Қышқыл жаңбырдың жиілеуі экологиялық

жүйелерді және құрылысты бүлдіреді. Қышқыл жаңбыр суы топырақты магний, кальцийді жуып, алюминий, марганец сияқты металдарды сіңіріп, олардың улы қанықпасын түзеді. Бұның өзі өсімдіктердің қалыпты өсуіне үлкен кесірін тигізіп, ауа ластануына жол береді. Мұндай табиғатта бөліп жатқан улы заттарды тазалағыш жүйелер мен сүзгілер түрлерін пайдаланып, тоқтатуға болады.



Кез келген экологиялық проблеманы шешу үшін оның негізін қалайтын химиялық процесті зерттеу қажет демек экологиялық білімді химияландыру қажет. Сонымен қатар көптеген экологиялық мәселелерді шешу химия ғылымының жетістіктерімен тығыз байланысты.

Химиялық ластанудың мәселелерін шешу жолдары:

- экологиялық және табиғат қорғау заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау
- қоршаған ортаның тазалығы мен адам денсаулығының үйлестігін сәйкестендіру
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалануда жауапкершілікті күшейту
- Тал, ағаш отырғызу
- елдегі экологиялық жағдайлар мәліметтерінің көпшілікке жетуін қамтамасыз етуді жатқызуға болады

Нәтиже:

1. Дағды, икемділік, іскерлігі қалыптасып ізденеді.
2. Қазақтың салт-дәстүрімен таныса отырып, табиғи ортамен байланысу арқылы экологиялық тәрбие алады.
3. Экологиялық ілім жөніндегі түсінігі артады
4. Химиялық тұрғыда дәлелдеп талдай білуге машықтанады.

Қорыта келе, біз жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйуге тәрбиелесек көп нәрсені ұтатынымыз хақ. Әрбір тәрбиеші, мұғалім, маман

экология негіздерін жақсы білуі қажет. Сонда ғана әрбір адамның миында, қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Адамдар сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауға белсенділік көрсете алады. Осының барлығын өсіп келе жатқан болашақ ұрпаққа түсіндіріп, санасына жеткізу біздің міндетіміз. Мектеп қабырғасында химия пәнін экологиямен ұштастыра оқытса, экологиялы сауатты және мәдениетті тұлға тәрбиеленіп шығуына кепіл беруге болады. Бүгінгі мектеп оқушысы келешек маман, оның қолында еліміздің, жеріміздің болашағы тұр. Химия курсына экологиялық компонентті қосу химиялық және экологиялық білімдерді жүйелі қарастыру, нысандарды жан-жақты мазмұнның блоктары тұрғысынан қарастыру, экологиялық есептерді шешу, экологиялық бағытталған лабораториялық жұмыстарды орындау оқушыларда қарастырылып отырған мәселеге деген қызығушылығын арттырып, химияны оқуға деген мотивациясын күшейтіп, химиялық білімдер жүйесінің меңгерілу тиімділігін арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Химия мектепте» №6 2005ж «Табиғатты қорғайық» 40 бет.
2. Алпысбаев Қ. Қоршаған ортаны талдау жолдары. - Алматы, 1995.
3. Ахметов К. Қоршаған орта жайлы мәліметтер. - Алматы: Қазақпарат, 2000.
4. Әбдіғазиев Б. Жер-Ана – Алматы: Қазақ университеті. - 1992.
5. Базарбаев М. Жасыл ел. Алматы: Рауан, 1994.
6. Елеукенов Ш. Экология және ұлт тағдыры.- Алматы: Жалын, 1997
7. Есім Ғ. Химиялық экологияның Қазақстандағы жүйесі // - 1998. №2.

**ЗАМАНАУИ ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ
ОҚИҒАЛАРДЫ КОМИКСТЕР ТҮРІНДЕ ТҮСІНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ**

НЕГІЗДЕРІ

Сатымова Қ.Қ.,
№ 44 мектеп-гимназиясы,
Атырау қаласы,

Қазіргі заманда білім беру үдерісі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Цифрлық дәуірдің жастары дәстүрлі мәтіндік ақпаратқа қарағанда визуалды, қысқа әрі әсерлі мазмұнды тез қабылдайды. Сондықтан мектептегі тарих пәнін оқытудың тиімділігі үшін жаңа әдістер қажет. Жасанды интеллект негізіндегі комикстер – осындай әдістердің бірі. Олар оқиғалардың хронологиясын жүйелі түрде бейнелеп қана қоймай, оқушыны оқиғаға қатысушы ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект – адам әрекетін модельдеп, жаңа мазмұн жасайтын технологиялық жүйе. Бүгінгі күні ол мәтін генерациялау, сурет салу, дыбыс шығару, бейне жасау сияқты көптеген салаларда қолданылады. Білім беру жүйесіне енген жасанды интеллект оқушыларға шығармашылық тұрғыда ойлануға, ғылыми деректерді визуалды бейнелеуге және тарихи процестерді түсінуге жағдай жасайды. Тарих пәнінде қолдану барысында ЖИ оқиғаларды реконструкциялау, кейіпкерлердің бейнесін жасау, тарихи картиналарды қайта елестету мүмкіндігін береді.

Педагогикалық ғылымда визуалды оқытудың тиімділігі дәлелденген. Л.С. Выготский баланың дамуы үшін мәдени құралдардың маңызын айта отырып, бейне мен мәтіннің қосарлана қолданылуын ерекше атап өткен. П.Я. Гальперин таным процесінің кезеңдерін талдай келе, білімнің іс-әрекет арқылы бекітілетінін көрсетті. Ал А. Раivio-ның қосарланған кодтау теориясы ақпараттың бейне және сөздік формада қатар берілуінің ұзақ мерзімді есте сақтауға ықпал ететінін негіздейді. Осы ғылыми тұжырымдар жасанды интеллект арқылы жасалған комикстердің оқытудағы маңызын қуаттайды.

Комикс - хронологиялық оқиғаларды кадрлар тізбегі арқылы жеткізетін жанр. Оның басты ерекшелігі – күрделі мазмұнды қарапайым әрі түсінікті формада ұсынуында. Комикс оқушы үшін тек суреттер жиынтығы ғана емес, оқиға желісінің бейнелік картасы. Әр кадр тарихи фактіге сәйкес келеді, әрбір кейіпкер нақты дерекпен байланысты. Мұндай әдіс оқушылардың оқиғаларды жүйелеуіне, басты кезеңдерді бөліп көрсетуіне мүмкіндік береді. Мәселен, «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын өткенде оқушылар сауда керуендерін, қалаларды, түрлі халықтардың мәдени алмасуын комикс арқылы бейнелей алады. Бұл тәсіл тарихи процестің ауқымын бір сәтте көз алдына әкеледі.

Жасанды интеллект мұғалімге де, оқушыға да дайын бейнелерді ұсынып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін ашады. Мысалы, DALL·E немесе Midjourney құралдары арқылы оқушылар өз мәтіндік сипаттамасына сәйкес суреттер ала алады. ChatGPT көмегімен тарихи оқиғаның қысқаша сценарийін жазып, одан кейін комикс жасауға болады. Ал Canva сияқты

платформалар дайын суреттерді біріктіріп, толыққанды комикс құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушыларды тек тыңдаушыдан белсенді жасаушыға айналдырады.

Мектеп тәжірибесінде бұл тәсілдің нәтижелілігі айқындалды. 8-сыныпта «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбын өткенде оқушылар жасанды интеллект арқылы тарихи көріністерді бейнеледі. Әр топ көтерілістің бір сәтін суреттеп шықты: патша жарлығы, халықтың наразылығы, ұлт-азаттық күрестің ошақтары, сардарлар бейнесі. Одан кейін осы суреттер комикске біріктірілді. Талқылау барысында оқушылар оқиғалардың өзара байланысын анықтап, әр кейіпкердің рөлін түсіндірді. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 85 пайызы бұл сабақтың ерекше болғанын, тарихи деректерді бұрынғыға қарағанда нақтырақ есте сақтағанын айтты.

Осы әдісті қолдану барысында бірнеше маңызды педагогикалық аспектілер айқындалды. Біріншіден, оқушылардың мотивациясы күшейді. Сабақ шығармашылық жобаға ұқсап, әр оқушы өзін автор ретінде сезінді. Екіншіден, тарихи ойлау дағдылары дамыды. Олар деректерді талдап, оқиғаның хронологиясын дұрыс құруға ұмтылды. Үшіншіден, оқушылардың цифрлық құзыреттілігі артты. Жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, олар жаңа технологияларды мақсатты түрде қолдануды үйренді. Төртіншіден, орташа үлгерімдегі оқушылардың белсенділігі артты. Бұрын сабақта енжар отырған кейбір оқушылар осы әдіс арқылы өздерінің идеяларын ұсынып, белсенді қатысушыларға айналды.

Халықаралық тәжірибеде де комикс әдісінің маңызы жоғары. Мәселен, АҚШ-тағы кейбір мектептерде Екінші дүниежүзілік соғысты түсіндіруде комикстер кеңінен қолданылады. Жапонияда тарихи оқиғалар «манга» түрінде оқытылады, бұл әдіс оқушылар арасында зор қолдауға ие. Еуропа елдерінде де цифрлық комикстер білім беру процесіне енгізіліп отыр. Бұл тәжірибелер жасанды интеллекттің көмегімен комикстерді Қазақстан мектептерінде қолданудың өзектілігін арттыра түседі.

Жасанды интеллект негізіндегі комикс әдісі тек білім берумен шектелмейді, ол тәрбиелік мәнге де ие. Қазақ тарихындағы батырлар, хандар, қоғам қайраткерлері бейнеленген комикстер оқушыларға ұлттық құндылықтарды жақындатады. Тарихи тұлғаны сурет түрінде көріп, оның сөзін оқыған оқушы оқиғаға эмоционалды түрде еніп, патриоттық сезімін нығайтады. Сонымен қатар бұл әдіс ұжымдық жұмысқа негізделеді: оқушылар топ болып бір оқиғаны бейнелейді, пікір алмасады, ортақ шешім қабылдайды. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, комикс жасау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде тақырып пен тарихи оқиға таңдалады. Екінші кезеңде сценарий жасалады, негізгі кейіпкерлер мен оқиға желісі белгіленеді. Үшінші кезеңде жасанды интеллект көмегімен бейнелер алынады. Төртінші кезеңде алынған суреттер комикс форматына біріктіріледі. Соңғы кезеңде оқушылар өз жұмыстарын сынып алдында таныстырады және тарихи мазмұнын талқылайды.

Бұл кезеңдер оқушының зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Жасанды интеллект арқылы жасалған комикстердің білім беру жүйесіне ықпалы зор. Ол оқушыны тарихи деректермен жұмыс істеуге баулиды, ақпаратты талдауға, салыстыруға, жүйелеуге үйретеді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қиялын дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бұл әдіс болашақта тарих сабағында ғана емес, әдебиет, география, тіпті құқық пәндерінде де қолданыс таба алады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект арқылы оқиғаларды комикстер түрінде түсіндіру – заманауи тарих сабағының инновациялық әдісі. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, тарихи ойлау дағдыларын дамытады, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Мектеп тәжірибесі бұл әдістің оқушылар арасында үлкен қолдау тапқанын дәлелдеп отыр. Болашақта әрбір мектеп жасанды интеллект негізінде жасалған интерактивті комикс кітапханасын қалыптастырып, оны оқу процесінде тұрақты пайдалануы мүмкін. Мұндай кітапхана оқушылардың еңбектерін жинақтап қана қоймай, олардың жеке шығармашылығының да көрінісіне айналады. Бұл тәсіл жас ұрпақтың тарихи білімін тереңдетіп, олардың цифрлық дәуірге бейімделген тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

ӨЛКЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ 1930 ЖЫЛДАРДА

Ермекқали Н.Н.,

магистрант

Латипова Л.І.,

магистрант

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті

Қазіргі қазақ қоғамындағы демократиялық жаңғырулар барысында жаңаша ой-пікірлер мен көзқарастарды қалыптастыру мақсатында өткен кезеңдегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресі мен оның рухани түлеуін зерттеуде отандық тарих ғылымының алдында күрделі міндеттердің орын алып отырғандығы белгілі жайт. Осы орайда республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болған жағдайында оның өткен дәуірдегі тарихын сол кезеңнің шындығына сай, идеология мен саяси қалыптардан ада, тарих ғылымында бұрын сыңаржақ баға беріліп келген мәселелерді мейлінше ашып көрсете отырып, ақиқат, шындық, ғылыми және қоғамдық-саяси тұрғыдан саралаудың маңызы зор. Демек отандық тарих ғылымының алдында әлі де толық зерттелмеген, күрмеуі шешілмеген өзекті мәселелер аз емес. Олардың санатына кезінде жалпы халықтық Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі болып саналған қазақ зиялыларының тарихы мен тағылымдарын ғылыми негізде саралауды, зерделеуді, жаңаша ой елегінен өткізуді жатқызуға болады. Шын мәнісінде ХХ ғасырдың басы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің шарықтау

кезеңі болып табылады. Қазақ өлкесінің ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында Ресей империясының саяси және экономикалық жағынан толық дәрежелі отар еліне айналуына, саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда отаршылдық езгінің күшеюіне қарсы бағытталған наразылықтардың, 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы барысында дүниеге келген қазақ даласындағы ұлттық-демократиялық жаңғырулардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен, 1917 жылғы қос революция және азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының азаттық жолындағы күрестерімен ұласып, тереңдей түскені мәлім. ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихын қазақ зиялыларының мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси салаларда жүргізген қызметтерінсіз баяндау мүмкін емес. Зиялылардың туған халқының өркениетті халықтармен тең дәрежеде болуы мақсатында жүргізген мәдени-ағартушылық жұмыстары, қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы қызметтері, осы бағытта өлкедегі ұйымдармен бірігіп атқарған сан-саналы ұйымдастырушылық іс-әрекеттері, саяси күрес жүргізуде қолданған әдіс-тәсілдері, ұстанған бағыт-бағдарлары мәселелердің жиынтығы дербес зерттеу жұмысының өзегі бола алады. Ұлтына, халқына қызмет еткен адам ерен еңбегі мен атқарған қоғамдық-саяси қызметімен тұлғаланады. Өмір өткен сайын, ұрпақ жадында сақталады. Сондай қоғам қайраткерінің бірі – өлкедегі алғашқы жоғары білімді ұлағатты ұстаз, Қазақстанның батыс өлкесінде ағарту саласының көрнекті ұйымдастырушысы Иманғали Адаев (1901-1938).

Атырау облыстық ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті архиві анықтамасында Адаев Иманғали Адайұлы 1901 жылы Орал облысы Гурьев уезі Қарабау болысында туған.

1920 жылдары Қарабаудағы бастауыш мектепті бітіріп, өлкедегі басқару ісіне араласқан. 1923 жылы Әліби Жангелдин ұйымдастыруымен Қопада (Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы) өткен қазақ болыс өкілдерінің жиынына қатысып, Дәрібай Хангереевпен кездескен.

Д.Хангереев кеңесімен 1924 жылы Орынбор қаласындағы Қазақ халық ағарту институтына оқуға түскен. Оқуға түсерде белгілі мемлекет қайраткері Сейітқали Мендешов көп көмек көрсеткен. Оқу орнының Қызылорда қаласына көшірілуіне байланысты 1928 жылы институтты Қызылордада аяқтаған. 1928-1933 жылдары Доссор, Гурьев қалаларында орта мектеп директоры, кооператив мектебі директоры, кеңес партия мектебі басшысы, 1933-1936 жылдары Маңғыстау аудандық білім бөлімі меңгерушісі 1936-1937 жылдары Гурьев мұнай жұмысшылар факультеті директоры.

1937 жылы 17 қарашада Д.Хангереев, С.Мендешовтарды студенттер алдында жақтап сөйлегені үшін қамалып, алашордашы Ембімұнай трестінде кадрға жауапты болған Беркінғали атшыбаевпен араласып тұрғаны үшін 1938 жылы 16 ақпанда Гурьев қаласында атылған. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 16-шы наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан Халқына жолдауында [1] Халқымыздың

патриоттық сана сезімі мен қоғамдағы тұрақтылық саяси жаңғырудың негізі ретінде атай отыра «Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді» деп нақтылады. «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз» деді Қ.К.Тоқаев. Мемлекет Басшысының алға қойған теориялық міндеттері отандық тарих ғылымына жаңа сілкіністер жасады. Бұған бұрын қалыптасқан негіз де бар болатын. Тәуелсіздігімізді алған жылдардың ішінде отандық тарихшыларға Қазақстан тарихнамасында күрделі болып келген тақырыптарды ақиқаттық тұрғыдан ашып көрсетуге, шынайы баға беруге мүмкіндік туды.

Осы бағытта, қазақ қоғамына еңбегі сіңген азаматтардың ғұмырнамалық тарихын зерттеу, олардың тарихтағы алар орнын айқындау тарихшылардың еншісінде деп айтсақ қателеспеген болар едік.

XX ғасырда халықты өркениеттің өріне сүйреген көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті – олардың қай-қайсысы болмасын жан-жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалар болатын. Жалынды патриот және өз мамандықтарының білгірі болуы – кейінгі толқын жастарға үлгі өнеге..

Ақыл-ойды тұншықтырған идеологиялық темір құрсаудан босанған, сөйтіп тәуелсіздік алған халқымыз кезінде қудаланып, жабық қоймаларға қамалып, жұрт пайдалана алмаған, тіпті көзі жоғалуға айналған құнды еңбектер мен аты атаусыз кеткен, жазықсыз жалаға ұшыраған жоғары білікті жаны таза адамдарды танып білу бүгінгі ұрпақ міндеті.

Иманғали Адаев Атырау және Маңғыстау өңірінде орта кәсіби және жоғары мектептің, техника ғылымының дамуына ерекше еңбек еткен тұлға. Иманғали Адаевтың саналы өмір жолы мұнайлы Жайық-Жем экономикалық ауданының қалыптасып, дамуына және қарыштап дамыған ауданға ұлтжанды маман кадрларды даярлаумен байланысты. XX ғасыр бүкіл әлемдегі индустрияның қарқынды дамыған дәуірі ретінде ерекшеленді. Техникалық мамандардың сапасы мен олардың белсенді өндірістік және ғылыми-шығармашылық қызметі әрбір мемлекеттің мәдени және экономикалық дамуының өлшеміне айналды. Сол себепті инженерлік-техникалық мамандарды даярлайтын кәсіби-техникалық оқу орындарының дамуына ерекше көңіл бөлінді. Қазіргі кезеңде біздің еліміз үшін дүниежүзілік озық тәжірибеге негізделген индустриалды-инновациялық стратегияны қалыптастырудың маңызы өте зор. Дамыған өркениетті елдердің барлығы белгілі бір тарихи кезең бойында физикалық еңбекті қажет ететін өндірістен капиталды, технология мен ғылымға негізделген өндіріске дейінгі жолдан өтті. Қазақстанға да осындай

жолдан өтуге тура келді. Шикізатқа ғана бағыт ұстаған ел болып қалмаудың амалы ғылым мен техниканың жетістігіне, жоғары технологияға сүйенген дүниежүзілік стандартқа сай сапалы өнім өндіретін өнеркәсіп орындарын дамытуға оның өзі заманауи мамандарға тікелей байланысты. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі отырысында 2022 жылдың 11 - ші қаңтарында сөйлеген «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі» атты тарихи баяндамасында «Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл - заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту...Білім саласында басымдықты техникалық мамандықтарға беру қажет. Жаңа заман талабына сай инженерлер мен өнеркәсіпшілерді қалыптастыру маңызды» [2] деп атап көрсетті. Бұның өзі,қойнауы «қара алтынға» бай Қазақстанның батыс аймағы үшін көп нәрсені аңғартса керек. Себебі,ғылыми-техникалық прогрестің, технологиядағы өзгерістердің сұранысы және перспективаларын жетік білетін, еңбекті ұйымдастыру мен өнім сапасын әлемдік үлгіде жолға қоюға қабілетті, ой-өрісі кең, парасатты мамандар қажет екендігінің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Қазақстанда білікті инженер,өндіріс мамандарын дайындау процесі ұзақ тарихи жолдан өтті.1920 жылдардың бас кезінде алғашқы қадам, Қазақ Автономиялық Республикасы үкіметі кәсіптік техникалық білім берудің бас комитетін құрды. Нәтижелі жұмыстар арқасында кәсіптік оқу орындарының саны 30-ға жетіп, оларда 2000 жас оқыды.

1930 жылдары ұлттық мамандарды дайындаудағы оң өзгерістер Кеңес үкіметінің «іс тетігін кадрлар шешеді» деген партиялық ұранына байланысты басталды. 1930 жылы алғашқы мұнай техникумы ,қазақ жастары үшін инженер кадрларын даярлайтын қазақтың кен-металлургия институты ашылды. Мұнайшы қазақ инженерлерін дайындауда алғашқы талпыныс – мұнайшы-жұмысшы факультеті дүниеге келді. Талантты қазақ жастары Мәскеу, Ленинград, Баку мұнай институттарына, өнеркәсіп академияларына жіберілді. 1960 жылдары Қазақ политехникалық институтының негізі қаланып, мұнайшы инженерлер дайындайтын жаңа мамандықтар ашылды. 1970-1990 жылдары мұнайлы өлкеде Жаңаөзен мұнай техникумы, Атырау мұнай-газ институты, Ақтау политехникалық институты ұйымдастырылды. Мұның өзі Кеңес үкіметінің әлеуметтік саясатына байланысты орын алған кемшіліктерге, ұлттың саясатындағы келеңсіз жағдайларға, материалдық өндіріске басты бағыт беруіне қарамастан, мұнай-газ саласын мамандармен қамтамасыз етуде бай тәжірибе жинақтағанын көрсетеді. Оны ыждағатты түрде зерттеп, пайымдаудың озық жақтарын бүгінгі күннің қажетіне орай пайдаланудың практикалық маңызы ерекше. Ұрпақтар сабақтастығын, өндірістік дәстүрлер жалғастығын қамтамасыз ету тұрғысынан да зерттеу тақырыбы өзекті, ол маман кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға, оларға ұлтжандылық тәрбие беруге көмектеседі. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі «Халық бірлігі және

жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты [3] Қазақстан Халқына жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа. Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті. Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қиындық осы деуге болады, балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайтын болды. Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын». Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылыс жасалып отырған қазіргі кезде еліміз үшін оның теориялық негіздерін айқындап, нақты іс-қимыл стратегиясын жасау маңызды мәселе болып отыр. Кез келген әрекет ғылыми тұрғыда негізделіп, мақсатты, жоспарлы түрде іске асырылса ғана тиімді нәтиже беретіні анық.

Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы «Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау» [4] жөніндегі Жарлығы 1920-30 жылдардағы сталиндік «зұлмат» құрбандарының тағдырлы тұлғалары туралы зерттеу осы мәселеде, сөз жоқ өзекті. Монография арқауы ретінде зерделенетін Иманғали Адаевты жеке тұлға ретінде зерттеп тану дегеніміз - 1920-30 жылдардағы өлке тарихын жаңаша көзқараспен зерттеу, ғылыми тұрғыдан терең қарастырып баяндау, тұжырымдап баға беру және тарих ғылымындағы «Ұрпақтар сабақтастығын» ғылыми пайымдау деген сөз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 16-шы наурыздағы «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан Халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.-16 наурыз 2022.

2. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі отырысында 2022 жылдың 11-ші қаңтарында сөйлеген «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы - тәуелсіздік кепілі» атты баяндамасы // Егемен Қазақстан. 11 қаңтар 2022.

3. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 01 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан Халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 01 қыркүйек 2021.

4. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы «Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Жарлығы // Егемен Қазақстан 24 қараша 2020.

ГУРЬЕВТЕГІ ТАТАР МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ

Ахмет А.Қ.,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор
Әлкенова А.,
«Тарихшы педагог»
мамандығының II курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада 1935–1936 оқу жылында Гурьев қаласында ашылған татар бастауыш мектебінің ұйымдастырылуы мәселелері Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорларындағы құжаттар негізінде қарастырылады.

Негізгі сөздер: Гурьев қаласы, татар мектебі, сынып, мұғалім, оқушылар, сауатсыздықты жою, оқу.

Қазан төңкерісіне дейін Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында 1 гимназия, екі сыныптық орысша-қазақша училище, 2 приход және 2 дін мектебі жұмыс жасады. Уездік халық ағарту бөлімі жанынан сауатсыздықты жою жөніндегі комиссия құрылып, ол 24 мектеп ашып, 600 адамды қамтыған. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында 1924-1925 жылдарында бірінші басқышты 40 мектеп, оның төртеуі интернат болып ашылған. 1926 жылдың 1 қазанынан кейін оқу бөлімі 8 қызметкерімен өз алдына мекеме болып құрылған. Елді сауаттандыру жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Қазақстандағы сауатсыздықты жоюдың бетбұрыс кезеңі 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін басталды. Сауатсыздықты жоюға мемлекеттік деңгейде мән берілуі қалың бұқараның рухани сұранысына дөп келді. Оқу-білімнен артта қала бастағанын XX ғасырдың басында қазақ қоғамы жақсы түсінді.

Қазақ Өлкелік комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылдың 13 қарашасында «Қазақстандағы мектептердің құрылымын реттеу мен қазақ орта мектебін таныту туралы» қаулы қабылдады. Құжатта бастауыш мектепті тегіс 4 сыныптан тұратындай етіп қайта құруға тапсырма берілді. 4 класты ашу үшін 6-7 оқушы болса да жетіп жатыр делінді. Жергілікті кадрлар және кеңес мекемелеріне таяудағы 2-3 жыл ішінде 1-2-3 сыныптан тұратын мектептің орнына 4 класы бар бастауыш мектеп құру міндеттелді [1, 123 б.]. Бұл салада басқа да шараларды жүзеге асыру қарастырылды.

Екінші бесжылдық соңында Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру негізінен аяқталды. 1937 жылғы 1 қаңтарда өлкедегі мектеп жасындағы балалардың 96%-і бастауыш мектепке тартылды. Қазақстанда тұратын аз ұлттар мектептерінің ойдағыдай дамуына көңіл бөлінді.

Осы жылдардың айғағындай Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорында 1935 жылы Гурьев қаласында татар бастауыш мектебі ашылып, жұмыс жасағаны туралы дерек сақталған [2].

Жоғары да аталған қаулыны орындау мақсатында 1935 жылдың 16 желтоқсан күнгі Гурьев қалалық кеңесі қаладағы мектептер желісі мен олардың орналасу нүктелері туралы қаулысы қабылданды.

Аталған қаулы бойынша біріншіден, Гурьев қаласындағы татар тұрғындарына арналған № 5 бастауыш татар мектебін ұйымдастыру, екіншіден, мектепке 38 кв/м көлемінде 2 сынып бөлмесін және 2 қызмет көрсету бөлмелерін бекіту, мұғалімдер мен техникалық қызметкерлерге пәтер қарастыру, үшіншіден, 1935/36 оқу жылында мектепке I-ші сыныпқа – 33, II-ші сыныпқа – 26, III-ші сыныпқа – 20, IV-ші сыныпқа – 15 бала, барлығы 94 бала қабылдау және сабақ беретін 3 мұғалім белгіленген [2, 23 п.].

Ал 1936/37 оқу жылында I-ші сыныпқа – 40, II-ші сыныпқа – 35, III-ші сыныпқа – 30, IV-ші сыныпқа – 25 бала, барлығы 130 оқушы қабылдау және 4 мұғалім, 1937/38 оқу жылына аталған мектепке 147 оқушы, 4 мұғалім жүктемен қабылдау жоспарланды.

Сонымен бірге мектепке директорлық пен меңгерушілікке төмендегідей кандидат тіркелген:

1. Хаят Валидуллина, ұлты: татар, 1900 жылы туған. Әлеуметтік шығу тегі жағынан: шаруа, білімі: 2 жылдық педагогикалық бастауыш сынып мұғалімдер курсы, еңбек өтілі: 17 жыл, партияда: жоқ. Гурьев қаласында бірінші жыл жұмыс жасайды. Жазғы қайта даярлау курсынан өтуі қажет, - делінген қаулыда.

Гурьев қалалық I-басқыштық татар мектебінде үш мұғалім сабақ берген. Олар мектеп меңгерушісі Х. Валидуллина, мұғалімдер Тугушова және Мустафина.

Х. Валидуллина II және IV сыныптарға 202 сағатпен сабақ берген.

Тугушова ұлты татар. 1917 жылы туған. Әлеуметтік шығу тегі жағынан: шаруа, білімі: 2 жылдық педагогикалық техникум, еңбек өтілі: 1 жыл, партияда: жоқ. I-III сыныптарға 172 сағатпен сабақ берді.

Мустафина ұлты татар. 1913 жылы туған. Әлеуметтік шығу тегі жағынан: шаруа, білімі: педагогикалық бастауыш сынып мұғалімдер курсы, еңбек өтілі: 4 жыл, партияда: жоқ. II-III сыныптарға 172 сағатпен сабақ берген [2, 9 п.].

Мектеп меңгерушісі Х. Валидуллинаның мөрін басып шандырған мектеп жобасынан қанық болатынымыз мектептің жалпы ауданы 414 кв/м. құраған. Ғимарат саман тастан салынған. Едені мен төбесі тақтай. Шатыры ағаш. Екі пешпен бөлінген екі оқу сыныбы және асхана, мұғалімдер бөлмесі, дәлізден тұрған [2, 9 п.]. Мектептің мекен-жайы Гурьев қаласы, Красноармейская көшесі (қазіргі Ж.Нәжімеденов), № 131 үй [2, 3 п.]. Мектептің оқу құрал-жабдықтары ескі үлгідегі парта саны – 6, үстел – 8, орындық – 7, тақта саны – 2, шкаф – 1, табуреток саны – 2, КСРО картасы – 23, глобус – 1 [2, 4 п.].

1935-1936 оқу жылында мектепте 93 оқушы оқыған. I сыныпта оқушы саны – 33 (8 жаста – 25, 9 жаста – 7, 12 жаста – 1), оның 18 қыз, I сыныпта оқушы саны – 25 (8 жаста – 1, 9 жаста – 14, 10 жаста – 8, 11 жаста – 1, 12 жаста – 1), оның 14 қыз, I сыныпта оқушы саны – 20 (10 жаста – 8, 11 жаста – 9, 12 жаста – 3), оның 13 қыз, I сыныпта оқушы саны – 15 (11 жаста – 4, 12 жаста – 6, 12 жаста – 5), оның 8 қыз бала болды. Жас ерекшеліктеріне тоқталсақ 8 жастағылар – 26, 9 жастағылар – 21, 10 жастағылар – 16, 11 жастағылар – 14, 12 жастағылар – 11, 13 жастағы – 5 оқушы болды. Барлығы 4 сыныпта 93 бала оқып, оның 53 қыз бала

болған [2, 3 п.]. Мектептің 1935 жылғы бюджеті бойынша мұғалімдер еңбек ақысына – 6010 сом, әкімшілік-шаруашылық шығынға – 685 сом, құрал-жабдықтар алуға – 155 сом, жүргізілетін операциялық шығындарға – 55 сом, әлеуметтік-тұрмыстық шығындарға – 55 сом қаражат бөлу қарастырылған. Барлық қаражат шығыны – 6960 сомды құрады [2, 5 п.].

Қазақстандағы сан жағынан басым ұлттардың білім дәрежесіне назар аударсақ. Елдегі білім деңгейі жоғары халықтар қатарына салыстырмалы түрде орыстар мен татарлар кірсе, орташаға украиндар жатты, білім артта қалғандар ретінде қазақтар мен өзбектерді атауға негіз бар. Қай халықтың болмасын әйелдері ерлерден білім алуға келгенде әжептәуір артта қалған екен. Қала мен ауыл арасындағы біліми айырмашылық барлық этностарға тән болғанмен, ауыл қазағы мен қала қазағының арасындағы білім алшақтығы тым көрнекті еді. Мысалы, қаладағы орыс ерінің білімі ауылдағы қанданасынан 1,5 есе ғана артық болса, украиндерде үш есеге жуық, татарларда 1,5 еседей, өзбектерде 3 еседей, ал қазақ ерлерінікі 4 еседен астам артық болды. Әйелдер арасында да осыған ұқсас алшақтық болды. Қазақстан халықтарының біліми потенциалы революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда біршама өскенімен, шыққан биігі аса мақтанышпен айта қалатындай емес еді. Сондықтан да кеңестік кезеңде XX ғасырдың 80-шы жылдарына дейін жетіжылдық, сегізжылдық, онжылдық білім беру тәрізді науқандар үздіксіз жүріп жатты. Ол да өмір талабы болды.

- 3 -
Бюджет школы за 1935 год.

	Зарплата	Адм. расх.	Приобр. инвент.	Операц. расх.	Стр. и ремонт	Соц. быт. обслуж.	ВСЕГО
часть из местн. бюджета . . .	6010	685	155	55	-	55	6960
из поступления							
ВСЕГО . . .	6010	685	155	55	-	55	6960



Список адм. педагогического состава учителей.

Фамилия, имя и отч.	Занимаемая должность	Национальность	Пол	Род. год	Сол. преставл.	Партийность	Образован (указать точно что окончил)	Общ. тр. стаж	Пед. стаж	Когда, как и где окончил проф. курс	Какие предметы ведет	Местн. нагрузка в часах	Как поводит в данное время свою квалификацию
Балимуллина	зав.	т.	ж.	1900	9/кр	б/п.	наг. шк. 12. пед. ж.	17	17	32 г. 34.2 м. Кл.	IV-III	202	прос. зан. кон. 12.9 м. 1935
Турдусова	р. уч.	т.	ж.	1917	9/кр.	б/п.	б. н. пед. тех.	1	1	1934	I-III	142	прос. зан. кон. 12.9 м. 1935
Мусейафрина	р. уч.	т.	ж.	1913	9/кр.	б/п.	наг. шк.	4	4	1925	II-III	172	

Расстановки педкадров на 36-37 и 37-38 г. г.

Фамилия и имя	В каких классах, какие предметы будет преподавать в 36/37 г.	Количество подставок для оплаты	В каких классах, какие предметы будет преподавать в 37/38 г.	Количество подставок для оплаты
Балимуллина	III - I	2,08	IV - II	2,18
Турдусова	II	1,04	III	1,04
Мусейафрина	IV	1,04	I	1,04

Недо расставить наличные педкадры и определить количество потребных педкадров. При записании граф на потребные кадры графы "фамилия и имя", остаются не заполненными.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Табылдиев Х. Сауатсыздықтан білім шыңына. Зерттеу. — Алматы: «Өлке» баспасы, 1997. — 188 бет.
2. Атырау қалалық мемлекеттік архиві (АтҚМА), 50-қор, 1-тізім, 22-іс.

ТЕТИС МҰХИТЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ІЗДЕРІ

Рамазанова А.А.,

*Атырау облысының Білім беру басқармасының
Жылыой ауданы білім бөлімінің
№10 Амангелді атындағы жалпы орта білім
беретін мектептің тарих пәні мұғалімі,*

Кіріспе.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Тетис мұхитының орнынан, соның ішінде Ақкереге шыннан табылған жәдігерлерді зерттеп, ақпараттар жинақтап, сол кездегі өмір сүрген халқымыздың тарихымен таныстыру.

Тақырыптың өзектілігі:

Тарихи жәдігерлерді зерттеп, маңыздылығын, өлке тарихымен салыстырып, ұлан-ғайыр жеріміздің тарихы мен мәдениетін көрсету.

Зерттеу кезеңдері: Осы мақсатқа жету үшін төмендегі *міндеттер* қойылады:

- Жәдігерлердің табылған жерлеріне тоқталу;
- Тарихымен танысу;
- Жәдігер жататын дәуірді анықтау;
- Археологиялық зерттеулермен таныстыру;
- Архивпен музейден алынған нақты дәлелдермен таныстыру;
- Өлкеміздегі зерттелген және зерттелу үстіндегі жәдігерлермен

таныстыру

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеудің барысында жинақтау, талдау, зерттеу әдістерін пайдалану.

Нәтиже және қортындылары: Жылыой өңіріне жақын орналасқан Тетис мұхитының орнынан табылған көне жәдігерлер кеңінен зерттелді. Архивпен музейден алынған нақты дәлелдермен таныстырылды.

Ұсыныс: Жергілікті орындардағы тарихи жәдігерлерді зерттеу аясын кеңейту. Ұлттық құндылықтарды кең көлемде дәріптеу. Бабалар тарихынан сыр шертетін басқа да жәдігерлерді іздеуді, зерттеуді жалғастыру. Өлкетану барысында экскурсияға арнайы саяхаттарды жие ұйымдастыру.

Қазақ даласы ғасырдан үн шертетін қойнауы қазынаға толы құтты мекен. Өткенмен бүгінді сабақтастырып, бір сарында үндестіре білу тек біздің даламызға тән қасиет. Алтай мен Атырауға дейінгі ұланғайыр кең атырапты алып жатқан, Ұлы даланың арасында шоқтығы биік киелі мекен - кең Жылыой өңірінің тарихы терең. Расында да тарих сырын қойнауына бүккен киелі қоныс. Оны осы табылған жәдігерлерімізден көре аламыз. Бірінің тарихын зерттеп ашсақ, зерттелмегені, табылмағаны қаншама? Туған ел мен жердің тарихын білу, өлкені зерттеуден басталады. Осы көне заттарды зерттеуден өлкемізге, тарихымызға деген қызығушылығымыз артты. Палеозой эрасынан табылған

тіршілік иесінің қалдығын, сонымен қатар, сонымен қатар, құрбандық ыдысын, XIX ғасырдағы коллекциянерлік зергерлік бұйымын, сармат дәуірінен қалған көненің куәсі болған мүсіндердің ақпаратын архив пен музейден жинақталды. Атырау облысының белгілі археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Касенов Марат Сейтжанұлының зерттеп берген, ақпараттары жазылды.



1-сурет. Паратетис мұхиты.

Тетис мұхиты мезозой дәуірінде Еуразия мен Гондвана материктерінің арасында орналасып, орасан зор су айдынын құраған. Кейінгі геологиялық кезеңдерде жер қыртысының қозғалысы нәтижесінде мұхит тартылып, оның орнында әртүрлі теңіздер мен көлдер қалыптасты.

Қазақстан аумағы ежелгі дәуірлерде табиғи-геологиялық тұрғыдан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Солардың бірі – Тетис мұхиты. Миллиондаған жылдар бұрын бұл мұхит қазіргі Еуразия аймағын қамтып жатқан. Маңғыстау өңіріндегі Ақкереге шыңы – сол ежелгі теңіз мұрасының көрінісі болып табылады.



2, 3, 4-сурет. Ақкереге шың

Ақкереге шыңы әктасты жыныстардан құралған. Бұл әктастар – Тетис мұхиты түбінде жиналған теңіздік шөгінділердің қалдығы. Әктастың құрамында теңіз жәндіктерінің қаңқалары, маржан іздері және ұсақ фауна элементтері кездеседі. Олар шыңның ежелгі теңіздік ортада қалыптасқанын дәлелдейді.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ. Палеозой эрасының тіршілік иелері

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкереге шың үстіртінен ұлудың бақалшағы табылды.



5,6-сурет. Ұлудың бақалшағы

Острей тегі

Мерзімделуі-палеозей эрасы

Материалы-тасқа айналған табиғи қалдық

Өлшемі-6 x 5,3см, 4 x 3,2см, 7,2 x 5,9 см, 2,2 x 2,1см, 6,1 x 6см

Табылған орны- Ақкерегешың үстірті

Есептік белгісі- ПМ НҚ 095\1-5.

Острей тегі-теңізде тіршілік ететін бақалшағы ашып жабылатын екі жақтаудан тұратын қосжақтаулы ұлулар класына жатады. Шанағы бірдей емес, жарғақты болған. Сол жарғағы дөңес, радиал қырлардан тұрған, оң жарғағы үлкен, жайпақ, біршама тегіс, ал жоғарғы шегі қысқа болған Тістері болмаған. Бақалшақтары екі жақтаулы, денесін екі жақ, бүйірінен қаптайды, жақтаулардың шеттері иректелген. [2, 58-59 бет].

2023 жылы Ақкереге шыңнан табылған острей тегін Атырау музейі берген 3 томдық кітаптан мәлімет жинақталды. 2024 жылы осы бақалшақтан үлкен острей тегі табылып отыр.

II.2. Қабір ыдысы.

Қола мүсіндерінен басқа Ақкереге шың үстіртінен тастан жасалған ыдыс табылды. Ол туралы 2023 жылы зерттеп, таныстырылды. Жылыойдан ақпарат таба алмай, әлеуметтік желіге жүгініп біраз ақпарат жинақталды..



7,8-сурет. Қабір ыдысы

Ерте темір дәуіріндегі материалдық мәдениеті табылған көптеген және алуан түрлі заттар б.з.б VIII-III ғасырлардағы мекендеушілердің материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайды.

Әлеуметтік желіден табылған ақпараттармен қоса Қасенов Марат ағайдың зерттеуіне жүгініп, тастан жасалған ыдысты - құрбандық ыдысы деп алынды. Қабір ыдыс - өлікті жерлеген соң, қабірге тас ыдысқа тамақ салып бірге қойған. О дүниеге барған адам тамақ ішуі керек деген пікірде болған. Б.з.б VIII-III ғ. темір дәуірін қамтиды.



9,10-сурет. Тастан жасалған қыш ыдыс

2024 ж. Осыған ұқсас тастан жасалған қыш ыдыс табылып отыр. (10-сурет) Олардың табылған орындарымен, көне тастың көлеміне және әлеуметтік желіге жүгіне, бұл жәдігерді, б.з.б VIII-III ғасырлардағы темір дәуіріне жатқызып отырмыз.

II.3. Қазақ халқының көне торсығы. Ауыл маңынан табылған бұл жәдігерлер құнды деп есептеледі. Материалы-жезден, бөлшектеліп жасалған.



11,12-сурет. Торсық

Орта Азия халықтарының әр түрлі сусындарды құюға арналған ыдыс-торсық(қымыз, шұбат, сүт, айран т.б.)

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, торсық бұл өнеркәсіп, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, асыл мұрамыз, қазынамыз. Торсық бұл әлем халықтарының тамашалайтын көрмесі, қазақ халқының философиясы.

Қорытынды.

Тетис мұхиты — тек геологиялық ғана емес, биологиялық тарихтың да маңызды куәсі. Оның түбінен табылған сүйек қалдықтары мен қазба байлықтары бүгінгі ғылым үшін баға жетпес мұра. Әсіресе Қазақстан аумағындағы шөгінділер бұл мұхиттың шекарасы кең болғанын және тіршіліктің сан алуан түріне мекен болғанын дәлелдейді.

Тетис аймағынан табылған қабір ыдыстары— сол дәуірдегі рухани өмір, тұрмыс-тіршілік пен қолөнер деңгейін көрсететін маңызды археологиялық дерек. Ол Қазақстан аумағындағы көне мәдениеттердің теңіздік өркениеттермен байланысы болғанын дәлелдейді.

Табылған басқа да жәдігерлерді зерттеп, табылған жеріне үңілсең көптеген ақпарат аласың, танысасың. Іште шағын музей бұрышын жасақтадым, сол табылған жәдігерлерді зерттеуге жұмыстанып, оқушыларға ғылыми жұмыс ретінде қорғап, осы жәдігерлерді зерттедік. Ең бірінші экскурсия барысында өзіміздің тапқан ұлу бақалшағының не екенін білмей, қызықтадық. Солай оның теңізде тіршілік ететін бақалшағы өте үлкен әрі жайпақ пішіндес болып, жарғақты екендігі көзге ерекше назарымызға ілікті. Оқушыларым ұлудың бақалшағын зерттеп бастады. Басқада мектептегі жәдігерлердің тарихын кітап пен мұражай, мұрағаттан қарадық. Сонымен қатар, тарих ғылымдарының кандидаты Қ. Марат ағаймен тығыз байланыста болдық.

2023 жылы алған ғылыми жұмысымыз, сәтті болып, оқушыларым Жылыой ауданнан 1-жеңімпаз атанып облысқа жолдама алды. Облыстан 3-жүлделі орынды қанжығамызға байладық. Бір жыл зерттеген жұмысымыз үлкен нәтиже берді.



13-сурет. 2023 ж. зерттеген жұмыстың нәтижесі

2024 жылы алған ғылыми жұмысымыз да нәтижелі болып, оқушыларым Жылыой ауданнан 2-жүлделі орынмен облысқа жолдама алды. Облыстан 3-жүлделі орынды қанжығамызға байладық. Осымен 2 жыл зерттеген жұмысымыз үлкен жемісін берді.



14-сурет. 2023 ж. зерттеген жұмыстың нәтижесі

Өлкеміздің өткен тарихымен әлі де кеңінен танысып, көптеген жаңалықтар ашамын деген үміттеміз. Мамыр айында да оқушыларды өлкемізбен таныстыру мақсатында экскурсия ұйымдастырып, тау мен тасты аралатып, өлкеміздің тарихы кең жерлерге апардық. Бұл саяхатта 6-шы сынып оқушылары қыштан жасалған құмыраны тауып, зерттеу жұмысын бастады. Әр шыққан саяхатымыз оқушылардың есінде қалатындай көңіл-күй мен қызықты оқиғаларға толы.



15-сурет. 2024 ж. Ақкереге шың үстіртіне саяхат



16-сурет. Қыштан жасалған құмыра

Қорытындылай келе, Ақкереге шыңы мен Тетис мұхитының арасындағы байланыс – табиғаттың сан миллиондаған жылдық эволюциясының нәтижесі екені табылды. Бұл шың – ежелгі мұхит тарихынан сыр шертетін табиғи ескерткіш. Мұндай орындарды зерттеу жас ұрпаққа туған жердің геологиялық тарихын танытып, табиғатты қорғауға тәрбиелейді. Ұлттық құндылықтарды кең көлемде дәріптеп, бабалар тарихынан сыр шертетін құнды жәдігерлермізді зерттеп, таныстыру біздің борышымыз. Елімізге, мемлекетімізге зерттеген жасаған жұмыстарымызбен кішкене пайдамызды тигізе алсақ, жұмысымыздың нәтижесі, жемісі деп білемін. Өлкеміздің маңында орналасқан, Тетис мұхитының орны, Ақкереге шың-сан миллиондаған тарихы мен өзіндік құпия, сырлары бар үстірт. Сол үстірттің сырларына үңіле үлкен жетістікке жетеріміз анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дана. Қазбек Құттымұратұлы
2. Палеонтологиялық коллекция. Шығаруға жауапты Рашида Харипова.
2020.
- 3.Зергерлік бұйымдар коллекция. Шығаруға жауапты Рашида Харипова
2020.

ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Туленова У.Т.,

профессор, п.ғ.к.

*«Білім берудегі менеджмент»
мамандығының магистранты*

Зейнетова С.М.,

Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті

Атырау қаласы, Қазақстан

Андатпа. Бастауыш мектептегі геймификация - бұл оқушыларды ынталандырудың неғұрлым жоғары деңгейін және қолайлы оқыту ортасын құруға ықпал ететін қуатты құрал болып табыладығы баяндалады. Геймификация, білім берудегі білім алушылардың іс-әрекетін басқару тәсілі, яғни қызметтің инновациялық бағытын ынталандыратын, танымдық міндеттерді орындауға қызығушылық тудыратын жағдай туғызатын, білім алушылардың шығармашылығы мен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін дамытады.

Негізгі сөздер: цифрландыру, цифрлық технологиялар, цифрлық орта, бастауыш сынып, геймификация, мотивация .

Цифрландыру қазіргі заманның талабының өзекті мәселесі болып табылады. Білім берудегі цифрлық технологияларды оқытудың мақсаты студенттердің бойында цифрлық технологиялар саласындағы кәсіби, арнайы құзыреттерді дамыту болып табылады; заманауи сандық ресурстарды өз бетінше іздеу және жобалау дағдыларын дамыту арнайы пәндер бойынша оқу процесін жеделдету.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті», – деп көрсеткен еді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің сөзінде: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз... Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болуымен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деп инновациялық әрекетке даяр болудың маңызын атап көрсеткені белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесі өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда геймификациялық оқытуды жоғары оқу орындарынан бастап оқыту процесіне енгізуі тиіс.

Қоғамда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат дамуының жаһандық трендіне айналды. Үлкен деректер, виртуалды және толықтырылған

шындық, бейімделу жүйелері, заттар интернеті, жасанды интеллект және ақпараттық дәуірдің басқа белгілері өмірдің барлық салаларында инновациялардың кең дамуына ықпал етеді, әлеуметтік экономикалық дамудың үлкен перспективаларын ашады, адамдардың өмір сүру сапасын өзгертеді. Жаңа буын технологияларын кеңінен енгізу, күн сайын ақпарат көлемінің бірнеше есе артуы, роботтандыру, қазіргі әлемде техника мен басқару жүйелерінің айтарлықтай күрделенуі білім берудің барлық буындары мен деңгейлеріне қойылатын талаптарды мүлдем жаңа сапалы деңгейге көтеруде.

Қазіргі заманғы білім беру процесінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың инновациялық әдістемелерін жетілдіру қажеттілігі арта түсуде. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда оқытудың тиімді жолы ойын механизмдерін оқу процесіне енгізу болып табылады. Олардың бірегей құралдарының бірі – геймификация, білім берудегі білім алушылардың іс-әрекетін басқару тәсілі, яғни қызметтің инновациялық бағытын ынталандыратын, танымдық міндеттерді орындауға қызығушылық тудыратын жағдай туғызатын, білім алушылардың шығармашылығы мен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін дамытады. Бастауыш білім беруде геймификацияны қолдану әдістемесі қазіргі уақытта педагогикалық практикаларда жаңа және өзекті бағыт ретінде қарастырылады. Геймификацияның тек білім беру әдісі ретінде ғана емес, педагогикалық шеберлікті дамыту құралы ретінде қолданылуында.

Білім беру жүйесіндегі қолданылатын геймификациялық әдістеменің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда келесі зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық: шетелдік әдебиет материалдарын зерделеу нәтижесінде бірқатар авторлардың білім берудегі ойын технологияларымен, атап айтқанда геймификацияны Л. П. Варенина, К. Вербх, С. Детеринг, Э. Карр-Челлмен, Д. Кларк, Э. Клопфер [4,5,6,7,8,9] өз еңбектерінде қарастырғаны анықталды, сонымен қатар Л. С. Выготский, В. В. Давыдов, А. Комиссаров, Г. П. Щедровицкий, Д. Б. Эльконин [10,11,12] оқытуда ойын технологияларын қолдану мәселесіне үлес қосқанын атап өткен жөн.

Жоғары білім беру үрдісінде білім алушылардың оқудағы белсенділігін ынталандыратын, оқу іс-әрекетіне білім беру құндылығы мен практикалық бағыт беретін, жоғары білім беруді жаңғыртуды нығайтатын интерактивті технологиялар ерекше рөл атқарады. Олардың бірегей құралдарының бірі – геймификация, білім берудегі білім алушылардың іс-әрекетін басқару тәсілі, яғни қызметтің инновациялық бағытын ынталандыратын, танымдық міндеттерді орындауға қызығушылық тудыратын жағдай туғызатын, білім алушылардың шығармашылығы мен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін дамытады.

Геймификацияда ең мықты мотивтердің бірі – ойыннан шабыт алу, білім алушыны әр түрлі іс-шараларға белсенді және ынталы қатысуға итермелейді, ынталандырып жігерлендіреді. Нәтижесінде субъектілердің ойын үрдісіне ғана емес, сонымен бірге білім беру үрдісіне де қатысуы артады. Ойын – бұл жұмыс мүмкіндіктерін көрсететін үрдіс деп бекер айтылмаған; ойын – бұл қуаныш тудыратын және сонымен бірге жауапкершілікті білдіретін жағдай; ал бізге керек

әрект ол геймификация [13]. Әрбір оқытушы және білім алушы оқу үрдісінде жұмыс істеу тәсілдерін таңдай алады. Осыған байланысты, геймификацияны таңдағанда, білім беру үрдісінің субъектілері инновациялық шешімдер деңгейінде өзіндік және жарқын білім алу, дағдылар мен кәсіби қасиеттерді дамыту үрдісіне қосыла алады. Егер геймификация ресурстарын барынша пайдаланатын болсақ, мінез-құлықты басқару, мотивация мен белсенділікті арттыру құралдарын қосуға болады. Оқытушының ерекше назарын қажет ететін ойын элементтерінің тағы бір маңызды аспектісі – білім алушылармен белгілі бір мінез-құлық стратегиялары мен тактикаларын құру. Ойын процестері ерекше қарым-қатынастарды дамытуды талап ететін және оған қатысушылардың өзін-өзі көрсетуіне ықпал ететін «эмоционалды қаныққан қарым қатынас саласы» екені анық [14].

Сонымен қатар, білім алушыларды ойын әдістеріне қосу, ойын мүмкіндіктеріне негізделген жағымды эмоцияларды ынталандыруы керек, осылайша, практикалық салада жоғары сапалы нәтижелер алу үшін ақпараттық, эмоционалды, интерактивті құралдарды қолдануы керек. Қазіргі жағдайда ғылыми қоғамдастық өкілдеріне геймификацияның тұжырымдамалық негіздерін анықтауға, оның білім беру саласындағы потенциалын анықтауға, ойын тәжірибесін оқу процесіне енгізуге бірыңғай көзқарас жетіспейді. Бұл ретте білім алушыларды ойын техникасына қосу ойынның потенциалына сүйене отырып, жағымды эмоцияларды ынталандыруы және осылайша болашақ кәсіпқойдың қызметінде практикалық салада сапалы нәтижелер алудың ақпараттық, эмоционалды, интерактивті құралдарын пайдалануы тиіс.

Қазіргі уақытта зерттеушілер геймификацияның тұжырымдамалық негіздерін анықтауға, оның білім беру саласындағы потенциал мүмкіндіктерін анықтауға, оқу процесіне ойын тәжірибесін енгізуге бірыңғай көзқарас қалыптастыруда. Білім беру үрдісіне геймификацияны енгізу нәтижелерін зерттеу А.Л. Мазелистің пікірінше, бұл үрдіс үшін ойын жалпы ұғым болып табылады [15] және ойынды пайдалану (ойын механикасы, ойынның сюжеті мен сценарийі, ойын емес әрекеттерге арналған әдістер) мотивация мен қатысуды тудырады, білім алушылардың мінез-құлқын өзгертеді. Бұл ретте ойынның өзі инновациялық белсенділік болып анықталады.: Геймификацияны білім берудегі жаңа технологияларының бірі ретінде қарастыруға болады ма? Геймификация мотивациялық үрдістерге және оқытудың тиімділігіне қалай әсер етеді? Жоғары білім беру үрдісінде геймификацияны қалай қолдануға болады?: Заманауи кәсіби маманды дайындау үрдісіне геймификацияны енгізу білім алушылардың ішкі және сыртқы мотивациясын, болашақ мамандардың мінез-құлқын реттеуді қолдану, білім беру үрдісіне әртүрлі ойын тәжірибелерінің жүйесін енгізу арқылы тиімді болады, ал мақсаты оқытудағы геймификацияның тұжырымдамалық негіздерін талдау, геймификацияның бірегей мүмкіндіктерін ұсына алатын құралдар жүйесін, оны жоғары білім беруді дамытудың инновациялық тәжірибесіне айналдыру үшін перспективалық пайдалану ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Шетелдік және отандық авторлардың философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттеріне талдау жүргізіліп жатқан зерттеу аясында геймификация идеясын дамытудың әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік берді, оның ішінде ойын іс-әрекетін дамытуға ғылыми көзқарастар жүйесін өзгерту, ойын кеңістігінің мәдени сипаттамаларын қалыптастыру, ойын жүйелерінің тұжырымдамалық ережелерін дамытудың теориялық және практикалық ерекшеліктері. Геймификация құбылысын зерттеу геймификация тұжырымдамасы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап дами бастады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді [16]. Бұл, ең алдымен, компьютерлік оқытудың дамуымен, білім берудегі жеке тұлғаның белсенділігін ынталандыратын технологияларды іздеумен байланысты болды. Жалпы ғылыми әдіснаманың құрамдас бөлігі ретінде жүйелік тәсілді қолдану, бізге геймификацияны үрдістік ұйымдастырудың ерекшеліктерін, кіретін компоненттерді, осы жүйедегі байланыстардың дамуын, компоненттердің өзара әрекеттесуі мен өзара тәуелділігін, олардың ресурстары мен перспективалық қатынастарын анықтауға мүмкіндік берді.

Геймификация жүйесінде тұжырымдамалық блок, геймификация принциптері, ойын механикасы мен техникасы, жетістіктер; ойындағы адамдар топтарының мінез құлқын өзгерту моделі; геймификация практикасы және т. б. көрсетілген. Геймификация жүйесінің қызметі әртүрлі сипаттамалармен сипатталады, бұл іс әрекеттің мазмұнымен және қатысушы субъектілердің ерекшеліктерімен байланысты. Геймификация мәселелерін қарастыруға тұлғаға бағытталған тәсіл құралдарын қосу жеке тұлғаны дамыту үрдісінде ойын технологияларының бірегей ресурстары туралы ережені негіздеумен байланысты болды [17]. Ойын әрекеті жеке тұлғаның қажеттіліктерін белсенді іске асыруға, сәттілік мотивтерін пайдалануға, өзін-өзі жүзеге асыруға, білім алушыларға жағымды эмоционалдылықты қосуға тікелей әсер етеді. Геймификацияланған жүйелерді қолдануда жеке тұлға қатысуды жүзеге асыруға және танымдық қызығушылықты пайдалануға мүмкіндік алады және жеке тәжірибе жинақтайды. Ойын әрекетінде адам интеллектуалды еркіндік пен шығармашылықты көрсете алады. Зерттеуіміздегі белсенділік тәсілі ойын қызметін ұйымдастырудың негізі ретінде ұсынылған және бұл үрдісте білім алушы белсенді субъект позициясында болады [18]. Ол ойын жасаушы, ұйымдастырушы, орындаушы бола алады; қызмет нәтижесінің сапасын талдайтын және бағалайтын тұлға. Басқаша айтқанда, қазіргі жағдайда геймификация білім алушылардың қатысуын арттыру, танымдық тәуелсіздікті дамыту және ойын субъектілерінің өзіндік дамуы үшін ресурс ретінде қарастырылады.

Геймификацияны біз білім беру субъектілерінің мотивациясы мен мінез-құлқын басқару үшін қолданылатын ойын заңдылықтары мен принциптерін, әдістері мен тәсілдерін, технологияларын, техникасы мен механикасын қамтитын білім беру теориясы мен практикасы ретінде қарастырамыз. Білім берудегі геймификация ресурстарын қарастыратын А.С. Ветушинский

геймификация құбылысын ойын ойлау құралдары мен әдістерін қолдану арқылы адамның мінез-құлқымен жұмыс істеу әдістемесі ретінде анықтады [19].

Білім берудегі геймификацияның басты қағидаттарының бірі - қажеттілікті қанағаттандыру. Бұл геймификация оқушылардың нақты білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс дегенді білдіреді. Ойын элементтерін ойын әрекеттестігі үшін қосу ғана емес, оқу процесін және оның нәтижелерін жақсарту үшін мұны саналы және мақсатты түрде жасау маңызды.

Білім беруде геймификацияны қолдану интерактивті және қызықты оқу ортасын құруға ықпал ететін әртүрлі құралдар мен әдістерді пайдалануды көздейді. Оқытудың классикалық және көп деңгейлі сюжеттері оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын ынталандыруға және білім беру процесінің тиімділігін арттыруға көмектесетін құралдардың мысалы болып табылады.

Оқытудың цифрлық ортасы жағдайында геймификация қағидаттарын ескеру ерекше маңызды, өйткені олар интерактивті және тартымды білім беру бағдарламаларын жасауға ықпал етеді. Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін түсінікті және қолжетімді геймификациялаудың қарапайым ережелері, сондай-ақ геймификация арқылы оқыту процестерін визуализациялау оқу тиімділігін арттыруға және оқушылардың оқу процесіне тартылуын жақсартуға көмектеседі.

Білім берудегі геймификация оқушыларды ынталандырудың неғұрлым жоғары деңгейін және қолайлы оқыту ортасын құруға ықпал ететін қуатты құрал болып табылады. Білім берудегі геймификация теориясына сәйкес, студенттер оқу процесі көңілді және қызықты болатындай ұйымдастырылғанда ақпаратты тиімді меңгереді. Геймификациялаудың негізгі идеясы білім беру процесі ойын тәсілі қағидаттарына негізделген кезде анағұрлым нәтижелі болады.

Бастауыш мектептің барлық сабақтарында геймификацияны пайдалану білім алушылардың уәждемесін арттыруға ғана емес, сонымен қатар оқыту тиімділігін жақсартуға да ықпал етеді. Білім берудегі ойын тәсілдері балаларға материалды жақсы меңгеруге, сөйлеуді және креативті ойлауды дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ, оқушылардың оқу процесіне тартылуы да маңызды аспект болып табылады, ол ойын элементтерін пайдаланудың арқасында айтарлықтай артады.

Оқытудың цифрлық ортасы жағдайында геймификация ерекше өзектілікке ие болады. Ойынның қарапайым және түсінікті ережелері, оқу процестерін ойын механикасы арқылы визуализациялау оқу процесін балалар үшін қызықты және қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Геймификацияны тиімді пайдалану әрбір пәннің ерекшеліктері мен оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын элементтерін оқу жоспарына біріктіруге сауатты тәсілді талап етеді. Ойын форматын оқыту процесіне көшіретін тәсіл оқушылардың уәждемесін едәуір жақсартады және білімді игеруді жеделдетеді. Блогтағы жарияланым осы мақсатта пайдаланылуы мүмкін әртүрлі технологиялардың мысалдарын келтіре отырып, білім берудегі ойынның артықшылықтарын да, кемшіліктерін де

талқылайды. Ойын элементтерін оқу процесіне көшіру білім алушылардың уәждемесін арттыруға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың оқу процесіне тартылуын жақсартуға да ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқу нәтижелерін жақсартуға әкелуі мүмкін.

Осылайша, оқытудың цифрлық ортасында геймификация оқушыларды оқытуға тартуға, білім беру процестерінің тиімділігін жақсартуға және неғұрлым интерактивті және тартымды білім беру ортасын құруға ықпал ететін қуатты құрал болып табылады.

Бастауыш мектептегі геймификация - бұл оқушылардың ынтасын арттырып және оқу нәтижелерін жақсартып, оқудағы ойын тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Бұл процесте қарапайым геймификация ережелері маңызды рөл атқарады. Түсінікті және қарапайым ережелер балаларға өздерінен не талап етілетінін және қандай мақсаттарға жету керектігін жақсы түсінуге көмектеседі. Барлық процестерді визуализациялау да ойдағыдай геймификациялауда негізгі рөл атқарады. Визуализация балаларға материалды жақсы игеруге көмектеседі, оны неғұрлым қолжетімді және түсінікті етеді.

Бастауыш мектепте ойнаудың негізгі қағидаттарының бірі ойын кезінде жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін арттыру болып табылады. Бұл балалар өздерін еркін және сенімді сезінетін сенімді атмосфера жасайды, бұл неғұрлым тиімді оқытуға ықпал етеді. Қарапайым ойын әрекеттері мен алгоритмдері де ойнатуда маңызды рөл атқарады. Балалар үшін ойын әрекеттері неғұрлым жеңіл және түсінікті болса, олардың қатысуы соғұрлым жеңіл болады. Осылайша, бастауыш мектепте ойнатудың қарапайым ережелері оқушылардың ынтасын арттыруда, оқыту нәтижелерін жақсартуда және қызықты әрі өнімді білім беру ортасын құруда маңызды рөл атқарады. Бастауыш мектептің барлық сабақтарында геймификацияны енгізу түсінікті және қарапайым ережелерді, процестерді визуализациялауды және балаларды тиімді оқыту мен дамытуды қамтамасыз ету үшін инновациялық тәсілдерді пайдалануды талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. "Педагог" кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 15 желтоқсан № 500 бұйрығы <https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/V2200031149>
3. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана 2015
4. Варенина Л.П. Геймификация в образовании // Историческая и социально-образовательная мысль. 2014. Т. 6. № 6–2 (28). С. 314–317.
5. Вербах, К. Вовлекай и властвуй. Игровое мышление на службе бизнеса / К. Вербах, Д. Хантер; пер. с англ. А. Кардаш. – Москва : Манн, Иванов и Фербер, 2015. – 224 с. – ISBN 978-5-00057-344-0.

6. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R., Nacke, E. (2011). Gamification: toward a definition. CHI. Vancouver: BC. URL: <http://gamification-research.org/wp-content/uploads/2011/04/02-Deterding-Khaled-Nacke-Dixon.pdf> -
7. Deterding, S., Sicart M., Nacke L., O'Hara K., Dixon D. Gamification: using game-design elements in non-gaming contexts. – New York: ACM Press, 2011. – P. 2425-2428. URL: <http://doi.org/10.1145/1979742.1979575> (дата обращения: 09.02.2022).
8. Kapp K. Games, Gamification, and the Quest for Learner Engagement // T+D. 2012. Vol. 66(6). P. 64–68. 4.
9. Klopfer E., Osterweil S., Groff J., Haas J. Using the technology of today, in the classroom: The instructional power of digital games, social networking, simulations and how teachers can leverage them // The Education Arcade. P. 1–21. Электрон. версия печат. публ. URL: http://education.mit.edu/papers/GamesSimsSocNets_EdArcade.pdf (дата обращения: 09.02.2022).
10. Выготский Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка [Текст] / Л. С. Выготский // Вопросы психологии. — 1996. — № 6. — С. 62–76.
11. Щедровицкий. П.Г. «Игра» как социотехническая система: организация и исследование // Программно-целевой подход и деловые игры. Новосибирск, 1982. С. 30-34.
12. Эльконин, Д.Б. Психология игры / Д.Б. Эльконин. – Москва : ВЛАДОС, 1999. – ISBN 5-691-00256-2.
13. Ibanez M.B., Di Serio A. and Delgado-Kloos, C., Gamification for engaging computer science students in learning activities: a case study. IEEE Trans. on Learning Technologies. — 2014. — № 3. — P. 291-301.
14. Toda A. M., Valle P.D., Isotani S. The dark side of gamification: an overview of negative effects of gamification in education. Proc. Researcher Links Workshop: Higher Educ. for All. — 2018. — P. 143-156.
15. Мазелис А.Л. Геймификация в электронном обучении. Территория новых возможностей. Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса. — 2013. No. 3 (21). — P.139-142.
16. Deterding S., Dixon D., Khaled R., Nacke L., From game design elements to gamefulness: defining gamification. Proc. 15th Inter. Academic MindTrek Conf.: Envisioning Future Media Environments, Tampere, Finland. — 2011. — P. 9-15.
17. Карпенко О.М., Лукьянова А.В., Абрамова А.В., Басов В.А. Геймификация в электронном обучении // Дистанционное и виртуальное обучение. — 2015. — №. 4 (94). — С. 28-43
18. Вербак Х., Хантер Д. Вовлекай и властвуй. Игровое мышление на службе бизнеса. Москва, 2015. — 224 с.
19. Ветушинский А.С. Больше, чем просто средство: новый подход к пониманию геймификации. Социология власти. № 32 (3). — С. 14-31.

ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТАРИХИ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Баймағамбетов Е.Р.,

«Атырау облысы Білім беру басқармасының

Атырау қаласы білім бөлімінің

«Хиуаз Доспанова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Зерттеу нәтижесінде VR технологияларын оқу процесіне енгізу тек техникалық жаңашылдық ғана емес, сонымен бірге дидактикалық тұрғыдан маңызды қадам екені көрсетілді [1]. Қазіргі білім беру жүйесі оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында инновациялық технологияларды енгізуді талап етеді. Соның ішінде виртуалды шынайылық (VR) - күрделі техникалық ұғымдарды көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді құрал [2].

Иммерсивті технологиялардың мәні мен ерекшелігі неде? «Иммерсивті технология» (ағылш. immersive technologies) – виртуалды шынайылықты, кеңейтілген шынайылықты және 3D модельдеу мүмкіндіктерін біріктіретін білім беру құралы. Бұл технологиялар оқушыларды өткен тарихи оқиғалардың ортасына енгізіп, сол кезеңнің атмосферасын сезінуге жағдай жасайды.

Иммерсивті оқыту келесі бағыттарда жүзеге асады: Виртуалды шынайылық (Virtual Reality – VR) арқылы тарихи оқиғаларды бейнелеу; Кеңейтілген шынайылық (Augmented Reality – AR) арқылы оқу материалдарын визуалды толықтыру; Интерактивті 3D модельдер арқылы тарихи деректерді көрнекі көрсету.

Мысалы, Ұлы Отан соғысы туралы сабақта оқушылар VR көзілдіріктері арқылы майдан даласын немесе әскери мұражайды «аралап» көруі мүмкін. Бұл тәсіл оқушының эмоционалды қабылдауын арттырып, ақпаратты есте сақтау қабілетін күшейтеді.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, тарихи сананы қалыптастыру және алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдыларын жетілдіру. Дәстүрлі оқыту әдістері тек мәтіндік және бейнелік материалдарға сүйенетіндіктен, жаңа буын оқушыларының қызығушылығын толық қанағаттандырмайды. Сондықтан білім беру жүйесінде иммерсивті технологияларды (ЖИ, VR, 3D модельдеу) қолдану ерекше өзекті болып отыр. UNESCO мен OECD зерттеулеріне сәйкес, иммерсивті оқыту технологиялары ақпаратты қабылдау мен есте сақтау сапасын 2 есеге арттырады. Оқушы тарихи оқиғаларды тек оқып қана қоймай, сол ортаға еніп, өзін оқиғаның куәгері немесе қатысушысы ретінде сезінеді. Бұл тарихи білімді эмоционалды деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, VR көзілдірігі арқылы оқушы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін аралап, 3D модельдеу арқылы

ортағасырлық қала макетін құра алады, ал ЖИ көмегімен сол дәуірдің тарихи тұлғаларымен сұхбат құрастырады. Мұндай тәсілдер тарихи танымды жандандырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Иммерсивті технологияларды қолдану конструктивистік және интерактивті оқыту теорияларына негізделген. Конструктивизм бойынша білім – дайын күйінде берілмейді, оқушы оны өз тәжірибесі арқылы құрастырады. Яғни, ЖИ, VR және 3D құралдарын пайдалану оқушыны тарихи оқиғаларды өз көзімен көргендей әсерленуге итермелейді. Әдістері: Интерактивті лекциялар (ЖИ негізіндегі сұхбат); Жобалық әдіс (3D модельдеу арқылы тарихи объектілерді қалпына келтіру); Рөлдік ойындар (VR арқылы тарихи шайқастарды немесе саяхаттарды сезіну); Дискуссия, пікірталас және салыстыру (ЖИ чат-ботымен тарихи тұлғалар көзқарасын талдау) Формалары: Дәстүрлі сабақ пен VR сессиясының үйлесімі; Цифрлық экскурсия (онлайн музейлер, виртуалды қалалар); Геймификацияланған викториналар (ЖИ қолдауымен автоматты түрде жасалған тапсырмалар). Авторлық идеяның басты жаңалығы – үш технологияны (ЖИ, VR, 3D модельдеу) біріктіріп қолдану арқылы тарихи оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Егер дәстүрлі әдіс ақпаратты жаттап үйренуге негізделсе, иммерсивті әдіс оқушыны оқиғаның ортасына кіргізіп, тарихи деректерді көпқырлы тұрғыдан түсінуге жағдай жасайды.

Мысалы:

- ЖИ – тарихи тұлғалармен виртуалды сұхбат құру;
- VR – оқушыны белгілі бір тарихи кезеңге енгізу (мысалы, Ұлы Жібек жолы керуені);
- 3D модельдеу – тарихи ғимараттардың сандық көшірмесін жасау арқылы виртуалды музей құру.

Практикада бұл идеяны сабақтарда және сыныптан тыс іс-шараларда қолдануға болады. **Тарих және мәдениет:** тарихи орындар мен оқиғаларды визуалды түрде қалпына келтіру;

Мысал сабақ (6-сынып, тақырып: «Ортағасырлық Түркістан қалалары»):

1) Кіріспе (5 мин): ЖИ чат-бот арқылы «ортағасырлық қала тұрғыны» рөлінде сұхбат.

2) Негізгі бөлім (20 мин): VR көзілдірігімен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне саяхат, кейін оқушылар 3D модельдеу бағдарламасында тарихи ғимарат макетін жасайды.

3) Қорытынды (10 мин): Топтық талқылау және ЖИ құрастырған қысқа викторина.

Сыныптан тыс іс-шара: «Виртуалды тарихи саяхат» – VR арқылы Ұлы Жібек жолының керуенін аралап, алған әсері бойынша эссе жазу.

Қиындықтар:

VR жабдықтарының қымбаттығы;

● Мұғалімдердің VR технологияларымен жұмыс істеу бойынша жеткілікті тәжірибесінің болмауы;

- Сабақ уақытының шектеулі болуы;
- Оқушылардың VR құрылғыларымен жұмыс істеудағыларының әртүрлілігі;

- VR технологиясы оқытуда визуализация мен интерактивтілік мүмкіндігін арттыра отырып, дәстүрлі оқытудағы бірқатар кемшіліктерді жоя алады. Алайда, енгізу барысында техникалық жабдықталу, мұғалімдердің дайындығы және әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер кездеседі.

Тиімділігін бағалау. Бұл идеяның тиімділігі бірнеше аспект бойынша бағаланады:

- Білім нәтижелері: тарихи деректерді есте сақтау деңгейі 30–40%-дан 70–80%-ға дейін артады;

- Құзыреттер: сыни ойлау, шығармашылық, цифрлық сауаттылық, зерттеушілік қабілет дамиды;

- Мотивация: оқушылардың тарихқа қызығушылығы айтарлықтай артады;

- Бағалау құралдары: электронды викторина, эссе, 3D модель жобасы, ЖИ-мен сұхбат нәтижесі.

Иммерсивті технологияларды оқу процесіне енгізудің бірнеше артықшылықтары бар:

Оқу материалының нақтылығы мен шынайылығы: тарихи оқиғаларды бейне, дыбыс, көрініс арқылы сезіну оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады.

1. Оқушының белсенділігі мен дербестігі: оқушылар ақпаратты дайын күйінде алмай, оны өз бетімен зерттейді.

2. Сыни ойлау дағдылары дамиды: виртуалды ортада алынған білім талдауға, салыстыруға және қорытынды жасауға итермелейді.

3. Коммуникативтік қабілеттердің артуы: топтық зерттеу, бірлескен талқылау арқылы оқушылар бір-бірімен белсенді қарым-қатынасқа түседі.

4. Көрнекілік пен есте сақтаудың жоғары деңгейі: ақпарат визуалды, аудио және интерактивті түрде беріледі.

Қорытынды: VR технологияларын оқу үдерісіне кеңінен енгізу үшін: Мұғалімдерге арналған кәсіби даму курстарын ұйымдастыру; VR платформалары мен жабдықтарын қолжетімді ету үшін мемлекеттік және жекеменшік серіктестіктерді тарту; Білім беру мазмұнын VR технологияларымен байыту; Болашақта VR технологияларын кеңінен қолдану білім беру жүйесінде үлкен өзгерістерге алып келеді. Ол оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Сондықтан VR технологияларын білім беру саласында одан әрі жетілдіру мен дамыту маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Burdea G., & Coiffet P. (2003). Virtual Reality Technology. Wiley-Interscience.
2. Jordan S. (2020). «The Role of Virtual Reality in Modern Education: A Systematic Review.» Journal of Educational Technology, 45(2), 89-104
3. UNESCO. (2023). Immersive Technologies in Education. Paris.
4. OECD. (2022). Future of Education and Skills 2030. Paris.
5. Prensky, M. (2018). Digital Natives, Digital Immigrants.
6. Қараев Ж. (2020). Инновациялық оқыту технологиялары. Алматы.
7. Назарбаев, Н.Ә. (2018). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.

ҰРПАҚ БАР БАБА РУХЫН ЖОҚТАТПАЙТЫН, ҚАСИЕТ ҚАНДА БОЛСА, ЖОҒАЛМАЙДЫ...

Бакешова Г.Т.,

*Құрманғазы ауданы,
Нұржау жалпы орта мектебі,
gulxanat_ermek@mail.ru*

*Баз бір адамдарда болашағын елден ерек сезіну,
түйсіну күші болатынын
ғылым жоққа шығармайды...
М.Шаханов*

Сазды аралы географиялық жағынан алғанда, Шора өзенінің айналма тұсында орналасқан. Сондықтан оны кейде Сазды түбегі деп те атайды. Негізінен аралға Ақкөл ауылына баратын тас жолдан шығысқа қарай кететін айдау жол арқылы қатынайды. Ал, көктемде өр суы тасығанда аралға тек қайық арқылы ғана қатынас орнайды. Айдау жолға қолдан салынған көпірді кейде арындап тасыған ағысты өзен жұлып кететіні бар. Ондайда Сазды аралы орталықпен тек қайық арқылы ғана байланыса алады. Аралдың ортасында орналасқан биік төбе, бұл күнде әруақты аталар мәңгі дамылдаған жердің топырағы негізінен қызыл, сазды топырақ болғандықтан, Сазды аралы атанып кеткен. Алайда, аталған төбенің айналасы құнарлы, қара топырақты. Сондықтан бұл жер мал өсіруге, егін салуға өте қолайлы. Саздының табиғаты өте көркем. Жан-жағын су қоршап жатқандықтан, көктемнен күзге дейін жап-шасыл шүйгін шөп өңін бермей, көгеріп өсіп, жайқалып, айналаға әсем көрік береді.

Ертеректе бұл аралда Тайша ауылы, (шығысқа қарай) Серікбай ауылы (орталығы) және Хамза ауылы (батысында) деген шағын ауылдар қоныстанған. Сонау 60-70 жылдары күнелтістің қамымен әркімнің қызмет жағдайын қуалаған заман келіп, ата-бабаның қасиетті мекені болған Сазды жері қараусыз қалды.

Серікбай атаның қыздары тұрмыс құрып, «жат жұрттық» атанды. Атаның бауырына басқан немере ағасының баласы Өсер Хайдарұлы Серікбаев ұстаздық қызметтің ыңғайын сағалап, Қазақстан колхозына қоныс аударған. Саздыда әулиелер әулетінен ешкім тұрмайтын. Сол бір оңашалықты пайдаланған атқамінерлер «Әулие болса өздеріне әулие. Қорқатын ештеңесі жоқ, - деп Саздыдағы Серікбай ауылына шошқа фермасын орнатуды ұйымдастырады. Бірақ, еш нәтиже шықпай, құрылыстың берекесі қашып, соңында «шошқа фермасына қолайсыз жер» деген шешім қабылдаған екен.

Әулеттің арғы бабалары кіші жүздегі он екі ата Байұлының бір баласы Беріштен тараған ұрпағы Самай биден бастау алады. Беріштің Байбақты, Байсейіт есімді ұлдары болған. Байбақтыдан Шақай, Әсілбас, Құсылбас туған. Шақайдан Есен, Женет өмірге келген. Есеннен тараған ұрпақтың барлығы «Есен-Беріш» атанып жеке тармақ құрады. Есеннен Ырсай, Елтүзер, Самай. Самайдан Қыдырқожа, Қарашы. Қарашының 9 ұлы болған, кенже ұлы Тілептен-Шынтемір-Нұрым-Қарлығаш-Қазбек-Қаби-Серікбай аталар тарайды.

Нұрымұлы Қарлығаш әулие 1829-1902 жылдары аралығында өмір сүрген. Өзі кедей, тұрмыс жағдайы өте нашар болғанымен, ағайын арасында ақылға бай, өте сабырлы әрі момын адам болыпты. Аруақ ол кісіні әр түрлі ауруға шалықтырып, жанын қиналысқа түсірді. Жапан даланы кездіріп, елден бездіріп жіберді. Сондай бір күні, үйінен шыққан Қарлығаш баба айдаланы кезіп, әбіден шаршап, бір жерге келіп жығылса керек. Талықсып жатып ұйықтап кетіпті. Ұйқыда жатқан бабаны ақ сақалы беліне түскен қария ақ таяғымен нұқып оятыпты. Селк етіп басын көтерсе, әлгі қария былай депті: - Ей, Қарлығаш! Сен бұл жерге біздің әмірімізбен келдің. Сөзімді жақсылап тыңдап, ұғып ал. Сен бүгіннен бастап сынық саласың, аурудың барлық түрін емдейтін «қара бақсы» атанасың. Қазір тоқтамай шығысқа қарай жүре бер. Алдыңнан ер-тоқымды ақбоз ат шығады. Соған мініп ал да тағы да алға оз. Бір киіз үйге кездесесің. Алды опыр-топыр кісі шулаған әйелдер. Сен үйге жақындағанда үйден қызыл ит шығып, сорға қарай қашар. Сен сол қызыл итті қуып, сорға түссе қорықпай сорға түс. Қуып жетіп, бастырмалатып қамшымен сабап өт, сонда қызыл ит кері бұрылып үйге қарай қашар. Сен де қуып келіп итпен бірге үйге кір. Үй алдында жиналған адамдардың қарсылығына қарама. Үйде жас босанған әйел талып жатыр. Қызыл ит-сол әйелдің жанын алып қашқан албасты. Сенен қорыққаннан әйелдің жанын қайта салар. Ит шығып кеткен сәтте талықсып кеткен әйел көзін ашып, дем алар. Сөйтіп әйелдің жанын алып қаласың. Үй жанында өлді деп жүргендерге өзіңнің кім екеніңді айтасың. Алдыңа мал салар, сөйтіп үйіңе қайтарсың. Адал ұстай алсаң, киелі қасиет ұрпағыңа мирас болар, ұстай алмасаң өзіңді жұтар! -деп сала құлаш ақ жыланды мойнына орап, тағдырына табыстапты. Қарлығаш баба ұйқыдан оянғандай селк етіп, жан-жағына қараса айдалада жападан жалғыз отыр екен. Ақсақалдың айтқаны өңінде тура келді. Ес-түссіз тентіреп айдалаға қаңғып кетті деген Қарлығаш баба еліне ақбоз атымен, алдында малымен оралады. Жөн сұраған ағайын-тумаға «Артының қалай боларын қайдан білейін, әйтеуір Алланың ұйғаруымен бір істі бастадым» депті.

Әулетке аруақ қонып, аруақ иесі ақ жылан екен. Қарлығаш бабаның жолын ұлы Қазбек әулие, одан соң оның ұлы Қаби әулие, Қаби әулиеден кейін ұлы Серікбай әулие жалғап, әкеден қызы Дәметкенге мирас болған.

Қарлығашұлы Қазбек әулие 1857-1919 жылдар аралығында өмір сүрген. Әулиені көзімен көрген қариялардың айтуы бойынша ол кісі кең жауырынды, ортадан жоғарылау бойлы, сәл қызыл-сары қараторыға ұқсағандай өте ажарлы кісі болыпты. Үстінде көк торғын мауыт шапаны, белінде екі оралған ақ мата белбеуі болған. Сынықты еш шарт қоймастан сол бойда қолының шипасы дарып, бұрынғы қалпына келтіретін қасиеті болған.

Заманында «Қара бақсы Қазбек» атанған аруақ иесінің құдіреткүшінде ерекше қуаттылық болған. Аламан бәйгеде саршұнақтың ініне аяғы кіріп мертігетін аттың сауырынан қамшымен бір тартып жібергенде, әлгі сәйгүліктің бір пысқырып алып қайта шаба жөнелгенін көргенде талайлар жағасын ұстаған екен. [«Киелі мекен, қасиетті өлке – Құрманғазы», 2020, 206 бет].

Бөкей хан заманында ең шұрайлы, ырысы мол саналған Зормата қонысында едені мен төбесі тақтайланған, үлкен есік-терезесі бар сәнді ғимарат тұрғызылып, округты басқару орталығы осы ғимаратқа орналасады. Бұл шара үлкен той, мереке іспеттес өтеді. Сақыпқали, Әбдіғали сияқты байлар сол тойды өткізудің демеушілері санатында болған. Биляш правительдің өзі қайта-қайта хабаршы жіберіп, сол жиынға Қазбек әулиенің де қатысуын өтініш қылған. Аламан бәйгеде Сақыпқалидың күрең жүйрігі мертігіп құлаған жерінде тұра алмай төрт аяқты сермелеп жатқанда биік дөңеске төселген ақ текеметтің үстінде құс жастықты беліне сүйеп отырған Қазбекті аруақ қозғайды. Ол орнынан шұғыл қозғалып тұрады. Беліндегі екі орау белбеуіне қыстырып қойған тобылғы сапты он алты өрме ауыр қамшысын шұғыл қолына алып, басынан жоғары үш мәрте айналдырған көрінеді. Аруақ шақырып құдіретті әкесі қарлығаштың есімін іштей атаса керек. Сол бетінде күрең атқа жетіп, жоғары көтерген қамшымен сауырдан тартып жібереді. Сақыпқали орнынан ыршып тұрған атына дереу ер салып шаршы топты бір айналып жүріп келіп, секіріп түсіп Қазбек әулиені құшақап «Уа, Әулием, құдіретіңнен айналдым, жасай бер, Қазеке! Қазір өзіңе бір жүйрік атымды еншілеп үстіңе шапан кигіземін» деп бәйек болыпты.

Қиғаш өзені бойында атақты Қордуан базарында өткен күресте аяғы морт сынған Ысмағұл палуанның аяғын алақанымен сипап, орамалымен байлап, аруағын шақыра өкшесінен тартып жібергенде, палуан орнынан атып тұрып алдындағы қарсыласын жерге жығып жеңіске жеткен екен. 1918-1919 жылдарда қара бақсы Қазбекті жаңа үкіметтің саясатына қайшы насихат таратады деп, түрмеге қамайды. Бүгін әкелген кісі таңертең қараса орнында жоқ, сұрастырғанда Саздағы үйінде отырады. Алдында күзетте болған милицияға «сен шығарып жібердің» деп, жұмысынан қуып, Қазбек әулиені қайта әкеліп қамап тастаса, бәрібір ол кісі ертесіне үйінде отырады. Бұл болған шындық. «Мыналар маған тыныштық берер емес, халқыма қызметімді енді бақи дүниеден жолдармын» деген екен дейді құдіретті әулие көзін жұмарда.

Қазбекұлы Қаби әулие 1882-1934 жылдар аралығында өмір сүрген. Сынықшылығымен бірге көріпкелдік қасиеті өте мықты болған. Алдына келетін науқасты, болатын жағдайды, алда бірнеше күн бұрын біліп, үй-ішіне ескертіп отырады. Қатты қираған сынықтарды салғанда атаның жан-жағынан жылан аруақтары өріп, науқастың көзіне көрінеді екен. Атаның аруағына сыйынып жолға шыққан адамның ақпанның ақтүтек боранында да жолы болып, астына мінген бурасы адастырмай тура Қаби атаға әкеледі. Қаби әулиені де бақсы деген айыппен түрмеге қамап кейін қалай босатқаны туралы ғажап әңгімелер халық аузында көптеп айтылады.

Қабиұлы Серікбай әулие 1900-1964 жылдар аралығында өмір сүрген. Баба дәстүрін жалғастырған ғаламат аруақ иесі болумен қатар, оның пенде ретіндегі табиғи адамгершілігі де, ерекше еңбекқорлығы да, қоғамға жұмсаған қисапсыз қызметі де, өз отанын қорғаудағы өшпесерлігі де тарихи шежіре ретінде қалыптасып, кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге ретінде жалғасып келеді. [«Киелі мекен, қасиетті өлке – Құрманғазы», 2020, 207 бет] Мұсылманшылығы берік қалыптасқан, адами болмысы бөлек, ата-бабадан жалғасқан аруақты партияның қатал тәртібінің тұсында да ерекше көрініспен ұстай алған. Көбіне өзіне сырмінез күреңтөбел жорғасын мініп шақырған жерге түн жамылып барады екен. Кейде аруақ қысып ауырып қалатын да кездері болған. Сол кезде қып-қызыл боп балқыған орақты тілімен жалағанын көрген жандар әлі күнге дейін аңыз қып айтып жүр. Ұлы Отан соғысы майданда жүрген кезінде атаны аруақ қысып генералдың сынығын салып, 7 күнде аяғына тұрғызған. Риза болған генерал: «Сен жай адам емес, бойында құдайдың берген сыйы бар ерекше адамсың. Бұндай адамдар халқына, еліне керек. Немістің қаңғыған оғынан мерт боп жатқандар сенсіз де жетеді, ауылыңа қайт» деп, броньмен елге қайтарған екен.

Серікбай әулие сынықшылық қасиетімен қатар қанжығасы құрғамаған атақты аңшы болған. Аңшылық қасиет Шынтемір бабасынан дарыған. Аңшының үйінде аң аулау үшін 5-6 сұлу тазы иттері және оларды күтіп-баптап отыратын арнайы адамы болған. Аңшылықта теріні бүлдіріп алмас үшін көбіне шідерлеп ату тәсілін қолданады екен. Қашқан аңның алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғы түйіскен қас-қағым сәтті пайдалану – шідерлеп ату деп аталады. Атаның аңшылықта пайдаланған қақпан түрлері әулеттің мұражайында сақталған. Бірде осындай қақпанға түскен олжаны оңай иелік еткісі келген бір бейбақ атаның құрған қасқыр қақпанына түсіп қалыпты. Айдалада обайлап отырғанда атымен келе жатқан атаны танып, қиылып кешірім сұрап, босатуын өтінеді. Сонда ата: көзіңді жұм да, қолыңды тартып қал, депті. Сөйткенде әлгі адамның қолы да сапсау, қақпан да орнында ештеңе болмағандай, аң-таң тәубесіне келіп, жөніне қайтыпты. Аңшылығымен қатар Серікбай ата мықты бағбан болған. Соғыстан кейінгі кездер колхоздың егінде бригадир болып жұмыс жасайды. Еңбегінің арқасында атағы бүкіл советтер одағы кезінде Мәскеуге жеткен. Мәскеуде өткен халықаралық ауылшаруашылық жәрмеңкесінде 23кг тартқан атаның қарбыздары озып шығып, атаның есімі тақтаға алтын әріптермен жазылған екен. Ауылда

Серікбай атаның еккен қарбыздарына қызықпайтын адам кем де кем. Тіпті ұрлық жасап ұсталғандары да болған. Ұрлықшылар егін басында ешкім жоғын пайдаланып, қарбыз бен қауынды қапқа толтырып, енді көтерейін десе қапты орнынан қозғай алмайды. Тастап қашайын десе аяқтары жүрмейді, сөйтіп таңға Серікбай ата егін басына келгенше отырыпты. Серікбай ата келген соң айыптарын мойындап, жығылып кешірім сұрап, босатуын өтініпті. Сонда ата жымыған күйі жәймен ғана ақылын айтып, ұрлықшыларды босатқан екен. Серікбай атаның бәйбішесі, Жібек әжеміз (Бесқасқа Беріш руының қызы) аса тәрбиелі, ісмерлік өнері жоғары, байсалды көпшіл жан болған. Әжеміз көп құрсақ көтерген, бірақ бірқатары тым жасында (әсіресе ер балалары) дүниеден озып кете берген. Шаңырақта Қазимаш, Жәмеш, Дәметкен, Айсұлу өсіп-өніп, тұрмыс құрып, олардан тараған ұрпақтары қазіргі кезде бір-бірімен бөле болып әлі күнге тату-тәтті араласады. Бірақ, жастайынан аруақ әурелеген Жәмеш, Айсұлу апалар өмірден ерте озды. 1964 жылы мамыр айында 64 жасында Қабихұлы Серікбай ата өзіне табысталған сынықшылық қасиетті ортаншы қызы Дәметкенге аманаттап, бақи дүниеге аттанды. Атақоныс Саздыдағы шағын қорымда атасы Қазбек пен әкесі Қабидан кейін мәңгілік орнына жайғасады. Ғасырдан ғасырға жалғасқан бабалардың құдіретті күші еш кемімей, киелі қалпында Дәметкен анаға осылайша табыс болған екен. [«Қыз –құдірет», 2011, 41 бет].

Дәметкен ана әулиелердің құдіретті өнері, халқына жасаған қисапсыз еңбегі туралы ақиқат әңгімелерді ел аузынан жинап жазған кітаптарында тебірене әңгімелейді.

Дәметкен Серікбайқызы 1939 барыс жылында желтоқсан айында дүниеге келген. Ол кісіге жүкті болғанда Серікбай ата мен Жібек анамыз әулетті жалғайтын ұл болар деп дәметіп жүреді екен. Бірақ, дүниеге қыз бала келеді. Жібек ананың толғағы ұстап, ауылдың үлкен аналары толғақ қысқан Жібек ананы сүйемелдеп, жанында болады. Бір кезде ұл баланың жылаған дауысы шығады. Серікбай ата пешпен бөлінген үйдің үлкен жағында отырып, кемпірлер қашан сүйінші сұрар екен деп күтеді. Алайда, кемпірлер сүйіншілеп шықпаған соң, перзентінің қыз бала екенін сезген Серікбай ата: «Кемпестер, неге менен сүйінші сұрамайсыңдар. Көп болса, Жібегім дүниеге көйлек тігер әкелген шығар. Қыз да болса, өз балам! Менің қызым көп пе еді? Жібегімнің жаны аман қалғаны үшін неге сүйінші сұрамайсыңдар» деген көрінеді. Сөйтіп, перзентінің атын Дәметкен деп атапты.

Ата-бабаның жылан әруағы Дәметкенді бес жасынан бастап мазалайды. Қатты ауырған Дәметкенді әжесі Әжекен ана бағады. Серікбай ата бұл кезде майданға алынған, Жібек ана мен ересек қыздары колхоз жұмысында. Үсті басына жылан өрмелеп бара жатқанын айтып, шыңғырып жылаған баланы Әжекен әже Қарлығаш әулиеден бері келе жатқан қамшымен, құран кітаппен бағады. Бірде таң алдында жылан елестеп оянып кеткен бес –алты жасар Дәметкен есіктен жүгіріп шығады. Сол кезде таң шығыс жақтан жаңа арайлап келе жатқан кез екен. Таңғы шапаққа құшағын аша жүгірген бала күн сәулесінен

түзілген ауа шымылдығына сүрініп құлапты. Содан бастап, жыландар әурелегенді қойыпты. Майып болып, сынып, ауырып келген жандарды орнынан тік тұрғызған құдіретті сынықшылық қасиетімен ол «Серікбайдың сынықшы қызы» атанады.

Еліміз Тәуелсіздік алған тұста ата-бабасының мекені Сазды жеріне ат басын бұрған Дәметкен Серікбайқызы өзінен үлкен әпкесі Қазимашпен бірге атажұртта шаруа қожалығын ашуға бел байлады. Әкесінің үйі құламапты, сол күйі тұр екен. Тек, есік-терезе жоқ, ішіне мал кірген, соның бәрін тазалап, есік-терезе орнатып, аталардың үйіне кіріп алды. Әрине, оңайлықпен ешнәрсе келмейді, от жағады, шаммен отырады, электр энергиясын тарту жұмысы да кезек күттірмейтін іс болып тұр. Тіптен, қиналған де кезі болды. Сол кезде Қазимаш апаға: «Кетеміз бе, қайтеміз? Мына жерді түлету біздің қолымыздан келер ме екен?» деген кездері де болды. Сондай кездің бірінде түсіне аталар енді. «Дәмекежан, сен кетпе, біз саған көмектесеміз» деп жүр екен. Одан кейін таң алдында тағы да аян келді: «Саздыға өтетін жіңішке өзектен қайықпен өтіп келе жатыр екен. Қолында құшағында басы толып піскен бидай, көкпеңбек, жайқалып келе жатыр. Сазды жерінен үлкен бір прожектордың қуатты жарығы қайыққа түсіп тұр екен», оянып кетті. Жақсыға жорыды. Сол сол-ақ екен, алыс-жақыннан сабылып іздеген халық төбесіне көтеріп әкетті.

Саздыға электр мен телефон желілері тартылып, көгілдір отын да жеткізілді. Атажұртта жаңа қоныс бой көтеріп, сән салтанатымен келін түсіп, думандатып той өтті. Жыл сайын бабалар рухына ас беріліп, сәйгүліктерден аламан бәйге ұйымдастырылды. Халқы қолдап Серікбай ата қоры ашылып Қазбек бабаның басына көк күмбезді кесене тұрғызылды. Әкесі аманат еткен Қарлығаш бабаның бейіті табылды. Әулеттің арғы бабалары Самай бидің ежелгі қонысы, бейіті анықталды. Бабалардың басына мәрмәрдан ескерткіш белгі орнатылып, аруақтың ақ жалауы тігілді. Атақоныста "Ақ жылан аруақты әулет" мұражайы ашылды. Көп жылғы еңбектің нәтижесінде аруақ аялаған атақоныс айшықты абаттанып өмірге қайта келді.

Емші-балгер, сынықшыларға қырғидай тиген заман келмеске кетті. Дәметкен Серікбайқызына «Халық емшісі» деген мәртебелі атақ берілді. Осының бәрін болжап білген әкесіне таңырқайтын еді кейде. Ол кісі 2019 жылы қарашада өмірден өтті. Бүгінде өз ата-бабалары жатқан Саздыдағы ата-баба қауымында мәңгілік дамылдап жатыр.

Аруақ жолы – ауыр жүк. Сыйынсаң, сыйласаң - шапағаты шексіз. Қасиетін қадірлемесең - кешірімсіз, шамшыл. Күлте-білте жалғандықты, жасандылықты көтермейді. Аруақты ұстап, оны меңгеріп жүру үшін адамға жайлы мінез, сабырлы көңіл керек. Қазіргі уақытта Сазды аралында ата-бабаның киелі аруағын ұстаған Дәметкен Серікбайқызының сүт кенжесі Ардақтым Төлепбергенқызы басы ауырып, балтыры сыздаған жанның бәріне қамқорлығын жасап, жан дүниесін емдеп, ата-баба жолын жалғастыруда. Отағасы Ғалижан екеуі анасы Дәметкен Серікбайқызы мирас еткен осы бір қасиетті өнерді аялап, шаң жуытпай ата-баба мекенін қоныс етуде.

Сынықшылар мәңгіге дамылдаған Сазды жерін киелі мекен деп өлең-жырға арқау еткен ақын-сазгерлер қаншама! Осының бәрі қазақтың асыл қасиеттерін қастерлеуден туындағаны ақиқат. Алла Тағала өзінің сүйген құлына ғана еншілейтін киелі құдіреттің осы үлкен әулетке, шаңыраққа дарып, ата-бабалардан жалғасуының өзі – бір шежіре.

Өңірде аңыздар көп олар жайлы,
Ғасырлар дауылында тоналмайды.
Ұрпақ бар баба рухын жоқтатпайтын,
Қасиет қанда болса, жоғалмайды...

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Танымдық-тағылымдық-ақпараттық кітап, - «Киелі мекен, қасиетті өлке – Құрманғазы», «Ағатай» баспасы, 2020;
2. Р.Иманғалиев., - «Қыз құдірет», «Өлке» баспасы, 2011;

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Туленова У.Т.,
профессор, п.ғ.к.

Утегенова Г.,

«Білім берудегі менеджмент»
мамандығының магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қаласы

Андатпа. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі бастауыш мектептің басым бағыты болып табылады. Мақала оқу-танымдық құзыреттердің мәнін, олардың табысты білім беру процесі үшін маңыздылығын ашады, сондай-ақ осы құзыреттердің дамуына ықпал ететін білім беру кеңістігін тиімді ұйымдастырудың әдістері мен шарттары талданады.

Негізгі сөздер: оқу-танымдық құзыреттіліктер, бастауыш мектеп, білім беру кеңістігі, танымдық белсенділік, педагогикалық технологиялар.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы орта білім берудің жалпы ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету. Оқыту жүйесінде оның ішінде

бастауыш сатыдағы білім мазмұнын жаңарту біліми кеңістікті оқушыға жеке тұлғалық тұрғыдан ұйымдастыруды қамтамасыз ететін деңгейде өзгертумен қатар, оқу пәндері бойынша түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырудың басымдылығы берілетін білім мазмұнына да өзгеріс енгізудің қажеттілігі артуда. Қазіргі өскелең талапқа сәйкес әрбір оқу пәні бойынша білім, білік және дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып табылады. Құзыреттілік – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, мәселені шеше білу секілді оқушының дайындық сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа.

Білім беру жүйесіндегі заманауи өзгерістер бастауыш сынып оқушыларын оқыту тәсілдерін қайта қарастыруды талап етеді. Бүгінгі таңда білімді беру ғана емес, сонымен бірге оқушылардың жаңа білімді өз бетінше игеру, сыни тұрғыдан ойлау, жаңа жағдайларда үйренгендерін қолдану қабілеттерін қалыптастыру маңызды. Бұл процестің орталық элементі оқу-танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы. Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық, шығармашылық ролін мақсат етіп қояды. Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу. Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмытылуымыз қажет.

Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту.

Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән: Оқу-танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты; Оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты; Оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай - ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады: Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу; Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу; Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету; Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б. [1].

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру - оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар: Оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек.

Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін - өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет. Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. [2].

Оқыту үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін- өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс. Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның

шешуін бақылауы немесе оқушыға шешу тәсілдері көрсетуі тиіс. Төменгі деңгейде оқушыға белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізгі факторларына оладың өз мүмкіндігін сезінуі, оқушылардың өз таңдауымен жұмыс істеуі, оқу үрдісіне баланың өз әрекетінен қанағаттануы; оларға мұғалім тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы; мұғалімнің өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы, т.б. жатады. Бұл факторлар оқу мотивтерінің өрісін кеңейтіп шығармашылық әрекетіне негіз қалайды. Қабілеттер оқушыға дайын түрде берілмейді, ол оқыту барысында жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Оқу, білім алу қабілеттерінің деңгейі әр оқушыда әр түрлі болғандықтан, мұғалім танымдық тапсырманы беру кезінде оны ескеруі тиіс. Төменгі сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру үшін білімді меңгерудің мынадай мақсаттары керек: Мақсатты қоя алу (мақсатты түсіндіру); Мақсатты жүзеге асыра білу (орындалатын бөлігі); Нәтижені бағалай алу (бақылау, баға).

Бүгінгі мектептерде тек қана екінші буын - орындалатын бөлім ғана жүзеге асады. Сондықтан да ол мектеп тәжірибесінде кең таралған, өйткені мұғалім оны оңай қолдана алады. Мақсатты қоя білуге тоқталсақ, онда ол мақсаттың тек қана жекеленген, бөлек, бір-бірімен бірікпеген оқу үрдісінің мұндай түрі оқушылардың өз қызметін бақылап, оған баға беріп, нәтиженің тиімділігін қалыптастырмайды. Басқаша айтқанда, оқушының танымдыққа емес, тіпті оқу үрдісіне деген қызығуының артуы екіталай. Осы көрсетілген үш элементтің жүзеге асырылуы үшін оқу пәні ішкі ой ерешеліктеріне, яғни, ол ойдың даму тарихы мен қалыптасуына, сонымен қатар әр оқу пәні – жалпы білім жүйесінің тек бір ғана бөлігі екенін түсінгенде ғана іске аспақ. Яғни, қазіргі заманғы оқу үрдісінің мазмұнына деген көзқарас оның диалектикалық дамуында ғана қарастырылуы керек. Басқа сөзбен айтқанда, пәндік білім беру жүйесінің негізінде диалектикалық қайшылық, яғни, бір жүйеде нақты пәнді алсақ, білім беру жүйесінің дамуына мүмкіншілік беретін қозғаушы күш деп қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларында ұғынатын түсініктер оның маңызын жаттап алып көптеген жаттығуларды, есептерді орындағаннан емес, оларды түсіну арқылы ғана болады. Танымдық белсенділік барысында логикалық ойлауы дами бастайды. Сонымен, оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі жағдайда қолдана білуі;
2. Іргелі білімдерге қол жеткізу;
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері;
4. Өзбетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі;
5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті;
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау.

Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім

тарапынан ұйымдастырушылық пен дұрыс басшылық және оған оқушылардың өздері белсенділік танытпағы ләзім. Ал оқушылардың жеке басының дамуына белсенді болуы үшін оны қажетсінуі, ізденуі, бағдарлай білуі, зерттеу біліктері болуы қажет. Бұл жерде оқушылардың қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етудің, сол жолда ізденісін, талабын ұштап, білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

1. Оқу-танымдық құзыреттіліктің мәні

Оқу-танымдық құзыреттіліктер-бұл оқушының өз бетінше оқу, белсенді таным және рефлексия қабілетін қамтамасыз ететін жеке қасиеттер, білім, дағдылар жиынтығы. Оларға мыналар жатады: оқу мақсаттары мен міндеттерін қоя білу; ақпаратты іздеу, талдау және түсіндіру дағдылары; ойлау мен есте сақтауды дамыту; оқу мотивациясын қалыптастыру.

2. Тиімді білім беру кеңістігінің шарттары. Оқу кеңістігін ұйымдастыру танымдық белсенділіктің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Бастауыш мектепте мыналарды қамтамасыз ету маңызды: қауіпсіз және ынталандырушы орта: жарқын, көзбен қаныққан материалдарды пайдалану; әрекет аймақтары: оқу бұрыштары, зертханалық шағын станциялар, ойын алаңдары; кеңістіктің икемділігі: сыныптарды әртүрлі қызмет түрлеріне (топтық, жеке, фронтальды) қайта құру мүмкіндігі.

3. Құзыреттілікті қалыптастыру әдістері. Ең тиімді әдістер: Жобалық қызмет-дербестік пен бастамашылықты дамытады; Зерттеу тапсырмалары-шағын эксперименттерді жоспарлауға және жүргізуге үйретеді; Ойын технологиясы-қызығушылықты арттырады және балаларды процеске тартады; Акт-цифрлық ресурстар интерактивті және жеке оқуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Оқу-танымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру білім берудің барлық кейінгі кезеңдерінде табысты оқытудың негізі болып табылады. Бастауыш мектептегі тиімді білім беру кеңістігі икемді, бейімделгіш және дамушы болуы керек. Жүйелік тәсіл жағдайында ғана бастауыш сынып оқушыларын оқытуда тұрақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары », «Қазақстан мектебі» журналы №7-2020жю

2. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту - өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2021 ж, 66-67 беттер.

3.Ергалиева, Л. Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары / Л. Ж. Ергалиева. - Текст : непосредственный // Молодой ученый. - 2015. - № 8 (88). - С. Т.2. 23-25.

«САҒЫЗ ӨЗЕНІ БОЙЫНАН ТАБЫЛҒАН ТАСКЕШУ КЕРУЕН САРАЙЫ»

Жаксимбетова З.Б.,

Атырау қаласы №42

*Нұрлан Балғымбаев атындағы жалпы
білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі*

Қазақстан жері ежелден Ұлы Жібек жолының маңызды тармақтарының бірі болғаны тарихтан белгілі. Бұл жол тек сауда мен алыс-беріс ортасы ғана емес, сонымен бірге мәдениет пен өркениеттердің тоғысқан жері болды. Осы керуен жолының бойында пайда болған керуен сарайлар қазақ даласының экономикалық, саяси және мәдени өмірінде айрықша рөл атқарған. Солардың бірі – Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы Сағыз өзені бойынан табылған Таскешу керуен сарайы.

Таскешу – ортағасырлық сәулет өнерінің үлгісі ғана емес, ол сол дәуірдегі қоғамның дамуын, халықтың тұрмысын, сауда-саттығы мен халықаралық байланысын айқын көрсететін бірегей тарихи ескерткіш. Бүгінгі таңда бұл ескерткішті зерттеу тек жергілікті тарих үшін емес, бүкіл қазақ халқының мәдени мұрасын тану үшін аса маңызды.

Орта ғасырларда Жібек жолының батыс тармақтары арқылы өткен керуендер Сағыз өзені бойын тұрақ еткен. Сол дәуірден қалған Таскешу керуен сарайы – сауда мен мәдениеттің, өркениеттер тоғысының куәсі. Керуен жолымен жүрген көпестер осындай сарайларға тоқтап, демалып, сауда-саттық жасап, әрі қарай сапарын жалғастырып отырған. Сондықтан Таскешу тек бір құрылыс нысаны емес, ол сол заманның мәдениеті мен өркениетінің куәсі болып табылады.



Алғашқы зерттеушілердің бірі – орыс ғалымы П. Толстов. Ол XX ғасырдың басында Каспий маңы даласы мен Үстірт жерлерін зерттеп, Таскешуді картаға енгізген. Кейін қазақ археологиясының атасы Ә.Х. Марғұлан бұл ескерткішке ғылыми тұрғыда назар аударды. Олар сарайдың орнын белгілеп, алғашқы суреттерін сызбаларын жасаған. Бірақ ол кезде толық қазба жұмыстары жүргізілмей, тек жалпы зерттеу ғана жасалған болатын. Кейін ұзақ уақыт бойы бұл ескерткішке аса назар аударылмай келді.

Таскешу – ортағасырлық керуен сарай. Ол Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз өзенінің бойында орналасқан. Тарихшылардың деректеріне сүйенсек, бұл сарай XII–XIV ғасырларда салынған. Керуен сарайдың негізгі қызметі:

- Шөлді далада саяхаттаған керуендерге пана болу;
- Саудагерлерге демалыс, түнеу орны қызметін атқару;
- Сауда тауарларын айырбастау, мәдени байланыстарға жол ашу.

Бұл нысан Ұлы Жібек жолының батыс тармағында орналасқан. Керуендер Еділ бойынан Сырдария мен Хорезмге, солтүстіктен оңтүстікке өтетін бағытта осы жерді пайдаланған. Алтын Орда дәуірінде Таскешу сауда жүйесінің маңызды бөлігі болды. Мұнда саудагерлерге қызмет көрсетіліп қана қоймай, салық жиналып, әскери бақылау жүргізілген. Атырау облысында археологиялық қазба жұмыстары XX ғасырдың соңынан бастап қарқынды жүргізілді. Соның ішінде Таскешу керуен сарайы ерекше орын алады. 2023 жылы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы, тарих ғылымдарының кандидаты Марат Қасеновтің жетекшілігімен, Таскешу керуен сарайында кең ауқымды қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба аумағы шамамен 800 м² болды.

Зерттеу барысында:

- 14 бөлме орны;
- 3 мұнара (суфа) қалдығы;
- тандыр пештері мен ошақтар;
- қалың қабырға іздері табылды.

Табылған жәдігерлердің ішінде ерекше құндысы – Алтын Орда дәуіріне жататын 30-ға жуық монета. Олардың ішінде 4 күміс теңге, қалғандары қола және мыс тиындар. Монеталардың бетінде Тоқтамыс хан, Өзбек хан, Жәнібек хан есімдері кездеседі. Бұл Таскешудің Алтын Орда кезеңінде сауда мен салық жүйесінің маңызды орталығы болғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар табылған:

- Керамика бұйымдары (қыш құмыралар, қазан сынықтары, ыдыс қалдықтары);
- Әшекей бұйымдары (шыны және қола моншақтар);
- Құрылыстың күйдірілген кірпіштері;
- Темір бұйымдар (пышақ, ілгек, шеге);
- Жануар сүйектері (қой, сиыр, түйе, жылқы).



Қазба орнынан шамамен 1,5 шақырым жерде тұрғын үйлердің қалдықтары табылды. Бұл жерден қосымша 5 күміс тиын, қола ақша сынықтары және тұрмыстық қыш бұйымдар шықты. Бұл деректер Таскешудің тек керуеншілердің аялдамасы ғана емес, сонымен қатар шағын елді мекен орталығы болғанын дәлелдейді.

2023 жылғы қазбаның ғылыми нәтижелері:

- Таскешудің құрылыс құрылымы толық айқындала бастады;
- Алтын Орда дәуірімен байланысы нақты артефактілер арқылы дәлелденді;

- Өлкенің тарихи-мәдени маңызы жаңа деңгейде бағаланды.

Таскешу – тастан қаланған ірі кешен. Оның:

- Негізгі қақпасы шығысқа қараған;

- Ішкі ауласы үлкен болған;

- Қонақжай бөлмелері, мал қамайтын орындары анықталған.

Қабырғаларының қалдығы қалың және берік. Бұл – ортағасырлық сәулет өнерінің айғағы. Басқа өңірдегі керуен сарайлармен салыстырғанда, Таскешу далалық аймақтың ерекшелігіне сай салынған. Қазіргі таңда археологтар бұл жерді әлі де зерттеуді жалғастыруда. Себебі табылған әрбір жаңа зат бізге өткен тарихымыздан құнды дерек береді. Таскешу – біздің ата-бабамыздың мәдениетінің, олардың тұрмысы мен дүниетанымының айнасы. Мұндай тарихи орындарды қорғау, зерттеу – болашақ ұрпақ алдындағы үлкен міндетіміз.

Қорытындылай келе, Таскешу керуен сарайы – ортағасырлық Қазақстанның тарихы мен мәдениетін айқындайтын баға жетпес ескерткіш. Ол тек өткеннің ізі емес, болашаққа қалдырылған ұлы мұра. Біз осындай тарихи орындарды мақтан етуіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қасенов М. «Атырау облысы археологиясы» ғылыми баяндамалар жинағы
2. Самашев З. «Қазақстандағы ортағасырлық керуен сарайлар» Алматы. 2018ж
3. Оразбаев С. «Керуен жолдарының тарихы» Алматы. 2016ж.
4. Атырау облыстық тарихи өлкетану музейінің ғылыми қоры. П-14. НҚ-16837
5. Қазақ энциклопедиясы. «Таскешу керуен сарайы» мақаласы.

ӨЛКЕДЕГІ АҒARTY ІСІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Олжабаева А.Н.,

тарих ғылымдарының магистрі

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі, мұғалім

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

Қай қоғамда болмасын, ағарту ісі – сол елдің өркениетке ұмтылған, дамуға бет алған айғағы. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында білім мен тәрбие берудің өзіндік жолы, жүйесі қалыптасқан. Ал Құрманғазы өңіріндегі ағарту ісі – батыс өңірінің мәдени, рухани дамуына зор үлес қосқан маңызды бағыт.

Қоғамның қарқынды дамуы білім беру саласына да үлкен өзгерістер енгізуді талап етеді. Жаңа технологиялар, заманауи әдістемелер мен оқыту формалары білім беру жүйесіне жаңаша көзқарасты қажет етеді. Сондықтан да білім берудегі жаңашылдық – заманауи талаптарға сай сапалы білім берудің негізгі тетігі болып табылады.

Жаңашылдық – бұл білім беру процесін жетілдіру, жаңарту және үнемі дамытып отыру. Ол жаңа технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұны мен әдістерін өзгерту, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңаша ұйымдастыруды да қамтиды.

Жаңашылдықтың мәні неде?

Жаңашылдық дегеніміз – тек жаңа құралдарды қолдану емес, сонымен қатар:

- Оқыту әдістерін жетілдіру;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңаша құру;
- Білімді өмірмен байланыстыру;
- Оқушыны тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде қалыптастыру.

Бұрын – білім беруші, негізгі ақпарат көзі. Қазір – бағыт беруші, кеңесші, оқушының жеке дамуын қолдаушы.

Білім берудегі жаңашыл бағыттар

Цифрлық технологиялар:

Онлайн сабақтар, электронды оқулықтар, білім беру платформалары (BilimLand, Google Classroom, Moodle, Kundelik.kz) – оқытуды жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын арттырады.

STEM/STEAM-білім беру:

Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика пәндерін біріктіріп оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттері дамиды.

Жобалық және практикалық оқыту:

Оқушыларға нақты жобалармен, өмірмен байланысты тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі. Бұл әдіс олардың өз бетінше шешім қабылдауға, жауапкершілікке үйретеді.

Жеке оқу траекториясы:

Әр оқушының қабілетіне, қызығушылығына және даму деңгейіне сай жеке оқыту жүйесін құру – оқушының потенциалын толық ашуға мүмкіндік береді.

Құзыреттілікке негізделген тәсіл:

Білім беру тек теориямен шектелмей, өмірлік дағдыларды дамытуға бағытталуы керек: мәселені шешу, қарым-қатынас, ұжымда жұмыс істеу, ақпаратты сараптау.

Мұғалім рөлінің өзгеруі.

Бүгінгі мұғалім – тек білім көзі емес, бағыт беруші, серіктес, мотивация беруші тұлға. Ол оқушыларға дайын ақпарат бермей, оларды өз бетінше ізденуге, сұрақтар қоюға және зерттеуге баулиды.

Құрманғазы ауданындағы бірқатар мектептер интерактивті тақталармен, компьютер сыныптарымен, интернетпен қамтылды.

• «Цифрлық Қазақстан», «BilimLand», «Kundelik.kz», «PISA» стандарттары – білім берудегі басты жаңашылдықтарға жатады.

• Қашықтан оқу жүйесі де жолға қойылды (әсіресе пандемия жылдарында).

Мұғалім мәртебесі мен педагогикалық жаңашылдықтар

• «Педагог мәртебесі туралы» заң аясында мұғалімдерге жағдай жасалып, кәсіби дамуына көңіл бөлінуде.

• STEM білім беру, робототехника, жобалық оқыту, оқушы портфолиосы сияқты ұғымдар қазіргі мектеп өміріне еніп отыр.

Өлкенің білім саласындағы жетістіктері

• Аудан мектептерінің түлектері республикалық және халықаралық олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болуда.

• Оқушылар үйі, музыка мектебі, жекеменшік балабақшалар және қосымша білім беру орталықтары – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауда.

• Ауданнан шыққан белгілі ұстаздар, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері – ағарту ісінің дамуына үлес қосқан тұлғалар.

Қорытынды. Құрманғазы өлкесінің ағарту ісі – еліміздің рухани, мәдени өрлеу жолындағы маңызды тарау. Бүгінгі ұрпақ – сол жолдың жалғастырушысы.

Жаңашылдықты қабылдай отырып, ұлттың тамырына айналған тарих пен білім дәстүрін ұмытпау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Жаңашылдық – бұл білім беру процесін жетілдіру, жаңарту және үнемі дамытып отыру. Ол жаңа технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұны мен әдістерін өзгерту, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңаша ұйымдастыруды да қамтиды.

Білім берудегі жаңашылдық – бұл болашаққа бағытталған, үнемі дамып отыратын процесс. Ол тек мұғалімнің емес, оқушының, ата-ананың, бүкіл қоғамның белсенді қатысуын талап етеді.

«АДАЛ АЗАМАТ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ КІРІКТІРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Каленова О.Н.,
*Педагог-модератор,
тарих пәні мұғалімі, магистр
Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм
басқармасының «Олимпиадалық резервтегі облыстық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ,
Атырау қаласы*

Оқу процесінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту барысында білім мазмұнына тәрбиенің түйінді құндылықтарын кіріктіру азаматтық жауапкершілікті, тарихи сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталады.

«Тәуелсіздік және отаншылдық» білім алушыларда ұлттық бірегейлікті және тарихи сананы қалыптастырудың өзекті құндылық. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда тәуелсіздік пен отаншылдық құндылығы білім алушылардың туған еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тарихты терең ұғынуға жол ашады. Оқу процесінде Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін зерделеу, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың ел тағдырындағы рөлін саралау арқылы білім алушылардың азаматтық ұстанымы мен елге деген жауапкершілігі нығаяды. Ал, Дүниежүзі тарихын оқытуда білім алушылар әр халықтың тәуелсіздік үшін күресін, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу процесін, отарлық езгіге қарсы қозғалыстарды зерделеу арқылы өз елінің тәуелсіздік құндылығын бағалауды үйренеді. Мысалы, Тәуелсіздік үшін күрес және Америка Құрама Штаттарының құрылуы, Француз революциясының көрінісі, XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі білім алушының тарихи параллель жүргізу, отанға деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. 7.3.1.1 республикалық құрылымның ерекшеліктерін анықтау; 7.3.2.4 империалистік соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалау (Наполеон соғыстары мысалында); 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау; 7.1.1.3

еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылады.

«Бірлік және ынтымақ» құндылығы тарихи процесстер мен оқиғаларды зерделеу барысында білім алушылар Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағының тарихи негіздерін түсінеді. Мысалы, Біртұтас Қазақ хандығының құрылуы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың ынтымағы, XX ғасырдың соңындағы қоғамдық келісім мен этносаралық саясатты оқу барысында білім алушылар бірліктің қоғамдағы орны мен маңызын ұғынады. Сабақтарда топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастық әрекеттер жүзеге асады. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда түрлі тарихи кезеңдерде халықтар мен ұлттардың бірігуі, мемлекетаралық одақтар мен халықаралық ұйымдардың құрылуы, бейбітшілік пен өзара түсіністікке негізделген бастамалар білім алушылардың ынтымақ пен бірлікке деген көзқарасын нығайтады. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, Еуропалық Одақтың дамуы, XX ғасырдағы бейбіт бастамалар туралы сабақтарда ынтымақтастықтың жаһандық маңызын ұғындыруға болады.

«Әділдік пен жауапкершілік» тарихи тұлғалар мен шешімдерді бағалаудағы объективті көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытта дерек пен дәлелге сүйеніп, әртүрлі тарихи интерпретацияларды салыстыру тапсырмалары тиімді болып табылады. Дереккөздерді зерделеу барысында білім алушылар оқиғалар мен тарихи тұлғалар қызметіне әділ көзқарас танытып, әр шешім мен әрекетті тарихи контексте бағалауды үйренеді. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері, Қазақстандағы ұлттық автономиялар, Қазақстандағы ұжымдастыру, 1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар т.б. тақырыптарды оқытуда білім алушы тарихи оқиғалар мен процестерді, тұлғалар қызметін дереккөздер арқылы дәлел мен контекст негізінде баға береді, сын тұрғысынан бағалау құзыреттілігі қалыптасады.

«Заң және тәртіп» құндылығы білім алушының азаматтық құқық пен міндеттерді түсінуі, заң талаптарын орындауға дайын болуы, әділдікке негізделген қоғамдық тәртіпті сақтауға ұмтылысы. Қазақстан тарихындағы құқықтық жүйелер – Есім ханның «Ескі жолы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» және ҚР Конституциясын оқыту арқылы білім алушылардың құқықтық ойлау мен заңға құрмет сезімін дамытады. Сабақта құқықтық нормалардың тарихи дамуын талдау, билік пен заңның эволюциясын түсіндіру заң мен тәртіптің қоғамдағы рөліне баға беруге мүмкіндік береді. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқытуда Неліктен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясын жариялады?, Соғыстан кейінгі уақыттағы еуропалық интеграцияның себептері қандай? зерттеу сұрақтары аясында 9. 2. 3. 2 адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын сипаттау; 9.3.1.2 Еуропа мен Азияның жетекші мемлекеттеріндегі конституциялық-құқықтық идеологияның

қалыптасу жолдарын талдау (Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясы, ЕҚЫҰ, Еурокеңес, Гаагадағы Халықаралық сот) оқу мақсаттары арқылы білім алушылардың құқықтық сауаттылық, азаматтық ұстаным және заңға құрмет құзыреттіліктері қалыптасады.

«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» еңбектің тарихи рөлін ұғыну және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту. Мысалы, индустрияландыру, тың игеру, қазіргі заманғы жаһандық өзгерістер еңбекке құрмет пен жаңашыл көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи деректермен жұмыс, құжаттарды талдау, шағын-зерттеулер жүргізу білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік дағдыларын дамытады. «Дүниежүзі тарихы» пәнінде Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгертті? зерттеу сұрағы бойынша 7.4.1.2 Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөлін сипаттау; 7.4.1.1 себеп-салдарды анықтау арқылы Еуропадағы феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа (мануфактура, фабрика) өту процесін түсіндіру оқу мақсаттары жүзеге асыру білім алушылардың еңбекке деген құрметін, табандылықты, кәсіби даму идеясын тарихи контексте түсінуіне мүмкіндік береді.

«Жасампаздық және жаңашылдық» – тарих сабақтарында білім алушылардың сыни және креативті ойлау дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар тарихи оқиғалар мен процестерді талдай отырып, балама шешімдер ұсыну арқылы жаңашыл көзқарас қалыптастырады. Аталған құндылықты пән мазмұнына кіріктіруде XX ғасырдың бірінші жартысындағы қандай ғылыми ашулар мен жаңа технологиялар ерекше маңызды болды? зерттеу сұрағы бойынша 8.2.4.2 тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы ғылымның әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалау; 8.4.1.1 XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалау оқу мақсаттары арқылы білім алушылар XX ғасырдың ғылыми жаңалықтарын тек факті ретінде емес, өркениеттік серпілістің нәтижесі әрі шығармашылық ізденістің жемісі ретінде бағалауға үйренеді, жаңашыл ойлауына жол ашады.

«Ұлттық тәрбие- ұлттық құндылық» - қазақ халқының атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған негізгі ерекшелігіміз. Расында да ең құнды тәрбие ұлттық тұрғыдан берілген. Халқымыздың дана өмір салтынан туындап отыратын ерекшелер мен қағидалар қашанда маңызды. Ендеше ата –бабамыздың аманатын алысқа апаратын сапалы да салихалы ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Сонымен бірге оларды өмірге бейім, заманауи, сауатты , жан-жақты қабілетті қоғам мүшесі етіп тәрбиелеуіміз керек.

Қазақ халқының сонау түркі заманынан күні бүгінге дейін келе жатқан мұрасы – ұлттық тәрбиесі. Ұлттық тәрбие-қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбие құралы, болашағының қалыптасуын қамтамасыз етуі іспеттес тәлімдік жүйе. Бүгінгі заман талабына сәйкес өз мемлекетіміздің ұлттық

саясатын жүзеге асыру жолында, сонымен бірге, қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің даму үрдісінің ерекшелігіне орай, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Қай кезең болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет- өзінің өмірін жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздікке қол жеткізген осы заманда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабымен бірге келген игілікті іс екендігі белгілі. Жаһандану заманында тәуелсіз қазақ елі үшін өткір тұрған мәселенің бірі-ұлттық тәрбие мәселесі. Себебі, егемендігімізді қолымызға алған заманда, болашақ қазақ мемлекетінің нық тұрып, ілгері дамуы үшін тек қана материалдық қамын күйттей бермей, рухани жан-дүниелерін кеңейтіп өсуі үшін ең алдымен жастарды ұлттық тәрбиелік біліммен баулып оқыта білгеніміз орынды.

Ұлттық құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, жасампаздық және жаңашылдық, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, әділдік және жауапкершілік. Тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарды кіріктіріп әр түрлі формада өтуге болады. Мысалға: **«Кино үзінді»** әдісін алатын болсақ, бұл әдісте оқушыларға қазақ халқының тарихи киноларын оқушыларға белгілі бір критерийлер арқылы тапсырма берсек оқушылар осы киноны көріп, сол кездегі еліміздің тарихын, оқиғаның болған жерін, тағыда басқа оқиғаларын танып біледі. Яғни еліміздің тарихын, ұлттық құндылықтарын танып білетін болады. Тарихи кинолардан мысал ретінде «Бір уыс бидай», «Жерұйық», «Оян, қазақ», «Көшпенділер», «Анаға апарар жол», «Орбұлақ шайқасы», «Көксерек», «Кейкі мерген», «Мариям», «Жерұйық» фильмінен үзінді көрсетіледі. Көші-қон, диаспора, өзге ұлттарды қоныстандыру, себептерін осы фильм арқылы талдауға болады. Тарихи, деректі кинолардан үзінді көрсету арқылы ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын тиімді қолданамыз.

«Тарих-философ» әдісі. бұл әдіс арқылы қазақ халқының ақын-жазушыларының, ұлт зиялылары, қоғам қайраткерлері, батырлар, билердің сөздері мен шығармаларынан үзінділер келтіру. Мақал-мәтел, жұмбақтарды сабақ барысында тиімді пайдалану еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтары үшін өте тиімді.

Бүгінгі тарих сабақтарында: топқа бөліп оқыту, рөлдік, ойын элементтерін, пікір сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері, оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады. Дәстүрлі емес сабақ түрлері: концерт, спектакль, әдеби салон, саяхат, музейге экскурсия, симпозиум, презентация, телекөпір, дөңгелек үстел, аукцион т.б.

Оқушының білім деңгейін, білімі мен дағдысын айқындау, білім сапасын тексеру мен бағалау маңызды және күрделі процесс. Оқушылар жауабының сапасы бағаланады:

1. Мазмұндылығы.
2. Жүйелілігі.
3. Тарихи нақты фактілерді айдалануы.

4. Қосымша материал қолдануы.

5. Ойдың жалғасын табуы.

6. Өмірмен байланысы осындай сабақтарда оқушының іс-тәжірибе білігі және дағдысы дамиды, оқулықты еркін пайдалана біледі, мәтін мен суреттерді талдай алады, түрлі нұсқадан алынған мәліметтерді салыстырады т.б.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу процесінде білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту келесі тарихи концептілер (түсініктер) арқылы жүзеге асырылады: өзгеріс пен сабақтастық; себеп пен салдар; дәлел; ұқсастық пен айырмашылық; маңыздылық; интерпретация. «Адал азамат» бағдарламасының аталған түйінді құндылықтарын «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру тарихи концептілері арқылы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде білім алушылардың бойында ұлттық мүддені ілгерілету, қоғамға адал қызмет етуге дайын болу, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу мен тарихи-әлеуметтік құбылыстарды сын тұрғысынан бағалау, шешім қабылдау, өз көзқарасын дәлелдеу сияқты құзыреттіліктері қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат Астана 2025 ж.

2. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. №11. 2009 ж.

3. Юсубекова Н.Р. «Педагогикалық инновацияның жалпы негіздері» М., 1991 ж.

ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Наурызова Н.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
тарих мамандығы І курс магистранты
Атырау қаласы*

Аңдатпа. Мақала Ұлы Отан соғысы жылдарында айрықша батырлық пен ерлік көрсетіп, қазақтың «қанатты қызы» атанған, есімі тарихта өшпес із қалдырған Халық Қаһарманы Хиуаз Қайырқызы Доспановның өмір жолына арналады. Ұшқыш Х.Доспанованың туған жері, өскен ортасы, соғыстағы жауынгерлік жолы және соғыстан кейінгі атқарған қызметіне назар аударылады.

Негізгі сөздер: Хиуаз Доспанова, Ұлы Отан соғысы, Аэродром, Түнгі мыстандар, Ұшқыш-Штурман, Халық қаһарманы.

Хиуаз Доспанова – қазақ халқының даңқты перзенті, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігімен ел есінде қалған алғашқы қазақ әйел-ұшқышы. Алайда оның өмірі тек соғыс майданында көрсеткен ерлігімен шектелмейді. Соғыстан кейін де Хиуаз Қайырқызы туған еліне аянбай қызмет жасады. Ол Қазақстандағы саяси, қоғамдық және әлеуметтік өмірдің дамуына зор үлес қосып, халықтың игілігі үшін еңбек етті. Бұл мақалада оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметіне, саяси белсенділігіне және халық игілігі үшін атқарған еңбегіне тоқталамыз.

Көкке самғауды екінің бірі армандағанымен, шын мәнінде ұшқыш болу – санаулы жанның ғана маңдайына жазылған бақ. Хиуаз Доспанова бала күнінен аспанды аңсап, ұшқыш болуды армандады. Ол мақсатына соғыс жылдарында жетті. Кеңес әскері құрамында Марина Раскова басқарған әйелдерден құралған түнгі бомбалаушы-ұшқыштар полкі құрылды. Кейіннен бұл полк «Қызыл Ту орденді Таман гвардиялық, 3-дәрежелі Суворов орденді түнгі бомбалаушы әуе полкі» деп аталды. Хиуаз сол полктің қатарында болған жалғыз қазақ қызы еді. Хиуаз соғысқа 19 жасында аттанды. Бойы небәрі 150 см, нәзік те алғыр қыз жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағын тізгіндеді. Түнгі әуе шабуылдарын орындаған бұл полкті немістер «түнгі мыстандар» деп атап кетті. Олардың міндеті – жаудың қару-жарақ қоймалары мен әскери техникаларын бомбалау еді. Гитлер «түнгі мыстандардың» ұшағын атып түсірген жауынгерді марапаттап, тіпті үйіне демалысқа жіберуге уәде бергені тарихта жазылған. ПО-2 ұшағы өте шағын, екі адамға ғана арналған. Алдыңғы орындықта ұшқыш отырса, артқы орындықтағы штурман ұшу бағытын белгілеп, бомба нысанаға дәл түсуі үшін есептеулер жүргізді. Хиуаз Доспанова №46 гвардиялық полктың штурманы атанды. Майдандастары оны «Катя» деп еркелетті. Ол күніне 7-8 рет әуеге көтеріліп, жау шебін бомбалаған. Бірде осындай шабуылдан қайтып келе жатқанда, Хиуаздың ұшағы апатқа ұшырады. Бұл 1943 жылы болған оқиға еді. Жауынгер қыздар түнгі рейд кезінде ұшақтың жарығын өшіріп ұшатын. Тапсырмадан сәтті оралған соң, олар тұраққа қонуға бет алады. Сол кезде басқа бір ұшақпен қақтығысып, Юля

Пашкова басқарған ұшақ жерге құлап, қаза табады. Хиуаз ауыр жарақат алады [1].

Госпитальда бірнеше ай емделіп, аяқ-қолы гипсте жатқанымен, толық сауығып кетуі мүмкін болмады. Дегенмен, Хиуаз майданға қайта оралды. Аяғы қозғалысқа толық икемделмегендіктен, ұшақтан түспей, кабинкада тынығып, келесі күні сол орыннан ұшуға мәжбүр болды. Соғыстың соңына дейін ол 300-ден астам жауынгерлік ұшуды орындап, жау техникасын жойды. Соғыс біткен соң, барлық майдангер қыздар Кеңес Одағының Батыры атағын алғаны мәлім. Алайда, Хиуаздың есімі марапаттаушылар тізіміне енбей қалды. Бұл әділетсіздік туралы белгілі жазушы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықов өз еңбектерінде «Талғат Бигелдинов – 305, Леонид Беда – 211, Сергей Луганский – 390 рет әуеге көтеріліп, бәрі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ал, Хиуаз Доспанова 300 рет жер бауырлаған фанера ұшақпен жау шебіне ұшып барып, бомба тастады. Бірақ марапаттан тыс қалды», -деп атап өтеді [1].

Соғыстан кейін Хиуаз 2-топ мүгедегі болып оралды. Соғыстан кейін ауыр жарақаттарының салдарынан Хиуаз Доспанова әскери қызметін жалғастыра алмады. Алайда ол ел игілігіне қызмет етуді азаматтық өмірде жалғастырды. 1945 жылы Алматыға оралып, саяси және қоғамдық істерге белсене араласа бастады. Ең алдымен, Хиуаз Доспанова Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығында қызмет етті. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі жоғары бағаланып, халық шаруашылығы мен әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешуге атсалысты. Хиуаз Доспанова партиялық және мемлекеттік қызметте көптеген жауапты лауазымдарды атқарды. Ол Қазақстанның түкпір-түкпірінде халықпен кездесулер өткізіп, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары ол Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде басшылық қызмет атқарды. Осы жылдары жастар саясатының дамуына ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, соғыстан кейінгі ауыр кезеңде жастардың білім алуына, олардың патриоттық рухын көтеруге және ел дамуына үлес қосуына жағдай жасады. Бұдан кейін ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде Хиуаз халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтерді. Ол әсіресе әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлді [2].

Хиуаз Доспанова әйелдердің құқықтары мен олардың қоғамдағы орнын көтеру мәселелеріне ерекше назар аударды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы ауыр болды. Хиуаз осы мәселеге ерекше мән беріп, әйелдердің білім алуына, жұмысқа орналасуына және олардың құқықтарының қорғалуына баса назар аударды. Сонымен қатар, ол денсаулық сақтау, мәдениет және білім салаларындағы реформаларға қатысып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға белсене араласты. Оның бастамаларының арқасында көптеген әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асты.

Бірақ ол бейбіт өмірде де еліне адал қызмет еткен Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Х.Доспанованың тікелей бақылуымен және бастамасымен «Медеу» мұз айдыны, «Горный гигант» алма бағы, «Ғалымдар

үйі» және тағы басқа маңызды нысандар салынды. Сондай-ақ, мәдениет саласында да маңызы бар қойылымдар «Абай» мен «Шоқан» драмалары сахналанды.

37 жасында Хиуаз Доспанова денсаулығына байланысты зейнетке шыққаннан кейін шығармашылықпен айналысып, 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» атты соғыс естеліктерін жазды [2].

Хиуаз Доспанова – тек соғыс кезінде ғана емес, бейбіт өмірде де елі үшін аянбай қызмет еткен қайраткер ретінде саяси және қоғамдық қызметімен Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосты. 2004 жылы оған Қазақстан Республикасының жоғары наградасы – «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Бұл марапат оның тек соғыс жылдарындағы ерлігі үшін ғана емес, соғыстан кейінгі еңбегі үшін де берілді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметі – қазіргі ұрпаққа үлгі болатын өмір жолы. Хиуаз Доспанованың өмірі мен еңбегі бүгінгі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Оның есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған [3].

Хиуаз Доспанованың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызметке тағайындалуы оның жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Бұл қызметте ол қоғамдық және мемлекеттік басқару саласында тәжірибе жинады. Оның жұмыс істеу стилі, табандылығы мен жауапкершілігі басшылық тарапынан жоғары бағаланды. Оның алғашқы қызметтік жылдары негізінен Қазақстанның әртүрлі аймақтарында әлеуметтік, экономикалық және мәдени жобаларды жүзеге асырумен байланысты болды. Осы кезеңде ол халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді зерттеп, олардың шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары Хиуаз Доспанова Қазақстан ЛКЖО (Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) Орталық Комитетінде басшылық қызметі жылдарында бұл ұйым жастар саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды құрылым болды. Осы кезеңде ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың білім алуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына ерекше көңіл бөлді. Оның басты бастамаларының бірі – ауыл жастарына жоғары білім алуға мүмкіндік беру еді. Сол кездегі әлеуметтік жағдайға байланысты ауылдық жерлерден шыққан жастардың жоғары оқу орындарына түсуі қиын болатын ескерген Хиуаз Доспанова осы мәселені көтеріп, жастардың білімге қолжетімділігін арттыруға атсалысты. Кейінірек ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларды көтерді. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру және әйелдер құқығын қорғау мәселелеріне ерекше мән берді [4].

Хиуаз Доспанова әйелдердің қоғамдағы ролін нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Соғыстан кейінгі кезеңде әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы қиын

болды. Олар көбіне ауыр физикалық жұмыстарға жегіліп, лайықты еңбекақы ала алмады. Сонымен қатар, әйелдердің білім алуы мен әлеуметтік кепілдіктерге қол жеткізуі де шектеулі еді. Денсаулық сақтау саласында да ол үлкен жұмыстар атқарды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда медициналық қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде болды. Ауылдық жерлерде дәрігерлер жетіспеді, медициналық мекемелердің материалдық жағдайы нашар еді. Хиуаз Доспанова осы мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар көтеріп, медициналық қызметтердің халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етуге атсалысты. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жастардың білім алуына, әйелдердің құқықтарын қорғауға және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты.

Оның қоғамдық қызметі болашақ ұрпаққа үлгі болып қала береді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның саяси және қоғамдық қызметі қазіргі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жастар мен әйелдердің жағдайын көтеруге бағытталған көптеген игі істерді жүзеге асырды. Хиуаз Доспанованың есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған. Оның ерен еңбегі мен қажырлы қызметі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Хиуаз Доспанованың соғыс кезіндегі ерлігі және соғыстан кейінгі атқарған мемлекеттік жұмыстары ескерілпi, оның есiмiн сақтау жұмыстары батырдың туған жері Атырауда жүзеге асуда. Бүгінде Атырау қаласында Хиуаз Доспановаға арналған ескерткіш бар, кейіннен Атырау әуежайына Хиуаз Доспанованың аты берілді. Әрі әуежай алдында ескерткіші орнатылды. Алматы қаласында өзі тұрған көшеге аты аңызға айналған ұшқыштың есімі берілді. Бұған қоса, "ЭйрАстана" әуе компаниясы Embraer 190 ұшағына Хиуаз есімін берді [5].

Хиуаз Доспанова Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина және Германияны азат ету шайқастарына қатысты. Ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және басқа да марапаттармен наградталды. Бірақ Кеңес Одағы оған лайықты ең жоғарғы марапатты бермеді. Тәуелсіз Қазақстан өз батырын ұмытқан жоқ. 2004 жылы Елбасының жарлығымен Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағы берілді. Араға төрт жыл салып, 2008 жылы қазақтың қайсар қызы бұл дүниеден өтті. Бірақ оның рухы, ерлігі, елге сіңірген еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Тасбулатов А.Б., Аманжолов К. Военная история Казахстана. Очерки. Алматы: Рауан, 1998. - 176 с.
- 2 Асильов Н.Т. Воинские формирования Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны. Нур-Султан: Военно-исторический музей ВС РК, 2021. - 388 с.
- 3 Ростов Н.Д. Подготовка офицеров запаса в гражданских высших учебных заведениях Сибири в годы Великой Отечественной войны // Известия Алтайского государственного университета. 2008. №. 4-3. С. 224-229.
- 4 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 т. Т. 4. Алматы: «Атамұра», 2009. - 768 с.
- 5 Калимова Т. Халық қаһарманына ескерткіш қойылды / «Айқын» газеті. 8 мамыр 2010 ж.

ОҚУ ОРНЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ УНИВЕРСИТЕТТІК МҰРАҒАТТЫҢ МАҢЫЗЫ

Телбаева Н.,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің 2-курс магистранты
Атырау қаласы

Университет архиві – білім беру мекемесінің маңызды тарихи және мәдени қазынасы болып табылады. Ол университеттің қалыптасуы мен дамуының бүкіл кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды сақтап, келер ұрпаққа жеткізеді.

Архив материалдары университеттің ғылыми, оқу және әкімшілік қызметі туралы нақты ақпарат береді. Бұл құжаттар зерттеушілерге, оқытушылар мен студенттерге тарихи зерттеулер жүргізуге, білім беру үрдісін жетілдіруге, сондай-ақ университеттің мәртебесін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, архив университеттің мәдени мұрасын сақтау арқылы ұжымның бірлігін нығайтады, өткенге құрметпен қарауды дамытады. Архив қызметкерлері құжаттардың сақталуын қамтамасыз етіп, оларды жүйелі түрде өңдеп, электрондық форматқа көшіру арқылы ақпараттың қолжетімділігін арттырады. Университет архиві – жоғары оқу орнының тарихи, ғылыми және мәдени мұрасын сақтап, зерттеу және пайдалану үшін жинақталатын құжаттар мен материалдар жүйесі. Бұл архив университеттің қалыптасуы мен дамуының, оқыту мен зерттеудің барлық кезеңдерін қамтиды. Оның маңыздылығы білім ордасының тұтастай тарихы мен бүгінгі күнін түсінуге, алдағы дамуына бағдарлауға мүмкіндік береді. Архив ұғымы ежелгі дәуірлерден бастау алады, бірақ Қазақстандағы университет архивтері ХХ ғасырдың басынан қалыптаса

бастады. Алғашқы қазақ университеттері мен білім мекемелері өздерінің құжаттарын арнайы сақтайтын орындар құрылды. Мұндай архивтер университет қызметінің заңдылықтарын, оқу бағдарламаларын, ғылыми зерттеулерін, студенттердің және оқытушылардың өмірбаянын тіркеді.

Университет архивтері Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа кезеңге өтті. Бұл кезеңде архив жұмысы жүйеленіп, электронды құжат айналымы енгізіліп, архив материалдарын зерттеу мен пайдалану ауқымы кеңейді. Архивтер білім беру саласының даму тарихын нақты деректермен дәлелдей отырып, оқу орындарының халықаралық деңгейге көтерілуіне септігін тигізді.

Университет архиві – жоғары оқу орнының тарихи, ғылыми және мәдени мұрасын сақтайтын маңызды институт. Ол оқу орнының қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдерін бейнелейтін құжаттар мен материалдарды жүйелі түрде жинап, қорғап, келер ұрпаққа жеткізеді. Университет архиві білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметінің негізін құрайтын құнды ақпараттық ресурс болып табылады.

Қазақстандағы университет архивтері XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Алғашқы архивтік материалдар оқу орнының құрылуы мен оның қызметі туралы құжаттардан тұрады. Тәуелсіздік алғаннан кейін архивтердің қызметі жаңа деңгейге көтерілді: электрондық архив жүйелері енгізіліп, құжат айналымы цифрланды.

Архив ісі – құжаттарды жүйелі жинау, сақтау, қорғау, өңдеу және пайдалану әдістері мен принциптерін зерттейтін ғылым саласы. Архив ісінің теориясы мен тәжірибесі көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мұрағаттану саласындағы еңбектердің ішінде архив ісінің негізін салушылардың бірі Ж.Ф. Козловтың еңбегі зор. Оның «Архивное дело» атты еңбегінде архив құжаттарының топтастырылуы, сақтау және пайдалану әдістері жан-жақты баяндалады. Ж.Ф. Козлов архив ісінің теориялық негізін салған ғалымдардың бірі. Оның еңбегінде архив құжаттарының топтастырылуы, сақтау тәртібі және пайдалану әдістері жан-жақты қарастырылады. Козлов архивті құжаттардың тарихи, құқықтық және мәдени маңыздылығын атап көрсетеді. Оның теориясы университет архивтеріндегі құжаттардың ұйымдастырылуына және сақталуына жол сілтейді. Мысалы, Козловтың принциптері бойынша құжаттардың жүйелі топтастырылуы оқу орнының қызметін толық қамтитын ақпараттық база құруға мүмкіндік береді.

Г.А. Крейнер – архив материалдарын өңдеу мен сипаттау, олардың іздеу жүйесін құру мәселелеріне көп көңіл бөлген ғалым. Оның теориялық еңбектері заманауи архив басқару жүйелерінің дамуына жол ашты. Г.А. Крейнер архив ісіндегі материалдарды сипаттау, оларды каталогтау және іздеу жүйесін құруға ерекше назар аударады. Оның зерттеулері құжаттардың ақпараттық қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Университет архивтері үшін бұл аса маңызды, себебі зерттеушілер мен студенттер қажетті деректерді тез және тиімді таба білуі тиіс. Крейнердің еңбегі қазіргі электрондық архив жүйелерін дамытуға негіз болғанын атап өту керек.

Н.А. Шустов – архив ісінің тарихы мен теориясына арналған монографиялар авторы. Оның зерттеулері архивтердің қызметін реттеуге, құжат айналымын оңтайландыруға бағытталған.

Қазақстандық ғалымдар арасында архив ісі саласында Ж.А. Омаров және Г.Қ. Сарымсаков сияқты зерттеушілердің еңбектері жоғары бағаланады. Олар архив ісінің теориясы мен практикасындағы ұлттық ерекшеліктерді зерттеп, жергілікті архивтерді дамытуға үлес қосты. Ж.А. Омаров – Қазақстандағы архив ісін дамытуға үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерінде архивтердің ұлттық ерекшеліктері мен тарихы, құжаттардың сақталуы мен өңделу әдістері қарастырылады. Омаров архивтің мемлекеттік және қоғамдық маңызын атап, архив қызметінің кәсіби деңгейін көтеру мәселелерін көтереді. Оның зерттеулері университет архивтерінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.

Г.Қ. Сарымсаков архив ісінің теориясы мен практикасын интеграциялау мәселелеріне назар аударады. Оның мақалаларында цифрландыру, электронды құжат айналымы, архив материалдарын пайдалану жүйелері туралы тың идеялар мен ұсыныстар бар. Сарымсаковтың еңбектері қазіргі заманғы университет архивтерінің тиімді жұмыс істеуіне ғылыми негіз береді.

Архив ісінің дамуы мен қалыптасуы тарихын зерттеген кеңестік кезең ғалымдары оны 2 кезеңге бөліп қарастырады және олардың ішінде А.В. Чернов, В. Максаков, В.И. Вяликов, В.В. Сорокин, В.Н. Самошенко бар [1] деп көрсетеді Қазақстандағы архив ісін зерттеуші А.Ахмет.

Архивтер келесідей функцияларды атқарады:

- **Құжаттарды қабылдау, есепке алу және сақтау;**
- **Құжаттардың ғылыми-техникалық өңдеуі және сипаттамасын жасау;**
- **Құжаттарды цифрландыру және электрондық архивтер құру;**
- **Зерттеушілерге және азаматтарға архивтік анықтамалар беру;**
- **Мемлекеттік және тарихи маңызы бар құжаттарды жариялау.**

Мұрағат функцияларын шартты түрде дереккөз және ақпараттық олып екі блокқа бөлуге болады. Дереккөздерге жинақтау функциялары кіреді, яғни сақтау және есепке алу, ал ақпараттыққа - мұрағаттық құжаттар жатады. Сонымен қатар, мұрағат қызметінде мұрағат қызметінің тәртібін, оның механизмін регламенттейтін жұмыстар жүзеге асады.

Университет мұрағаттары келесі маңызды міндеттерді атқарады:

1. **Тарихи құндылық:** Архив университеттің құрылуынан бастап бүгінге дейінгі барлық маңызды оқиғалар мен құжаттарды сақтайды. Бұл деректер тарихшыларға, ғалымдарға және студенттерге университеттің даму жолын зерттеуге мүмкіндік береді.

2. **Ғылыми зерттеулердің негізі:** Архив материалдары ғылыми жұмыстарға, диссертацияларға, зерттеу жобаларына ақпараттық база болып табылады.

3. **Әкімшілік қызметтің қолдауы:** Университеттің басқару органдары архив деректерін пайдаланып, құқықтық және ұйымдастырушылық шешімдер

қабылдайды. Бұл білім беру процесінің тиімді және заңды жүруін қамтамасыз етеді.

4. Мәдени мұраны сақтау: Архив ұжымның мәдениеті мен дәстүрін сақтап, студенттер мен қызметкерлердің бірлігін арттырады. Өткеннің тарихы бүгінгі және болашақ ұрпаққа үлгі болады.

5. Ақпараттық қолжетімділік: Қазіргі таңда архив материалдарын цифрлық форматқа көшіру үрдісі құжаттарды зерттеу мен пайдалану ісін жеңілдетеді және халықаралық байланыстарды кеңейтеді.

Қазақстан Республикасындағы архив ісі «**Ұлттық архив қоры және архивтер туралы**» Заң (2007 ж., 2020 ж. өзгерістерімен) негізінде ұйымдастырылған. Архив жүйесі үш деңгейден тұрады:

Бірінші деңгей: Орталық (ұлттық) деңгей

- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) – елдің ең ірі архиві. Мұнда XVIII ғасырдан қазіргі кезеңге дейінгі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени құжаттар сақталады.

- Қазақстан Республикасының Президенті архиві – мемлекет басшылары, үкімет және партия органдарының құжаттары жинақталған.

- Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық архив – ғылым мен техниканың дамуына қатысты материалдарды сақтайды.

- Орталық мемлекеттік кино-фото-құжаттар және дыбыс жазбалар архиві – аудиовизуалды деректерді сақтайды.

- Орталық мемлекеттік тарихи архив – тарихи кезеңдерге қатысты жазба деректер.

Екінші деңгей: Облыстық және қалалық архивтер

- Әр облыс пен республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент) облыстық (қалалық) мемлекеттік архивтер бар.

- Олар жергілікті басқару органдарының, ұйымдар мен кәсіпорындардың құжаттарын сақтайды.

Үшінші деңгей: Мекемелік (ведомстволық) архивтер

- Мемлекеттік және жеке ұйымдардың өз ішінде уақытша сақталатын құжаттар қорлары бар.

- Белгіленген мерзім өткен соң құнды материалдар мемлекеттік архивтерге тапсырылады.

Университет архивтері жоғарыда айтып өткендей жинақтаушы жады түрінде үлкен қызмет атқарады. Алайда университет құжаттарының қағаз түрінде жинақталуы бірнеше қиындықтарға әкеледі. Олардың ішіндегі ең үлкені - сақтау орындарының тапшылығы. Осыған орай құжаттарды сандық форматқа көшіру жұмыстары қажет деп саналады. Бірақ бұл жұмыстарды іске асыруда да қиындықтар кездеседі [2].

Қазіргі кезде университеттердің архивтік құжаттары оқу орнының тарихын зерттеуде үлкен рөл атқарады. Университеттің мұрағаттары да жалпы архив жүйесіндегі құжаттар егер Атырау университетімен алып қарайтын болсақ (2022 жылғы мәліметке сай) 45334 аатудағы құжат болған. Оның ішінде жеке

құрамдағы 20297 құжатты қамтыған. Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің архив қоры 1952 жылдан басталады. Оның ішінде бұйрықтар 1954 жылдан бастап сақталған. Ал диплом құжаттары 1975 жылдан басталған.

Қорыта айтқанда, университет архиві білім ордасының тарихы мен дамуын көрсететін айна ретінде қызмет етеді. Архив ісі саласындағы классикалық және қазіргі еңбектер университет архивтерін тиімді басқарудың теориялық және практикалық негізін қалыптастырады. Сондықтан архив жұмысы жоғары оқу орындарының стратегиялық маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахмет А. Қазақстандағы архив ісінің тарихы (1918-1991 жж.). Алматы: «Medet Group», 2022

2. Немшанова С.В., Коломиец А.А. Архив вуза в цифровую эпоху: трудности и перспективы развития // Архив вуза в цифровую эпоху: трудности и перспективы развития elar.urfu.ru/bitstream.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Қайырғалиева Г.Қ.,

тарих ғылымдарының кандидаты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Сармолдаева Ү.М.,

Үш тілде оқытатын дарынды

балаларға арналған №30 мектеп-гимназиясы

География пәні мұғалімі

Атырау қаласы

Әр халықтың тарихында оның даму ерекшелігін сипаттайтын құрылымдар болады. Қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын осындай белгілердің бірі – батырлар институты. Батырлар халқымыздың басынан өткерген әр тарихи кезеңінде ерлік пен елдіктің туын ұстаған тұлғалар болды. Қазақ батырлары қоғамда елеулі міндеттер атқарып, мемлекет қайраткері, қолбасшы, әскербасы, дипломат дәрежелеріне дейін көтерілді. Қазақ қоғамы секілді көшпелі қоғамда ер азаматтың бәрі жаугершілік тұсында жауынгер болғаны мәлім, десе де қолбасшылық, мәмлегерлік, ержүректік, шешендік, тапқырлық, батылдық сияқты қасиеттері бар жекелеген тұлғаларға ғана батыр атағы берілді. Тарихи талдауларға сүйенсек, батырлар соғыстар кезінде жасақтардың құрамында соғысқа қатысқан әскер ғана емес, олар кейбір тарихи жағдайлар тұсында мемлекет басшысы, хан кеңесшісі, саясаткер, дипломат, би (сот) қызметтерін де атқарды.

«Батыр» атауы еуразиялық халықтардың көпшілігінде, атап айтқанда, алтайлықтар, монғолдар, қырғыздар, башқұрттар мен қазақтар арасында сақталған. Бір ерекшелігі, қазақ халқының дәстүрлі құрылымында батырлар айрықша әлеуметтік топ ретінде қалыптасты. Жалпы, батырлық – қазақ даласында көшіп-қонған көшпелі ру-тайпалардың мінез құлқын ерекшелейтін қасиет. Көшпелі қоғамның ерекшелігі оның тұрғындарында ерлік пен өрлік мінезді қалыптастырды. Бірте-бірте батырлық қоғамдық институт деңгейіне көтерілді. 2011 жылы жарық көрген «Айбын» энциклопедиясында «батыр» атауына «Батыр (парсы тілінде бәһадур) ержүрек, батыл, әскери өнерді жақсы меңгерген, ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін атақ. Батыр атағы мирасқорлық жолмен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады» деген анықтама берілген. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұзақ уақыт бойы батырлар жырлары жас ұрпақты ерлік жолында тәрбиелеудің аса тиімді құралдарының бірі болып келді. Әр қазақ баласы жастайынан «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларын немесе «Ер Төстік» ертегісін тыңдап өсетін.

Батырлар институтын зерттеулер бірнеше кезеңге бөлініп қарастырылады: Батыс Еуропа және Ресей тарихшылары мен саяхатшыларының, ресейлік басқару жүйесі шенеуніктерінің, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, кеңес дәуірі кезеңіндегі зерттеулер және еліміз егемендігін алғаннан кейін жарияланған қазақстандық тарихшылардың еңбектері.

Ұлттық ағартушылардан батырлар институты және қазақ тарихындағы батырлық кезеңі жайында алғаш өзінің ой-тұжырымдарын жазған Шоқан Уәлиханов болды. Ол өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамы мен оның билеушілері жайында жазған еңбектерінде «батырлық» терминіне тоқталып «**Батыр** – ең маңызды және беделді тұлға, ол соғыста жолбарыстай айбарлы, арыстандай қайратты болуы тиіс. Ол - айтқан сөзі халыққа өтетін, елге ең сыйлы адам», - деп жазып, «Абылай» атты мақаласында қазақ халқының Ресей мен Қытай секілді екі алып империяның арасындағы тәуелсіздікті сақтап қалу жолындағы қызметі мен ханның өмір сүрген уақытын «Абылай ғасыры қырғыздардың (қазақтардың) жауынгерлік (серілік) заманы болды», - деп атап өтеді [1, 218].

Қазақ батырлары жайында көптеген қазақ зиялылары XX ғасырдың басында көп үлес қосты. Біз осы бағытта жерлесіміз XX ғасырда жазықсыз жапа шеккен алаш арыстарының бірі, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Х.Досмұхамедұлының батырлардың қазақ қоғамындағы, қазақ тарихындағы орнына қатысты мақалалары маңызды екенін атап өтеміз. Х.Досмұхамедов жиырмамыншы ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың зиялы қауымының аса көрнекті өкілі, күрделі тағдырдың иесі. өзінің азғана ғұмырында ол білімді ғұлама ғалым, еліміздегі білім, соның ішінде жоғары білім беру және денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы. Х.Досмұхамедов шығармашылығының үлкен бір бағыты қазақ халқының азаттық күресі тарихын қамтиды. Х.Досмұхамедұлының қазақ батырларына арналған көлемді зерттеуі «Қазақ

батырлары. Исатай, Махамбет» деп аталады, бұлардан басқа «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат», «Махамбет батыр», «Исатай кім?», «Родословная Жалантұс-батыра, (Ялантуш-бахадура), строителя медресе тилля-кары и шир-дор в городе Самарканде», «Жалантұс батыр» еңбектерін атуға болады. Х.Досмұхамедов «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты еңбегінде көтерілістің басталуымен қатар XVIII ғасырдың 30-40-шы жылдары болған саяси ахуалға, Әбілқайыр хан және оны қолдаған қазақ батырлары жайында жазады. 1738 жылы Әбілқайырмен бірге ант беріп, қол қойған елу алты адам деп, әр рудан қол қойған 56 адамның санын келтіреді. Олардың қатарында Қошқарұлы Жәнібек пен Бөкенбай секілді батырларға назар аударады. Осы зерттеуде Х.Досмұхамедұлы Әбілқайырдың орыс патшасына ант беруіне өзінің көзқарасын Әбілқайырдың хан сайлануға ұмтылысы деп білдіреді де, осыған байланысты елдің билері екіге бөлініп кетті, бір бөлегі «арғын Жәнібек пен табын Бөкенбай (Бөкенбай) болып соңына ерген елдерімен хан жағына шығып кетті» деп жазады.

Халел хакім Кіші жүзде өткен азаттық күресінің бірқатары жайында былай деп жазады: «Бұлардың зорлары мыналар: 1785-1800 жылдардың шамасында байұлы байбақты руынан шыққан Сырым батыр Датұлының көтерілісі. ...Екіншісі, 1830-1845 жылдардың шамасында байұлы беріш руынан шыққан Исатай батыр Тайманұлының һәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі. Үшінші, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының шамасындағы шекті руынан шыққан Есет батыр Көтібарұлының көтерілісі». Бұл мақаласында Халел азаттық күресіне қатысушы Құдабай, Дәуімшар, Кебіс, Құлшар, Батырбек батырлардың әлі де зерттелмей келе жатқандығына қынжылады, «тарихшы енді шықса керек» деп сенеді.

Қазіргі таңда отандық тарихшылардың азаттық көтерілісінің басшылары Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы және басқа да тұлғалары турасында жүргізген зерттеулері аз емес. Осындай зерттеулерге қарағанда есімдері аталған батыр қолбасшылар жанында оларды қолдаған батырлары, серіктестері болды. Олар жайында Х.Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Әсіресе, Адайдың Атақозы, Құдабай, Құлбарак, Дәуімшар, Сүйінқара; Байбақты Беркін, табын Алдаш пен Дәуіт, тана Жалмұхамбет, алаша Сейіл, таздан шыққан Өтен, Нарынбай, Төремұрат, беріштен шыққан Құлбарак, Батырбек, Жапарберді, Кебіс, Құлшар, есентемірден Мыңбай, Сұлтангелді, Көктаубай секілді көтеріліске бас болған адамдар ел қорғап, қазаққа дұшпан дегендермен көп жауласқан» [2, 34 б.].

Қазақ тарихындағы батырлар тарихын зерттеуде атыраулық өлкетанушы Берік Қорқытовтың да зерттеулерінің өзіндік ерекшеліктері, маңызы бар. Бұл еңбектердің азаттық күресі және батырлар тарихын зерттеуде деректік маңызы жоғары. Өйткені күні бүгінге дейін ірі ұлт-азаттық көтерілістерді басқарған батырларды болмаса, ел арасында есімдері айтылатын XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетін батырлардың есімдері ескерілмей келді. Олар жөнінде белгілі драматург-жазушы Берік Қорқытов

«Атырау билері мен батырлары» кітабында «біз батырың қайсы десе, әуелден басы ашық Исатай мен Махамбеттен басқаны айта алмадық. Елі үшін еңіреп, халқы үшін қан жұтқан Атақозы, Өмір, Темір, Сүйінқара, Досан, Ағатай, Итемген, Табылды, Құлбарақ, Жапарберді, Мыңбай, Сұлтанкелді, Көктаубай, Төремұрат, Нарынбай, Өтен, Тұрлан, Өтепқали сияқты батырларды біле тұра ауызға алмадық. Қасиетіңнен айналайын халықтың жадынан құдіретті не бар? Сол ерлердің есімін аздырмай-тоздырмай ауыздан-ауызға көшіріп баз-баяғы қалпында бүгінге дейін жеткізді. Десек те, солардың әзіз есімін, ерлігін бүгінгі ұрпақ біле ме?» деп жазады [3].

Х.Досмұхамедұлы жоғарыда айтып өткен «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» мақаласында Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтерілістерді төмендегіше сипаттаған: «Патша үкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің еткен істерінің біз бірқатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде зорлары мыналар: 1785-1800-ші жылдардың шамасында байұлы байбақты руынан шыққан Сырым батыр Датұлының көтерілісі. Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп, қуып, Есім ханды өлтіріп, патша хукіметімен жауласты. Ақырында жеңілді. Бұл - бір. Екінші, 1830-1845-інші жылдардың шамасындағы байұлы беріш руынан шыққан Исатай Тайманұлының һәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі. Үшінші, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының шамасындағы әлімұлы шекті руынан шыққан Есет батыр Көтібарұлының көтерілісі. Есет сұлтан-правитель болған Арыстан «ханды» өлтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды. Көтерілісті хукімет басты. Төртінші, 1869-1870-ші жылдардағы қазақты әбден ноқтаалаған «Уақытша дала низамына» көнбейміз деп Орал, Торғай қазақтарының жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті «Ауа» деп айтады» [2, 29 б.].

Х.Досмұхамедұлы атап өткен батырлар жайында Берік Қорқытов былай тарқатады: «Он екі ата Байұлының бір баласы - Беріш. Беріштің бұтағы - Қаратоқай. Бұлардан тарағандар өздерін «Қаратоқай Берішпіз» деп атайды. Қаратоқайдан Андағұл, Сасыған, Айтқожа туады. Андағұлдан Айболат, одан Есболай мен Бекбауыл туады. Есболайдан Итемген, Көтен, Мәймен, Күшік, Қоныс туады. Итемгеннен Табылды, Қара, Қабыл, Қалдыбай, Мәтен туады. Бұларды ел «Итемгеннің бес бөрісі» деп атайды. Табылдықтан Құлбарақ туады. Құлбарақтың туған жылын дәл айту қиын, бірақ шамамен шығаруға болады. Құлбарақ Адай руының әрі биі, әрі батыры 1756 жылы туған Сүйінқарамен замандас. Араларында әрі кетсе бес-алты жас айырма болуы мүмкін. Сонда Құлбарақты не 1758 не 1760 жылдары туды деп шамалап айтуға болады. Ал өлген жылы анық, 1832 жыл» [3, 22 б.].

Х.Досмұхамедовтің және Б.Қорқытовтың еңбектерінде жазылған Құлбарақ және Сүйінқара батыр туралы не білеміз? «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» мынадай мәліметтер бар: Құлбарақ Табылдыұлы (т.ж.б.-1832 ж.ш.ө) - батыр. Кіші жүздегі беріш руынан шыққан. Хиуа хандарының озбырлығына қарсы күрескен. Матай ақын «Батыр болып туыпты, Табылдықтан Құлбарақ, Алты сан Алаш жиылып, Кем деген жоқ бір қазақ» деп жырлаған. Құлбарақ ұрыс кезінде қаза тапқан [4,107].

Сүйінғара Үргенішбайұлы (1756-1841) - батыр, би. Кіші жүздің адай руының мұңал тармағынан шыққан. Ресей империясының, Хиуа хандарының, түркімен билеушілерінің үстемдігіне қарсы күрескен. 1831 жылы Орынбор әскери губернаторы граф П.П.Сухтеленге орыс тұтқындарын қайтарып, өзі басшылық жасайтын маңғыстаулықтардың атынан Ресеймен достықта болатыны жайлы сенімхат жазған. Граф Сухтелен өзінің ризашылығын хат арқылы білдіріп, батырға қылыш сыйлаған. Сүйінғара батыр 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасы қазақтарының көтерілісі тұсында 1837 жылы Жайықтың шығыс бетіне өткен Исатай мен Махамбет батырларға әскери қол жинау ісінде жәрдем береді. Сүйінғараның інісі Кежінің балалары Бүркіталы, Сатыбалды, Көтібардың ерлігі, қыздары Айсалқам мен Жансалқамның қайғылы тағдыры туралы ел ауызында аңыздар көп сақталған. Батыр туралы ресейлік зерттеушілер А.Ф.Рязанов пен В.Ф.Шахматовтың ғылыми еңбектерінде мәліметтер бар. Маңғыстаулық жазушылар мен өлкетанушылардың да еңбектерінде біраз деректер табуға болады. Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдиықов, Е.Жаманбаев, І.Шыртанов, Ә.Сапановтың көпшілікке арналған мақалаларында сөз болады. Оған А.Өтембетұлы, Ы.Шөреков жыр арнаса, М.Әбдіқалықов «Сүйінғара» атты роман жазған. Денесі Маңғыстаудағы Сейсен ата қорымына жерленген.

Сүйінқара батырдың бейнесін атақты жазушы Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романынан кездестіруге болады:

«Дембелше бойлы, емен ағаштың жуан тамырларынан шауып жасағандай шомбал денелі, сүзеген бұқадай алара қараған бір адам Ыбырай ақсақалдың ауласына тосыннан кештетіп кірді. Кірді де, еш жанға сәлем берместен, жан-жағына бұрылып қарамастан, Махамбетке тура тартты.

- Өтемістің ұлы Махамбет деген сенбісің?
- Өзің кімсің?
- Онда шаруаң болмасын! Атың қайда? Жүр. Сүйінқара тосып отыр.
- Қайда?
- Онда шаруаң болмасын. Ер соңымнан.

Астындағы аты да өзі сияқты жуан аяқ, шомбал екен, иесі әлгінің екі бүйірін тақымымен нығыз қысып, мықты отыр. Жолаушының астыңғы ерні жырық екен, жорық кезінде түскен жарақат болуы керек, быртиған жуан саусақтары да не көрмеген - көн болып, жарылып-жарылып кетіпті. Ол атының басын үнсіз бұрды да, аяндай берді.

- Қарағым, қай баласың, ең болмаса есіміңді айта кетсеңші?-деп еді Ыбырай кәрия, бірақ анау үн қатпады.

- Әй өзің бір өгіз сияқты неме екенсің?-деп айғайлады соңынан Ноян. Алайды анау естімегендей боп кете барды. Көшеге шықты да, қақпаға бет түзеді. Махамбетте асығыс атына мінді.

- Бірге барындар, деді Ыбырайбек жігіттерге.-Мына «мақаудың» қайда апарарын кім біледі. Қас қарайып келеді...

- Қайда барасындар түге? Екеуден артық ертпеймін,-деп беліндегі жалпайған қайқы пышағын түзеп қойды.

- Жә, қайтыңдар, көріп тұрсыңдар ғой ашуын-деп Махамбет күлді де қасына Жантас пен Балабекті ғана алып қалды.

Қаладан жеті шақырымдай ұзап, әлдекімдердің мақта егістігімен бау-бақшасын аралаған сүрлеумен біраз шиырлаған соң ол бұларды қалың қопаға әкеп кіргізді. Тас қараңғыда сипалағандай болып біраз жүрді де, айналасын ну жыныс қоршаған шошаланың алдында маздай жанған ошақ басынан бір-ақ шығарды.

-Түсіндер аттарыңнан. Келдік...

Шошаладан ұзын бойлы біреу шықты, қараңғыда нағыз қара дәу тәрізді. Жантастың аты оскырынып жалт берді. Таяудан тоғай ішінен, жылқы кісінеді. Қараңғылық құшағынан тағы да бірнеше сарбаз шыға келді.

Дәу от басына жақындады. «Мақау» атынан жас баладай жеңіл қимылмен қарғып түсіп, әлде қайдан жолбарыс терісін алып келді де, дәудің аяқ астына тастады. Анау бөстекке отырды.

- Иә, кім боласыңдар, жөн айта отырыңдар?-деді ол.

- Мені шақыртқан кім, алдымен соның жөнін білгім келеді?

- Кездескісі келгенді шақыртатын әдетім болғанмен, кім көрінгенмен құшақтасып көрісер әдетім жоқ. Алдында тұрған адайлардың құдайы Сүйінқараның өзі! Руымды Арыстан дейді.

Белгілі туған ер едім,
Беліме садақ асынған,
Біріндеп жауды қашырған
Мен келелі қара бұлытпын,
Келе жаумай ашылман.
Найзағай менен жасылмын.

Жұрт айтады, осы өлеңді маған арнап Беріштен шыққан Махамбет ақын шығарды дейді..

- Сол Махамбет – мен!- деді ақын.- Қанша тұзақ құрса да Жәңгірдің қолына түспей зар қылған да мен. Ал Жәңгірдің ағасы Айшуақ хан менің әкем Өтемістің қас дұшпаны болатын...

Сүйінқара орнынан тұрды. - Жігіттер-ау, бізге Беріштің сұңқары қонаққа келіп отыр ғой, сый-сыпат қайда?!-деп Махамбет пен оның жолдастарын кезек-кезек құшақтап шықты.[5,73-75].

Кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбайұлы өзінің «Күй» повесінде Сүйінқара батыр туралы былай деп жазады: Мәмбетпанның сағымға шомылған көп жылқысында көз ақысы бар қазақтардың бірі- Дүйімқара. Бүгінде Адай ғана емес, иісі Алшында одан асқан батыр жоқ. Оның қайнына ұрын барған сапарына дейін қазақ түгіл түрікменге де аңыз боп тараған. Қалыңдығының қасына алғаш түнеген түнінде қайын жұртының жылқысына жау тиіпті. Айдауға кеткен жылқысына қайтарып келер батыр таба алмай сасқан ел күйеудің отауына кіріп барады. «Жау тиді» қиқу құлағына тиісімен батыр күйеу жар төсіндегі жалаңаш қалпы атып шығып, атқа қонады. Таң енді сес берген елең-алаңда жауға да жетеді. Бұлыңғыр таңда жайдақ шауып келе жатқан жалаңаш немененің адам

екенін, жын екенін біле алмаған барымташылар жылқыны тастап қаша жөнеледі. Ертеңіне түсте Дүйімқара жалаңаш етіне алдынан шыққан жылқышының қақпа шекпенін киіп, жылқыны айдап, қайнына оралыпты. Сөйткен, Дүйімқара бүгінде бір елді ығында жүргізген- ықпалы бар батыр. Қос балтыры бурадай, уда-дуда, жүн-жүн төсін дудыратып, иініне киім ілмей, белуардан жоғары тыр жалаңаш шабытып оны түрікменнің жылқысына дейін сондайдан танып, жөнкіле қашады. Бірақ оған да тісін қайраушылар көп-ақ. Оның ауылының да іргесі тыныш тұрмайды. Әсіресе, Мәмбетпана әулеті сойыл жиып, Дүйімқараға қарсы аттандырады да жатады. Екі жақтың да бір-біріне соғымға сойдыртқан жылқысынан соққыға жыққызған жігіті көп [6,17-18].

Көріп отырғанымыздай, үзінді келтірген екі әдеби шығармада да Сүйінқараның заманында халқына аса сыйлы батыр болғанын анық байқаймыз.

Батырлар тарихы мен олардың ел қорғаудағы ісін көркем әдебиеттен де көре аламыз. Қазіргі кездегі қазақ әдебиетінің абызы атанған Ә.Кекілбайұлының «Үркер» тарихи романында Әбілқайыр ханның тұлғасымен қатар хан жанындағы ең беделді әрі ханға сенімді серік болған Табын Бөкенбай батыр Қараұлының образы, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Кенесары батырмен бір мезгілде тағдырлары түйіскен Жоламан батырдың бейнесі қамтылған.

Халел Досмұхамедұлы өзінің мақаласында сөз еткен Жалаңтөс батыр туралы не білеміз? Даңқты қолбасшы, батыр, би, әмір Жалаңтөс Сейітқұлұлы 1576 Сырдария өзенінің бойы, Нұрата аймағында дүниеге келген. Арғы атасы Ораз қажы жарты әлемнің әміршісі болған Ақсақ Темірдің бас уәзірі, ақылшысы болған. XVII ғасырда Қазақ хандығы мен Бұхара хандығы арасында қайшылықтар мен қақтығыстардың көп болғаны тарихтан мәлім. Осындай шиелініске толы уақытта Баһадүр батырдың әкесі Сейітқұл хан Қазақ хандығының билеушілері Шығай хан мен Тәуекел ханның соғыс жорықтарына өзінің әскерімен белсенді түрде қатысып отырған. Сейітқұл хан 1570 жылы өзіне қарасты алшын руымен Нұрата өңіріндегі өзбек, қарақалпақтардың басын біріктіріп хан болып, 5000 тұрақты жасақ ұстаған. Жалаңтөс Баһадүрдің тәрбие алған ортасы да өзіндік сырға ие. Сейітқұл хан оны жастайынан Қызылқұмды мекендейтін қазақтар мен қарақалпақтардың ханы Дінмұхаммедтің (Дінмұхаммед Хақназарұлы) сарайына қызметке және бес жасында Нұратадағы мешітке оқуға береді. Жалаңтөс батыр хан сарайында дипломатиялық көзқарасы қалыптасып, шығыстың ұлы тұлғаларының өмірлік жолдарымен танысады. Жалаңтөсті әкесі 1590 жылы Бұхара ханы Абдулланың жоғары дәрежелі қолбасшылары даярлайтын әскери мектебіне оқуға жібереді. Бұл мектепте Шыңғыс ханның қолбасшылық өнерінен дәріс беретін Бақимұхаммедтің баласы Имамқұл Жалаңтөс батырды байқап, оны өзімен бірге хан ордасында өтетін әр түрлі кеңестерге, шет елдерден келген елшілерді қабылдайтын салтанатты рәсімдерге қатыстырып отырады. Хан ұрпағы Имамқұл мен Жалаңтөс батырдың достығы осы кезден басталады. Бұхараның әскери мектебінде 3 жыл оқып, түменбасылық лауазым алып қайтқан Жалаңтөс батырдың 1593 жылы Бұланғар,

Лайыш, Қаттықорған жерлеріндегі әлімұлы тайпасының бір бөліміне би болып сайланады. 1595 жылы Имамқұлдың шақыруымен Бұхараға келеді де, хан кеңесінің ұйғаруымен Бағдад қаласына оқуға жіберіледі. Онда білімнің әр саласынан дәріс тындап, 1598 жылы еліне оралады. 1598 жылы қыркүйекте Бұхара ханы Абдулла қайтыс болады да, орнына баласы Абдулмұмин таққа отырады. Бірақ оның билігі ұзаққа бармайды, бес айдан соң өзінің қарсыластарының қолынан қаза табады да, тақ үшін тартыс басталады. Осындай жағдайда Бұхараның ақсүйектері Жалаңтөс батыр бастаған алшындардың қолдауымен Жәнібектің баласы Бақимұхаммедті хан көтереді, інісі Уәлимұхамедті тақтың мұрагері етіп жариялайды. Жалаңтөс батыр хан кеңесіне мүшелікке қабылданып, әскери істер жөніндегі кеңесші және ішкі істер уәзірлігінің орынбасары болып тағайындалады. 1605 жылы Бақимұхаммед қайтыс болады да, таққа Уәлимұхаммед отырады. Бірақ Уәлимұхаммед ел ішінде тәртіп орнатып, халықтың бірлігін сақтай алмайды. Мұндай саясатқа қарсы болған Жалаңтөс батыр бастаған топ 1611 жылы Уәлимұхаммедті тақтан түсіріп, орнына Имамқұлды отырғызады. Осы кезеңде Бұхара хандығының нығаюына Жалаңтөс батыр көп еңбек сіңіреді. Имамқұл хан билік құрған кезеңінде Жалаңтөс баһадүрдің абыройынан, қалың әскерінен қауіптенетін болған. Соның дәлелі 1612 жылы Имамқұл хан көп әскерімен Түркістанға баса-көктеп кіреді. Алдыңғы соққы қазақтар мен қарақалпақтарға берілетін болған соң, Жалаңтөс батыр өз әскерімен көмекке жетеді. Баһадүр батырдың қолынан қаймыққан Имамқұл амалсыздан, соғысты бастай алмай, келіссөзге келеді. Алайда бұл Бұхар ханының уақытша айласы екенін түсінген Жалаңтөс батыр әскер жиып, Имамқұлды түгелдей талқандау үшін дайындала бастайды. Мұны білген Имамқұл Жалаңтөс тұрғанда өзінің Бұхара хан тағында отыра алмайтынын түсініп, оған Самарқан қаласын және сол төңіректегі уәлаяттарды сыйға тартады. Сөйтіп, Жалаңтөс Самарқан әмірі атанып, таққа отырады. Имамқұл ханның Жалаңтөсті Самарқанд шаһарының әмірі етудегі мақсаты хан тағынан алыстату және сыртқы жаулардан қорғану болды. Самарқандтың әміршісі болғанда Жалаңтөс батырға Үндістан, Хорезм, Тибет, Ресей, т.б. елдерден сыйлықтар келіп тұрған. Жалаңтөс батыр тек Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Түркістан аймағын қорғаған жоқ, ол қиын қыстау кезеңде қазақ даласының қорғаны бола білді. Жалаңтөс баһадүр тарихта тек өзінің батырлығымен, ер жүректілігімен қалған жоқ. Батыр сәулет өнерінің де қамқоршысы бола білді. Батырдың жеке қаражатымен Самарқан шаһарында «Тіллә-қари» және «Ширдар» атты екі медресе салынды.

Осылайша, қазақ батырлары елдікті сақтап қалуға зор үлес қосқан тұлғалар екенін көреміз. Ал Х.Досмұхамедұлы батырлардың халықтың өз соңынан еруіне жағдай жасайтын **мінезіне былайша сипаттама жасайды:**

1. Исатай – нағыз батыр, орынсыз мақтанның батыры емес, керек орныда батыр;
2. Исатай – би, оның ішінде көп сөйлемейтін сабырлы адам, керек жерінде сөзге шешен;

3. Исатай – тақуа адам, ол да көп алдында сыйларлық қасиет;
4. Исатай – алдау, арбауды білмейтін, әділ, турашыл адам;
5. Исатай – көпті ұйымдастыруға шебер адам.

Мақаланы қорытындалай келе, келесідей түйін жасауға болады:

Батырлар – ержүректік пен отансүйгіштіктің үлгісі. Батырлар Отан үшін, туған елі мен жері, халқы үшін от кешкен, жанын пидә еткен және соған дайын тұлғалар болды. Олардың бейнесі жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптысуға ықпал ете алады.

Батырлар – рухани-моралдық құндылықтардың иесі. Батырлар тұлғасында әділдік, адалдық, парасаттылық, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлық сезімі мол.

Батырлар – ұрпақтар сабақтастығын жасаушылар. Батырлардың өнегесі, өмірі жастарды өткен тарихымызды білуге ынталандырады. Батырлар жырлары мен эпостар, тарихи дастандар мен шежірелер жастарды өз ұлтының, руының, әулетінің тарихын білуге жетелейді. Даңқты ата-бабасының ерлік істері ата-бабасына деген мақтаныш пен құрмет сезімін қалыптастырады.

Батырлар – Отанды сүюге және қорғауға жігерлендіреді. Батырлар қай кезде де өз жері мен елін жаулардан қорғайды. Батырлар бейнесі жас ұрпақтың бойында өз Отаны, өз елі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға және қиын кезде қоғамның тірегі болуға баули алады.

Батырлар – ұлттық бірегейліктің бейнесі. Батырлар бейнесі қазақ халқының ұлттық тарихи-мәдени бірлігін қалыптастырады. Жас ұрпақ батырлар үлгісі арқылы өзін қайсар жаужүрек қазақ халқының ұрпағы екенін сезініп, сол ұлтқа тиесілі екенін сезеді. Ұлттық санасы қалыптасады, дәстүрлерге құрметпен қарайды.

Батырлар тарихы – педагогикалық тәлім-тәрбие тірегі. Тарих және әдебиет пәндерінде, оқу-тәрбие іс-шараларында, ата-аналармен жұмыс барысында мұғалімдер батырлар тақырыбын, батырлар бейнесін адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру құралы ретінде пайдалана алады.

Қорытынды. Батырлар есімдерін зерттеу және тарихи тұлғаларымызды зерделеудің педагогикалық ізденіс пен тәрбие құралы ретіндегі қажеттілігі бар.

Кезінде батыр-би болған бірқатар тарихи тұлғалар күні бүгінге дейін жергілікті тұрғындар арасында әулие, қасиетті, аруақты адамдар ретінде пір тұтылып келеді. Маңғыстаудағы «Сисен Ата», Атырау облысындағы «Дәрі», Ақтөбе облысындағы «Дәуімшар» қорымдары өткен дәуірлерде өмір сүрген атақты тарихи тұлғалар жерленген зираттар. Бұларды жергілікті тұрғындар қасиетті орындар ретінде қастерлейді. Осы қорымдардың орналасу схемасын жасау, облыс орталығы мен елді-мекендерге жақын маңдарда таныстырылымдық тарихи-танымдық маршруттарды жасау арқылы өлкедегі туризмді дамытуға да болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Валиханов Ч.Ч. Соб.соч. в пяти томах. -Алматы, 1985. т.4, - 258 с.
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное).- Алматы: Ана тілі, 1998.-334.
3. Қорқытов Б. Атырау билері мен батырлары. -Алматы: «Өлке» 1992-123.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. - 696. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Б.Аяған. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006.-704.
5. Әлімжанов Ә. Махамбеттің жебесі. -Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970.- 490.
6. Кекілбаев Ә. Күй. Повесть. -Алматы: «Өнер» баспасы, 1980.

Жексенбай Б.Н.,

ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Ермұханов Н.М.,

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының магистранты*

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРДІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесіндегі жергілікті әкімдіктердің орны мен рөлі жан-жақты талданады. Жергілікті атқарушы органдардың құқықтық мәртебесі, құзыреті, басқару жүйесіндегі функциялары, өңірлік әлеуметтік-экономикалық дамудағы маңызы және мемлекеттік саясатты іске асырудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар жергілікті басқару жүйесін жетілдіру бағыттары, цифрландыру үдерісі, орталықсыздандыру саясаты және халықпен кері байланыс тетіктері ғылыми тұрғыдан сараланады. Зерттеу барысында салыстырмалы, тарихи және жүйелік талдау әдістері қолданылды.

Негізгі сөздер: мемлекеттік басқару, жергілікті әкімдік, жергілікті атқарушы орган, өңірлік саясат, мемлекеттік басқару жүйесі, орталықсыздандыру, әкімдік қызметі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесі – елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды институттардың бірі. Қазіргі кезеңде тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастыру мәселесі мемлекеттің стратегиялық даму басымдықтарының

қатарынан орын алады. Осы ретте жергілікті атқарушы органдардың, атап айтқанда әкімдіктердің қызметі ерекше маңызға ие.

Жергілікті әкімдіктер мемлекеттік саясатты өңірлік деңгейде жүзеге асыратын негізгі институт болып табылады. Олар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың күнделікті өмір сапасына тікелей ықпал етеді. Әкімдіктердің тиімді қызметі өңірлердегі инфрақұрылымның дамуына, халықты жұмыспен қамтуға, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына және қоғамдық тұрақтылықтың сақталуына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қағидаттары айқындалған. Атап айтқанда, жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді және орталық атқарушы органдармен өзара байланыста қызмет атқарады.

Қазіргі таңда жергілікті басқару жүйесін жетілдіру, басқару тиімділігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу және азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын кеңейту мәселелері өзекті болып отыр. Осыған байланысты жергілікті әкімдіктердің мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын ғылыми тұрғыдан талдау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті әкімдіктердің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқарудың құқықтық негізі Конституция мен арнайы заңнамалық актілерге сүйенеді. Негізгі нормативтік құжаттардың бірі – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы Заң. Аталған заңда әкімдіктердің мәртебесі, өкілеттіктері, ұйымдастыру тәртібі мен қызметінің негізгі бағыттары белгіленген.

Заңға сәйкес жергілікті атқарушы орган – облыс, аудан, қала деңгейінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады. Әкімдік тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың орындалуын қамтамасыз етеді, өңірлік бағдарламаларды іске асырады және жергілікті бюджеттің орындалуына жауап береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 87-бабында жергілікті атқарушы органдардың қызметі нақты айқындалған. Әкімдер Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілдері ретінде әрекет етеді және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Жергілікті әкімдіктердің құқықтық мәртебесі олардың қосарлы табиғатымен сипатталады. Бір жағынан, олар орталық билік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, екінші жағынан, жергілікті қоғамдастықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету міндетін атқарады. Осы ерекшелік әкімдіктердің қызметінде мемлекеттік мүдде мен өңірлік қажеттіліктердің үйлесімділігін талап етеді.

Жергілікті әкімдіктердің мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесі орталық және

жергілікті басқару деңгейлерінен тұрады. Осы құрылымда әкімдіктер мемлекеттік биліктің жергілікті деңгейдегі негізгі орындаушы буыны ретінде көрінеді.

Жергілікті әкімдіктер мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік қорғау секілді салалардың басым бөлігі жергілікті атқарушы органдар арқылы басқарылады.

Әкімдіктердің басты ерекшелігі - олардың өңірлік дамуды қамтамасыз етудегі қызметі. Әр аймақтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес жергілікті атқарушы органдар аймақтық даму бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады. Бұл өңірлік теңсіздікті азайтуға және аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар әкімдіктер мемлекеттік басқару жүйесінде үйлестіруші қызмет атқарады. Олар орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен, мәслихаттармен, қоғамдық ұйымдармен және тұрғындармен өзара байланыс орнатады. Осы арқылы мемлекеттік басқарудың тұтастығы қамтамасыз етіледі.

Ғылыми әдебиеттерде жергілікті атқарушы органдардың тиімділігі көбіне басқару сапасына, кадрлық әлеуетке және халықпен өзара әрекеттесу деңгейіне байланысты екендігі атап көрсетіледі

Әкімдіктердің негізгі функциялары мен міндеттері

Қазақстан Республикасындағы әкімдіктердің қызметі көпқырлы сипатқа ие. Олардың негізгі функциялары төмендегідей бағыттарды қамтиды:

1. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру

Әкімдіктер орталық атқарушы органдар қабылдаған бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік реформалардың тиімділігі көбіне жергілікті атқарушы органдардың жұмысына тәуелді.

2. Өңірлік экономиканы дамыту

Жергілікті әкімдіктер инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау, өндіріс орындарын дамыту және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқылы өңірлік экономиканың дамуына ықпал етеді.

3. Әлеуметтік саясатты жүзеге асыру

Әкімдіктер халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын басқару арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

4. Коммуналдық шаруашылықты басқару

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сумен жабдықтау, жол жөндеу, қоғамдық көлік мәселелері әкімдіктер құзыретіне жатады.

5. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Төтенше жағдайлардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтық қорғаныс мәселелерінде әкімдіктер маңызды рөл атқарады.

Жергілікті әкімдіктердің қызметі тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететіндіктен, олардың тиімділігі мемлекеттік басқару сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып есептеледі.

Қазақстандағы жергілікті басқару жүйесін реформалау

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда жергілікті басқару жүйесін реформалау кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Реформалардың негізгі мақсаты – мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті органдардың дербестігін арттыру болды.

Соңғы жылдары ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесінің енгізілуі жергілікті демократияны дамыту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланады. Бұл тұрғындардың жергілікті билікке деген сенімін арттыруға және әкімдердің халық алдындағы жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар цифрлық технологияларды енгізу әкімдіктер қызметінің ашықтығын арттыруға ықпал етуде. «Электрондық үкімет» жүйесі мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, азаматтар мен билік арасындағы өзара байланысты жеңілдетті

Алайда жергілікті басқару жүйесінде әлі де бірқатар мәселелер сақталуда. Олардың қатарында: қаржылық тәуелділік; кадрлық тапшылық; өңірлер арасындағы даму айырмашылығы; бюрократиялық кедергілер; азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне жеткілікті деңгейде қатыспауы бар.

Бұл мәселелерді шешу үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, бюджеттік дербестікті кеңейту және қоғамдық бақылау механизмдерін жетілдіру қажет.

Жергілікті әкімдіктер қызметінің тиімділігін арттыру жолдары

Жергілікті әкімдіктердің тиімді қызметі мемлекеттік басқару сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты бірнеше бағытта жүйелі шаралар қажет.

Біріншіден, жергілікті органдардың қаржылық дербестігін арттыру маңызды. Өңірлердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту жергілікті бастамаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, кадрлық саясатты жетілдіру қажет. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және заманауи басқару технологияларын меңгеру мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

Үшіншіден, цифрлық басқару жүйесін дамыту өзекті болып отыр. Электрондық қызмет көрсету жүйелері мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, халықпен кері байланыс механизмдерін күшейту қажет. Қоғамдық кеңестер, онлайн платформалар және қоғамдық тыңдаулар арқылы азаматтардың басқару процесіне қатысуын кеңейту маңызды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінде жергілікті әкімдіктер маңызды орын алады. Олар мемлекеттік саясатты өңірлік деңгейде

жүзеге асырып, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі институт болып табылады.

Жергілікті әкімдіктердің тиімді қызметі мемлекеттің тұрақты дамуына, азаматтардың әл-ауқатының артуына және қоғамдық тұрақтылықтың сақталуына тікелей ықпал етеді. Қазіргі кезеңде әкімдіктердің қызметін жетілдіру мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде қарастырылуда.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жергілікті басқару жүйесін дамыту үшін орталықсыздандыру саясатын жалғастыру, қаржылық дербестікті кеңейту, цифрлық технологияларды енгізу және азаматтардың қатысуын арттыру қажет. Бұл шаралар Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2024.
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ Заңы.
3. Шериязданов Б. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың тарихи кезеңдері және қазіргі тенденциялары // Қоғам және дәуір. – 2021. – №3. – Б. 37–45.
4. Әжімет Ғ.Б. Қазақстан Республикасындағы жергілікті атқарушы органдар қызметінің ерекшеліктері. – Нұр-Сұлтан, 2021.
5. Тихонов А.В. Реформирование работы органов власти и управления как национальная проблема // Научный результат. Социология и управление. – 2017. – Т.3. – №4. – С.70–78.
6. Есбергген Р. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің даму ерекшеліктері // Economic Series of the Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. – 2019.
7. Amanbek Y., Balgayev I., Batyrkhanov K. Adoption of e-government in the Republic of Kazakhstan // arXiv. – 2018.
8. Tan S.Y., Taeihagh A. Smart City Governance in Developing Countries: A Systematic Literature Review // arXiv. – 2020.

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ 1. ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ДЕРЕКТЕРІ: ТАРИХ, ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ

Хайдаров Е.Е. «БАНДЫЛАР» ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ХАҚЫНДА.....	3
Салменова Г.Т., Мурзагалиева С.А., Хамзина Р.С. «ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢАШЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ».....	8
Кенжегалиева Г.А., Нұрсанова Р.Б. ҚҰНЫСКЕРЕЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ.....	12
Мухамбедиярова А.Ж. ЖЫЛЫОЙДЫҢ АЛТЫН АДАМЫ.....	18
Унгарбаева Ш.Б., Жиенкулов Е. АТЫРАУ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХИ, АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ЖАҢА БОЛЖАМДАР МЕН ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР.....	24
Ескалиева Г.М. АҚҚАЛА АУЫЛЫ: ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТАРИХ, НҰРЛЫ БОЛАШАҚ.....	27
Муканбедиева Г.К., Орахова М.М. САРАЙШЫҚ - ДАРХАН ДАЛА МҰРАСЫ.....	33
Қатарова Р.А. СҰЛТАНӘЛІ ҚОРЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ.....	36
Турдалиев Ә.О. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАР (ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ХАЛЫҚТАРЫ АРАҚАТЫНАСЫ НЕГІЗІНДЕ).....	38
Бисембаева А.С. ЖИЛГОРОДОК АТЫРАУ КАК ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН.....	42
Батырханов А. ӘСКЕРИ ҰШҚЫШ ТАСМҰХАН КАЗИЕВ.....	47
Өмірзақов Ә.Т. ИНДЕР ТҰЗДЫ КӨЛІНЕ САЯХАТ НЕМЕСЕ КЕЛЛЕР ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	51
Булеева А.И. ХІХ Ғ. АЯҒЫ -ХХ Ғ. БАСЫНДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ТАРИХЫ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ.....	53
Исанкулова М.У. ҚАРАШҮҢГІЛ – ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ.....	60
Нағымов Ш.Н. ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ НЕМЕСЕ ГУРЬЕВ УЕЗІНДЕ ПАРТИЯ- СОВЕТ АППАРАТЫН «ТАЗАЛАУ» ҚАЛАЙ ЖҮРДІ?.....	64
Ахмет А.Қ., Орынбасаров А.О. Ш. НАҒЫМҰЛЫНЫҢ МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАРИХИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ ІСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	72
Қамиева Н.Е. АТЫРАУ Өңірінен шыққан алғашқы қазақ дәрігерлері.....	76
Рамазанова А. ГУРЬЕВ МҰНАЙ ТЕХНИКУМЫ ТАРИХЫНАН.....	86
Насиполла А. ГУРЬЕВ БАЛЫҚШЫ МАМАНДАРЫ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ.....	89

Айболатұлы Ә. ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР.....	94
Бекжанова Ж.У. ЖИЕНБАЙ БАҚИ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ.....	97
Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж. КЕНЖЕБАЙ МӘДЕНОВ: ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....	100
Урумбасаров Б.М., Заулкашев Б.А. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ.....	103
Урумбасаров Б.М., Заулкашев Б.А. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ Х.Б. ТАБЫЛДИЕВА.....	107
Әлкенова А.К., Бекжанова Ж.У. АТЫРАУ АРХИВІНДЕГІ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМДАР ҚОРЛАРЫ.....	112
Дарибек А.Ж., Жаксылыкова Д.Т. ИСТОРИЗМ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МУРАТ МОНКЕУЛЫ.....	115
Сарсенов А.С., Төлен Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫҢ ИГЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМҒА ТІГІЗГЕН КЕРІ ӘСЕРІ.....	120
Баданова Н.А. Ш.НАҒЫМҰЛЫНЫҢ «ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ Өңірлік ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ».....	125
Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж. ШАХМАН НАҒЫМҰЛЫ ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ.....	129
Моллақанағат С.С., АУҒАНСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫ.....	131
Жұмалиев Т.Т. ТОҚТАМЫС ХАН ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	137

СЕКЦИЯ 2. АТЫРАУ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Куанышалиева Г.К. ФАРИЗА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МАХАББАТ ПЕН СЕЗІМ ӨЛЕМІ.....	143
Тенелбаева А.К. «ҚАЛАМЫНАН ӨРБІГЕН ҚАЗЫНА: ЖЫЛЫОЙ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ».....	147
Қойшекен С.Ж. НАРЫННЫҢ НАР ПЕРЗЕНТТЕРІ.....	150
Сахаба М. ИСА БАЙЗАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ СИПАТЫ.....	156
Рамазанова А., Насиполла А. ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	160
Сармолдаева З.М. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ.....	164

СЕКЦИЯ 3. ӨЛКЕДЕГІ АҒARTY ICІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мукажанова Г.С. ӨЛКЕ ТАРИХЫН ҰРПАҚҚА ТАНЫТҚАН ГЕОГРАФ-ЖИЕНКУЛОВ ЕСЕНКУЛ.....	168
Әлкенова А.К., Ахмет А.Қ. АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ	

ӨЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	174
Койшигулова К.Ж. ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР БІЛІМ ОШАҒЫ.....	179
Бралина Ф.И. TED X ФОРМАТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙ-ӨРІСІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	183
Унгалиева С.М. ХИМИЯ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ.....	187
Сатымова Қ.Қ. ЗАМАНАУИ ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫ КОМИКСТЕР ТҮРІНДЕ ТҮСІНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ.....	193
Ермекқали Н.Н., Латипова Л.І. ӨЛКЕ ХАЛЫҚ АҒARTY ІCІ 1930 ЖЫЛДАРДА.....	195
Ахмет А.Қ., Әлкенова А. ГУРЬЕВТЕГІ ТАТАР МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ.....	200
Рамазанова А.А. ТЕТИС МҰХИТЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ІЗДЕРІ.....	205
Туленова У.Т., Зейнетова С.М. ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	212
Баймағамбетов Е.Р. ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТАРИХИ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ.....	219
Бакешова Г.Т. ҰРПАҚ БАР БАБА РУХЫН ЖОҚТАТПАЙТЫН, ҚАСИЕТ ҚАНДА БОЛСА, ЖОҒАЛМАЙДЫ.....	222
Туленова У.Т., Утегенова Г. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	228
Жаксимбетова З.Б. «САҒЫЗ ӨЗЕНІ БОЙЫНАН ТАБЫЛҒАН ТАСКЕШУ КЕРУЕН САРАЙЫ».....	233
Олжабаева А.Н. ӨЛКЕДЕГІ АҒARTY ІCІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ.....	236
Каленова О.Н. «АДАЛ АЗАМАТ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ КІРІКТІРУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	238
Наурызова Н. ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ.....	243
Телбаева Н. ОҚУ ОРНЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ УНИВЕРСИТЕТТІК МҰРАҒАТТЫҢ МАҢЫЗЫ.....	247
Қайырғалиева Г.Қ., Сармолдаева Ү.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ.....	251
Жексенбай Б.Н., Ермұханов Н.М. ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРДІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ.....	260

**ТАРИХШЫ, ӨЛКЕТАНУШЫ, ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГИКА
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР ШАХМАН
НАҒЫМУҰЛЫ НАГИМОВТЫҢ МЕРЕЙЛІ 80 ЖАСЫНА АРНАЛҒАН
«ПРОФЕССОР Ш.НАГИМОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ,
БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 16,75 б.т.
Таралымы 100 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат, Марданова Сәуле
Мұхабасын жасағандар: Батыров Ғалымжан, Тукешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс

ISBN 978-601-262-615-5

